

Н. Алдабек, К. Мақашева, Қ. Байзақова

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

8



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72
А40

Алдабек Н., т.б.
А40 **Дүниежүзі тарихы (1640—1900).** Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Н. Алдабек, К. Мақашева, Қ. Байзақова. — Алматы: Мектеп, 2018. — 208 б., сур.
ISBN 978—601—07—0954—6

А $\frac{4306020600-085}{404(05)-18}$ 17(1)—18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72

ISBN 978—601—07—0954—6

© Алдабек Н., Мақашева К.,
Байзақова Қ., 2018
© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнелендіруі, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Баспаымның мүлкілік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар!

Биылғы оқу жылында Дүниежүзі тарихының Жаңа заман кезеңін оқуды бастайсындар. Жаңа тарихты оқи отырып, аграрлық өркеннеттің біртіндеп индустриалды өркеннетке көшу үрдісімен танысасындар.

Бұл кезеңде негізгі байлық зауыттар мен фабрикалар, шахталар мен теміржолдар болды. Халық ауылдан қалаға жаппай қоныс аудара бастады. Олар Жаңа заманның әлеуметтік құрылымы болып табылатын өнеркәсіпте жұмыс жасайтын жұмысшылар мен кәсіпкерлер, қызметшілер тобын қалыптастырды.

Жаңа заманда, яғни XVIII ғасырдың соңындағы Ұлы Француз төңкерісінен кейін бостандық, теңдік пен бауырмалдық идеялары пайда болып, көне құрлық — Еуропада ескі тәртіптік жүйені күйрету заманы басталды. Жаңа заманның алғашқы кезеңінде капиталистік қатынастардың қалыптасуына қолайлы жағдайлар туды. Жекеменшік құқығы бекітілді. Өнеркәсіптік төңкерістің алғышарттары пісіп жетілді.

Ұлы географиялық ашылулар заманы еуропалықтардың отаршылдық әрекеттеріне жол ашып берді. Саяси басқыншылықтар мен алыстағы елдерді экономикалық тонаушылық саясаты басталып, Шығыстағы қоғамдық құндылықтар өзіндік қасиетін жоғалта бастады.

Еуропалық елдердегі капиталистік қатынастардың дамуына байланысты Шығыстың бай елдерін игеру мақсатында капитал әкелу үрдісі орныға бастады. Шығыс елдері үшін Жаңа заман отаршылдық кезеңі саналды. Алғашқыда сауда капиталы, содан кейін өнеркәсіп капиталы ретінде орныққан отаршылдық әрекеттер Шығыс елдерін капиталистік қатынастар үрдісіне тартты.

Шығыс елдеріндегі Жаңа заман — дәстүрлі шығыстық қоғам құндылықтарының күйреген, тәуелсіздіктен толық немесе жартылай айырылған және ұлт-азаттық қозғалыстардың дамыған заманы.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басына қарай әлем елдерінде индустриалды өркеннет қалыптасып, орнықты. Оқулықты оқу барысында Жаңа заманның тарихи оқиғаларын саралап, оған өздерің де қорытынды жасай алатын боласындар.

Іске сәт, достар!

БАТЫСТАҒЫ ӨНЕРКӘСІП ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУДЕГІ ЫҚПАЛЫ

§1. ЖАҢА ЗАМАН ДӘУІРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл сабақта:

- Жаңа заман түсінігі туралы мағлұмат алып, Жаңа заман дәуірінің хронологиялық шеңберін, оның Батыс және Шығыс елдері үшін ерекшеліктерін;
- Батыста индустриалды қоғамның басталуы мен Шығыс елдерінің отаршылдыққа түсу себептерін білеміз.

Тірек сөздер

- Жаңа заман өнеркәсіп төңкерісі
- индустриалды қоғам
- капиталистік қатынастар
- отаршылдық

Дүниежүзі тарихындағы «Жаңа заман» ұғымы Еуропадағы тарихи-философиялық ойдың дамыған Қайта өрлеу (ренессанс) кезеңінде пайда болды. Жаңа заман — қазіргі өркениет әлемін қалыптастырған адамзат тарихының орта ғасырлардан кейінгі дәуірін бейнелейтін шартты тарихи түсінік.

Жаңа заман тарихы XVI—XIX ғасырлар аралығын, яғни Ұлы географиялық ашылулар заманынан бастау алып, XX ғасырдың басындағы Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды.

Жаңа заманды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең шартты түрде XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясынан басталып, XVIII ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі кезеңді қамтиды. Екінші кезеңі XVIII ғасырдың соңындағы Француз революциясынан кейінгі индустриалды қоғамға өту кезеңінен — XX ғасырдың басына дейінгі уақытқа созылды.

Жаңа заман дәуірі адамзат өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салаларына терең өзгерістер әкелген уақыт деп саналады. Жаңа заман кезеңі Батыс және

Шығыс елдері үшін ортақ тарихи кезең болғанымен, басталуы мен аяқталуы әртүрлі өзіндік тарихи кезеңдерді қамтиды. Мысалы, Батыс елдері Жаңа заманда капиталистік қатынастарды дамытып, адамзат дамуының өрлеу кезеңін бастан кешірсе, ал Шығыс елдері, керісінше Ұлы географиялық ашылулар мен Батыс державаларының отаршылдық әрекеттерінің нәтижесінде ұзаққа созылған феодалдық

қоғамның дағдарысты кезеңіне тап болды. Дегенмен адамзат тарихындағы капиталистік дәуір деп аталатын кезенді Батыс елдерімен қатар Шығыс елдері де бастан өткерді. Батыс отарлаушы елдер, ал Шығыс отаршылдыққа түскен елдер ретінде капиталистік қатынастар аясында өмір сүруге мәжбүр болды.



Анықта

Неліктен Жаңа заманның басталуы мен аяқталуы Батыс елдері мен Шығыс елдерінде әртүрлі?

Жаңа заманның алғашқы сатысында Еуропа елдерінің көпшілігінде біртұтас орталық маңайына топтасқан ұлттық мемлекеттер қалыптасты. Мемлекетті басқарушы жоғарғы билік түрлері өзгерді.

Осы кезеңде *абсолюттік* монархиялардың күшейген, гүлденген және күйреген үрдісін көруге болатын еді. Қоғамдық дамудың жаңа сатысы — капиталистік қатынастар да алғаш рет Батыста пайда болып, дами бастады.

Ал бұл заманның екінші кезеңінде барынша дамыған елдерде *парламенттік* демократия қалыптасты.

Абсолютизм — шексіз монархия, жоғарғы билік тек бір адамның — монархтың қолында шоғырланатын басқару түрі.

Парламент — сайланатын ең жоғары өкілетті заң шығарушы орган.

Жаңа дәуірде халықаралық қатынастардың жалпыеуропалық, ал кейінірек бүкілдүниежүзілік жүйесі орныға бастады. Әлеуметтік-экономикалық саладағы маңызды үрдіс капиталистік қатынастардың пайда болып дамуы еді. Қоғам өзінің өнеркәсіп төңкерісінен кейінгі индустриалды даму сатысына аяқ басты.

Батыстық қоғамда адамзаттық құндылықтың ең маңыздысы жекеменшік құқығы, жеке адамның бостандығы болып саналды.

Ойлан

Батыс елдерінде Жаңа заманға тән қандай өзгерістер жүрді?

Шығыстың тарихи кеңістігі — Ежелгі Мысыр, Қосөзен, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Қытай сияқты ұлы өркениеттердің мұрагерлері мекендеген, Азия мен Африканың халқы өмір сүріп отырған әлемі.

Ежелгі өркениеттер Ніл, Тигр, Евфрат, Ганг, Хуанхэ және Янцзы өзендерінің алаптарында пайда болып, дамыды. Адамзаттың ұлы

жетістіктері — жазу-сызу, өнер, жер суландыру ең алғаш Шығыста пайда болды. Мемлекет тұңғыш рет Шығыста дүниеге келді.

Батыс әлемі, негізінен, христиандық Еуропамен шектелсе, ал Шығыс әлемі — ислам, буддизм, индуизм, конфуцийлік, даосизм, синтоизм және т.б. шығыстық діндер әлемін қамтыған орасан зор аумақты алып жатты.

Осы кезеңде аграрлық өркениет біртіндеп индустриялық өркениетке ауыса бастады. Аграрлық өркениет мыңдаған жылдар бойы Жер шарының әр түкпірінде — Еуропа мен Америкада, Африка мен Азияда өркендеп, дамыды. Ал индустриялық өркениет алғаш рет Еуропада дами бастады.

XVII—XVIII ғасырлар Батыс Еуропаның индустриялы дәуірге өтуіне дайындалған өтпелі кезең болды. Индустриялық өркениеттің отаны деп XVIII ғасырдағы Англияны санайды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында өнеркәсіп салаларында алғашқы мәшинелер пайдаланыла бастады, алайда экономика, тұтастай алғанда, индустрияланған жоқ. Өнертабыстардың рөлі өсті, бірақ өндірісті тұрақты жетілдіру қағидасы әлі де жетекші ұстанымға айнала алмады.

Еске түсір

Орта ғасырлар тарихында аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктері қандай еді?

Жаңа дәуірде Батыста өнеркәсіп төңкерісінің нәтижесінде капиталистік қатынастар алғаш рет пайда болып, дами бастады. Феодалдық қатынастар Шығыс елдерінде ұзақ уақыт бойы ыдырамай, берік сақталып келді. Оған себеп Батыс елдерінің Шығыс елдеріне жасаған отаршылдық саясаты еді.

XVII—XVIII ғасырлардағы Қытай, Жапония, Үндістан, Иран, Осман империясы сияқты мемлекеттер қоғамдық-экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде тұрды. Дегенмен осы елдерде феодалдық қоғам қойнауында капиталистік қарым-қатынастардың алғышарттары пісіп жетілді, Шығыс өркениетінде ғылыми идеялар мен бағыттар қалыптасып, мәдениет дамыды. Отаршылдыққа қарсы алғашқы бас көтерулер пайда бола бастады.

Ойлан

Неліктен Шығыс елдері жаңа заманда Батыстан артта қалып қойды?

Жаңа заман дүниежүзілік капиталистік жүйенің қалыптасқан және отар елдердің ұлт-азаттық күрестерімен сипатталатын кезең болды.

Пікірталас

Ұлт-азаттық қозғалыстар қандай себептерден туындайды деп ойлайсың?

Жаңа заман кезеңінің ерекшеліктері:

Батыс елдері	Шығыс елдері
<p>Алғаш рет буржуазиялық революция басталды.</p> <p>Өнеркәсіп төңкерісі орын алды.</p> <p>Индустриалды қоғам пайда болды.</p> <p>Капиталистік қатынастар қалыптасты.</p> <p>Отаршылдық саясат жүргізілді.</p> <p>Отаршыл мемлекеттер арасында ықпал аймақтарын бөлісу әрекеттері күшейді.</p>	<p>Шығыс елдерінде дәстүрлі шаруашылық ұзақ уақыт сақталып келді.</p> <p>Феодалдық қоғамның үстемдігі берік болды және ол Шығыс халықтарын әлемдік дамудан артта қалдырды.</p> <p>Еуропалықтардың отаршылдық әрекеттері басталды.</p> <p>Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күрестер туындады.</p>

Біліміңді тексер

1. Жаңа заман кезеңінің басты ерекшелігі неде?
2. Алғашқы өнеркәсіп төңкерісі қай елде басталды?
3. Батыс елдері қандай аймақтарды қамтиды?
4. Шығыс елдерінің географиялық аумағын ата.
5. Батыс өркениеті қандай діндер мен ойлардың мекені болды?

§2. XVII ҒАСЫРДАҒЫ АҒЫЛШЫН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Бұл сабақта:

- ағылшын буржуазиялық революциясының алғышарттары және себептері;
- революциялық жағдайы, революцияның негізгі кезеңдері мен маңызы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- джентри
- капитал
- буржуазия
- мануфактура
- жалдамалы жұмысшылар
- левеллерлер

Ойлан

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезінде Англияның дамуында қандай фактор маңызды рөл атқарды?

Революция қарсаңындағы Англия. XVII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Еуропада феодализм тоқырауға ұшырады. Оның орнын жаңа қоғамдық жүйе — капитализм ауыстырды. Меншіктің жаңа капиталистік нысаны орнығып, Батыс Еуропада капиталистік қатынастар дами бастады.

Англияда XV ғасырдың соңынан бастап шұға өндірісі қарқынды дамыды. Әлемдік нарық қалыптаса бастады.

Жаңа *ақсүйектер* жекеменшіктің жаңа — капиталистік түрін қолдады, жалдамалы жұмыс күші тиімдірек болғандықтан, мануфактураның несі феодалдық тәуелділікті қажет етпеді.

Кәсіпкерлер және жаңа ақсүйектер өз ақшаларын англикан шіркеуінің пайдасына жұмсағысы келмеді және *пуритандарды* көбірек қолдай бастады.

XVII ғасырдың басында пуритандарда *пресвитериандар* және *индепенденттер* бағыттары пайда болды. Ауқатты көпестер, қаржыгерлер, ірі жер иелері — *джентрилер* пресвитериандарға айналды.

Алайда Англиядағы капитализмнің дамуын ортағасырлық қатаң ережелер тежеді.

Революцияның себептері. XVII ғасырдың 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының бас кезінде Англияда революциялық жағдай қалыптасты. Заңсыз салықтар сауда мен өнеркәсіптің дамуын тежеді, халықтың жағдайының нашарлауына әкелді.

I Яков 1625 жылы қайтыс болып, сол жылы оның мұрагері I Карл таққа отырды. Ол әкесінің парламент құқығын мойындаудан бас тартқан шексіз билік туралы көзқарасын жалғастырды.

Ойлан

Қандай ортағасырлық ережелер Англияда капитализмнің дамуын тежеді?

Парламент наразылық білдірушілердің талаптары көрсетілген құжат — «Құқық туралы петиция» қабылдады. I Карл парламентті таратып, он бір жыл бойы Англияда жеке-дара билігін жүргізді. Бірақ король парламенттің рұқсатынсыз жаңа салықтар енгізе алмады.

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Англияның сыртқы саясатын революциялық ахуалдың қалыптасу факторы ретінде қарастыруға болады. I Якоб басқаруының бас кезінде біріккен провинциялармен бәсекелестік күшейді және Испаниямен жақындасу басталды. Бұл — көпестер мен кеме иелерінің наразылығын туындатты. Шотландияда I Карлдың жеке-дара билігіне қарсылық ретінде көтеріліс басталды. Осы оқиғаларға орай I Карл парламентті шақыруға мәжбүр болды. Ол корольға жаңа салықтарды жинауға рұқсат бермегені үшін таратылып, тарихқа *Қысқа парламент* деген атпен енді. 1640 жылы король *Ұзақ парламент* деп аталған жаңа парламент шақырды. Буржуазиялық-аксүйектер оппозициясының бағдарламасы екі құжатта: «Тамырлар мен бұтақтар туралы петиция» мен «Ұлы ремонстрациядан» өз көрінісін тапты.

Англикан шіркеуі — Англияның мемлекеттік шіркеуі, протестанттық шіркеулердің бірі. Әдет-ғұрыптары жағынан католиктік шіркеуге жақын, бірақ оның басшысы Рим Папасы емес, ағылшын королі.

Диггерлер — Ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде ауыл және қала кедейлерінің араларындағы қозғалысқа қатысушылар. Жерге жекеменшіктің жойылуын және мүліктің теңдігін талап етушілер.

Индепенденттер — шіркеу қауымдастықтарының толық өздерін-өздері басқаруын, діни төзімділік идеяларын жақтаушы пуритандар.

Джентрилер — қала буржуазиясы мен жаңа жер иелері.

Пресвитериандар — шіркеуді діни қызметкерлердің пресвитериандық жиналысы басқару керек деп есептейтін протестанттар. Олар алтарьларға, иконалар мен балауыздарға қарсы шығып, құдайға құлшылық етудегі басты нәрсе дұға оқу емес, пресвитердің уағызы деп есептеген.

Пуритандар — кальвинизмнің ізбасарлары. Олар англикан шіркеуін сән-салтанатты ғұрыптардан тазарту қажеттігін мәлімдеп, оларды құдайға емес, корольға қызмет ететіндігімен айыптай отырып, епископтар лауазымдарын жоюды талап етті.

Роялистер — монархияшылдар, король билігінің жақтастары.



I Карл

Парламентпен күрестің қиын болатындығын түсінген I Карл 1642 жылы қаңтарда солтүстікке кетіп, сол жылы тамызда парламентке соғыс жариялады. Елде корольдың парламентпен азамат соғысы басталды.

Азамат соғысы. Бүкіл Англия екіге: парламентті жақтаушыларға және феодалдық-абсолюттік құрылысты жақтаушыларға бөлінді. Парламент жағында қала қолөнершілері мен саудагерлер, ерікті шаруалар, джентрилер бой көтерді. Корольды ақсүйек тектілер, солтүстіктің феодалдары мен дворяндары, ауыл қолөнершілері, дін иелері қолдады. Корольдық әскерді сәнді киімдер мен парик кигендері үшін «кавалерлер» («салт аттылар») деп, парламентті жақтаушыларды шаштарын дөңгелентіп алдырғандары үшін «домалақ бастылар» деп атады. Экономикалық

жағынан артта қалған солтүстік және батыс графтықтар король туының астына өтті. Экономикалық жағынан неғұрлым дамыған оңтүстік-шығыс парламентті қолдады.

Соғыс король әскерінің жеңістерімен басталды. Қауымдар палатасы парламент әскерін нығайту жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Осылайша аukatты емес джентри, шаруалар, қолөнершілер, мануфактура жұмысшыларынан тұратын еріктілердің жана үлгідегі әскері пайда болды. Бұл әскерде офицер болу үшін адамның ақсүйектер тегінен шығуы талап етілмеді. Жана әскердің негізін қалаушы Хантингтоннан шыққан жер несі, генерал-лейтенант атағын алған ақсүйек *Оливер Кромвель* еді. Нейзбиде роялистер жеңіліске ұшырады. *I Карл* солтүстікке қашып, шотландтықтарға тұтқынға түсті.

Елдегі билік әскердің қолына көшті. Король әскерін жеңу парламент актісімен бекітілді.



Анықта

Жаңа үлгідегі армияның ерекшелігі неде?

Левеллерлер мен республиканың орнауы. Революция халықтың демократиялық тобының үмітін ақтамады. Солшыл революциялық күштердің негізі орта шаруалар мен қала кедейлерінен тұратын әскер болды. Бұл әскерде ұсақ буржуазия арасында *левеллерлер* — теңестірушілер саяси партиясы қалыптасты. Левеллерлер көшбас-

шылары *Дж. Лильберн, У. Уолвин, Р. Овертон* демократиялық заңдарды әзірледі, парламенттің халық аңындағы жауапкершілігін, парламентке бақылау орнатуды, лордтар палатасын жоюды талап етті.

Левеллерлердің бағдарламасы «Мыңдаған қала тұрғындарының ремонстрациясы» жарияланды.

1647 жылы ағылшын революциясы буржуазиялық-демократиялық жана кезенге өтті. Парламенттің корольмен келіссөздері бүкіл ел бойынша демократиялық күштердің наразылығын туындатты. Бұл қозғалыс индепенденттік генералитетті (әсіресе Кромвель және Ферфаксты) парламенттегі пресвитериандық көпшілікпен байланысын үзіп, әскермен бірігуге мәжбүр етті. Әскер батыл әрекеттер жасады. Корольды Ньюпорттан Херст бекініс-түрмесіне ауыстырды. Полковник Прайд жасаған мемлекеттік төңкеріс әйгілі «прайдтік тазарту» болды. Парламенттен корольмен ымыраға келгісі келген депутаттар қуылды. Жоғарғы сот корольды соттау туралы шешім қабылдады. 1649 жылы мамырда *Англия республика* деп жарияланды.

Республика құрылғаннан кейін соғыс пен дағдарыстарға байланысты халықтың жағдайы нашарлады. «Шынайы левеллерлер» немесе *диггерлердің* жана қозғалысы пайда болды. Халықтың кедей бөлігі мүлік теңдігі, жерді қоғамдастыру, халықты қанауды тоқтату сияқты талаптарды қойды. Диггерлер басшысы *Джерард Уинстэнли* болды.

? Анықта

Левеллерлер және диггерлер немесе «шынайы левеллерлердің» талаптары несімен ерекшеленді?



Нейзбп шайқасы



Оливер Кромвель

Революцияның демократиялық күштерінің жеңілісі республикадағы таптық күрес ауқымын бәсеңдетті, оның бұқара халықтан алшақтануына алып келді.

Ағылшын республикасының алдында независименттік джентри және буржуазияның билігін нығайту міндеті тұрды. Ол Ирландия мен Шотландиядағы роялистік қауіп-қатерді жоюға тиіс болатын. «Теміржондылар» әскерін бастаған О.Кромвель Ирландияны жаулап алуға аттанды.

Кромвель әскері Шотландияға басып кіріп, ағылшын контрреволюциясын қолдайтын жергілікті феодалдарды тас-талқан етті. Осы жеңістер нәтижесінде Англия Республикасын Испания, Швеция, Франция ресми түрде таныды.

О.Кромвель протектораты. Республиканың ішкі саяси ахуалы ауыр күйінде қалды. Елде жаңа Конституцияны бекітіп, заңнамалық реформаларды жүргізу қажет болды. Осы жағдайда Кромвель парламентті таратып, жаңа билік органы — Кіші немесе Бэрбондық парламентті тағайындады. Парламенттің әлеуметтік-экономикалық өзгерістері билеуші топтың наразылығын тудырды. Кіші парламент өзін-өзі тарқатуға мәжбүр болды. Англияда «Басқару құралы» атты жаңа Конституция қабылданды. Кромвель Англияның, Шотландияның және Ирландияның өмірлік лорд-протекторы болып тағайындалды. Шын мәнінде, протекторат жүйесі Кромвельдің әскери диктатурасы еді. 1658 жылы Кромвель қайтыс болып, билік оның ұлы Ричардка көшті. Халық наразылығы қайта жанданды. Англияда реформалар жүргізуге дәрменсіз Екінші республика орнады.

Саяси режимнің тұрақсыздығы, халық толқуларының өсуі монархиялық билікті қалпына келтіруге итермеледі. Шіркеудің пресвитерлік құрылымы қалпына келтірілді.

Голландияның Бред қаласында эмиграцияда жүрген II Карл төңкеріске қатысушыларға рақымшылық жасау, дін еркіндігі мен жерді сату және тәркілеуді бекіту туралы декларация жариялады. Англияда қайтадан абсолюттік монархия режимі орнады.

Корольдың саясатына наразы оппозиция жетекшілері Нидерланды үкіметінің басшылығына ұсыныс жасап, III Вильгельм Оранскийдің Англияға оралып, «протестанттық еркіндікті» қалпына келтіруін сұрады.

«Данқты революция» және конституциялық монархияның орнығуы. III Вильгельм Оранскийдің әскері Лондонды басып алды.

Ол 1689 жылдың басында Англия королі болып жарияланды. Осылайша «*Даңқты революция*» деген атауға ие болған қантөгіссіз мемлекеттік төңкеріс болды.

Жаңа мемлекеттік жүйенің негізгі құжаты — «Құқықтар туралы билль» енгізілді. Англия парламенттік монархияға айналды. Король елді парламентпен бірігіп басқаратын болды. Корольдың парламенттің рұқсатынсыз заңдар шығаруға, салықтарды жинауға, әскер ұстауға, дін істеріне араласуға құқығы болмады. Құқық жөніндегі декларациясында халық корольды орнынан алуға өзгертуге құқықты болды. Сондай-ақ тақ мұрагерлігі тәртібін өзгерте алуға құқылы екендігі атап көрсетілді. Жалпы алғанда, 1688 жылғы төңкеріс жер иеленуші аксүйектер мен ірі буржуазияның арасында бітімгершілік барын көрсетті.

Пікірталас

1688 жылғы революцияны «даңқты революция» деп атау дұрыс па?

Ағылшын революциясының тарихи маңызы. Ағылшын революциясы капитализмнің дамуына маңызды қадам жасады. Парламент арқылы жаңа капиталистік жүйенің дамуына үлес қосқан бірқатар заңдар қабылданды. Бұрынғы тектілік артықшылыққа тойтарыс беріліп, абсолютизм жойылды. Елде азаматтық қоғам қалыптаса бастады. Ағылшын революциясы жариялаған саяси талаптармен бірге буржуазиялық еркіндік, жаңа экономикалық тәртіп заманауи индустриялық өркеннеттің іргетасын қалады. Ағылшын революциясының ерекшелігі жаңа аксүйектер буржуазиямен одақтаса отырып монархияға, феодалдық аксүйектерге және шіркеу үстемдігіне қарсы күресті.

XVII ғасырдағы ағылшын революциясы және пуританизм идеяларының таралуы дәстүрлі қоғам және шексіз монархияны жойды. Елде конституциялық парламенттік монархия орнады.

Біліміңді тексер

1. XVI—XVII ғасырлар тоғысында Англия экономикасында қандай өзгерістер болып жатты?
2. Ағылшын буржуазиялық революциясының негізгі кезеңдерін атап бер. Олардың қандай айырмашылығы бар?
3. Неліктен Кромвель протектораты әскери диктатура деп аталды?
4. Ирландия мен Шотландиядағы Кромвель әскерінің әрекеттері қандай болды?

§3. ӨНЕРКӘСІП ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл сабақта:

- өнеркәсіп төңкерісінің мәні, алғышарттары, басталуы және дамуы туралы білеміз;
- Англияның индустрияландырылуының негіздері, жаңғырту үдерісі, индустриалды қоғамның белгілері, әлеуметтік құрылымы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- аграрлық төңкеріс
- өнеркәсіп төңкерісі
- луддашылар
- индустрияландыру
- «әлем шеберханасы»
- өсімқорлық

Өнеркәсіп төңкерісінің мәні. XVIII ғасырдың аяғында Еуропаның бірқатар елдерінің өнеркәсібінде мануфактуралық кезеңнен өндірістің фабрикалық жүйесіне көшу басталды. Бұл кезең *өнеркәсіп төңкерісі* деп аталды. Өнеркәсіп төңкерісінің техникалық және әлеуметтік жақтары болды.

Техникалық жағы — ол ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін қолдануды білдірді. Әлеуметтік жағы — ол өнеркәсіпте буржуазиялық (капиталистік) қатынастардың нығаятын көрсетті.

Аграрлық төңкеріс. XVI—XVII ғасырлардың өзінде-ақ Англияда жер иеленуші шаруалар жойылып, бүкіл жер ленлордтардың қолында болды. Олар жерді жерінен айырылған және ақыға жалданып жұмыс істеуге келісетін шаруалардың еңбегін пайдаланатын фермерлер мен кәсіпкерлерге жалға берді. Осылайша Англияда өнеркәсіптік төңкерістің негізін қалаған *аграрлық төңкеріс* іске асырылды.

Өнертапқыштық және ғылыми ойдың дамуы. Өнеркәсіп төңкерісінің басталуына тек аграрлық төңкеріс қана жеткіліксіз

болатын. Бұл үшін өнертапқыштық және ғылыми ойды дамыту қажет болды.



Анықта

Аграрлық төңкерістің мәні неде? Аграрлық төңкерістің салдары қандай?


1662 жылы Лондонда ағылшын Ғылымдар академиясының рөлін атқарған Корольдық қоғам құрылды. XVIII ғасырдың басында Англияда бастауыш білім берудің жетілген жүйесі болды. Техникалық білімді кәсіпкерлерді даярлау үшін өнеркәсіптік орталықтарда орта мектептер пайда болды. Осылайша XVIII ғасырда Англияда өнертапқыштық ойдың дамуына қажетті жағдайлар қалыптасты.

Ойлан

Қандай жағдайлар Англияда өнертапқыштық және ғылыми ойдың дамуына себеп болды?

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің алғышарттары және дамуы. Өнеркәсіп төңкерісінің маңызды алғышарты Ағылшын буржуазиялық революциясы болды. Сонымен қатар Англияның географиялық қолайлы орналасуын, Америка ашылғаннан кейін Англия дүниежүзілік теңіз сауда жолдарының торабында болуын атауға болады. Дәл осы алғышарттар Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріске әкелді.

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі тоқыма өндірісінде мәшинелерді ойлап табудан басталды. Пірілген жіпке деген сұраныс жіп тоқудағы бірқатар өнертабыстарға қосымша демеу болды. 1733 жылдың өзінде тоқымашы әрі механик Джон Кей шұғаны өндеуге арналған «ұшқыр шөлмекті» ойлап тапты. 1738 жылы Р.Аркрайт адамның қатысуынсыз жіп піретін мәшине жасады. 1765 жылы Джеймс Харгривс «Дженни» механикалық жіп піру мәшinesін ойлап тапты. Оның көмегімен бір жұмыскер 18—20 ұршықты қозғалысқа келтірді. 1767 жылы ағаш шебері Хейс су дөңгелегінің қозғалысқа келтірілетін және жоғары өнімділігімен ерекшеленген жіп піру мәшinesін жасап шығарды. 1771 жылы Р.Аркрайт алғашқы жіп піру фабрикасын ашты, мұнда мәшинелер су дөңгелегінің күшімен жұмыс жасады.



«Дженни» жіп піру мәшinesінің эскизі



Луддашылар әрекеті

Өнеркәсіптің басқа салаларында да айтарлықтай өзгерістер болды. Джеймс Уатт бу мәшinesін ойлап тауып, оны жетілдірді. Өнеркәсіп орындарының өзендер қуатына тәуелділігі жойылды, бұл — фабрикалардың кеңінен ашылуына әкелді. Бу мәшinesі жұмыс істеуі үшін көмір қажет болды. Бұл көмір өндірісін дамытты. Англиядағы өнеркәсіптің дамуы жана қалалардың салынуына әкелді, жолдар мен көлік санының артуына ықпалын тигізді, жана тап — өнеркәсіп пролетариаты

қалыптасты. 1786 жылдан бастап Лондоннан түрлі бағыттарда пошта күймелері (дилижанстар) тұрақты жүре бастады. Ауыр жүктерді — көмір мен металдарды арзан тасымалдауға мүмкіндік беретін су арналарын салу кең етек алды.

Ойлан

Не себептен Англияда басқа елдермен салыстырғанда өнеркәсіп төңкерісі ертерек басталды?

Мәшинелерді қолдану еңбекақының төмендеуіне әкеп соқтырды. Көптеген жұмыскерлер жұмыстарынан айырылды. Еңбек жағдайы ауыр болды. Жұмыс күні 14—18 сағатқа созылды. Мұның барлығы жұмысшылар арасында наразылық туғызды. Жұмысшылардың наразылығы мәшинелерге қарсы бүлікке ауысты. Жұмыскерлер фабрикаларға лап қойып, мәшинелерді талқандады, фабрика ғимараттарын өртеді. Бұларды жіп піру станогын алғаш талқандаған жасөспірім Нэдда Лудданың атымен *луддашылар* деп атады. Луддашылардың әрекеттері кәсіпкерлерге орасан залал әкелгендіктен, парламент бүлікшілерге өлім жазасы туралы заң қабылдады. Бірақ луддашылардың әрекеттері өнеркәсіптік бетбұрыстың сәтті қадамын тоқтата алмады.

Пікірталас

Луддашылардың әрекеті өнеркәсіп төңкерісінің дамуына қалай әсер етті?

Өнеркәсіп төңкерісі жаңа буржуазиялық қоғамның экономикалық іргесін қалап берді. Ағылшын өнертабыстары басқа да елдерге жылдам енді.

Қоғамда екі негізгі тап — буржуазия мен өнеркәсіп пролетариаты қалыптасты. XVIII ғасырда Англияда өнеркәсіп төңкерісі капитализмнің мануфактуралық кезеңінен мәшинелік техникаға сүйенген капиталистік өндірістің фабрикалық жүйесіне көшті. Индустриалды қоғамның қалыптасуы басталды.



Анықта

Не себептен біз өнеркәсіп төңкерісі жаңа буржуазиялық қоғамның экономикалық негізін құрды деп айтамыз?

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы. Өнеркәсіп төңкерісінің маңызды нәтижесі индустрияландыру болды.

Бұл Англияның экономикалық географиясын өзгертті. Тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруге мамандандырылған жаңа өнеркәсіптік аудандар пайда болды.

Өнеркәсіп төңкерісі паровоздың жасалуымен аяқталды. 1825 жылы Дж. Стефенсон Дарлингтон мен Стоктон арасында жолаушылар тасымалдайтын пойызын жүргізді. Англия дүниежүзілік шеберханаға айналды, оның бұйымдарымен ешкім бәсекелесе алмады. Лондон әлемдік сауда орталығы болды.

XIX ғасыр тарихка «мәшине» ғасыры, «темір» ғасыры ретінде кірді.

Индустриалды қоғамға өту үрдісін *модернизация* деп атайды. Бұл қоғамға мәшине техникасына негізделген өнеркәсіп, нарықтық экономиканың қалыптасуы, шаруашылықтың белсенді түрлерінің таралуы, қоғамның таптық құрылымының пайда болуы тән.

Пікірталас

Индустриалды қоғамға тағы қандай белгілер тән?

«Көне» және «жаңа» аристократия. XIX ғасырдың екінші жартысында еуропалық аристократия алдында жаңа қоғамға бейімделу мәселесі тұрды. Көптеген аристократтар ірі жер иелері болғандықтан, олардың өмірі қаламен ғана емес, ауылмен де байланысты болды.

Алайда индустриалды қоғамның біртіндеп дамуымен аристократияның үстемдігі өткенге айналды. Жер телімдерінің бөлігі қалалық



«Жана» аристократия

құрылыстарға сатылды, орман иеліктері қысқара бастады. Жер аристократиясы банктерде, өнеркәсіп компанияларында басқарушы орындарды алды. Көптеген аристократтық отбасылар өздерінің байлықтарын жоғалта бастады. Олардың ұрпақтары аukatты мұрагерлермен некелесті және бұл аристократиямен буржуазияның қосылуына, жоғары тап «жана» аксүйектердің қалыптасуына алып келді.

Жана буржуазия. XIX ғасырда мемлекеттердің экономикалық және саяси өмірінде буржуазия өзін таныта бастады. Тарихшылар және әлеуметтанушылар, бұл тап өкілдерінің мінез ерекшеліктерін талдай келе, оларға еңбекқорлық, белсенділік және табандылық қасиеттерінің тән екендігін атап өткен.

Орта тап. XIX ғасырдың соңында елеулі құбылыс ретінде орта таптың қалыптасуы болды. Осы тапқа инженерлер, өнертапқыштар, дәрігерлер, оқытушылар, офицерлер, заңгерлер және т.б. бірікті.

Орта тап, ең алдымен, Ұлыбританияда қалыптасты. Әдетте, орта тап адамдары реформаларды қолдаушылар болды.

Ойлан

Орта тап қоғамның қандай топтарын біріктірді?

Жаңа жұмысшы табы. XIX ғасырдың екінші жартысында өнеркәсіптің қарқынды дамуымен байланысты қоғамда жаңа жұмысшы табының қалыптасуы үрдісі байқалды.



Жұмысшы табының өкілдері

Бұл таптың әлдеқайда қамтамасыз етілген бөлігін білікті жұмысшылар құрады, оларды *жұмысшы аристократия* деп атады. Олар техникалық білімі бар мамандар болды. Жұмысшы табының біршама мәдени тобын құраған мұндай басшылардан шеберлер, кеңсе қызметкерлері және басқарушылар шықты.

Жұмысшы таптың құрамы, әлеуметтік жағдайы әртүрлі болды.

XIX ғасырда дәстүрлі қоғамның таптық құрылымы түбегейлі өзгерді.

Біліміңді тексер

1. Аграрлық төңкерістің өнеркәсіп төңкерісінен ерекшелігі неде?
2. Англиядағы өнеркәсіптік төңкерістің алғышарттарын ата.
3. Өнеркәсіп төңкерісінің дамуы қандай салаларды қамтыды?
4. Қандай жағдайлар жұмысшылар ортасында наразылық тудырды?
5. Капитализмнің мануфактуралық даму сатысынан фабрикалық даму сатысына өтудің барлық алғышарттарын атап көр.
6. Неге XIX ғасыр тарихқа «мәшине» ғасыры, «темір» ғасыры ретінде кірді?
7. Аристократияның буржуазиямен қосылуына, «жаңа» таптың қалыптасуына қандай жағдайлар себеп болды?
8. XIX ғасырдың екінші жартысында «орта таптың» қоғамдағы рөлі қандай болды?
9. Буржуазия қандай қасиеттерімен ерекшеленді?

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҮНДІСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ. БАТЫС ИМПЕРИЯЛАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

§4. ҰЛЫ МОҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛЫБРИТАНИЯ. БАТЫС ИМПЕРИЯЛАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

Бұл сабақта:

- Ұлы Моғол империясының өмір сүрген кезеңдерімен, Үндістанда жүргізген саясатымен танысамыз;
- Үндістандағы жергілікті мемлекеттік құрылымдар және олардың моғолдарға қарсылық әрекеттерінен де мәлімет аламыз;
- Моғол империясының дағдарыс себептерімен және еуропалықтардың отаршылдық әрекеттерінің басталуымен танысатын боламыз.

Тірек сөздер

- Бабыр,
- Ұлы Моғолдар
- жерге жекеменшік түрлері
- касталық жүйе
- мұсылмандар мен үнділер
- халық қозғалыстары
- Ост-Үнді компаниясы

XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Үндістанның солтүстігінде мұсылман мемлекеті — Дели сұлтандығы өмір сүрді. 1526 жылы оны Орта Азиядан шыққан *Бабыр* жаулап алады.

Бабыр бұрын Ферғанада (Орта Азияда) және Кабулда билік жүргізген. Ол Азияның атақты бағындырушысы Әмір Темірдің әулетінен шыққан ұрпағы болатын. Оның Ауғанс танда және Солтүстік Үндістандағы иелігі Ұлы Моғолдар мемлекеті деп аталды. (Үндістанда «Моғолдар» деп монғолдарды атаған.) Кейіннен еуропалықтар да осылай Моғолдар мемлекеті деп атап кеткен. Бабыр өзі құрған осы иелігінде исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Ал Үндістанның жергілікті халқы индуизм дінін ұстанатын.

Ойлан

Ұлы Моғол мемлекетін құрған кім және ол Үндістанға қайдан келді?

XVII ғасырдың ортасына қарай Үндістанның солтүстігі мен орталық бөлігі де Ұлы Моғол державасының қол астында өмір сүрді. Бұл Үндістан халқының үштен екісіне билік жүргізген әскери-феодалдық мемлекет еді. Барлық билік падишахтың қолында болды. Моғолдардың соңғы билеушісі Аурангзеб падишах билігі кезінде мемлекет 19 субаға (әкімшілік аймақ) бөлінді. Әр әкімшілік аймақ басында падишах тағайындаған

субалар отырды. Олардың қолында әкімшілік, әскер және сот билігі жинақталды. Өз әскері болды.

Моғол империясының шегарасы үнемі кенейіп отырды. Бұл кезде империяның құрамына Ауғанстан, Балх, Оңтүстік Үндістан кірді. Бірақ басқыншылық соғыстар, феодалдық топтардың мұсылмандар мен үнділер болып бөлініп, өзара қырқысу соғыстары, әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуі, экономикалық құлдырауы, халық қозғалыстарының өрлеуі елдегі Моғол үстемдігін әлсіретті.



Бабыр

Ұлы Моғол мемлекетінде бүкіл жердің иесі падишах болып есептелді. Осыған сәйкес елдің бүкіл өнделетін, егіншілікке жарамды жерінің бәріне салық салынып, ол мемлекет қазынасына құйылатын. Сондай-ақ *джагир*, *заминдар*, *инам* және *уакф* деп аталған әртүрлі феодалдық жекеменшіктегі жерлер де болды.

Ойлан

Моғол империясын дағдарысқа ұшыратқан қандай себептер?

Джагир — әскери қызметі үшін жекеменшікке берілген жер, оларды иеленуші әскери қызметкерлерді джагирлер деп атады. Аурангзеб падишах тұсында джагирлер саны көбейіп, олар падишахтың негізгі тірегіне айналды.

Заминдар — жекеменшік жер, оның иелері заминдарлар меншігіндегі жерді өңдеуге шаруаларды пайдаланды. Кейде олардың қолында салықтан босатылған жер иеліктері де болды. Заминдарлардың шыққан тегі, көбінесе үнді ақсүйектері болса, ал джагирлардың негізі мұсылмандардан құрылатын.

Инам — мұсылман дінбасыларының меншігіне берілген жер. Олар салықтан босатылды.

Уакф — діни орындардың, яғни мешіт, медресе, діни мектептердің меншігіндегі жер. Оларға салық салынбады.

Үндістанда Ұлы Моғолдар билігі тұсында аграрлық қоғамның барлық белгілері сақталды.

Ойлан

Моғол империясында жерге жекеменшіктің қандай түрлері болды?

Халқы. Үндістанда Жаңа заманда әр тілде, әртүрлі діндер мен діни сенімдерді ұстанатын жиырмадан астам ірі халықтармен қатар мыңға жуық аз санды халықтар және тайпалар өмір сүрді. Олардың

барлығы дерлік егіншілікпен, малшаруашылығымен, аңшылықпен айналысты. Дегенмен Үндістанда халықтың әлеуметтік немесе ұлттық тегінен бұрын, оның касталық тегі басты орын алды.


Каста — үнді халқының арасында адамдардың кәсібі, құқығы мен міндеттері мұраға беріліп отыратын адамдардың тұйықталған жабық топтары.

Касталық жүйе жоғарыдан төменге дейін бөлінетін төрт сатыдан — варнадан тұрды: брахмандар (дін өкілдері), кшатрийлер (билік өкілдері, әкімдер, әскери адамдар), вайшилер (қауымның ерікті мүшелері, қолөнершілер мен саудагерлер) және шудралар (қауымның еріксіз мүшелері, құлдар мен малайлар). Олардың әрқайсысы бір-бірінен өте қатаң заңдар арқылы оқшауланды. Бір кастадан екіншісіне өту мүмкін емес еді. Үнді қоғамының аса кедей төменгі топтарын жиіркенішпен «кесапаттылар» деп атады. Олар өте көп еді.

Ойлан

Каста деген не? Касталық жүйеге анықтама бер.

Ұлы Моғол мемлекетінің құрамына кірген Үндістанның Бенгал, Маратха, Гуджарат, Пенджаб сияқты ірі ұлыстары касталық жүйеге бөлінді. Бұл кезде Үндістан феодализм дамуын басынан кешіріп жатқан. Үнді қауымы қатаң тәртіппен келісілген еңбек бөлінісіне енгізілді.





Тәж-Махал кесенесі

Бұл керемет өнер туындысы мәңгілік махаббаттың ескерткіші ретінде ғасырлар бойы адамзатты романтикалық күйге бөлеп келеді. Тәж-Махал әлемдегі жеті кереметтердің бірі ретінде сақталған. Қазір бұл ескерткішті 1983 жылдан бастап ЮНЕСКО өз қамқорлығына алған. Әлемде оған тең келетін сәулет өнері жоқ. Ұлы Моғолдар дәуірінен сақталған бұл сәулет кесенесін Үндістанда билік құрған Шах Жаханның сүйікті жары Мұптаж Бегімге арнап салдырған. Аңыз бойынша қайтыс болған жарына арнап мәңгілік махаббаттың символы ретінде ескерткіш орнатқан.



Ұлы Моғол империясының ыдырауы. Халық көтерілістері. Ұлы Моғол мемлекетінде қалыптасқан экономикалық қиындықтар бұқара халықтың жағдайын нашарлатты. Феодалдық жер иеленушілердің мемлекеттің шаруаларға салатын салықтарының өсуі, тұрмыстарының ауырлығы олардың Ұлы Моғол билігіне қарсы наразылығын күшейтті. Әр жерден қарапайым халық көтерілістерге шыға бастады. Сондай-ақ Үндістан халқының этностық және діни ғұрыптары оларды моғол билігінен тәуелсіздік алуға ұмтылдырды. Мемлекеттің іргесі шайқалды. Бір аймақтан кейін екіншісі Ұлы Моғол мемлекетінен бөлініп кетіп жатты.

XVIII ғасырдың ортасына қарай бір кездегі аса қуатты Ұлы Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігі құлады. Үндістан жерінде еуропалық отаршылдардың билігі орнай бастады.

Еуропалық державалардың Ост-Үнді компаниясының құрылуы және отаршылдықтың басталуы. Үндістанды еуропалықтардың отарлай бастауы. XVII ғасырда еуропалық кейбір мемлекеттер Үнді мұхиты арқылы сауда жүргізу және отарлар иелену үшін құрылған Ост-Үнді компанияларын құрды. Мысалы, ағылшындық, француздық, голландық Ост-Үнді компаниялары. Олар сауда мен отар иеліктері үшін өзара бәсекелестікке түсті.

XVIII ғасырдың ортасында Үндістанды отарлауға ұмтылған еуропалықтардың ішінде аса белсенділік танытқандары француз компаниясы мен ағылшындық Ост-Үнді компаниялары болды. Бұл екеуінің арасында Үндістан үшін күрес басталды. Екі мемлекеттің арасында болған Жетіжылдық соғыс (1756—1763) нәтижесінде ағылшындық Ост-Үнді компаниясы жеңіске жетіп, Үндістанды отарлауды қолға алды. Бұл жекеменшіктегі сауда компаниясы бүкіл Шығыс елдерімен саудаға монополиялық билік жүргізіп келген еді, енді осы компания арқылы Англия Үндістанды отарлауға кірісті. Үндістанның саяси бытыранқылығын пайдаланып, Ост-Үнді компаниясы XVIII ғасырдың 70-жылдары Бенгалияны басып алды. Бұл Үндістанның ең дамыған бай аймағы болатын. Компания XVIII ғасырдың 70—80-жылдары Үндістандағы ірілі-ұсақты мемлекеттер мен ұлыстардың бірінен кейін бірін бағындырды. Ағылшындар бұл жолда жергілікті халық тарапынан қуатты қарсылыққа тап болды. Халық көтерілістері өршіп, отаршылдыққа қарсы күрес толассыз жүрді. Ағылшындар Үндістанды отарлауда ұзақ уақыт соғыс жүргізуге мәжбүр болды.

Үндістанды отарлауға кең жол ашылғаннан кейін ағылшындардың сауда-өнеркәсіп буржуазиясы Ост-Үнді компаниясының Үндістанды

жалғыз өзі отарлауына наразылық білдіре бастады. Бұл бәсекелестікті ескерген ағылшын өкіметі 1773 жылы Үндістанды билеу жөнінде заң қабылдап, заң бойынша Үндістанды басқаратын генерал-губернатор қызметін тағайындады. Бұл қызметке үміткерді Ост-Үнді компаниясымен бірге парламент ұсынатын болды. Үндістандағы ең алғашқы генерал-губернатор болып ағылшын Уоррен Хейстингс тағайындалды.

Ағылшын билеушілері жергілікті жердегі әкімшілік, сот, салық жинау, полиция және т.б. қызметтерді өз қолына алды. Ағылшындық судья басқарған қылмыстық, азаматтық соттар құрылды. Ағылшындар жергілікті үнділер мен мұсылмандарға қарсы қандай қылмыс жасаса да, жазаға тартылмайтын болды.

Отаршылдар Үндістандағы өз мүдделерін қорғау үшін жергілікті халықтан жалдамалы, қарулы әскер жасақтарын құрды.

Үндістандағы мұсылмандар мен үнділер енді ағылшын отаршылдарына қарсы күресті. Биліктерін орнатқан жердегі халықты қанап, салықты ауырлатып, олардың өмір сүру деңгейін төмендетіп жіберді. Ашынған халық ағылшындарға өшпенділікпен қарады. Үндістан Англияға арзан шикізат беретін, оның өндірісінің өркендеуінде өте маңызды орны бар елге айналды.

Үндістандағы ауылшаруашылығы, қолөнер мен қалалардағы сауданың өркендеуі. Үндістанның ежелден өзінің тамаша қолөнері және сәулет өнерімен даңқы шыққан Бомбей, Мадрас, Калькутта сияқты ірі сауда орталықтары болды. Қалалар қолөнер мен сауданың дамуына зор ықпал етті. Үндістан жері арқылы ірі халықаралық сауда жолдары өтті. Үндістан арқылы Еуропаның сауда керуендері әртүрлі азық-түлік түрлерімен Қытайға және Үндіқытайға сауда жасап барып, ол жақтан Шығыстың тамаша қолөнер бұйымдарын, зергерлік заттарын, алтын-күміс, бағалы тастар алып қайтатын. Саудадан байыған үнді раджаларының қоймалары нағыз байлықтың көзі болды.

XVII ғасырда негізі қаланған голландық және ағылшындық Ост-Үнді компаниялары үнділерден әртүрлі маталар, қолөнер бұйымдарын сатып алып, оны Еуропаға апаратын. Ал Еуропадан әкелінген тауарлар Үндістанда сұраныста жоқ еді. Себебі сапасы төмен, бағасы қымбат тауарлар үнділерге керек емес еді. Еуропалықтардан тек алтын сатып алуға болатын еді.



Анықта

Үндістанда шаруашылықтың қандай салалары жақсы дамыды?

Еуропалық компаниялардың ішінен Үндістанда үлкен табысқа не болған ағылшындық Ост-Үнді компаниясы болды. XVII ғасырға қарай компанияның сауда факториялары теңіз жағалаулары мен Ганг өзені бойында пайда болады.

Үндістан саудасының өркендеуі қолөнердің дамуына кең жол ашты. XVII—XVIII ғасырларда Үндістанда жібек пен макта мата өндірісінде, кеме жасау т.б. қосалқы шаруашылық салаларында мануфактуралар пайда бола бастады. Саудадан байыған үнді феодалдары өндірісті дамыту үшін ауылшаруашылығымен айналысатын жер иелерінің жерін сатып алып, саудаға қажетті өнім өндіруге кірісті. Шаруалар жерден айырыла бастады. Ұсақ, орташа жер иелері мен шаруалардың басына түскен ауыртпалық олардың наразылық көтерілісін тудырып отырды.

Ойлан

Шаруалардың наразылығын туғызған қандай жағдайлар?

Білімді тексер

1. Ұлы Моғол империясының құрамына Үндістанның қандай ірі аймақтары мен халықтары кірді?
2. Моғолдар билігі кезінде жер иеленудің қандай түрлері болды?
3. Ұлы Моғол империясының билігі кезеңінде мұсылман мен үнділердің арасында қайшылықтар иеліктен пайда болды деп ойлайсың?
4. Ұлы Моғол империясы қандай себептерден ыдырауға ұшырады?
5. Үндістанды отарлауда қай елдің Ост-Үнді компаниясы белсенді болды?
6. Топтық жұмыс. Дәптерлеріне кестені сызып, толтырыңдар.

XVI—XVIII ғасырлардағы Үнді түбегіндегі мемлекеттер	Моғол империясының құрамындағы үнді халықтары	Моғол империясы құлағаннан кейінгі үнді князьдіктері
1.	1.	1.

§5. ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісі үш кезеннен тұрды.

Бірінші кезең — сауда отаршылдығы, XVI ғасырдың аяғынан басталып XVIII ғасырдың ортасына дейін жалғасты. Бұл кезеңде еуропалықтар шығыстық тауарларды отаршылдық жолмен Еуропаға тасымалдаумен айналысты. Шығыстың алтын, күміс, жібек, тоқыма маталары, дәмдеуіштері, әшекей бұйымдары т.б. отаршыларды қатты қызықтырды.

Екінші кезең — «өндірістік капитал дәуірінің отаршылдығы», XVIII ғасырдың екінші жартысынан — XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде Англия, Франция сияқты елдер Шығыс елдерін отарлап алып, Шығыстың байлығын тонаумен айналысты. Еуропалықтар өздерінің арзан тауарларын осы елдерге әкеле бастайды. Осылай жергілікті халықтың кәсіптері мен шаруашылығын күйретуге ұшыратты. Отарлап алған елдерін толық тәуелділікке түсірді.

Үшінші кезең — «империализм дәуірінің отаршылдығы» немесе «монополистік капитал дәуірінің отаршылдығы», XIX ғасырдың соңынан басталды. Шығыс елдерінің табиғи ресурстарын пайдаланумен қатар қанаудың жана тәсілі ретінде еуропалық капиталды әкеліп, инвестиция салуды күшейтіп, өнеркәсіп өндірісін дамыта бастады. Шығыс елдерін еуропалық алпауыт мемлекеттер ықпал аймақтарына бөлісті.

Бұл сабақта:

- Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісімен;
- отарлық езгінің зардаптарын. Отарлық жүйенің отар елдердің экономикасына тигізген әсерін білеміз.

Тірек сөздер

- сауда отаршылдығы
- өндірістік капитал
- монополистік капитал
- отар елдер
- отарлық империя
- «жабық есік саясаты»
- жартылай отар елдер

? Анықта

Отарлау үрдісінің үш кезеңінің ерекшеліктерін сипаттап бер.

XVII—XVIII ғасырларда Азия және Африка елдері феодалдық қоғамның терең дағдарысына ұшырап, еуропалықтардың отаршылдық әрекеттеріне тап болды. Шығыс елдеріндегі даму қарқыны төмендеп, бір кездері дамыған өркеннеттің ошақтары болған елдер отар және жартылай отар елдерге айналды.

Еуропалықтардың басқыншылық әрекеті Ұлы географиялық ашылулардан, яғни испандықтар мен португалдықтардың XV ға-

сырдың соңынан бастап XVI ғасырда Америкадағы, Африка мен Азиядағы халықтарды отарлау нысанына айналдырған кезден бастау алды.

Екі ғасыр бойы, алдымен португалдықтар мен испандықтар, содан кейін голландықтар, ағылшындар мен француздар Шығысқа, Африкаға, Үндістанға, Азияның оңтүстік-шығысына теңізден жол сала отырып Аустралияны ашты. Ал осы уақытта орыс саяхатшылары Сібірді игеріп, Тынық мұхит жағалауларына шықты. Магелланнан бастап дүниежүзін айналып шығу саяхаты басталды.

Еуропалықтар Шығыс әлемін өздерінің мүдделеріне сай қайта құруға әрекеттенді. Ұлы географиялық ашылулар дәуірі еуропалық отаршылдыққа, алыс теңіз сыртындағы жерлерді жаулап алу және тонау саясатына, Батыстың өз көзқарастары мен принциптерін өз отарларына еріксіз тану арқылы оның дәстүрлі құрылысын жоюға жол ашты.

Қытай және Жапония сияқты кейбір елдер еуропалықтардың жөнсіз араласуынан өздерін сақтауға ұмтыла отырып, сыртқы әлемнен окшаулануға көшіп, «жабық есік» саясатын ұстануға мәжбүр болды. Басқалары (Африка, Америка, Үндістан елдері) еуропалық отаршылдықтың құрбандарына айналды.

Еуропалық өркениеттің әскери және теңіз ісіндегі, өнеркәсіптегі қол жеткізген табыстары олардың басқа елдерден «артықшылығын» айқындап, ерекшелейтін жағдай қалыптастырды. Өзіндік өркениеттік нәтижесі бар «Еуропа — басқа халықтарға үлгі болады» деген түсінік «еуроцентристік» немесе «Еуропаға табыну» ұғымын қалыптастырды.

Капиталистік дамуды көздеген Еуропа елдері өз ұстанымдарын сақтай отырып, көптеген артықшылықтарға ие болды. Бұл артықшылықтар әскери әлеуетте көрініс тапты. Енді барлау экспедицияларының орнына бай, басқа елдерді игеру басталып, ол жерлерде еуропалықтар отарлық жүйені белсенді түрде орната бастады. Шығыстық дәстүрлі қоғамдардың көпшілігі еуропалық отаршыл күштің алдында дәрменсіздік танытып, олардың онай олжасына айналды.



Анықта

Еуропалық өркениеттің жаңа замандағы қол жеткізген табыстарын зерделе.

Еуропалықтар, әдетте, өздерінің отарларының саяси құрылымына араласпады. Жаулап алған елдерде мемлекеттілік мүлде болмаған, не болмаса, дамудың мейлінше төменгі деңгейінде тұрған Жаңа



Форт Уильям — Шығыс Үндістандағы Ост-Үнді компаниясының алғашқы бекінісі

әлем немесе Аустралия сияқты елдерде ғана еуропалық үлгідегі саяси өзгерістер енгізді. Ал мемлекеттілік пен мәдениеттің өзіндік дәстүрлерін еуропалықтардан әлдеқайда бұрын қалыптастырған Шығыс елдерінің көпшілігі ежелгі өркениетін сақтап қалды. Жаулап алушылар, ең алдымен, шығыс халықтарын экономикалық жағынан тәуелділікке түсіруді көздеді.

Еуропалық жаулап алушылардың отаршылдықтың алғашқы кезеңіндегі басты тәсілі отарлық иеліктердің барлық байлығын тонаушылық жолмен иемденіп, өздеріне қажетті Шығыстың аса бағалы тауарларына — дәмдеуіштері, шай, кофе, Шығыс маталары, қытай фарфоры және сән-салтанат заттарының саудасына бақылау орнату арқылы оларды қанауға ұшырату болды. Осыны жүзеге асыру үшін барлық жерде факториялар — сауданың тірек пункттері құрылды. Еуропалық елдердің отаршылдық саясаты олардың өздерінің арасында бәсекелестік тудырып, әлемнің әртүрлі нүктелеріндегі пайдалы орындар үшін таласқан өзара қақтығыстарын тудырып отырды. Еуропалық отаршыл үкіметтің қолдауымен құрылған сауда компаниялары қарулы әскери отрядтардың рөлін атқарып, отарлық басқыншылық саясаттарын жүзеге асырды. Олар өз қарамағында әскери күштер ұстады және бітім жасауға немесе соғыс жариялауға, қамал салуға құқылы болды. Мұндай компаниялар жергілікті тұрғын халықтың қарсылығын басып қана қоймай, бәсекелестерімен — басқа еуропалық елдердің компанияларымен күрес жүргізуі тиіс болды.

Англия мен Голландияның отарлау саясаты. XVII ғасырдың басында Батыс Еуропа елдерінің ішінде сауда және отаршылдық саясат жүргізуде Голландия алғашқы орынды иемденді. Оның отарлық иеліктері Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлығында, Индонезия мен Цейлонда орналасты.

Ағылшындар мен голландықтар теңіздер мен мұхиттар кеңістігінде, дүниежүзілік саудада өз үстемдіктерін орнату үшін бәсекелестік күреске шықты. Сауданы нығайту мақсатында олар отарлық иеліктерінде сауда факторияларын дамытты.

XVI ғасыр бойында Англияда бірнеше ірі сауда компаниялары пайда болды. Олар дүниенің әр түкпірімен сауда байланыстарын жүргізді. XVII ғасырдың басында солардың ішіндегі ең мықтысы атақты Ост-Үнді компаниясы болды. Бұл компания, негізінен, Үнді мұхиты арқылы сауда жүргізетін еді.

Ост-Үнді компаниясы Англиядағы «мемлекет ішіндегі мемлекет» сияқты ерекше құрылым болды. Бұл компанияның өз әскері, флоты, мындаған әкімдері, сауда агенттері мен аудармашылары болды. Осындай Ост-Үнді тектес компаниялар Голландияда, Францияда да пайда болды. Бұл компаниялардың арасында отарлық иеліктер үшін, саудадағы үстемдік үшін бәсекелестік күрес үлкен соғыстарға, әскери жанжалдарға ұласып отырды.

Ағылшын, француз, голланд, Ост-Үнді компаниялары бастаған Шығыс елдерін отарлау әрекеттері көптеген мемлекеттер мен халықтарды тәуелсіздігінен айырып, отар елдерге, кейбірін жартылай отар елдерге айналдырды.

Ойлан

«Отар және жартылай отар ел» ұғымының мағынасы қандай?

Әрине, Шығыста еуропалық экспансияға қарсы тұратын және шетелдіктердің баса-көктеп кіруінен бас сауғалаған елдер сақталып қалды. Қытай, Жапония, Корея және Вьетнам үкіметтері өздерінің мемлекетін шетелдіктер үшін жабық деп жариялады. Бірақ Батыс отаршылдары бұл елдерге түрлі тәсілмен, жанама жолдармен еруге ұмтылды. Экономикалық қанау арқылы еуропалықтар кейбір Шығыс елдерінің саяси дербестігін, әскери күштерін сақтай отырып, өз қолдарына алды. Бұған Осман империясын сыртқы саудасымен толық қаратуы дәлел бола алады.

XVII—XVIII ғасырларда Ресей де отаршылдық саясатқа бет бұрып, халықаралық саясаттағы мәртебесі өсе бастады. Ресейлік отаршылдардың Шығысқа жылжуы біршама ауқымды болды.

XVII—XVIII ғасырлар бойы ресейлік әскери қызметтегі адамдар, казактар және шаруалар біртіндеп Сібірді игерді, ал 1784 жылы алғашқы орыс елді мекендері *Аляскада* да пайда болды. Амурда Ресей басқыншылары Қытаймен қактығысқа түсіп, XVII ғасырдың соңында орыс-қытай шегарасы белгіленді. Сібірді отарлау Ресейдің аумағын екі есе дерлік ұлғайтты.

Отарлық езгі зардаптары. XVIII—XIX ғасырларда Еуропа елдеріндегі капиталистік қатынастардың дамуы азиялық нарық үшін күресті, отарлық иеліктерді қанауды одан әрі күшейте түсті. Отаршылдар отарлық қанаудың жаңа әдісіне көше бастады. Бұрынғы сауда арқылы ғана отарлау әдісі енді өз мәнін жойып, онымен бірге атакты сауда компаниялары да өмір сүруін тоқтатты. Отаршыл мемлекеттер енді барлық билікті өз қолдарына алып, бүкіл бір елді, тіпті бір құрлықты тауар өткізу нарығы мен шикізат көзіне айналдыра бастады. Еуропалық отаршыл мемлекеттердің отарлық саясаты капиталистік қатынастардың одан әрі күшейіп, дамуына жол ашса, Шығыс елдерін күйзеліске әкелді. Шығыс елдерінің өндіргіш күштері күйреді, шаруашылық өмір салты бұзылды. Капиталистік Батыс пен артта қалған Шығыс елдерінің арасында теңсіздік пайда болды.

Отаршылдық тонау толық отарға айналған елдер үшін ғана емес, өз тәуелсіздігін сақтап қалған Қытай, Корея, Жапония сияқты Шығыс Азия елдері үшін де өте ауыр саясат болды. Бұл аталған елдерді шетелдік отаршылдарға елді тонатпау үшін «жабық есік» саясатын ұстанып, тұйықталуға мәжбүр етті. Сыртқы дүниеден окшаулану саясаты бұл елдердің дүниежүзілік даму деңгейінен көп артта қалуына әкеп соқтырды.

Ойлан

«Жабық есік» саясатының Шығыс халықтарының өміріне тигізген қандай зардабы болды?

Отарлық құдыққа түскен елдердің экономикасы, әсіресе ауыл-шаруашылығы отаршылдардың мақсат-мүддесіне қарай ыңғайластырылды. Егістік жерлерге халықтың өзіне қажетті өнімдер өндіруге емес, отаршылдардың қажетіне керекті техникалық дақылдар — мақта, темекі т.б. өсіруге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде халықтың өмір бойы айналысып келе жатқан шаруашылық түрі өзгерді, өндіргіш күштер күйреді, мындаған қолөнершілер, шаруалар тоқырауға ұшырап, негізгі кәсібінен айырылды.

XIX ғасырдың басына қарай отарлық нарықтар мен арзан өндірістік шикізат көздері ірі-ірі халықаралық шпеленістерге әкеп соқтырды. Англия мен Франция арасындағы отарлық бәсекелестік күрестің нәтижесінде ағылшын буржуазиясы үстемдікке ие болып, Шығыс елдеріндегі өз ықпалын кеңейте түсті. Азияда отарлық неліктер үшін ағылшын-орыс бәсекелестігі туындады.

«Еркін сауда» принципі жолында Англия XIX ғасырдың бірінші жартысында соғыстар жүргізді. Осы «Шығыс мәселесі» жолында ол Франциямен және Ресеймен шпеленістерге барды. Бұл кезеңдегі Англия жүргізген ірі соғыстардың қатарында үнді ұлыстарын толық бағындыру әрекетін, Иран мен Ауғанстанға қарсы «Үндістанды қорғау» деген бетперде жамылған екіжүзді соғыстарды атап айтуға болады. Ағылшын капиталистері Қытай нарығын жаулап алу жолындағы «аппын соғыстарының» да бастамашысы болды. Қытайды отарлауға ағылшындардан басқа Франция, АҚШ, Германия, Ресей де мүдделі болды. Қытай мен оған көрші жатқан елдерге отаршылдар әртүрлі келісімшарттарды еріксіз танды. Бұл әділетсіз шарттар отаршыл капиталистерді ерекше жеңілдіктер мен артықшылық құқықтарына ие етті.

Отарлық жүйенің отар елдер экономикасына әсері. Еуропалық отаршылдардың әлсіз дамыған Шығыс елдеріне баса-көктеп енуі және олардың тонаушылық саясаты — жана замандағы Шығыс мемлекеттерінің экономикалық, саяси және мәдени жағынан артта қалуының басты себебі болды. Ол Шығыс елдерінің, еуропалық елдермен салыстырғанда, біржақты нашар дамуына әкеліп соқтырды. Отаршылдардың тонаушылық әрекеті Шығыс елдерінің дербес, заңды түрде табиғи дамуын күшпен тежеп, өндіргіш күштерін күйретті, ежелден қалыптасқан мәдениетін құлдыратты.

Ойлан

Шығыс елдері неліктен қоғамдық дамуы жағынан Батыс елдерінен артта қалып қойды деп ойлайсың?

Соның салдарынан Шығыс елдерінде капиталистік қатынастардың қалыптасуы бәсең түрде дамыды. Жапониядан басқа барлық Шығыс елдері метрополияның аграрлық-шикізат көзіне айналды. Бұл елдерде, негізінен, жергілікті шикізатты өндеуден өткізетін өнеркәсіп салалары дамыды. Отаршылдар Шығыс елдерінің артта қалған, нашар дамыған жағдайын өзгерткісі келмеді, олар халықты қанаудың ең ауыр әдістерін қолданып, саяси бытыраңқылықтарын

барынша сақтауға тырысты. Осылайша Еуропа мемлекеттерінің отаршылдық экспансиясы жаңа дәуірде бұл елдердің дамуына барынша кедергі келтіріп, шығыс халықтарының тарихи тағдырына кері әсерін тигізді. Әрине, бұл саясат Батыс державаларының отаршылдық қанау мен тонаудың нәтижесінде экономикалық жағынан өркендеп дамуына қол жеткізді. Шығыс пен Батыстың арасындағы теңсіздік одан әрі тереңдей түсті.

Азия елдерінің ішінен Жапония ғана әртүрлі ішкі және сыртқы себептер арқасында төніп келген отаршылдық құрсауға түспей, өзінің егемендігін сақтап қалды. Бірақ оның өзі ұзаққа бармай, XIX ғасырдың ортасында америкалықтардың Жапонияны күштеп «ашуынан» біршама тәуелділікке түсуге мәжбүр болды.

XIX ғасырдың 30—60-жылдарында Батыс державаларының Шығыс елдерінде жүргізген кең көлемдегі басқыншылық саясаты жергілікті халықтың тұрмыс жағдайының күрт нашарлауына, саяси күйреуіне әкелді. Қалыптасқан ауыр жағдай Шығыс елдерінде отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарды тудырып, тәуелсіздік жолындағы ұзақ күрес кезеңі басталды.

Пікірталас

Неліктен Қытай мен Жапония елдері «жабық есік» саясатын ұстануға мәжбүр болды?

Біліміңді тексер

1. Еуропалық Ост-Унді компаниялары отаршылдық әрекеттерін қалай жүргізді?
2. Шығыс елдеріндегі отарлық өндірістік орындар кімнің пайдасына жұмыс істеді?
3. «Жабық есік» саясатын ұстанған елдер туралы не білесің?
4. Топтық жұмыс. Қазақстан тарихы пәнінен өткен сабақтардағы Қазақстандағы капиталистік қатынастардың неліктен кеш дамығандығын еске түсіріп, Шығыс елдерімен ұқсас жақтарын салыстырындар.
5. Кестені дәптерге сызып толтырындар.

Ұлы державалардың отарлық иеліктері

Отарлық держава	Отарлық иелік	Отаршылдық саясат ерекшеліктері

АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖӘНЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§6. АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ. ЕУРОПА МЕН СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Бұл сабақта:

- Ағартушылық бастауы, ағартушылық кезеңінің қайраткерлері;
- «ағартушылық абсолютизм» саясаты туралы білеміз;
- ағартушылық идеяларының қоғам дамуына ықпалын;
- Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылықтың рөлін анықтаймыз.

Тірек сөздер

- ағартушылық
- ағартушылар
- энциклопедистер
- «ағартушылық абсолютизм»
- қоғамдық прогресс
- құқықтық мемлекет

Ағартушылық идеялардың бастауы. Жаңа заманда адамдар әлемді ақыл-парасат, ғылым және тәжірибе арқылы тануға ұмтылды. Білім-ілім білімсіздік түнегін сейілтеді деп есептеді. Зиялы қауым қоғамдағы өмір сүріп отырған тәртіптерге сын көзбен қарай бастады. Бұл ұғымдар *ағартушылық* деп, ал білімді адамдар арасында үстемдік құрған сол идеялар дәуірі — *Ағартушылық ғасыры* деп аталды. Ол XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың соңына дейін созылды.

Сол кездің алдыңғы қатарлы адамдары өздерінің қабілетін ғылымда, білімде, саясатта, қоғамдық іс-әрекеттерде, өнерде көрсетуге тырысты. Идеялары мен іс-әрекеті замандастары мен ұрпақтарының өміріне үлкен ықпал көрсеткен адамдарды *ағартушылар* деп атады.

Ағартушылық — XVIII ғасырда пайда болған идеялық ағым. Ағарту ісі мен ғылымның дамуында шешуші рөл атқарды.

Жаңа қоғамдық тәртіпке қол жеткізу үшін олар білімді таратуға үлкен мән берді. Ағартушылар саяси бостандық пен азаматтық теңдік үшін күресті. Олар әртүрлі таптар мен сословиялардан: дворяндар, дін қызметшілерінің өкілдері, қызметкерлер, сауда-өндіріс аясынан шыққандар болды.

Ойлан

Ағартушылық ғасырының алдыңғы қатарлы адамына қандай қасиеттер тән деп ойлайсың?



Джон Локк

Ағартушылық идеялары басқа Батыс Еуропа елдеріне карағанда Англияда ертерек пайда болды. Англиядағы ағартушылық кезең 1680—1780 жылдардағы жаратылыстану ғылымдарының дамуы және таралуымен, дін мен шіркеуді орынды сынауымен сипатталды. Егер ағартушылық кезең Францияда революцияның алдында болса, ал Англиядағы ерекшелігі оның буржуазиялық революциядан кейін дамуында еді.

Ағартушылық дәуіріне тән идеялардың бірі Томас Гоббс ұсынған «табиғи адам» идеясы еді. «Табиғи адам» идеясы жана буржуазиялық Англияның алғашқы ірі ойшылы — Джон Локктың философиясының негізінде жатыр. Ол өзінің мемлекеттік теориясының негізіне халықтың саяси егемендігі қағидасын қояды.

Егемендік — 1. Мемлекеттің монархиядан толық тәуелсіздігі. 2. Халықтың саяси құрылысты таңдауға, аумақтық тұтастыққа, экономикалық тәуелсіздікке құқығы.

XVIII ғасырдағы Америкадағы ағартушылық ұлт-азаттық қозғалыстар және елдегі революциямен тығыз байланыстағы қоғамдық ағым еді. Сонымен қатар оған ағылшын және француз ағартушылығы қатты әсер етті.

Жазушы, ғалым және дипломат *Бенджамин Франклин* ағартушылық идеяның бейнесі болды. Ол өз дәуірінің ең әйгілі және құрметті тұлғасына айналды.

Халық билігінің жеңісінде «Тәуелсіздік Декларациясының» авторы — Томас Джефферсонның орны ерекше. Бұл Декларацияда алғаш рет әділетті қоғамдық құрылымның негізі ретінде адам құқығын бекіткен талаптар тұжырымдалған болатын.

Франциядағы ағартушылық. Француз ағартушылары ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы идеяларды алғаш рет үгіттеушілер — қоғамдық тұлғалар мен ғалымдарды, журналистер мен жазушыларды біріктірді.

Франциядағы ағартушылар сословиелік теңсіздікке, ақсүйектер мен дін адамдарының әділет-



Томас Джефферсон



Шарль Луи
Монтескье

сіз артықшылықтарына, әртүрлі діни ағымдарға және жалған ырымдар мен сенімдерге қарсы болды.

Франциядағы ағартушылық қозғалыстың басқа да маңызды ерекшелігі өмірдің қоғамдық және саяси құрылым мәселелеріне деген қызығушылықтары болды. Бұған француз жазушылары мен ғалымдарының еңбектері дәлел бола алады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Монтескье мен Вольтер ең белгілі француз ағартушылары болды.

1748 жылы Монтескье «Зандардың рухы туралы» деген басты еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол өкіметті құрудың неғұрлым кең тараған үш түрін көрсетті: деспотизм, конституциялық монархия, республика. Ол деспотизмге қарсы шықты. Оның саяси идеалы конституциялық монархия болды. Бостандықтың қажетті кепілі ретінде Монтескье үкіметтің үш билігін: орындаушы, заң шығарушы, сот органдары деп бөлді.



Анықта

Хрестоматиядан «Шарль Монтескье билікті бөлу принциптері туралы» мәтінімен танысып, еңбектің негізгі идеясын анықтап көр.

Ағартушылық ғасырының аса көрнекті қайраткерінің бірі — Вольтер. Ол акын, драматург, философ, физик әрі саяси қайраткер болатын. «Философиялық хаттар» деген кітапта ол католиктік дінбасыларын қатал сынға алып, шіркеулік әдет-ғұрыптар қарапайым халықты қараңғылықта, نادандықта ұстау үшін ойлап табылған әдіс дегенді айтты.



Вольтер

XVIII ғасырда француз ағартушылығының аса көрнекті өкілдері Жан Жак Руссо мен Дени Дидро болды. Жан Жак Руссо барлық адам үшін бірдей еркіндік идеясын ұсынды және халық мүддесіне сай келмейтін жағымсыз моральды әшкереледі.

1751—1780 жылдары «Энциклопедия» немесе ғылымның, өнердің және кәсіптің түсіндірме сөздігі» шығып тұрды. Энциклопедияның редакторлары аса ірі француз философы Дени Дидро мен атақты математик Жан Лерон д'Аламбер болды. Энциклопедия сол кездегі ең алдыңғы

сындарлы білімдердің жинағы еді. Энциклопедия қызметкерлерінің ішінде ірі ғалымдар сол кездегі француз ғылымының ойшылдары болатын. Оларды *энциклопедистер* деп атай бастады. Энциклопедистер феодалдық-абсолюттік мемлекет жүйесіне және католиктік шіркеуге қарсы шықты. Олар жана буржуазиялық мемлекет пен буржуазиялық идеологияның негізгі қағидаларын жасады. Энциклопедистер қуғын-сүргінге ұшырап отырды. XV Людовик корольдың бұйрығы бойынша оның алғашқы екі томы өртелді. Одан кейін энциклопедияға тыйым салынды.



Дени Дидро

Энциклопедистер — 1751—1780 жылдардағы Францияда энциклопедия немесе ғылымның түсіндірме сөздігінің шығарушы-авторлары. Олар қоғамдағы консерваторлық идеологиямен күресте үлкен рөл атқарды.

Халықтың төменгі топтарының мүддесін білдіруші, демократиялық идеологияның өкілдері, алғашқы коммунистік идеяны туғызушылар — *Ж.Мелье*, *аббат Морелли*, *Г.Мабли* болды. Олардың ойынша, тек коммунистік қоғамда ғана барлығы бірдей тең және мүлікке ортақ пелік ететін қоғам ең әділетті қоғам болады.

Олар байлыққа қарсы болды, сән-салтанат пен байлық барлық қасіреттің көзі деп санады.

«Ағартушылық абсолютизм» саясаты. Сол кездердегі кеңінен таралған «ағартушылық абсолютизм» теориясы еді. Оның негізін қалаушы ағылшын философы *Томас Гоббс* болды. Бұл теорияға сәйкес адамдардың өмірін жақсарту үшін мемлекетті ақылды, білімді, барлық қажетті кешенді білімі бар ағартушы король басқару керек. Осындай монарх «жалпы игілік» идеясына, елдің экономикалық, мәдени өркендеуіне қол жеткізе алады. «Ағартушылық абсолютизмінің» жақтаушысы *Вольтер* болды. Белгілі ағартушы монархтар — Ресейдің патшайымы *II Екатерина*, Австрия императоры *II Иосиф* және *Пруссия* королі *II Фридрих* саналды.

«Ағартушылық абсолютизм» — XVIII ғасырдың екінші жартысында Еуропаның кейбір абсолютті монархтары жүргізген саясат. Осының нәтижесінде алғашқы зайырлы мемлекеттер қалыптаса бастады.

II Екатерина өзінің барлық қызметін Ресейдегі ағартушылық кезеңмен байланысты екендігін дәлелдеуге тырысты. Ол Дидроны Петербургке шақырып, Энциклопедия басылымын жалғастыруды



Пруссия королі
II Фридрих

ұсын ды. II Екатерина басқарған уақытта көптеген реформалар жасалып, заңдар шығарылды.

Австрияда Мария Терезия және оның баласы II Иосиф басқарған жылдары жүзеге асырылған реформалар «ағартушылық абсолютизм» саясатына тән болды. Олар реформаларды басқарушы ақсүйектердің мүддесінде жүргізіп, буржуазияға азғана жеңілдіктер берді. Мария Терезия басқару және әскер саласында ауқымды реформаларды жүзеге асырды, жалпыға бірдей білім беруді міндетті етті, көпшілікке арналған кітапханалар мен бірнеше обсерваториялар салғызды. II Иосиф

кезінде Австрияда католиктік шіркеудің артықшылықтарын шектейтін бірқатар шаралар ұйымдастырылды.

Ойлан

Неліктен XV Людовик энциклопедияның шығуына тыйым салды, ал Ұлы Екатерина оны жарыққа шығаруды ұсынды?

Ең ағартушы басқарушы Пруссияның королі II Фридрих болды. Ол философ-король деген атқа ие болды. Оның кезінде алғаш рет мерзімді басылымдар еркіндігін негіздеуге мүмкіндік алды. II Фридрих өзін ғылым мен өнердің қолдаушысы ретінде көрсетті. Ол Корольдық операны, Берлин ғылым академиясын құрды, Берлинде тұңғыш көпшілік кітапханасын ашты.

II Фридрихтің дінге еріктілігі барлығынан асып түсті. Таққа отыра салып: «Барлық діндер тең және жақсы, егер оны ұстанушылар адал адамдар болса», — деді. Ағартушылық монархтардың әрекеттері екі жақты сипатта болды. Олар ағартушылар болса да, алайда деспоттар болып қалды.

Ағартушылық идеяларының қоғамдық дамуға ықпалы. Ағартушылық ғасыры Еуропада ортағасырлық қоғамдық қатынастарды толық жою ісін жүзеге асырды. Ағартушылардың бұл тобы діни сенімдерді ғылым тұрғысынан сынады. Францияда көптеген ағартушылар католиктік шіркеуден қол үзіп, оларды сынға алды. Олар жанның өлмейтіндігіне, дүниені құдайдың жаратқанына, табиғаттан тыс күштердің бар екеніне сенбеді, олар құдайға сену табиғаттың барлық құпиялары ашылғанда өзінен-өзі жойылады деп есептеді. Ағартушылық ғасырында шіркеудің қоғам мен мемлекетке

ықпалы әлсіреді және ғылымға деген ынта күшті болды. Ғалым, ойшыл, философ адамдарды халық ерекше құрметтеді. Ағартушылар өздерінің кітаптары, пьесалары мен мақалалары арқылы өз елдеріндегі қоғамдық пікірге елеулі ықпал ете білді. Олар абсолюттік билік тәртібін, шіркеулік қараңғылық пен сол заманғы білім беру жүйесін, адамгершілік азғындауды сынға алды.

Ағартушылық ғасырының ғалымдары жаратылыстану ғылымына ерекше көңіл бөлді. Олардың пайымдауынша, физика, химия, биология, геология және басқа жаратылыстану ғылымдары жер бетіндегі барлық құбылыстарды түсіндіре алуы тиіс болды.

XVIII ғасыр ағартушыларын адамзат тарихының мәселелері, оның даму барысы, өткені мен болашағы толғандырды. Ағартушылық ғасырында Еуропада өркениеттілікпен, білім мен ғылымның дамуымен байланысты «қоғамдық прогресс» идеясы қалыптасты. Адамның ақылына сене отырып, ағартушылар адамзаттың болашағы жарқын деп есептеді.

Ойлан

Қоғамдық прогресс идеясының мәні неде?

Көптеген француз ағартушылары болжаған XVIII ғасырдағы революцияның алдында болашақ қоғамдық қайта құрумен байланысты мәселелерді қарастыру аса маңызды еді.

Олардың пікірі бойынша құқықтық мемлекетте әрбір адам азат өмір сүруге, жекеменшік иесі болуға және жекебас бостандығына құқылы. Бұл құқықтар заңмен қорғалады және кепілдікке ие болады. Құқықтық мемлекетте заң бәрінен жоғары тұрады және ол жалпыға бірдей міндетті.

Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің қалыптасуы барысында дамиды. Азаматтық қоғам құқықтық мемлекетсіз өмір сүре алмайды.

Құқықтық мемлекет — әрбір азаматтың өмір сүру, жекеменшік иелену және жекебасының құқықтарына заңмен кепілдік берілген және қорғалатын мемлекет. Құқықтық мемлекетте барлығы заңға бағынады, заң алдында тең, заңды орындауға барлығы да міндетті. Мұндай мемлекетте өкіметті зорлық-зомбылық және бұрмалаушылықтан тежейтін механизмдер жолға қойылған.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет туралы идеялардың тууы мен дамуы ағартушылық ғасырының көрнекті қайраткерлері Томас Гоббс, Джон Локк пен Шарль Луи Монтескье атымен тығыз байланысты болды. Олардың ойынша, егер үкімет басшылары биліктерін асыра пайдаланатын болса, онда халық

көтеріліске шығуға және ондай билеушілерді орнынан алуға құқықты.

Дж. Локктың саяси теориясы еуропа континентінің қоғамдық ойына үлкен төңкерістік ықпал етті. Бұл теория кейіннен Ж.Ж. Руссоның еңбектерінде көрінісін тапты. Монтескьенің деспотизмге қарсы шыққаны, дінді сынағаны, бостандықты қорғағаны – келесі ұрпаққа ерекше ықпал жасады. Ағартушылық идеялар қоғамдық ойдың дамуына әсер етті.

Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылықтың рөлі. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы капитализмнің даму үдерісі жағдайында терең әлеуметтік өзгерістер орын алды.

Буржуазия ең күшті, ең бай және экономикалық жағынан қуатты тап болды. Қанша қуатты болғанымен оның саяси құқығы болмады. Мемлекеттің саясаты оның мүддесіне сай келмеді. Ол өз мүддесіне сай келетін жаңа қоғам орнатуға ұмтылды.

Ағартушылық теориялары қоғамдық санада түбегейлі төңкеріс жасады. Америка, ағылшын және француз революцияларының ағартушылық идеялары, ең алдымен, адамдардың табиғи теңдігі мен қоғамдық келісім теорияларының негізінде өтті. Мемлекеттік құрылысты құлатуға тікелей шақырмағанымен, ағартушылар халық санасына қоғамды қайта құру үшін оның еркі мен білімінің жетіп жатқандығын сіңірді.

XVIII ғасырдағы ағартушылық кезеңі Еуропа халықтарының өміріндегі ірі құбылыс болды. Ол Еуропа мен Солтүстік Америка қоғамының ортағасырлық өмір салтынан толық ажырап, жаңа заманның ігіліктерін жасауына зор ықпал етті.

Пікірталас

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы ағартушылардың идеяларын қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамнан көруге бола ма?

Біліміңді тексер

1. Ағартушылық ғасырының қайраткерлері н білесің бе?
2. «Зандардың рухы туралы» еңбектің авторы кім?
3. Еуропалық билеушілердің қайсысының ағартушылық ұстанымы өзгеше болды?
4. Құқықтық мемлекеттің негізгі бергілері қандай?
5. Жұп болып талқылаңдар: Буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылық кезеннің қандай идеялары әсер етті?

§7. СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДАҒЫ БРИТАН ОТАРЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН СОҒЫС ЖӘНЕ АҚШ-ТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Солтүстік Америкадағы британдық отарлар. Солтүстік Америкада отарлардың негізінің қалануы буржуазиялық қатынастардың Батыс Еуропада пайда болуымен, «капиталдың бастапқы қорлануы» үдерісімен байланысты. Солтүстік Америкада бірінші ағылшын қоныстары 1607 жылы пайда болды. Британдықтарды мұндағы аздаған үндіс тайпалары қоныстанған құнарлы жерлер қызықтырды. Озбырлықтан қашып Еуропадан қоныс аударып келгендер осы жерден пана тапқандай болды. Америкаға қоныс аударушылардың көп ағыны Англиядан келгендер еді. XVIII ғасырдың ортасында мұнда Англияның он үш солтүстікамерикалық отарлары құрылды.

Отарлар Англиядан тікелей басқарылды. Король көптеген отарлардың губернаторларын өзі тағайындады. Отарлар буржуазиялық тәртіпке негізделіп құрылды.

Отарлар буржуазиялық бастамаларға негізделді, бірақ ағылшын корольдары және жер аристократиясы оларда феодалдық ережелер орнатуға тырысты.

Бұл отарлар Англияға тиесілі болғанымен, оған Еуропаның барлық елдерінен қоныс аударушылар орнығып жатты.

Бұл сабақта:

- Солтүстік Америкадағы британдық отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы;
- трансатлантикалық құл саудасы, тәуелсіздік үшін соғыстың алғышарттары жайында;
- тәуелсіздік үшін соғыс және Америка Құрама Штаттарының құрылуы мен «Тәуелсіздік Декларациясы» туралы білеміз.

Тірек сөздер

- колонистер
- фермерлер
- трансатлантикалық құлдық
- конгресс
- тәуелсіздік декларациясы

Ойлан

Неге Еуропа тұрғындары солтүстікамерикалық отарларға кетуге тырысты?

Отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Бұл отарларда феодалдық қатынастардың болмауы — олардың капиталистік дамуына жағдай жасады. Отарлар өз флоттарына, орман қорына, құнарлы жерлерге ие болды. Сыртқы және ішкі сауда орталықтары болатын портты қалалар дамыды.

XVIII ғасырдың ортасында отарларда капиталистік мануфактура таралды, сосын қол еңбегі біртіндеп машина еңбегіне ауыса бастады.

Солтүстік америкалық отарлардың капиталистік дамуы айтарлықтай алға басты.

Жаңа Англияда басында аксүйектер болмаған, ұсақ және орташа фермерлік шаруашылықтар басым болды. Бұл еркін кәсіпкерліктің, өнеркәсіптің және сауданың дамуына жағдай жасады.

Ағылшын корольдары өз жақындарына отарлардағы ірі жерлерді таратты. Олар өз жерлерінде феодалдық тәртіп орнатуға тырысты. Қарсылық көрсетудің кең таралған формасының бірі — *скваттерлік* қоныстанушылардың батысқа кетуі, «бос» жерлерді өз еркімен иелену болды.

Фермер — ауылшаруашылық өнеркәсібінің иесі.

Скваттерлік (ағылш. *squat* — біреудің жеріне өз бетінше қоныстану) — фермерлердің жыртылмаған жерлерді өз еркімен иеленуі. Скваттерлік XVII—XIX ғасырларда АҚШ-тың солтүстік-батысында таралды.

Плантация — қант қамысын, мақта, шай, кофе егетін ірі жершаруашылығы.

Ауылшаруашылығында капитализмнің фермерлік дамуының маңызды алғышарттарының бірі болған скваттерлік Солтүстік Америка тұрғындарын қорлау және елдің ежелгі тұрғындары — үндістердің өліміне себепші болған еді.

Оңтүстік отарларда жер иелері ауқымды плантациялар құрды.

Америкалық плантация құлдық езгінің көрінісі болды. Кедейлер қоныс аудару кезінде мұхит арқылы көшуге қаражаты болмай, көпестер мен кеме иелерімен жалған келісімдер жасауға мәжбүр болған. Алданған кедейлер Америкаға қайта сатылғандарын өздері білмей қалатын. Бұл адамдар «келісім жасалған қызметкерлер» немесе «ақ құлдар» деп аталды.

Қоныс аударушылар ағыны жаңа жерлерде шаруашылық сұраныстарын қанағаттандырмады. Осы жұмыс күшін толтыру мақсатында Еуропаның назары Африкаға ауды. Біртіндеп «ақ құлдарды» қара нәсілділер құлдығы алмастырды.

Трансатлантикалық құл саудасы — солтүстік және оңтүстік Американың плантацияларына еңбек ету үшін құлдарды Африкадан әкелу үдерісі. БҰҰ құжаттарында: «Трансатлантикалық құл саудасы құлдық тарихында өзінің ұзақ мерзімге созылғандығымен, жолда адамдардың өлімге ұшырап, зор шығындарға ұшырағандығына қарамастан заңды деп танылуы ерекше құбылыс болып табылды. Трансатлантикалық құл саудасы жер аудару (депортация) тарихында ірі оқиға болды.

Құл саудасы Еуропаның бастапқы капиталының қорлануының біріне айналды. Құл саудасынан және құл еңбегінен америкалық

плантацияларға түскен табыс көптеген еуропалық қалалардың гүлденуіне себепші болды.

Ойлан

Трансатлантикалық құлиеленушілік классикалық көне заманғы құлиеленушіліктен несімен ерекшеленді?

Солтүстікамерикалық құрлықтағы капитализмнің дамуы — кара нәсілділердің құлдық саудасы болатын. Кара нәсілділердің құлдығы жұмыс қолының жетіспеушілігінен капиталистік даму қажеттіліктеріне байланысты туындады. Трансатлантикалық плантациялық құлдық көне құлдықтан түбегейлі басқаша болды. Плантация шаруашылығында құлдар болған кезде жұмыс капиталистермен жүргізілді және ондағы өндіріс басынан бастап әлемдік нарыққа арналды.

Солтүстікамерикалық құрлықтағы капитализмнің дамуының маңызды ерекшелігі құлдық және құл саудасы болды.

Құлдар еңбегі, әсіресе оңтүстік отарларда, кеңінен қолданылды.

Пікірталас

Неге трансатлантикалық құлдық солтүстікамерикалық отарларда кеңінен дамыған еді?

Тәуелсіздік үшін соғыстың алғышарттары. Ағылшын буржуазиясы отарларды шикізат көзі ретінде және өндірістік тауарларды өткізу нарығы ретінде қарастырды және отарлардың экономикалық дамуын тежеді. Метрополия саясаты отарлардағы қандай да бір таптың ғана емес, барлық таптардың мүдделеріне қысым жасады.

Метрополия — өзі жаулап алған отарларға иелік ететін мемлекет.

1763 жылы Аллеган жотасындағы бос жерлерді иеленуге тыйым салатын корольдық жарлық шығарылды. Бұл шара ауылшаруашылығымен айналысатын барлық отарлаушылардың наразылығын тудырды.

Аграрлық мәселемен қатар, отарлар мен метрополия арасындағы қарама-қайшылықтардың орын алуының маңызды себебі — сауда-экономикалық мәселелері болды. Ағылшын көпестері отарларды тек Англиямен ғана сауда жасауға мәжбүрлеуге тырысты.

Буржуазиялық дамуға отарлардың саяси өмірін бақылауда ұстап отырған Англияның әкімшілік саясаты да кедергі келтірді. Отар

империяның басқару аппаратын қамтамасыз ету үшін британдық үкімет жана қаржы көзін іздеп, жаңадан салықтар мен кедендік жинақтар енгізді. Осы шығындарды жабу мақсатында *гербтік салық* туралы ереже қабылданды. Ол отарлардағы үлкен қарсылықты тудырды.

Отарлар мен Англия әскерінің арасындағы әскери қақтығыстардың басталуына «Бостондық шай ішу» себеп болды. 1773 жылы отарлар тобы ағылшын шайы тиелген жүкті теңізге лақтырды. Бұл оқиға тарихта «Бостондық шай ішу» деген атпен қалды. Жауап ретінде британдық билік әкімшілік шараларға көшті, Бостон портын жауып тастады. Осы оқиға революцияның бастамасы болды. Бұл Америка тарихының символдық оқиғала рының бірі болып табылады.

Гербтік салық — әртүрлі операциялар жүргізу, құжаттар толтыру келісімдерді тіркеу үшін мемлекет жинайтын салық.

1774 жылы Филадельфияда Бірінші құрлықтық конгресс болды. Қабылданған құқықтар Декларациясында отарлардың өзін-өзі басқару құқығы туралы айтылды. Бұл әлі тәуелсіздіктің жариялануы емес, бірақ ел соның қарсанында тұрды. 1775 жылы сәуірде соғыс басталды. Бұл тәуелсіздік үшін соғыстың бастама сы болды.

Ойлан

Англия үкіметінің қай әрекеті тәуелсіздік үшін күрестің басталуына әкелді?

Тәуелсіздік үшін соғыс және Америка Құрама Штаттарының құрылуы. Тәуелсіздік Декларациясы.

1775—1783 жылдары Солтүстік Американың тәуелсіздігі үшін соғыс Америка құрлығындағы бірінші буржуазиялық революция болды. Революцияның алдында екі маңызды міндет тұрды: ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу, ағылшын отарлық билігі орнатқан көне әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарды жою. Сонымен қатар америкалық капитализмнің дамуы үшін жол ашу.

1775 жылы Филадельфияда Екінші құрлықтық конгресс болды, онда Англияға қарсы көтерілген барлық отарлар өкілдері қатысты. Конгресс Англиямен қарым-қатынасты ұзу және Джордж Вашингтонның басшылығымен өз әскерін құру туралы шешім шығарды.

1776 жылы 4 шілдеде конгресс «Тәуелсіздік Декларациясын» қабылдады. Онда отарлар өздерін тәуелсіз мемлекет деп жариялады және Америка Құрама Штаттарына бірікті. Бұл құжаттың авторы Томас Джефферсон болды. Декларация тек америкалықтардың ғана

емес, сонымен қатар әлемдік тарихтың құжатына айналды. Тарихта бірінші рет мемлекеттік құжат мемлекеттік құрылым негізі ретінде халық егемендігі қағидасын бекітті. Декларация барлық адамдардың теңдігін жариялады, бірақ құшпенеленушілердің талаптары бойынша құлдықты айыптайтын ереже алынып тасталды.

Декларацияның қабылдануы мен тәуелсіздіктің жариялануы Англиямен ұзақ уақыттық соғыстың бастамасы болды. Британдық әскер америкалықтардан әскери дайындығы мен саны жағынан алда болды. 1777 жылы қазанда Саратоги түбінде ағылшын әскері жеңілді. Бұл жеңіс жас республиканың халықаралық жағдайын жақсартты. 1778 жылы Франция, Испания және Голландия Англияға қарсы соғысты бастады. 1871 жылдың күзінде Дж.Вашингтонның әскері ағылшын генералы Корнуоллистің әскерін қоршауға алды. Ол жеңілгенін түсінді. Осымен соғыс аяқталды.



Дж. Вашингтон

Ойлан

Неге тәуелсіздік Декларациясында құлдықты жою туралы ереже алынды?



Вашингтон тәуелсіздік үшін соғыс кезінде

1783 жылы Версаль келісімі бойынша Англия АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындады.

1787 жылы елді республика ретінде жариялаған Конституция қабылданды. Билікті бөлу қағидасы міндетті еді. Жоғарғы заң шығарушы билік енді өкілдер палатасы мен сенаттан тұратын Конгреске тиесілі болды. Аткарушы билік басшысы — президент шектен тыс құқықтарды иеленді, қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Конституция АҚШ Жоғарғы сотын, өмір бойғы ауыстырылмайтын судьяларын бекітті.

Ойлан

Неге Франция, Испания, Голландия Англияға қарсы соғыста АҚШ жағына шықты?

Англияға қарсы солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін болған соғыстың негізгі саяси қорытындысы ретінде болып, олар ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздік үшін соғыс буржуазиялық революциясының ерекше түрі болды. Революция Солтүстік Америкадағы капитализмнің даму жолында көптеген кедергілерді жойды.

Пікірталас

Неге солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін соғысты Америка құрлығындағы бірінші буржуазиялық революция деп санайды?

Біліміңді тексер

1. XVIII ғасырдағы Англияның солтүстікамерикалық отарларының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін атап көр.
2. Солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін соғыстың алғышарттарын айта аласың ба?
3. Тәуелсіздік Декларацияның тарихи маңыздылығы қандай болды?
4. Тәуелсіздік үшін соғыстың нәтижелері қандай болды?
5. Солтүстік Америкадағы капитализмнің дамуы еуропалық елдерден несімен ерекшеленді?
6. 1787 жылғы АҚШ Конституциясында қандай саяси тәртіп бекітілді?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. Мәнін түсіндір.

1. Жаңа заман тарихының басты ерекшелігі неде?

2-тапсырма. Жабық тест.

1. Англияда революциялық жағдай қашан қалыптасты?

а) XVI ғ. 30—50-жж.;

ә) XVII ғ. 20—30-жж.;

б) XVII ғ. 30—40-жж.

2. Англия республика болып жарияланды:

а) 1649 ж.; ә) 1650 ж.; б) 1651 ж.

3. III Вильгельм Оранский қай жылы Англия королі болды?

а) 1689 ж.;

ә) 1650 ж.;

б) 1651 ж.

4. Солтүстік Америкадағы отарларының тәуелсіздігі үшін соғыс кезеңінде Англиямен соғысқа кірген ел:

а) Австрия; ә) Франция; б) Пруссия; в) Ресей; г) Португалия.

5. Солтүстік америкалық отарлардың тәуелсіздік үшін соғысының алғы-шарттары:

а) плантациялық шаруашылықты жою қажеттілігі;

ә) жекеменшік флоттың болмауы;

б) құнарлы жерлердің жеткіліксіздігі;

в) экономикалық бытыранқылықты жеңіп шығу қажеттілігі;

г) құлдықты жою қажеттілігі.

3-тапсырма. Ашық тест.

1. Ұлы Моғолдар мемлекеті құрылды...

2. Ұлы Моғолдар мемлекеті бөлінді...

3. Ұлы Моғолдар мемлекетінде бүкіл жердің пәсі...

4. Ост-Унді компаниясын құрған еуропалық державалар...

5. Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісі неше кезеңнен тұрады?

4-тапсырма. «Бұл кім?»

1. «Теміржондылар» әскерін бастаған ... Ирландияны жаулап алуға аттанды.

2. 1748 жылы ... «Заңдардың рухы туралы» деген басты еңбегін жариялады.

3. Дж.Лильберн, У.Олвин, Р.О.Овертон ... көшбасшылары.

5-тапсырма. Кестені толтыр.

Өнертапқыштың аты-жөні	Ашқан жылы	Өнертабыстың аты

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫ. НАПОЛЕОН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН КҮЙРЕУІ

§8. АБСОЛЮТИЗМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Бұл сабақта:

- француз абсолютизмі және оның ерекшеліктерін;
- XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуын;
- француз абсолютизмінің дағдарысын;
- француз буржуазиялық революциясының бастамасын білеміз.

Тірек сөздер

- абсолюттік монархия
- сословие
- феодалдық салықтар
- цехтық тәртіп
- Бас штаттар
- Бастилия

Ойлан

Француз абсолютизмінің ерекшелігін айта аласың ба?

Сословие — мемлекеттік заңдардың негізінде белгілі бір құқықтары мен міндеттері бар қоғамның әлеуметтік тобы.

Француз абсолютизмі және оның ерекшеліктері. XVII ғасырдың екінші жартысында Франция Еуропадағы ең қуатты және орталықтандырылған мемлекеттердің бірі болды. Францияның мемлекеттік құрылымы — бұл классикалық абсолюттік монархия. Заң шығарушы, атқарушы, сот билігі корольға тиесілі болды. 1589 жылдан бастап Француз тағында *Бурбондар әулеті* отырды.

Француз абсолютизмі XIV Людовик — «күн-король» кезінде ең үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ол толық түрде басқарудың әкімшілік-топтық жүйесін құрды. Король ғана қорытынды шешім қабылдады. Бюрократия күдіретті саналды.

XIV Людовик Еуропаға үстемдік етуден дәмелі еді. Оның билігі кезінде француз халқы 30 жылдан артық уақыт соғыс жағдайында болды. Егер XIV Людовик: «Мемлекет — бұл мен», — десе, XV Людовик: «Менен кейін, тіпті топан су басып кетсін», — деген. Келесі король XVI Людовик те саясатқа қызықпады. Жергілікті парламенттер біртіндеп француз монархиясының қарсыласу орталығына айнала бастады.

Француз қоғамы үш сословиеден тұрды. Көптеген артықшылықтарды иеленген бірінші сословиенге ақсүйектер, екінші сословиенге дін қызметшілері кірді. Ал мемлекеттің қалған азаматтарының барлығы (шаруалар, қолөнершілер, буржуазия, еркін кәсіпшілер, жұмысшылар мен қала кедейлері) үшінші сословиені құрады. Оларды жалпы құқықсыз жағдай мен көптеген салықтар төлеу міндеттері біріктірді. Сонымен қатар үшінші сословиенде буржуазия мен жұмысшылар арасындағы таптық жіктеліс жүрді. Француз буржуазиясы әлеуметтік жағынан біртекті болмады. Олар ірі, орташа және ұсақ буржуазия болып бөлінді. Ұсақ буржуазияның иелігінде бірнеше ғана шеберханалар болды. Бірақ барлық буржуазия, соның ішінде ірі топтары да, саяси құқықсыз болды. Олар дворяндар мен дін иелері сияқты тең құқыққа ие болуды армандады.



XIV Людовик

XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. XVIII ғасырда Франция аграрлық мемлекет болатын. Сауда мен өндірістің даму деңгейі бойынша Франция қалған еуропалық елдерден тек Англияға ғана жол бере отырып, алдыңғы орында болды. Алайда француз экономикасының негізі ауылшаруашылық өнімдеріне тиесілі болып қала берді.

Франция ауылшаруашылығында негізгі рөлді тәуелді шаруалар атқарды. Олар корольдың, шіркеудің және феодалдың пайдасына салықтар төлейтін.

Француз шаруаларының жекебасы еркін болды. Бірақ олар бұл жерлерді тек феодалдық құқықта және ескі «Мырза болмаса, жер жоқ» деген қағидаға сүйенді. Дворяндардың жер иеліктері жеке шаруалар үлесіне бөлінді. Бірақ жекеменшік құқығы оларға бекітілмеді. Жерді қолданғаны үшін шаруа мырзаға алым-салықтарды төлеуге міндетті болды.

Сонымен қатар үйде пеш иелену құқығына, көпір және жеке жолдарды қолдануға шаруалар жанама салықтар төледі. Сеньорға тиесілі ұстаханаларды, дпирменді, наубайханаларды шаруалар ақша төлеп пайдалана алатын. Шаруа шіркеуді қамтамасыз ету үшін шіркеу ондығын төледі.

Шіркеу ондығы — табыстың 10 пайыз мөлшеріндегі шіркеу пайдасына төленетін міндетті салық.

Сеньор мен шіркеуден басқа шаруа мемлекеттің негізгі салық төлеушісі бола отырып, мемлекетті де қамтамасыз етуі керек

болды. Негізгі салық — бұл талья, шаруа меншігінің құнының 1/5-і болатын.

Жалпы, XVIII ғасырдың соңында француз ауылшаруашылығында көне, ортағасырлық, жартылай феодалдық қатынастар билік етті.

Дворяндар да, шіркеу де жекеменшік шаруашылық жүргізбеді. Тек буржуазия ішіндегі аздаған ірі жер иелері және кейбір дворяндар батрактардың жалдамалы еңбегі негізінде және ауылшаруашылығының озық әдістерін қолдана отырып, жеке шаруашылықтарын жүргізуге тырысты.

Кедей шаруалардың шаруашылықтарында жер бұрынғыдай ең карапайым әдістермен өңделді. Осының салдарынан егіншаруашылығында өнім төмен болып, елде ашаршылық жағдайы орын алды.

Францияда көптеген ірі қалалар болды. Париж өнеркәсіп пен байлықтың орталығына айналды.

Мемлекетте дамыған мануфактуралы өндіріс қалыптасты.

Мануфактураның дамуындағы негізгі кедергі цехтық және мемлекеттік тәртіп болатын. Ішкі нарықтың даму жолындағы негізгі кедергі — ішкі кедендік жинақтар болды.

Француз буржуазиясы әлеуметтік тұрғыдан біржақты болмады. Сонымен бірге барлық буржуазия, жалпылай саяси тұрғыдан құқықсыз болды. Сондықтан буржуазияның негізгі саяси талабы — дворяндармен саяси тең құқықта болу еді.

Еске түсір

Француз шаруаларының қандай феодалдық міндеттері мен салықтары болды?

Француз абсолютизмінің дағдарысы. XVIII ғасырдың соңында біріккен ұлттық мемлекет құруда бір кездері елеулі рөл ойнаған абсолюттік монархия капитализмнің дамуын тежейтін және дворяндар мен дін қызметкерлерінің көптеген артықшылықтарын қорғайтын реакциялық күшке айналды.

Шаруалар Францияны арзан азық-түлікпен қамтамасыз еткенімен өздері аштықта өмір сүрді. Шаруалар қозғалысы жиі тұтана бастады.

Ішкі нарықты кеңейту шаруалардың натуралды шаруашылығына келіп тірелді. Ауылдағы феодалдық қатынасты жою керек болды. Бұған шаруалар, сонымен қатар буржуазия да мүдделі болды.

Өнеркәсіп пен сауданың еркін дамуына өндірістің кіші цехтық тәртіптері кедергі келтірді. Буржуазия цехтық құрылымды жоюды мақсат етті. Буржуазияның негізгі экономикалық талабы кәсіпкерліктің толық еркіндігі болатын.

XVIII ғасырдың 80-жылдарында феодалдық абсолюттік билік дағдарысы ушыға түсті. Ғасырдың ортасында экономикалық даму тоқтады. Мемлекеттің шаруашылық жағдайы нашарлады. Өндірістік-сауда дағдарысы орын алды. Монархия қаржылық банкрот табалдырығында тұрды. Шіркеу мен дворяндар салық төлемеді, ал француздардың негізгі бұқарасы XVIII ғасырдың соңында салық төлейтін жағдайда емес еді.

Ойлан

XVIII ғасырда Франциядағы абсолютизм дағдарысының басты себебі неде болды?

Француз буржуазиялық революциясының бастамасы. Абсолютизмнің дағдарысы жағдайында 1614 жылдан бері Францияда Бас штаттар, яғни феодалдық-сословиелік уәкілдіктің жоғары мәжілісі шақырылмаған еді. Дворяндар Бас штаттарды шақыруды талап етті. Бас штатқа сайлау халық бұқарасының белсенділігіне әсер етті.

Бас штаттар — діни адамдар, дворяндар және үшінші сословие депутаттарынан құралған Франциядағы (1302—1789) жоғарғы сословиелік-өкілдік жиналыс.

1789 жылы 5 мамырда Версальда Бас штаттар жиналысы ашылды. Олар бұрынғыдай үш сословие өкілдерінен тұрды. Үшінші сословие депутаттарының негізгі бөлігін ірі француз буржуазиясының өкілдері құрады.

Үшінші сословие депутаттары халық қолдауын сезіне отырып, шабуылға көшті. Олар өздерін *Ұлттық жиналыс* деп жариялады.

1789 жылы 9 шілдеде жиналыс мүшелері өздерін *Ұлттық Құрылтай* жиналыс деп жариялады. Парижде көтеріліс орын алды. 14 шілдеде таңертең Париж көтерілісшілердің қолында болды. Көтерілістің соңғы кимылы Бастилияны басып алумен аяқталды. Бұл француз революциясының және оның бірінші жеңісінің бастамасы еді.

Бастилия — саяси тұтқындар, монархия қарсыластары торыққан Париждегі тас қамал. Халық үлесі үшін Бастилия корольдық зомбылықтың символы болды.

1789 жылғы революцияның басты саяси жетістігі буржуазия мен халықтың одақтастығы арқасында абсолюттік билікті құлату болды. Басты саяси басқарушы мекеме болып Құрылтай жиналысы болып танылды, оған мүше болғандар, негізінен, буржуазия өкілдері



Бастилияны басып алу

еді. Жергілікті билік те буржуазияның қолына көшті. Осылайша Францияда аса маңызды тарихи оқиға — мемлекеттік биліктің буржуазияның қолына өтуі жүзеге асты.



Анықта

Франциядағы үшінші сословие біртекті болмады, алайда оның әртүрлі әлеуметтік топтарын не біріктірді?

Біліміңді тексер

1. XVII—XVIII ғасырлардағы француз королінің негізгі өкілеттіліктері қандай болды?
2. XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттап көр.
3. XVIII ғасырдағы революция қарсаңында француз буржуазиясы қандай рөл атқарды?
4. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясының себептерін атай аласың ба?

§9. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦУЗ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Француз революциясының бірінші кезеңі. XVIII ғасырдағы Француз революциясы өзінің дамуында үш кезеңнен өтті. Бастилияны басып алғаннан кейінгі бірінші кезеңнің Құрылтай жиналысында көпшілігі конституциялық монархияны орнатуды қолдаған ірі буржуазия өкілдері болды.

Конституциялық монархия — бұл монарх мемлекет басшысы болғанымен, оның билігі конституциямен шектелетін басқару формасы. Басқарудың бұл формасын қолдаушыларды конституционалист-монархист деп атайды.

Құрылтай жиналысы 1789 жыл көлемінде бірқатар маңызды актілер қабылдады. Өтеусіз түрде шіркеу ондығы, жеке феодалдық міндеттіліктер алынып тасталды. Алайда, негізгісі, жер міндеттіліктеріне қатыстылары өз күшінде қалды. Олар сеньорлардың жекеменшігі деп жарияланды.

1789 жылы 26 тамызда жиналыста революциялық мәні бар құжат «Адам және азамат құқықтарының декларациясы» қабылданды. Оның негізінде ағартушылық идеялары жатты, халықтың еркіндігі, заң алдында барлығының тең болуы жарияланды. Ұлы француз революциясының ұраны: «Еркіндік, теңдік, ағайындық!» болды.

Революция қарқынды жүрді, бірақ Францияның экономикалық жағдайы жақсармады. Шаруалар көтерілісінің жаңа толқыны шіркеу иеліктерінің тәркіленуі туралы декреттің қабылдануына әкелді. Олар халықтық мүлікке айналды және сатылымға қойылды. Алайда жер өте қымбатқа сатылды, сондықтан оны, көбінесе буржуазия және ауқатты шаруалар сатып алатын болған.

Азаматтық теңдік қағидасын ұстана отырып, 1790—1791 жылдардағы жиналыс сословиелік артықшылықтарды және дво-

Бұл сабақта:

- Француз революциясының кезеңдерін;
- монархияның құлауы және республиканың құрылуы мен оның ерекшеліктерін білеміз;
- якобшілер диктатурасы жайында;
- революция кезеңіндегі Франция мәдениетін;
- якобшілер диктатурасының құлауын, революцияның маңызын анықтаймыз.

Тірек сөздер

- конституциялық монархия
- роялистер
- аграрлық мәселе
- якобшілер
- конвент
- контрреволюциялық лаңкестік

рядарды атақтарды, сонымен қатар дворяндық мұрагерлікті жойды. Тәуелсіздікті қабылдағаннан кейін кәсіпкерлік, мемлекеттік тәртіп және цехтық жүйе жойылды. Құрылтай жиналысы мемлекетті 83 департаментке бөлді.

Үдей түскен қоғамдық-саяси күресте саяси клубтардың маңызы зор болды. 1789 жылы ұйымдастырылған Якобшілер клубы орасан зор маңызға ие болды.

Якобшілер — француз буржуазиясының ең солшыл революциялық қанатына жататын топ. Алғашында бұл саяси клуб мүшелері өздерінің мәжілістерін Әулие Якоб шіркеуінің кітапханасында өткізіп келген. Бұл аттың шығу тарихы осыған байланысты.

Революция кезінде мерзімді басылымдар пайда болды. Солардың ішінде Жан-Поль Марат шығарған «Халық досы» газеті үлкен беделге ие болды.

Ойлан

Революцияның бірінші кезеңінде қандай маңызды өзгерістер жүргізілді?

Монархияның құлауы. Билікте отырған әлсіз монархияшылдар халықтың наразылығын тудырды. 1791 жылы Құрылтай жиналысы Францияда буржуазиялық конституциялық монархияны бекіткен конституцияны қабылдады.

Француз революциясы бүкіл Еуропада феодалдыққа қарсы күштің оянуына түрткі болды. 1792 жылы көшіп кеткен (эмигрант) роялистердің мүліктерін тәркілеу туралы декрет шығарылды.

1792 жылы Францияға қарсы Австрия мен Пруссия әскери одақ құрды. Бұл революциялық әскерге шабуылдаған Еуропалық держава тарапынан Францияға қарсы бірінші коалицияны тудырды. Францияға шынайы әскери қауіп төнді. Франция Австрияға соғыс жариялады.

Мемлекеттің демократиялық қозғалысы король билігі мен монархияның жойылуын талап етті. 1792 жылы 10 тамыздың түнінде көтеріліс басталды. Көтерілісшілер корольдың Тюильри сарайын басып алды. Монархия жойылды. Жиналыс XVI Людовикті тақтан түсірді.

Пікірталас

Неге көршілес мемлекеттер Францияға қарсы революциялық соғыс бастады?

Бұл көтеріліс революцияны жана деңгейге көтерді. Француз революциясының екінші кезені басталды. Ескі билеуші топтардың контрреволюциялық бөлігі революциямен бігіспес күресті бастады. 1792 жылы Пруссия мен Австрия Францияға қарсы әскери одақ құрды. Бұл еуропалық державалар тарапынан Францияға қарсы алғашқы одақтың тууына себепші болды. Францияға нақты әскери қауіп төнді. Бірақ 20 қыркүйекте Вальми деген жерде революциялық әскер жеңіске жетіп, коалиция Франция жерінен қуылды.



XVI Людовик

Республикалық құрылыстың құрылуы мен оның ерекшеліктері. 20 қыркүйекте Ұлттық Конвент өз ісін бастады. Ол корольдық билікті жою туралы декрет қабылдады. Франция республика деп жарияланды. Конвенттің сол қанатындағы депутаттарды «таулар» немесе *монтаньярлар* деп атады. Оларды Максимилиан Робеспьер, Жан-Поль Марат, Жорж Жак Дантон басқарды.

Монтаньярлар – «тау» (montagne) деген француз сөзінен шыққан. Конвент отырысында жоғарғы орындықтарда «тау» сияқты көтеріліп отырғандықтан, яacobшілер клуб өкілдерін осылай атаған.

Конвенттің оң қанатында отыратын депутаттар *жирондықтар* деп аталды (олардың көп бөлігі Жиронда аймағынан шыққан депутаттар



Конвент отырысы

болатын). Конвенттің ортасындағы 500-дей депутат ешқандай топта болмағандықтан, олар Конвенттің «батпағы» деген атауға ие болды.

Конвент сотының шешімімен XVI Людовик айыпты деп танылып, өлім жазасына кесілді.

1792—1793 жылдары қала және ауыл бұқарасы революцияның жалғасуын талап етті. Халықтың экономикалық жағдайы бірден нашарлап кетті. Азық-түлік мәселесі өткір болды. Кедейлер қажеттілік заттарына тұрақты баға орнату қажет деді. Жак Ру, Жан Варле және олардың жақтастары тұрақты баға орнатуды және саудагерлерге қарсы шаралар қолдануды талап етті. Қарсыластары оларды «құтырғандар» деп атады.

«Құтырғандар» — қала кедейлерінің мүддесін қорғаған француз революциясының батылырақ қозғалыстарының бірі.

1793 жылы көктемде революция дағдарыстың жаңа сатысына енді. Шаруалар буржуазияның ауылға қатысты әділетсіз саясатына наразылық білдірді. Мемлекеттің әскери жағдайы нашарлап кетті. Республикаға төнген қауіп халықтың бірігуін талап етті.

Якобшілер мен Париж Коммунасын және «құтырғандарды» Жирондықтарды жою талабы біріктірді. 31 мамырда Ұлттық гвардияның жалпы жаны атап өтілді.

Ойлан

1793 жылы көтерілістің себептері қандай болды?

Революцияның үшінші кезеңі. Якобшілер диктатурасы. 1793 жылы 31 мамырдағы халық көтерілісі жеңіске жетті. Республикадағы саяси билікке якобшілер келді. Якобшілер кезеңі революцияның ең жоғарғы кезеңі болып табылды. Мемлекеттегі қарқынды күрес барысында шешуші шаралармен буржуазиялық-демократиялық революцияның жетістіктерін қорғаған және тереңдеткен революциялық-демократиялық диктатура туды.

Якобшілер аграрлық мәселелерді халық мүддесіне шеше бастады. 1793 жылы төлемді 10 жылға бөліп төлеу арқылы эмигранттардың иеліктерін аздаған үлестермен сату туралы заң қабылданды. Одан кейін заң бүкіл қауымдастық жерлерді шаруалар қауымының меншігі деп жариялады. Ақырында, 1793 жылғы 17 шілде де Декрет барлық феодалдық алым-салықтарды толығымен және ешқандай өтеусіз жойды.

1793 жылы 24 маусымда Конвент Францияның жаңа Конституциясын қабылдады. Республика бірпал аталы жиналыстан тұрды, 21 жасқа толған ер адамдарға сайлау құқығы берілді. Демократиялық құқықтар мен еркіндіктер жария етілді.

Якобшілер диктатурасы халық бұқарасының қысымынан «Жалпыға ортақ максимум» туралы Заң қабылдады.

Сол уақытта республиканың жағдайы дағдарыста еді. Коалиция әскерлері шабуылдады. 1793 жылы Робеспьер басшылығымен Конвент «Сенімсіздер туралы» Заң қабылдады. Революциялық комитеттерге сенімсіз адамдар тізімін жасау және оларды тұтқындауға құқық берілді.

Коммуна — өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізген қалалық қауым.

Лаңкестік — қорқыту, қарсыласты күштеп басып-жаншу саясаты.

Бастапқыда бұл лаңкестік контрреволюциямен күресу үшін енгізілді. Сосын якобшілер арасындағы шиеленістерді шешу тәсілі ретінде қолданыла бастады. 1793 жылдың қыркүйегінде Жак Ру және Жан Варле тұтқындалды, кейін олардың көптеген жақтаушылары қудаланды.

Контрреволюционерлермен және олардың қарсыластарымен күресу мақсатында якобшілер блогы жүргізген лаңкестік — мемлекеттегі жалпы құбылысқа айналды. Якобшілер лаңкестік жақтаушыларының бірі Ж.П.Маратты дворян Шарлотта Корде өлтірді.

Ойлан

Якобшілер лаңкестік саясатының салдары қандай болды?

Революция кезеңіндегі Франция мәдениеті. 1789 жылы француз буржуазиялық революциясы Еуропа тарихының жаңа кезеңін ашты және сонымен бірге өнердің дамуы да жаңа сатыға көтерілді. Францияның өнердегі, сәулет және мүсін өнеріндегі негізгі бағыты *классицизм* болды. Француз революциясымен қайта өзгертілген өнер халыққа жақындатылды. Халық шығармашылығы Париж көшелері мен алаңдарында айтылған патриоттық әскери әндерде көрініс тапты.

Революция барысында жаңа мейрамдар, жаңа салттар пайда болды. Якобшілер Конвенті жаңа республикалық күнтізбе енгізді. Жаңа дәуір осы күнтізбенің, яғни 1792 жылдың 22 қыркүйегінен басталады.

Якобшілер халықтың білім алуына ерекше назар аударды. Франциядағы Декрет жаппай тегін бастауыш білім беруді енгізді. Конвент бірқатар жоғары білім беретін және мәдени маңызды мекемелерді құрды. Бұрынғы корольдық Лувр сарайы ұлттық галерея әлемінде бірінші болды. Бұған Францияда католицизм орнына ақылға табынуды енгізу қосылды. Католиктік шіркеулер жабыла бастады.



Анықта

Революция кезеңіндегі Франция мәдениетінің негізгі өзгерістерін ата.

Якобшілер блогының ыдырауы және якобшілер диктатурасының құлауы. 1793 жылы жазда республикада жағдай күрделеніп кетті. Якобшілер диктатурасы республика қорғанысын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттегі қарулы күштердің түбегейлі қайта құрылуын ұйымдастырды. Қысқа уақыт мерзімінде Францияда бірінші рет бұқаралық ұлттық әскер құрылды.

Якобшілер партиясын басқарып отырған жетекші топ Робеспьердің жақтаушыларынан тұрды. Ж.Ж.Дантонның басқаруымен якобшілердің қалыпты (орташа) ағымы — «кешірімпаздар» революциялық диктатура тәртібін тезірек жоюға тырысты. Қарама-қарсы әлеуметтік-саяси қаптада *Шамет* пен *Эбердің* басшылығымен «өте солшыл» революционерлер шықты. Олар қалалық плебей өкілдерін осылай атады.

Нәтижесінде, якобшілер блогы тарап кетті. 1794 жылы 27 шілдеде (революциялық күнтізбе бойынша 9 термидор) Робеспьер мен жақтастары тұтқынға алынды. Осылайша якобшілер диктатурасы құлады. Конвенттің жаңа құрамын *термидорлық* деп атады.

Якобшілер диктатурасының құлауымен Француз революциясының өрлеуі тоқтады. Жаңа үкімет «Жалпыға ортақ максимум» туралы заңды жойды. 1795 жылы билік бес адамнан тұратын Директорияға көшті. Директория басқарған жылдар (1795—1799) әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық кезеңі болды.

Ойлан

Якобшілер арасында қандай келіспеушіліктер болды?

Революцияның маңызы. Феодализмнен капитализмге ауысу кезеңінде Еуропа мен Америкада болған барлық буржуазиялық революциялар ішінде XVIII ғасырдың сонындағы Франциядағы революция әлеуметтік-саяси қайшылықтардың өткірлігімен, жүзеге асқан түрленулердің жүйелілігімен және тереңдігімен ерекшеленеді.

Революцияның негізгі қорытындысы феодалдық-абсолюттік құрылысты жою, буржуазиялық қоғамды нығайту және Францияда капитализмнің әрі қарай дамуына жағдай жасау болатын. Революция бүкіл феодалдық алым-салықтарды жойды, осы арқылы аграрлық мәселелерді шешті. Француз революциясымен жарияланған демократиялық құқықтар мен еркіндіктер үлкен тарихи мәнге ие болды. Тарихта бірінші рет азаматтар жаппай сайлау, жиынға қатысу құқығына, буржуазиялық-демократиялық республика құру мүмкіндігіне ие болды.

Білімді тексер

1. Француз буржуазиялық революциясының себептері неде болды?
2. XVIII ғасыр соңындағы француз республикасының құрылу ерекшеліктерін атай аласың ба?
3. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революцияның негізгі қорытындыларын атап көр.
4. Топтық жұмыс. Дәптерге кестені сызып толтырыңдар.

1-кезеңі	2-кезеңі	3-кезеңі
14 шілдеден 1789 — 10 тамыз, 1792 ж.	10 тамыз, 1792 ж. — 31 мамыр, 1793 ж.	31 мамыр, 1793 ж. — 27 шілде, 1794 ж.
Билік ірі буржуазия- ның қолында	Билік орта буржуазия- ның қолында	Билік яacobшілердің қолында
Негізгі жетістіктері:	Негізгі жетістіктері:	Негізгі жетістіктері:

§ 10. НАПОЛЕОН БОНАПАРТ ДӘУІРІНДЕГІ ФРАНЦИЯНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚ СОҒЫСТАРЫ

Бұл сабақта:

- Францияның жаулаушылық соғыстарының бастамасы;
- Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты;
- Францияға қарсы одақтар, құрлықтық блокада, Наполеонның Ресейге басып кіруі;
- Наполеон империясының күйреуі мен Вена конгресі туралы білеміз.

Тірек сөздер

- Бірінші империя
- Францияға қарсы коалициясы
- құрлықтық блокада,
- Трафальгар шайқасы
- Бородино шайқасы,
- Вена конгресі

Францияның жаулаушылық соғыстарының бастамасы. Директория басқарған алғашқы жылдары мемлекет шетел интервенттерімен соғыста жеңіске жетті. Азаматтық соғыс ретінде басталған соғыс жаулаушылық соғысқа айналды. Мұның айқын белгілері 1796—1797 жылдардағы әскери жорық барысында білінді. 1795 жылғы жеңістен кейін Пруссия Франциямен Базель келісімін бекітті, ол бойынша Рейннің сол жағалауы Францияның қол астына көшті. Жас генерал Наполеон Бонапарттың қол астындағы француз әскері 1796 жылы Италия аумағына басып кірді. 1797—1799 жылдары француздар басып алған Италия аумақтарында еншілес республикалар құрылды.

Директория Египетке әскери жорық ұйымдастырды, бірақ ол сәтсіз аяқталды. 1798 жылы Еуропа мен Таяу Шығыстағы француздардың баса-көктеп кіруіне байланысты Францияға қарсы жаңа коалиция құрылды.

Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Консервативтік буржуазия өкілдері мемлекеттік төңкеріс жоспарын дайындады. Төңкерісті жүзеге асыруға лайықты адам Наполеон Бонапарт болды. 1799 жылы 18 брюмер төңкерісінде Директория жойылды, ал билік Бонапарттың басқаруымен 3 консулға берілді.

18 брюмер төңкерісі — бұл республикалық күнтізбе бойынша VIII жылдың 18 брюмерінде Францияда болған мемлекеттік төңкеріс (Григориан күнтізбесі бойынша 1799 жылдың 9 қарашасы).

Ойлан

Неге Францияның азаттық соғыстары жаулаушылық соғыстарына айналды?



18 брюмер төңкерісі

Біртіндеп 3 консулдың билігі бір консулдың — Наполеонның диктатурасына айналды.

1804 жылы жарғы бойынша Наполеон «француз императоры» деп жарияланып, салтанатты түрде таққа отырғызылды. Францияда Бірінші империя құрылды.

Наполеонның әкімшілік және құқықтық жана өзгерістері қазіргі мемлекеттің негізін салды, олардың көпшілігі бүгінгі күнде қолданыста «Наполеон кодекстері» деп аталатын Азаматтық, Коммерциялық және Қылмыстық кодекстер қабылданды. Олар феодалдық-абсолюттік мемлекеттердің заңнамаларымен салыстырғанда озық болды.

Кодекстер Францияның экономикалық дамуына ықпал етті. Ауылшаруашылығы табысты түрде дамыды. Француз банкі құрылды. I Наполеон кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсетті. Өндірістік төңкеріс басталды. Мемлекет әскери жабдықтарға үлкен тапсырыс бере отырып, экономиканың дамуына ықпал етті.

Наполеонның сыртқы саясаты буржуазияның мүдделеріне сәйкес келді. Оның басты мақсаты Францияның экономикалық және саяси



Наполеон

үстемдігін орнатуды камтамасыз ету болды. Онжылдық соғыста Франция өз аумағын кеңейтті және Батыс Еуропадағы ірі мемлекетке айналды.

Ойлан

Неге Наполеон Бонапарттың саясаты Францияның экономикалық дамуына мүмкіндік берді?

Францияға қарсы одақтар. Францияның Наполеон басқарған (1799—1815) жылдары жүргізілген бірнеше еуропалық коалицияға қарсы соғыстарын *наполеондық соғыстар* деп атады. Францияға қарсы жеті одақ құрылды. Маңызды рөлдерді Англия, Ресей, Австрия, Пруссия ойнады. Бұл елдер Еуропа жерлерін наполеондық үстемдіктен босатқысы келмеді, сонымен бірге өздері жана аумақтар мен мекендерді жаулап алғысы келді. Бірінші одақ 1792 жылы құрылды және революциялық Францияға қарсы күресті. Келесі одақтар 1815 жылға дейін құрылды.

Жаулаушылық соғыс бола отырып, наполеондық әскерлер Еуропада революциялық идеялардың таралуына, феодалдық тәртіптердің жойылуына және капиталистік қатынастардың дамуына мүмкіндік берді. Олар құрлықта өзінің әскери-саяси және сауда-өндірістік үстемдігін бекітуге тырысқан француз буржуазиясының мүддесіне сай жүргізілді.

Ойлан

Франциядағы әскери жеңістердің себебі неде болды?

Францияның әскери жетістіктері, оның жетілген әскери жүйеге не болғандығымен түсіндіріледі. Әскер жасақтаудың жана жағдайлары, сарбаздарда жоғары әскери дайындықты ұстану және тәртіп — мұның барлығы Францияның жеңіске жетуіне әкелді. Атақты наполеондық маршалдардың да әскери таланты үлкен рөл атқарды. Наполеон Бонапарттың өзі атақты қолбасшы болған.

Алайда наполеондық Францияның қарқынды дамуы мен француз әскерінің жеңістері I Наполеонмен оның маршалдарының жеке қасиеттерімен ғана түсіндіріліп қоймады. Феодалдық-абсолюттік Еуропамен қалтығыста наполеондық Францияда тарихи үдемелі, буржуазиялық қоғамдық құрылыс орнады. Алайда уақыт өте келе наполеондық соғыстар озық тәжірибелік мәнін жоғалтып, жаулаушылық соғысқа айналды.

10 жыл бойы Италия Наполеон империясына бағынышты болды. Францияның Италия аумағына әсері салдарынан маңызды өзгерістер енгізілді. Капитализмнің жылдам дамуы жүзеге асты.

Наполеондық соғыстар неміс халқының тағдырына қатты әсер етті. Германияның айтарлықтай бөлігі франц уз билігінде болды. Германияның картасы үнемі өзгеріп отырды. Наполеондық билеп-төстеушілік, тонау, зорлықпен қатар жүрді. Көптеген феодалдық артықшылықтар жойылды.

1805 жылы күзде соғыс қайта басталды. 1805 жылы қазанда Трафальгар мүйісінің жанында ағылшын адмиралы Нельсон басқарған ағылшын флоты француз-испан флотын талқандады. Бұл XIX ғасырдағы ең ірі теңіздегі — Трафальгар шайқасы болды.

Осы шайқастан кейін вице-адмирал Нельсонның есімі ағылшын әскери-теңіз күшінің белгісіне айналды.

Алайда сол жылдың желтоқсанында Аустерлиц түбіндегі шайқаста француздар Австрия мен Ресей империяларының біріккен әскерін асқан шеберлікпен жеңіп шықты. Австрия бейбіт бітімге келуге мәжбүр болды.

1806 жылы Наполеон өзінің қорғаушыларымен Рейн одағын құрды. Оның құрылуына қарсы шыққан Пруссия Францияға қарсы соғыс ашты, бірақ жеңіліске ұшырады. Пруссияның жеңілісі осы мемлекеттің артта қалғандығының дәлелі болды.

Бірнеше шайқастарда француздардың жеңісінен кейін орыс императоры І Александр мен Наполеон бейбітшілік пен одақтастық туралы Тильзит шартын жасады. Ресей Наполеонның басып алған жерлерін толық мойындады.



Адмирал Нельсон

Ойлан

Француз үстемдігі Италия мен Германияға қалай әсер етті?

Құрлықтық блокада. Еуропалық мемлекеттерге қарсы соғыстағы бірқатар жеңістерінен кейін, Наполеонның мықты қарсыласы болып Англия ғана қалды. Ол Англия экономикасын әлсірету және оның алдында еуропалық нарықты жабу туралы шешім қабылдады. Францияға тәуелді барлық құрлықтық мемлекеттерде Англиямен сауда жасауға тыйым салынды. Алайда Англия Францияға және



Сарагосаға шабуыл

оның жақтастарына теңіз қарақшылығымен жауап берді және барлық блокадаларға қарамастан ағылшын тауарларын Еуропаға және тіпті Францияға әкеліп тұрды.

Кұрлықтық блокада Еуропа елдерін теңіздің арғы жағындағы нарықтардан айыра отырып, Англияға ауыр соққы жасады.

1808 жылы Наполеон испан халқының короліне қарсы көтерілісін пайдаланып, өзінің ағасы Жозеф Бонапартты Испания королі деп жариялады. Испан халқы наразылық ретінде ұлт-азаттық көтеріліс бастады. Наполеон Испанияға көтерілісті басу үшін үлкен әскери күш жіберді. Бүкіл Еуропаны бағындырған Наполеон испандық әскер тарапынан жойқын қарсылыққа кез болды. Сарагоса қаласының қорғаушылары өз қалалары үшін қасық қаны қалғанша күресті.

Испандықтардың өз тәуелсіздігі үшін ерлік күресі 1813 жылы күзде аяқталды. Испания жеңілді, ал француз әскерлері тағы бір жеңіске қол жеткізді.

Наполеонның Ресейге басып кіруі. Наполеон Бонапарт 1812 жылы 24 маусымда Ресей жеріне жорыққа шықты. Бұл Ресей халқының басқыншылыққа қарсы бұрын болмаған тойтарысы болды. Ресей халқы үшін бұл Отан соғысына айналды.

1812 жылы Мәскеу маңайындағы Бородино деревнясының тұсында ірі шайқастардың бірі болды. Осы кантөгіс шайқаста француз әскерлері көп шығынға ұшырады. Орыс әскерлері кері шегінгенмен, жеңісті бермеді. Ресей халқының Наполеонға қарсы ерлік шайқасына атақты М.В. Лермонтовтың «Бородино» өлеңі арналған.

Француз әскері Мәскеуге енді. Алайда олар қоршалған қамалда қалғандай болды. Маңайында халық соғысының жалыны өршеленіп тұрды. Сондықтан Француз әскері Мәскеуден кері шегінді. Ресейдегі Француз әскерінің жеңілісі барлық наполеондық империяның құлдырауының бастамасы болды.

Ойлан

Наполеонның Ресейге қарсы соғыста жеңіліс табуының себептері қандай болды?

Наполеон империясының күйреуі мен Вена конгресі. Наполеон Парижге оралып, жаңа әскер жинай бастады. Наполеонға қарсы бүкіл Еуропа көтерілді. 1813 жылы қазанда Лейпциг түбінде шайқас болды, оған жарты миллионнан астам Франция мен одақтастардың әскерлері қатысты. Бұл шайқас «Халықтар соғысы» деген атаумен тарихқа енді. Француз әскері жеңілді. 1814 жылдың басында одақтастар әскері Францияға, одан Парижге енді. Наполеон тақтан бас тартты, 1814 жылы мамырда ол Эльба аралына жер аударылды. Наполеонның ұзаққа созылған соғыстары Франциядағы Бірінші империяның талқандалуымен аяқталды.

Пікірталас

Неге Лейпциг түбіндегі шайқасты «Халықтар соғысы» деп атады?

Наполеондық шайқастар аяқталған соң жеңімпаздар орасан зор наполеондық империяны бөліске салды. Сол үшін Венада бүкіл жалпыеуропалық конгресс шақырылды. Конгресс жұмысында жетекші рөлдерді Англия, Ресей, Австрия мен Пруссия атқарды.

Францияда Бурбондар билігі қайта қалпына келді, конституциялық монархияны орнатқан конституция (1814 жылғы Хартия) күшіне енді. Жазаланған XVI Людовиктің інісі XVIII Людовик деген атпен король болды.

1815 жыл ы көктемде Наполеон Эльба аралынан қашып, Парижге оралып, билікке қайта келді. XVIII Людовик және оның жақтастары қашып кетті. Осы Бонапарттың қантөгіссіз таққа оралуы «Жүз күн» деп аталды. 1815 жылы 18 маусымда Ватерлоо түбінде Францияға қарсы жетінші одақ әскерлері мен Наполеон әскері арасында соңғы шайқаста Наполеон жеңіліп, Әулие Елена аралына жер аударылды және сонда 1821 жылы қайтыс болды.

Наполеонның түпкілікті талқандалуынан кейін Вена конгресі өз жұмысын аяқтады. 1815 жылы 9 маусымда аумақтық мәселелерді



Анықта

1796—1811 жылдары Францияның қандай елдерді жаулап алғанын картадан көрсет.

шешуді аяқтаған және Еуропаның жаңа шегараларын белгілеген корытынды акт қабылданды. Франция барлық жаулап алған жерлерінен айырылды, бірақ 1790 жылғы қантардағы өз аумақтарын сақтап қалды.

Вена конгресінің шешімі бойынша Францияның негізгі қарсыластарына мына аумақтар көшті:

Англияға:	Ресейге:	Австрияға:	Пруссияға:
Кап провинциясы, Цейлон, Мальта, Ион, Сейшель, Тобаго аралдары	Варшавалық герцогтігі, Финляндия және Бессарабия аумағы	Галиция, Тироль, Триест, Далмация, Иллирия	Познань, Гданьск, Саксонияның солтүстік бөлігі, Померания, Рейн-Вестфальдық аумақтары

Германия мен Италияның аумақтық бытыранқылығы сақталды. Дания билігінде болған Норвегия Швецияға берілді. Бельгия Голландияға қосылды. Швейцария тәуелсіздігін қайтарып алды және «мәңгі бейтарап мемлекет» деп жарияланды. Ресей, Австрия, Пруссия келісімшарттарының негізінде поляк жерлерін бөлу жүзеге асырылды. Тек Краков қаласы ғана «еркін қала» деп жарияланды. Нәтижесінде Еуропа мен отар елдерде жаңа аумақтық бөліну жүзеге асты және саяси күштердің қайта топтастырылуы болды. Теңіздер мен отарлардағы ағылшын үстемдігі біржолата бекітіліп, Францияның Еуропаға қарым-қатынасы бұрынғыдай болмады.

Біліміңді тексер

1. Францияға қарсы күрестің негізгі сатыларын атап көр.
2. Наполеон басқарған кезеңде Францияда қандай өзгерістер болды?
3. Наполеондық әскердің мықтылығы неде болды?
4. Вена конгресінің негізгі шешімдері қандай болды?
5. Неге құрлықтық блокада жемісті болмады?

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ИМПЕРИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ

§ 11. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ

Бұл сабақта:

- XVII ғасырда Ресейдің артта қалу себептері, I Петрдің өзгерістері;
- «Ұлы Елшілік», Солтүстік соғыс, «ақсүйектердің алтын дәуірі», II Екаторинаның реформалары туралы білеміз.

Тірек сөздер

- жаңғырту
- «Ұлы елшілік»
- император
- империя

XVII ғасырдағы Ресей. Ресейде феодалдық қатынастар сақталып, крепостнойлық құқық толығымен қалыптасты. Елде капиталистік қатынастар пайда бола бастады. Тауар-ақша айналымы дамыды.

Шағын тауар өндірісі өсті, өндіріс орындары пайда болды, түрлі тауарлар өндірісі бойынша қалалардың мамандануы күшейіп, жалпыресей нарығы қалыптасты. Өнеркәсіппен қатар, мәдениет саласын да жетілдіру керек болды.

Ресейге теңізге шығу жолдарын қарастырып, Батыс Еуропа елдерімен сауда-саттық және мәдени байланыстардың ыңғайлы жолдарын орнату қажет еді. Ресейде Батыстың дамыған елдерінің әскери күштерінен қорғану үшін тұрақты әскер мен флотты құру қажеттілігі туындады.

Дворяндық Ресей өзінің ескірген және жаңа қажеттіліктерге сай келмейтін мемлекеттік әкімшілігіне өзгеріс енгізуге тиіс болды. Осы тарихи міндеттерді шешу I Петр патшалығының кезеңінде басталды.

Ойлан

XVII ғасырда Ресейдің алдында қандай тарихи мақсаттар болды?

Өзгерістердің басталуы. XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Ресейде I Петр басшылығымен ресейлік қоғамның толық жаңғыруы байқалды.

Ресей бұрыннан теңіз жағалауларына мұқтаж еді. Батыс Еуропаның барлық ірі мемлекеттері ыңғайлы айлақтарға ие болып, тауарларды экспорттаумен айналысып, күшті теңіз флотын иеленді.

Ресей тек Ақ теңізге шыға алатын. Оның өзін 6-7 ай бойы бетін қалың мұз басып жататындықтан, кемелер теңізде жүзе алмады. Ресейге Балтық теңізі мен Қара теңіздің жағалауларын басып алу қажет болды. Алайда сол кезде Балтық теңізінің жағалаулары Швецияның, ал Қара теңіз жағалаулары Түркияның иелігінде болатын.

1697 жылы Түркиямен соғыс басталысымен-ақ, Ресей өзіне одақтас және қару-жарак керектігін түсінді. Осы мақсатта І Петр бастаған топ Еуропаға жол тартты. Бұл сапар — *Ұлы елшілік* деп аталды. Сөйтіп, І Петр Еуропаға барған алғашқы орыс патшасы болып тарихта қалды.

«Ұлы елшілік» — (1697—1698) ресейлік дворяндардың дипломатиялық мақсаттағы маңызды сапары.

І Петрдің сыртқы саясаттағы басты тарихи мәселесі — бұл Балтық теңізіне шығу болды. Осы мәселе шешілмей, елдің техникалық-экономикалық ілгерлеуі болмайтынын, сонымен қатар батыс-еуропалық мемлекеттер тарапынан экономикалық қоршауды жою мүмкін еместігін түсінді.

Келіссөздер барысында Балтық теңізіне шығу үшін Швецияға қарсы жүргізілген соғыста Ресейді Дания, Польша және Саксония қолдайтыны анықталды. Солтүстікеуропалық мемлекеттер одағын құру туралы келіссөздерді Петр аяқтап үлгермеді, өйткені оған Ресейде шегарада қызмет етуге қарсы өз наразылықтарын білдірген атқыштар көтерілісінің басталғаны жайлы хабар жетті.

Петр қайта оралғанша, көтеріліс басылды. Еуропаға қайтып оралған І Петр Швециямен күресте *Солтүстік одағын* құрды.

Алғашқы өзгерістерді енгізу бірден басталды. І Петр атқыштар әскерін таратып жіберді, еуропалық форма киетін жалдамалы әскер құрды және басшысы ретінде шетелдік-офицерлерді тағайындады.

Солтүстік соғыс. І Петр Швецияға қарсы Польша және Даниямен одақ құрды. 1700 жылдың күзінде Швециямен басталған соғыс 21 жылға созылды. Бұл соғыс *Солтүстік соғыс* деп аталды.

1700 жылдың қарашасында орыс әскерлері шведтермен Нарва қамалының жанында кездесті. Орыс әскерлерінің дайындығы нашар болатын. Жақсы қаруланған шведтер жеңіске жетті.

Нарва түбіндегі жеңістен кейін Ресей әскері қайта жасақталды. Жаңа өнеркәсіп орындары мен кеме жасау орталықтары құрылды. Соғыс қажетіне металл жетіспегендіктен І Петр шіркеу қонырауларынан зеңбіректер құюға бұйырды. Әскерді қаруландыру қажет



I Петр

болды, сондықтан қару жасайтын зауыттар салынды. I Петр тұсында зығыр мата өндірісіне де көңіл бөлінді. Кеме жасау былғары және шыны өндірістері дамыды.

I Петр әскери міндеткерлікті енгізді. Бұл шаралар тез арада жана әскер жабдықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыстар оң нәтиже көрсетті.

1702 жылдың күзінде орыс әскерлері Ладога көлінен бастау алатын Невадағы бекіністі алды. 1709 жылдың маусымында орыс әскерлері Полтавада жеңіске қол жеткізді. Мұнда орыс және шведтік әскерлердің басты күштері

кездесті. Алдыңғы қатардағы артиллериясы бар орыс әскері мықты жабдықталған болатын. Орыстардың Полтава түбегіндегі жеңісі үлкен маңызға ие болды. Швеция соққыға ұшырады. Ресейдің халықаралық беделі көтерілді.

Нәтижесінде Ресей Финляндия шығанағының жағалауларын иемденді. Неваның оң жағалауында I Петр сызбаларына сүйеніп Петропавл қорғаны салынды. Осы жерде I Петр мемлекеттің жана астанасын құруға шешім қабылдады.

1703 жылы жана қала Петр қаласы салынды. I Петрдің құрметіне *Питербурх* деп аталды. Кейінірек ол Санкт-Петербург болды. Ресей теңіз астанасына айналып, ең маңызды сауда порты пайда болды.

I Петр Еуропаға жол ашты. Полтава шайқасынан кейін орыс әскерлері Балтық жағалауында әскери әрекеттерін жалғастырды. 1710 жылы Латвия мен Эстония Ресей құрамына кірді.

Пікірталас

Орыс әскерінің Полтава шайқасындағы жеңісінің себебі неде?

Ресейдің империя ретінде жариялануы. Солтүстік соғыс 1721 жылы аяқталды. Бітімгершілік финляндиялық Ништадт қаласында жасалды. Ништадт бейбіт келісімі бойынша Ресей Латвия мен Эстонияның жерлерін алды, Петербург жанындағы Фин шығана-

ғынын жағалауы және Карелияның бір бөлігі Ресей құрамына қосылды. Ресей Балтық теңізінің жағалауындағы ыңғайлы порттар Рига мен Ревельді (қазіргі Таллин) иемденді. Ресейдің Балтық жағалауын иемдену мақсаты орындалды.

Ресей теңіздік державаға айналды. 1721 жылы сәуір айында I Петр император лауазымын қабылдады. Ресей империя болып жарияланды.

Осылайша I Петр ауқымды реформалар жүргізді. Ресейде тарихта алғаш рет тұрақты әскер, ең бастысы — мықты әскери флот пайда болды. Ресей теңіздерге шығуға мүмкіндік алды, стратегиялық маңызды аумақтарды жаулап алу арқылы өз шегараларын кеңейтті.

II Екатерина. I Петр қайтыс болған соң, сарай төңкерістері басталды. Нәтижесінде абсолюттік монархия нығайып, дворяндардың жағдайы жақсарды. 1741 жылы таққа Елизавета Петровна отырды.

Елизаветаның мұрагері III Петр Федорович болды. Ол орыс дворяндарына ұнамайтын саясат жүргізді.

1762 жылы таққа III Петрдің әйелі II Екатерина отырды. II Екатеринаның 35 жыл билік етуі тарихқа «ақсүйектердің алтын ғасыры» болып енді.

Ол шаруаларды соңғы құқығынан айырды — жер иесіне шағымдануға тыйым салды және отбасы мүшелерін ыдыратып, оларды жекелеп саудаға салды.

Осылайша XVIII ғасырдың соңы дворяндар үшін алтын кезең болса, шаруалар үшін бұл құлдықтың ең қатал кезеңі болды. Өзінің билік етуі кезінде II Екатерина революцияларды барлық жолдармен басты, философ Вольтердің идеяларын қолдады, Руссо мен Монтескьенің кітаптарын оқыды, бірақ ағартушылықты өздігінше қабылдады.

Ойлан

Неліктен II Екатерина патшалығы тарихта «ақсүйектердің алтынғасыры» деп аталды?

II Екатеринаның өзгерістері. II Екатерина темекіге салынатын мемлекеттік монополияны алып тастады, білім ошақтарын құрды. Сонымен қатар мануфактура құрылысы кеңейіп, тоқыма өнеркәсіптері дамыды. Мануфактураларда жалдамалы жұмысшылар пайда болды. Шеттен әкелінген қаржыға жаңа жерлер игерілді.



II Екатерина

Нәтижесінде II Екатеринаның басқару саясаты Ресей тарихында *ағартушылық абсолютизм кезеңі* деген атпен қалды.

Ағартушылық абсолютизм саясатының мақсаты самодержавиені нығайту, орыс дворяндарының құқық пен бостандықтарын кеңейте отырып, ағартушылық топқа айналдыру. Сонымен қатар елдің экономикалық дамуына жағдай жасау, кәсіпкерлікке ықпал ететін заңдарды қабылдау; білім тарату, елдегі мәдениет пен білімнің еуропалық формаларын дамыту; Ресейдің шетелдегі беделін арттыру, оның халықаралық ұстанымын нығайтты.

Ойлан

II Екатерина патшалығының ерекшелігі қандай?

II Екатерина қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы I Павел император болды. 1801 жылы I Павел өлтіріліп, оның ұлы I Александр таққа отырды. Осылайша Ресейде XVIII ғасыр аяқталды.

Білімді тексер

1. XVIII ғасырда Ресейдің алдында қандай міндеттер тұрды?
2. «Ұлы елшіліктің» негізгі мақсаттары қандай болды?
3. I Петрдің әскери реформасының мазмұны қандай болды?
4. «I Петр Еуропаға жол ашты» деген сөйлемнің мәнін түсіндіріп көр.
5. II Екатеринаның билігі неліктен «ағартушылық абсолютизм кезеңі» деп аталды?

§ 12. ИРАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ИРАНДАҒЫ АҒЫЛШЫН-ОРЫС БӘСЕКЕЛЕСТІГІ

Иран 1935 жылға дейін Парсы мемлекеті деп аталды. Парсы мемлекетінің атауы қазіргі Оңтүстік Ирандағы Парсы шығанағының жағалауындағы тарихи Фарс аймағының атауына байланысты шыққан. Бұл жерлерде ертеде Ахеменидтер империясын құрған тайпалар мекендеген. Парсы мемлекеті орта ғасырларда аса қуатты алпауыт ел болған.

Мемлекет басында шах отырды. Шах қазынасына халықтан егіншілік пен малшаруашылығынан алынатын салықтар түсіп отырды. Салықтарды жинау біршама қиындықтар туғызатын, себебі халықтың көшпелі малшаруашылығымен айналысатын бөлігінен дер кезінде салық жинау мүмкін бола бермейтін. Отырықшы халық егіншілікпен, қолөнермен айналысты. Парсы елінде сол заманда жақсы суару жүйелері — ирригация болған. Қолөнер кәсіпшіліктеріне біріккен қолөнершілердің аса сапалы бұйымдары әлемге танымал болды. Сондай-ақ Парсы елінде сауда да жақсы өркендеп дамыды. Иранның негізгі кәсібі малшаруашылығы, егіншілік пен қолөнер болды.

Бұл сабақта:

- Парсы немесе Иран мемлекеті және оның бұрынғы атауы туралы мәлімет аламыз;
- Иранның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысамыз;
- Ирандағы Англия мен Ресейдің отаршылдық бәсекелестігінің себептерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- Парсы мемлекеті
- Иран
- шетел капиталының енуі
- отаршылдық
- ағылшын-орыс бәсекелестігі
- жартылай отар ел

Ойлан

Неліктен қазіргі Иран мемлекетін Парсы мемлекеті деп атаған?

XVIII ғасыр соңынан бастап Иранның астанасы *Тегеран* қаласы болды. Иран жері әкімшілік жағынан вилаеттер (облыс) мен эялеттерге (провинция) бөлінді. Вилаеттерді шах тағайындаған хакімдер басқарды. Ал эялеттер көлемі жағынан өте үлкен аймақтар болғандықтан, олардың қолындағы билік пен құқық та үлкен еді. Сондықтан эялеттердің басында шахтың мұрагерлері — шахзадалар отырды. Вилаеттер мен эялет билеушілерінің дербес биліктері шексіз еді. Олардың өз жасақтары, өз ақшалары болды. Олар салықты

өздері жинап, қылмыскерлерге өздері жаза қолданып, өздері соттады. Кейбір феодалдар мен хакімдер түрлі жағдайларда шахқа бағынбай, тіпті шахтың билігіне де көз алартты. Әсіресе Хорасан, Керман сияқты облыстардың билеушілерін өзіне бағыныштылықта ұстау үшін Каджар әулетінің шахтары үнемі қатаң бақылау жасап, күш қолданып отырған.

Иранның қоғамдық-саяси өмірінде мұсылман дінінің рөлі күшті болды. Мұсылман дінбасылары Құран мен шарифатты елдегі қоғамдық тәртіпті сақтауда негізгі құрал ретінде пайдаланды. Жоғарғы дінбасыларының ірі уақыттық жер иеліктері болды. Сондай-ақ дін иелерінің қолында білім беру мекемелері (мектеп, медресе) және сот ісі (шарифат соты) болды. Ұсақ дінбасыларының жағдайы басқаша еді. Олардың қолында ірі жер иеліктері, сот билігі т.б. болған жоқ. Сондықтан оларға діни қызметпен қатар қосымша кәсіппен де айналысуға тура келді. Олардың көбі қолөнермен, саудамен, егіншілікпен айналысты. XVIII ғасырдың соңында Иран қоғамдық дамуы нашар, артта қалған феодалдық ел болды. Бірақ ол әлі де еуропалық отаршылдардың езгісіне түспеген дербес, тәуелсіз ел еді. XVIII ғасырдың соңына қарай Англия мен Франция Иранға бағытталған отаршыл саясатын жүргізуге кірісті. Иран Орта және Таяу Шығыс елдерін отарлау үшін қолайлы аумақтық плацдарм болды.



Отаршылдар Иранның отарлауда қандай мақсатты көздеді деп ойлайсың?

XVIII ғасырдың соңына қарай Иранда Шығыс елдерін отарлаушы үш державаның — Ресейдің, Англияның және Францияның мүдделері түйісті. Еуропалық державалардың отаршылдық саясатына шырмалған Иран кінн халықаралық жағдайға душар болды.

Иранды француз ықпалына түсірмеу, оны өз билігіне қарату үшін Англия өз өкілі Малькольмді шахқа жібереді. Ол Иран шахымен келісімге келіп, саяси және сауда шарттарына қол қойды. Келісімшарт негізінде шах француздарды Иранға жібермеуге, егер француздар Үндістанға шабуыл жасайтын болса, шах әскерін Ауғанстанға аттандыруға уәде берді. Сауда келісімі негізінде ағылшындар Иранда көптеген сауда жеңілдіктеріне ие болды. Ағылшындар есесіне шахқа қалаған жағдайда қару-жарақпен көмектесуге уәде берді.

Бұл ағылшын-иран келісімшарты, сонымен бірге Ресейге қарсы бағытталды. Иран шахы Ресейді Закавказье мен Кавказ халықтарын

бағындырудағы басты кедергі санады. Сондықтан шах өзіне одақтас іздеген еді. 1801 жылы Грузияның Ресейге қосылуы, Армения мен Әзірбайжанның Ресейге бет бұру саясатының күшеюі шахты қатты алаңдатты. Ақыры, бұл бәсекелестіктен 1804 жылы *орыс-иран* соғысы тұтанды. Ағылшындар мен француздар Иранды әрқайсысы өз ықпалына алғысы келіп түрлі китүрқы саясат жүргізді. Оны Ресейге қарсы соғысқа айдап салғанымен, соғыста шах ешкімнен нақты көмек пен қолдау көре алған жоқ. Сондықтан өзінен әлдеқайда жақсы дамыған, қуатты Ресейден Иран жеңіліп қалды. 1813 жылы 13 қазанда орыс-иран Гүлстан келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша Иран Дағыстан, Грузия және Солтүстік Әзірбайжан жерлерінен айырылды. Бұл елдер Ресей қол астына өтті. Ресей Каспий теңізінде әскери флот ұстауға кепілдік алды. Орыстар Иранда еркін сауда жасауға қол жеткізді. Иранда Ресейдің ықпалы өсті.



Анықта

Отаршылдар арасындағы бақталастық күрестердің себептерін айқында.

Бірақ Гүлстан келісімшартына, Ресейдің Ирандағы беделінің өсуіне қарсы болған Англия Иранға байланысты тағы да арандату саясатын жүргізіп, Гүлстан шартында Ресейге кеткен есесін қайтаруға көмектеспек болады. Сөйтіп, Иран 1826 жылы Англияның саясатына арқа сүйеп, *екінші иран-орыс* соғысын бастайды. Бірақ бұл соғыс та Иран үшін өте сәтсіз болды.

1828 жылы 22 ақпанда Түркманчай бітіміне қол қойылады. Бітім бойынша Иран мен Ресей арасындағы шегара Аракс өзені арқылы өтетін болды. Шығыс Армения Ресейдің құрамына енді. Ресейдің Каспий теңізінде әскери флот ұстау құқығы түпкілікті бекітілді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-иран соғыстары ағылшын-иран қатынастарын шиеленістірді. Екі держава арасында Иранға үстемдік үшін күрес басталды. Иранға еуропалық державалар капиталының енуі күшейе түсті. Иран шетелдіктердің тауар өткізу нарығына және арзан шикізат көзіне айналды. Шах өкіметі Батыс елдері алдында дәрменсіз саясат ұстанды. Иран Батыс елдеріне экономикалық тәуелді елге айнала бастады.

Иранның жартылай отар елге айналуы. XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Иранға шетел капиталының енуі күшейді. Иран шетел капиталына тәуелді жартылай отар елге айнала бастады. Иран біртіндеп әлемдік нарықтың, дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың аясына тартыла бастады. Шетелдік компаниялар Иран жерінде кәсіпкерлікпен айналысу әрекетін жандандыра түсті.

Бұл Иранның экономикалық дамуына ықпал етті. Иранда тауар-акша қатынастары пайда болып, дәстүрлі шаруашылық өзгеріске ұшырады және ұлттық капитализмнің нышандары қалыптаса бастады.

Шетел капиталының Иранға «бейбіт жолмен» ене бастауы ағылшын-орыс бәсекелестігінің өрші түсуімен сипатталды. Иранның экономикалық жағынан тәуелді елге айналдыруда Англия мен Ресей белсене әрекет етті. XIX ғасыр басында Иранның әскери жолмен бағындыру бастамасын алғаш болып Ресей империясы көтерді. Англия болса, ең алдымен, сыртқы сауданы пайдаланғысы келді. Сөйтіп, Иранға капитал енгізуде Англия шұғыл қадамдар жасады. Олар шахтан телеграф концессияларын өте тиімді шартпен алып, Иран аймағына бірнеше телеграф жүйелерін салды. Телеграф Иранның Үндістанмен жалғастырды. 1872 жылы ағылшын капиталісі барон Ю.Рейтер шахтан 70 жыл мерзімге мұнай және басқа да табиғи байлықтарды игеруге тиімді концессия алады. Шарт бойынша ол тасжолдар, теміржолдар, телефон-телеграф жүйелерін салуға, фабрика, зауыт пен банктер ашуға рұқсат алды.

1889 жылы шах Рейтерге тағы да 60 жыл мерзімге концессия беріп, Шахиншах банкін салуға рұқсат етеді. Осылайша Иранның оңтүстігі мен оңтүстік-батыс жағында Англия үстемдік жүргізуге кірісті. Ағылшындардың ықпалы Иранның саяси билігіне де белсенді бола түсті. Иран шахына ағылшындардың тым жақын бола түсуі орыстарды қатты аландатты. Ресей империясы үшін Иран саяси және экономикалық жағынан өте маңызды аймақ болды. Сондықтан орыс патшалығы Иранға экономикалық тұрғыдан байланысты нығайту үшін сауда байланыстары мен концессиялар алу, бірлескен өнеркәсіп орындарын салу жолдарын іздестіруге кіріседі. Сөйтіп, ағылшындардан кейін Иранның солтүстігіне Ресей капиталистері келе бастады.

1879 жылы шахтың өтініші бойынша орыс офицерлері парсылардың әскери бригадасын ұйымдастырып, әскерлерді оқытуға кіріседі. Бұл сол кездегі Ирандағы бірден-бір күшті даярланған, соғысқа қабілетті қарулы күш еді. Бұл Ирандағы Ресейдің саяси беделінің өсуіне себеп болды. 1879 жылы орыстар телеграф жүйесін салуға концессия алды. 1888 жылы балықшы-кәсіпкер С.М.Лпанозов Иранға қарайтын Каспий теңізі жағалауында балық кәсіпшілігін дамытуға ұзақ мерзімді концессия алады. 1890 жылы орыс капиталісі Л.С.Поляков Тегеранда есеп-неспе банкін салады. Ол Иран шахынан 75 жыл мерзімге транспорт саласындағы концессия алды. 1900 жылы Иран Ресейден 22,5 миллион рубль мөлшерінде

несне алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ирандағы орыс капиталының мөлшері 164 миллион рубльге жетеді. Иран үшін Ресей өзінің шикізатын, ауылшаруашылық және қолөнер өнімдерін өткізуге қолайлы сыртқы нарық көзі болды. Ираннан Ресейге мақта, күріш, кептірілген жеміс-жидектер, тері, кілемдер экспортқа шығарылатын. Иранның солтүстік аудандарының экономикасы толықтай орыстардың нарығына тәуелді болды.

Ойлан

Иранда ағылшын-орыс бәсекелестігі қалай жүргізілді?

Иранның солтүстік аймағында Ресей, оңтүстігінде Англия үстемдік етті. XX ғасырдың басына қарай Иран өзінің ұлттық тәуелсіздігі мен дербестігінен айырыла бастады. Елдің транспорт, қаржы, салық, пайдалы қазбалар жүйесі түгелдей Англия мен Ресейдің бақылауында болды. Шах, оның министрлері, губернаторлар мен феодалдар империалистік державалардың қолындағы ойыншыққа айналды. Иранның билеуші, ауқатты топтары мен шетел империалистері арасында өздерінің пайдасын көздеген одақ пайда болды.

Бұл жағдай Ирандағы ағылшын-орыс бәсекелестігін тудырып, ақыры, XIX ғасырда Иранның осы екі мемлекеттің ықпал аймақтарына бөлісуімен аяқталады.

Пікірталас

XIX ғасырда Иран қалайша жартылай отар елге айналды? Иранның жартылай отар ел екенін қалай дәлелдейсің? Өз ойыңды білдір және сыныптастарыңды тыңда.

Біліміңді тексер

1. Иранның саяси-экономикалық жағдайы қалай болды?
2. XVIII ғасыр соңында Иран мемлекеті қандай ірі державалардың отаршылдық назарына ілікті?
3. Ирандағы ағылшын-орыс бәсекелестігін қалай түсіндіресің?
4. Орыс-иран соғысының басталу себебі неде болды?
5. Екінші иран-орыс соғысының нәтижесі қандай болды?

§ 13. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫҢ КҮШЕЮІ ЖӘНЕ ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫ

Бұл сабақта:

- Осман империясының XIX ғасырдағы даму жағдайымен, империяның дағдарысының тереңдеу үрдісімен танысып;
- империяны сақтап қалу мақсатында түрік үкіметінің жүргізген танзимат реформалық әрекеттерін және оның нәтижелерін білеміз.

Тірек сөздер

- империядағы дағдарыс
- «Қасиетті жарлық» – «Гюльхане хатт-и шериф»
- Мұхамед Әли
- Мысыр
- танзимат реформалары,
- жаңа османдар
- 1875 жылғы Конституция
- парламент

XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Осман империясының жағдайы. XIX ғасырдың бірінші ширегінде Осман империясы терең ішкі дағдарыста, шпеленіскен жағдайда болды. Түркияның әртүрлі провинцияларында бас көтерулер, наразылық шерулері өсе түсті. II Махмұт сұлтан 1826 жылы янычар әскерін таратты, оның орнына жанаша тәрбиеленген және қаруланған қарулы әскер құрды. Бұған наразылық танытқан янычарлар көтеріліске шықты.

Сұлтан өкіметі көтерілісті күшпен басып, оларды аяусыз жазаға тартты, янычарлардың әскери корпусын таратып жіберді. II Махмұт енді жаңа әскери реформамен қатар, мемлекетті басқару ісіне де өзгерістер енгізді. Елдің аумағы аймақтар мен губернияларға бөлінді. Еуропалық үлгідегі министрліктер құрылды, ондағы қызметкерлер шапандары мен бастарындағы шалма орамалдарын еуропалық киімдерге ауыстырды. Осман империясында жерге жекеменшік құқығы енгізілді.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде жүргізілген реформалар сұлтан өкіметін нығайта алған жоқ. Империяның құлдырау кезеңі одан әрі жалғасты.

Ойлан

XIX—XX ғасырлардағы Осман империясының құлдырау себептерін атап көрсете аласыңба?

Танзимат реформалары. Оның бірінші және екінші кезеңдері. Осман империясының ішкі саяси және экономикалық жағдайының дағдарысы, соғыстағы жеңілістер, сұлтан өкіметін тығырыққа тіреді.

20—30-жылдардағы реформалардың кемшілігін Осман империясының билеушілері арасындағы терең ойлы көреген кайраткерлер

жақсы түсінді. Олардың арасында еуропалық қоғам құрылымымен жете таныс, білімді мемлекет қайраткерлері де болды. Сондай қайраткердің бірі ІІ Махмұттың сеніміне не болған Мұстафа Решид паша еді. Түрік сұлтаны билігіне келген Решид паша, осы қиындықтардан шығудың жолын іздестіре бастайды. Ол елде түбірлі өзгерістер жасауды қажет ететін реформалар жүргізуге кіріседі. 1839—1870 жылдары жүргізілген бұл жаңа реформалар *Танзимат* деген атқа не болды.

Танзимат — реформалар, өзгерістер деген мағына береді.

Танзимат реформалары екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезең — 1839 жылдан 1853 жыл аралығында, яғни Қырым соғысына дейін. Екінші кезеңі — 1856 жылдан 1876 жылға дейін немесе 1876 жылғы конституцияның қабылдануына дейін жүргізілді.

Танзимат реформалары мемлекет алдындағы ең маңызды мәселелерді шешуге міндетті болды. Ол, біріншіден, әлсіреп бара жатқан империяның экономикалық, сыртқы, ішкі саяси жағдайларын нығайтуға, екіншіден, елде капитализмнің дамуына мүмкіндік туғызу, үшіншіден, елді құлдыраудан сақтап, ұлт-азаттық қозғалыстардың екпінін басу міндеттері болатын. Бұрынғы жүргізілген реформалардан Танзиматтың айырмашылығы әскери салада емес, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу мақсатын алға қойды.

Мұстафа Решидтің жетекшілігімен жаңа реформаның жоспары жасалды. Оның мақсаты сұлтан өкіметін нығайтып, Балқандағы ұлт-азаттық қозғалысты тоқтату және түрік өкіметінің еуропалық державаларға тәуелділігіне тежеу қою, мемлекет құрылысын Батыстың мемлекеттік құрылысына жақындату болды.

1839 жылы қарашада сұлтанның жазғы сарайы Гюльхане алдында «*Қасиетті жарлық*» — «*Гюльхане хатт-и шериф*» халыққа жарияланды. Бұл Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең — танзимат қайта ұйымдастырулар деп аталған реформалар дәуірін бастап берді. «Гюльхане хатт-и шериф» үш негізгі жаңарту мақсатын жария етті: 1) дінн сенімдеріне карамастан империяның барлық бағынышты халықтарының өмірін, ар-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) салықтарды дұрыс жинау және әділетті бөлу; 3) әскери қызмет мерзімін қысқарту.



ІІ Махмұт

Ең алдымен әкімшілік саласында бірқатар реформалық шаралар жүргізілді. Жергілікті жерлерде мұсылман емес тұрғындардың қатысуымен кеңесші ұйымдар — меджлистер құрылды, сот саласында бірқатар жаңа заңдар қабылданды және зайырлы білім беретін мектептер ашылды, жер қатынастары мен экономиканы дамыту бойынша өзгерістер енгізілді.

Танзимат реформасының империя халқының түрік не мұсылман емес халықтарына қатысты бағдарламасы билеуші топтар тарапынан қатты наразылыққа ұшырады. Бұл реформалық әрекеттер билеуші топтың, оның ішінде, әсіресе исламдық дінбасыларының жаппай наразылығын тудырды. Дәстүрлі қоғамның үрдістерін бұзып, елді еуропалық үлгімен реформалауға олар мүлдем наразы болды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мұсылмандық жолдан ауытқу елдің іргесін шайқалтып, күйреуге әкеледі деп қорықты. Сөйтіп, империя халқының мәртебесін бірдей ету әрекеттері іске аспады. Нәтижесінде әскерге мұсылман емес халықтарды алуға рұқсат етілмеді. Христиан дінін ұстанатын империядағы халықтың құқына шектеу қою Ресей империясы тарапынан наразылық тудырды. Осы себептер болашақта Қырым соғысының шығуына да себеп болды.

Билеуші топтардың үзілді-кесілді қарсылығынан бірқатар шараларды жүзеге асыру мүмкін болған жоқ. Жер туралы, қылмыстық іс және Азаматтық іс кодекстері қабылданды. Сұлтан таққа ресми түрде отырған соң, қабылданған заңдарды бұзбауға міндеттеме алды. Ақша реформасы жүргізілді. Қызметкерлердің жалақысына қатаң шек қойылды. Орта мектептер ашылды. Империя аумағында теміржолдар мен байланыс тораптары салынды. Алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болды.

Танзиматтың бірінші кезеңінде (1839—1853) әкімшілік, мемлекеттік басқару, экономика мен мәдениет саласында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ реформалардың түпкі нәтижесі қала мен ауылдағы халықтың жағдайына елеулі өзгеріс әкеле алған жоқ. Шетелдіктердің мемлекет ісіне араласуына да шектеу қойылмады.

Сұлтан үкіметі жүргізген Танзиматтың бірінші кезеңіндегі реформалары мемлекетті күшейте алмады. Шетелдіктердің Осман империясының ісіне араласуы ғана елді толық күйреуден уақытша сақтап қалды.



Анықта

Танзиматтың бірінші кезеңінде қандай реформалар іске асырылды?

Қырым соғысы аяқталған соң, сұлтан үкіметі шетелдіктердің қысымымен Танзимат реформаларын жалғастыруға мәжбүр болды. Танзимат реформаларының екінші кезеңі басталды. Осман империясының барлық халықтарына дініне қарамастан тең құқық беруге кадам жасауға тура келді.

1856 жылы сұлтан үкіметі шетелдіктерге жекеменшікке жер және қозғалмайтын мүлік алуға рұқсат берді. Бұл империяның экономикасына шетелдік қаржының көптеп келуіне жол ашты. Сұлтан үкіметі реформаны толық жүзеге асыру үшін бірнеше рет шетел державаларынан несие алуға мәжбүр болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында түрік үкіметі империяны нығайту мақсатында ұлттық қозғалыстарға бірқатар жеңілдіктер жасады. Мұсылман емес халықтар — армяндар, болгарлар, гректер, румындар, сербтер, яғни империя халқының 40 пайызын құрап отырған тұрғындарға мемлекет алдында теңдік құқығы берілді делінді. Бұл жаңа саясаттың негізінде сұлтанның билігіне бағынышты халықтың бәрі *османдар* деп аталды және олардың бәрі теңқұқықты деп жарияланды.

1856 жылы түрік сұлтаны *Абдул Меджид* манифест шығарды. Онда Осман империясының тарихында алғаш рет барлық азаматтардың құқығы заң алдында бірдей екендігі жарияланды. Мемлекет мұсылман емес діни ұйымдардың өмір сүруін заңдастырды. Білім беру саласында бұрынғы мұсылмандық діни бағытынан зайырлы бағытқа бұрылуға кадам жасалды. Христиандарды мемлекеттік қызметке алуға рұқсат берілді.



Анықта

Абдул Меджид сұлтанның жарлығында қандай заңдар жарияланды? Оның маңызы қандай болды?

Танзимат реформалары елді жаңартуға бағытталды. Жаңа өзгерістер жүргізу шетелдік тәуелділіктен құтылу, елді ауыр дағдарыстан алып шығу, ұлттық қозғалыстарды бәсеңдету жолында жасалған кадам болды. Бірақ танзимат реформалары мұсылмандардың, соның ішінде түріктердің де, көңілінен шыққан жоқ. Реформа жекеменшік жер иелену құқығын беру арқылы кәсіпкерлік пен сауданың дамуына жол ашты, бірақ оның пайдасын

калалықтар көрді. Осман империясындағы қалалардың тұрғындары, негізінен, мұсылман емес халықтар — гректер, армяндар, еврейлер еді. Түріктер, негізінен, ауылдық жерде тұрды, сондықтан реформа олар үшін пайдалы болған жоқ, қайта олардың төлейтін түрлі салықтарының өсуіне әкелді. Жерге жекеменшіктің енгізілуі шаруаларды жерді мұрагерлікпен пайдалану құқығынан айырды. Өйткені жерді жекеменшікке шаруа емес, енді сипахилар иемденетін болды. Жаңа жер иесіне шаруаны отырған жерінен қуып шығуға құқық берілді.

Танзимат реформаларына дейін мұсылман емес халықтар қосымша салықтар төлейтін және олар мемлекеттік қызметке алынбайтын. Енді мұсылман емес, діні басқа халықтарды мұсылман түріктермен теңестіру ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ата-баба дәстүрін аяққа таптау деп түсінген мұсылман халықтарының ашу-ызасын, наразылығын тудырды.

Ал қоғамда реформалық әрекеттерді одан әрі тереңдетуді қолтаңған либералдық топ — саудагерлер, кәсіпкерлер, еуропалық біліммен тәрбиеленген қызметкерлер мен әскерилер болды. Олар 1865 жылы «Жаңа османдар» дейтін жасырын ұйым құрды. Оның жетекшісі белгілі жазушы *Намык Кемал* болды.

1876 жылы бұл ұйымның күшімен либералдар сұлтан Абдул Азизді тақтан түсіреді. Сөйтіп, сұлтандық билікке II Абдул Хамид келді. Ол конституцияны, екі палаталы парламентті бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялады.

Конституция мемлекеттік тіл — *түрік тілі*, мемлекеттік дін *ислам діні* деп жариялады. Конституцияның талаптарын толық сақтаған жағдайда сұлтанның билігіне заңды шек қоюға мүмкіндік туды. Мұны II Абдул Хамид жақсы түсінді және ол өзінің қол-аяғын шырмаған конституция шеңберінде ғана шектеліп қалғысы келген жоқ. Сондықтан ол өзіне қолайсыз Конституцияны жоюға 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысын сылтау ретінде пайдаланды. Осы соғыста Осман империясының жеңілуіне байланысты сұлтан «жаңа османдарға» қарсы шығып, парламентті таратуға, конституцияны жоюға кіріседі.



Намык Кемал

1878 жылы ақпанда сұлтан парламентті таратып, елді жеке өзі билейтінін жария етеді. Конституция сөз жүзінде сақталып қалғандай болды, бірақ оның бірде-бір бабы іске аспады.

Өкімет ұлттық қозғалыстарды басып-жаныштауға көшті. 1894 жылы сұлтан билігіне қарсы шыққан армяндардың бас көтеруін басуға Кіші Азияның шығыс бөлігіне жазалау отряды жіберілді. Жазалаушылар аяусыз әрекет етіп, бүкіл бір аудан тұрғындарын қырып салды. II Абдул Хамид сұлтан билеген кезең тарихта *зюлим* (езу, қанау, зұлымдық) деп аталып кетеді. «Жаңа османдардың» Осман империясын қайта құру әрекеттері сәтсіз аяқталды.



Анықта

Зюлим кезеңі деп қай сұлтанның ел билеу уақытын айтады? Неліктен зюлим деп атады, мағынасы қандай?

«Жаңа османдар» қозғалысы Түркия тарихындағы маңызды кезең болды. Халық ағарту ісін дамыту, феодалдық-абсолюттік билікке шек қою және шетел капиталының елді қанауын тежеу үшін күресе отырып, олар түрік қоғамында саяси сананың қалыптасуына жол ашты. Сонымен қатар олар халық бұқарасынан, олардың түпкілікті мүддесінен алыс тұрды. «Османизм» идеясын ұсына отырып, Осман империясының құрамындағы барлық халықтарды дініне, тіліне, ұлтына қарамай бір халық деп санауы «жаңа османдарды» ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы қойды, олар түрік емес халықтардың қолдауына ие болған жоқ.

Пікірталас

Сенің ойыңша, Осман империясының дағдарысының тереңдеуіне қандай себептер болды? Сыныптастарыңның пікірін тыңда.

Біліміңді тексер

1. Танзимат реформаларының кезеңдері неліктен екі кезеңмен жүрді? Себебін айта аласың ба?
2. Танзимат реформаларының екі кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктері неде болды деп ойлайсың?
3. Танзимат реформасы неліктен толық нәтижеге жете алмады деп ойлайсың?
4. Жаңа османдар деген кімдер және олар қандай мақсатты көздеді?

§ 14. ҚЫРЫМ СОҒЫСЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Бұл сабақта:

- Осман империясының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы жағдайымен, империяның сыртқы саяси дағдарысының тереңдеу үрдісімен танысамыз;
- Қырым соғысының шығу себептерімен және оның нәтижелерімен, «Жас түріктер» қозғалысының пайда болуы және олардың әрекеті туралы білеміз.

Тірек сөздер

- «шығыс мәселесі»
- ағылшын-орыс және француз-орыс бәсекелестігі
- Қырым соғысы
- Париж келісімі
- «Жас түріктер» қозғалысы

XIX ғасырдың ортасында Осман империясы отарлап отырған халықтардың тағдырына байланысты «шығыс мәселесі» деп аталатын саясат қайта шиеленісе бастады. Ресей, Англия, Франция сияқты елдер Таяу Шығыс нарығына үстемдік ету мақсатымен саяси бәсекелестік күресін жандандырды.

Осман империясын дағдарыстан шығару мақсатында жүргізіліп жатқан Танзимат реформалары *Қырым соғысына* байланысты тоқтатылды. Соғыстың басталуына Осман империясындағы ағылшын-орыс және француз-орыс бәсекелестігі себеп болды.

Соғыстың тұтануына ірі державалардың Таяу Шығыстағы алдымен саяси, сосын әскери қатығыстарына әкелген «қасиетті жер» туралы мәселе сылтау болды. 1850 жылдан бері Франция мен Ресей арасында христиандардың Иерусалим мен Вифлеемдегі «қасиетті жерлерді» қорғауда католик және православие шіркеулерінің мәртебесі туралы келіспеушіліктері бар болатын.

Ресей патшасы I Николай түрік сұлтанына жолдаған ультиматум түріндегі талабында Осман империясының құрамындағы барлық православиелік халықтарға «қасиетті жерлердегі» православиенің шіркеуінің мәртебесін және орыстардың ықпалын мойындауын

талап еткен еді. Франция да түрік сұлтанына қысым көрсетіп, «қасиетті жерлердегі» католик шіркеуінің мәртебесін мойындауды талап етті. Англия мен Францияға арқа сүйеп, түрік сұлтаны орыс патшасының талабын елдің тәуелсіздігіне қол сұққандық деп бағалады да, бұл талаптың орындалмайтындығын мәлімдеді.

Ойлан

«Шығыс мәселесі» қандай себептерге байланысты туындады? Бұл мәселеге қатысты державалар арасындағы саясатты қалай түсіндірер едің?



Севастополь қорғанысы

Орыс патшасы І Николай Англия және Франциямен тіл табыса алмайтындығына көз жеткізген соң, түрік сұлтанына қысым көрсете бастады. 1853 жылы Стамбұлға орыс елшілігі жіберілді. Елшілік түрік сұлтанынан үзілді-кесілді талап қойып, «қасиетті жерлердегі» православие шіркеуінің мәртебесін қамтамасыз етуді және сұлтан билігіндегі православие дініндегілерді орыс патшасының қамқорлығына алуына көндірмек болды. Сұлтан үкіметі орыс патшасының бұл талаптарын орындаудан бас тартты. Патша өкіметі түріктер үшін Англия мен Франция өзімен шиеленіске бармайды деген қате түсінікпен Түркиямен соғысуға бел буды.

Осыдан келіп 1853 жылы *орыс-түрік соғысы* немесе *Қырым соғысы* басталып кетті. Адмирал Нахимов басқарған орыстардың Қара теңіздегі флоты түрік флотын талқандады. Түрік әскері Кавказ майданында да жеңіліске ұшырады. Соғыста осылай оңай жеңіске жетпек болған орыс әскері қатты қателесті. Осман империясының толық күйреуінен және Таяу Шығыстағы өз ықпалдарын айырылу қаупінен сескенген Батыс державалары орыстарға қарсы соғысып жатқан түріктерге көмектесуді жөн көрді. Қара теңізге әскери көмектерін аттандырды. 1854 жылы Батыс державалары Осман империясымен Ресейге қарсы бағытталған одақтастық келісіміне қол қояды. Одақтастар Ресейдің Қара теңіз флотының негізгі тірегіне — Севастопольге соққы беруді жоспарлады. Қырым соғысындағы ерекше шайқастардың бірі Севастополь қорғанысы болды. Англия

мен Францияның көмегіне сүйенген түріктер орыстарды ойсырата жеңді. Австрия мемлекетінің араласуымен соғысушы тараптар арасында бейбіт бітім келіссөздері басталды. 1856 жылы Парижде бейбіт бітім келісіміне қол қойылды. Ресей Түркияға Оңтүстік Бессарабияны қайтарды. Қара теңізді «бейтараптандыруға» келісті. Сербия, Молдова мен Валахияда сұлтанның билігі сақталды. Сондай-ақ Англия мен Франция ерекше келісімге қол қойып, онда Париж трактаты шенберінде Осман империясының тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік берілді. Қырым соғысы Түркияға өте ауыр зардаптар әкелді. Соғыстан келген зардаптарды жою үшін Англия мен Франциядан Түркия өте көп несие алды. Осман империясы қаржы неснесі арқылы еуропалықтардың қанау зардабына ұшырады.

Ойлан

Қырым соғысындағы түріктердің әскери жеңісі Осман империясын сақтап қалар ма еді? Неге дағдарыс күшейе түсті деп ойлайсың?

XIX ғасырдың соңында Осман империясының құлдырауы және отар елге айналуы. Сұлтан өкіметі билігінің сақталуы елдегі дағдарысты одан әрі тереңдете түсті. 1879 жылы Осман империясы өзінің Батыс Еуропа елдерінің алдындағы қарызын өтей алмайтындығын мойындады. Арнаулы комиссия елдің табыс бюджетін өз қолына алып, қарызды төлеттіруге кірісті.

Батыс державалары Осман империясының ішкі ісіне белсене араласа бастады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде империя Болгария, Сербия, Черногория, Румыния сияқты иеліктерінен айырылды. Балқан түбегінің түрік билігінде қалған славян тұрғындары тәуелсіздікке ие болды. Закавказьеде Ресейдің ықпалы күшейе түсті. Басқа да иеліктерден айырылуға тура келді: Франция Алжир мен Тунисі, Англия Мысыр мен Каирды түріктерден тартып алды. XIX ғасырдың соңына қарай Осман империясының солтүстікафрикалық иеліктері еуропалық мемлекеттердің билігіне көшті. Франция Сирия мен Ливанда, Англия Парсы шығанағы мен Қосөзен аймағында үстемдік етуге ұмтылды. Австро-Венгрия әскерлері Босния мен Герцеговинаға енді.

Англия, Франция және Австро-Венгрия егер Осман империясы толық күйрейтін болса, Ресей империясының ықпалы күшейіп, славян мемлекеттерін және Қара теңіз бұғаздарын өз бақылауына алады деп қауіптенді. Міне, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы «Шығыс мәселесінің» басты мәні осылайша шешілді.

II Абдул Хамид енді Германиямен тығыз байланыс орнатуға бет бұрды. 1888 жылы билікке II Вильгельмнің келуі Германияны Осман империясымен жақындатты. Герман императоры өзін «мұсылмандардың қолдаушысымын» деп мәлімдеді. Неміс офицерлеріне осман әскерін қайта құруға тапсырма берілді. Германия ықпалының Осман империясына орныққандығының басты бір мысалы немістердің Берлин — Стамбұл — Бағдат теміржолын салуы болды. Бұл әскери маңызы зор магистраль болашақта Бағдатты Парсы шығанағымен жалғастырады деп жоспарланды. Бұл Германияның өз әскерлерін Еуропадан Таяу Шығысқа әкелуіне мүмкіндік беретін еді. Сөйтіп, ондағы Англия мен Францияның отарлық иеліктеріне, Ресейге де қауіп төнетін еді.

«Жас түріктер» қозғалысы. XIX ғасырдың соңында реформаторлықтың жаңа толқыны түріктердің ұлттық қозғалысы түрінде көрініс берді. Түріктердің ұлттық қозғалысы XIX ғасырдың 50—60-жылдары басталды. Қозғалыстың бастапқы кезеңінде ағартушылық сипаты басым еді. «Жаңа османдар» ұйымының мүшелері және белгілі ағартушы, жазушы Намык Кемал бастаған бірқатар зиялы топтар түрік тілінің дамуына және оның әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне, ағарту ісіне зор үлестерін қосты. Ендігі реформаторлық қозғалыс толқынының өкілдері империяның тұтастығын сақтау шараларын іздестірді. 1889 жылы Стамбұлда «Бірлік және прогресс» (Иттихад ве теракки) партиясы құрылды. Бұл ұйымның бөлімдері провинциялар мен шетелде де құрылды. Ұйымның алға қойған жақын арадағы мақсаты конституциялық мемлекет құру болатын. Реформалық шаралар жүргізіп, елдің экономикасын көтеру, қоғамды жан-жақты жанарту көзделді. Бұл қозғалыстың өкілдерін жас түріктер деп атады.

Ойлан

Жас түріктер деген кімдер? Олар нені көздеді?

Біліміңді тексер

1. Осман империясының XIX ғасырдың ортасындағы дағдарысы туралы не айтасын?
2. «Шығыс мәселесі» қай кезде қайта шешелісе бастады? Қандай мемлекеттер арасында тартыс болды?
3. Қырым соғысының тууына не себеп болды?
4. Батыс елдері Осман империясының «тұтастығына» қандай себептерге байланысты мүшелеі болды?
5. Жас түріктер ұйымының алдына қойған мақсаттары қандай еді?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. Саяси қайраткерлердің есімдерін жаз:

...: «Мемлекет — бұл мен», — дейтін болса, ал ...: «Менен кейін, тіпті топан су басып кетсін», — деген.

2-тапсырма. Сәйкестігін анықта

Саяси қайраткердің аты:

- а) Ж.-П. Марат
- ә) Жан Варле
- б) Максимилиан Робеспьер
- в) Шомет
- г) Ж.Ж. Дантон

Саясаты:

- 1. «Өте солшыл» революционерлерді басқарды.
- 2. «Сенімсіздер туралы» Заң қабылдады.
- 3. «Халық досы» газеті шығарған.
- 4. «Кешірімпаздар» ағымын басқарды.
- 5. Тұрақты баға орнату талап етті.

Тарихи оқиғалар:

- а) Бородино шайқасы;
- ә) Ватерлоо шайқасы;
- б) Трафальгар шайқасы;
- в) Лейпциг түбіндегі «Халықтар соғысы».

Мерзімі:

- 1805 ж.;
- 1812 ж.;
- 1813 ж.;
- 1815 ж.

3-тапсырма. Ашық тест

1. Ұлы Франция буржуазиялық революциясын бастаған оқиға:

- а) Құрылтай жиналысы;
- ә) Парижді басып алу;
- б) Бастилияны басып алу.

2. XVIII ғасырда Францияда бірінші сословиеге кімдер кірді?

- а) жоғарғы дінбасылары;
- ә) дворяндар.
- б) буржуазия;

3. «Адам және азамат құқықтарының тұңғыш декларациясының» қабылдануы:

- а) АҚШ, 1776 ж.;
- ә) Франция, 1789 ж.;
- б) БҰҰ, 1948 ж.

4. Франциядағы абсолюттік монархия құлаған жыл:

- а) 1784 ж.;
- ә) 1793 ж.;
- б) 1791 ж.

5. Францияның өмірінде үлкен рөл атқарған Якобшілер клубы қай жылы құрылды?

- а) 1784 ж.;
- ә) 1793 ж.;
- б) 1789 ж.

2. Бурбондар әулеті Француз тағына қай жылы келді?

- а) 1589 ж.;
- ә) 1579 ж.;
- б) 1678 ж.

6. Францияда I Империя қашан орнады?

- а) 1792 ж.;
- ә) 1800 ж.;
- б) 1804 ж.

7. Наполеон Банопарт 1812 жылы 24 маусымда жорыққа шықты?

- а) Ресейге;
- ә) Испанияға;
- б) Египетке.

8. Наполеон әскерінің соңғы шайқасы болған жер:

- а) Лейпциг;
- ә) Ватерлоо;
- б) Бородино.

9. 1684 жылы османдарға қарсы құрылған коалиция:

- а) «Шығыс мәселесі»;
- ә) «Қасиетті лига»;
- б) «Осман мұрасын бөлісу».

10. III Селим реформасы бірінші кезекте қай салаға бағытталды?

- а) ауылшаруашылыққа; ә) өнеркәсіпке; б) әскери салаға.

11. «Танзимат» сөзінің мағынасы:

- а) реформалар, өзгерістер;
- ә) заңдар, жазалау;
- б) келісімдер, ұсыныстар.

12. «Жаңа османдар» ұйымының жетекшісі кім?

- а) Абдул Хамит;
- ә) Намык Кемал;
- б) Абдул Меджит.

4-тапсырма. Жабық тест

1. Ресей мен Франция арасындағы Отан соғысы қай жылы болды?
2. Орыс халқын азат ету жолындағы күрес неше кезеннен өтті?
3. XVIII ғасыр соңынан бастап Иранның астанасы ... болды.
4. Гюльхане сарайы алдында қандай жарлық жарияланды?
5. Марксизм ілімі дегеніміз — ...
6. Иран 1826 жылы Англияның саясатына арқа сүйеп, ... соғысын бастайды.

5-тапсырма. Мәтінмен жұмыс

Хрестоматия оқу құралында берілген мына деректе қай билеушілер жөнінде баяндап тұр:

1. «1737—1738 жылдары ауған тайпаларын өзіне бағындырған билеуші Үндістанның «Ұлы Моғол» державасына қашқындар, яғни ауған көтерілісшілерін паналатты деген сылтаумен соғыс жариялады.

2. Оның әскерлері 1739 жылы наурызда Карналдағы ұрыста Мұхаммед шахтың «Ұлы Моғол» державасын талқандап, оның астанасы Делиді жаулап алды. Дели де елдің басқа көптеген аудандары сияқты жаппай тонаушылыққа ұшырады».

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙДАҒЫ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

§15. ЦИН ӘУЛЕТІНІҢ ОҚШАУЛАНУ САЯСАТЫ. АПИЫН СОҒЫСТАРЫ

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Англияның отаршылдық әрекетінің күшеюімен;
- шетелдіктердің Қытайға миссияларының арту себептерімен, Цин үкіметінің осыған байланысты ұстанған саясатымен танысамыз;
- Апиын соғысының шығу себептері және оның нәтижелерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- ағылшындардың отарлық әрекеті
- шетелдік миссиялар
- Гунхан сауда монополиясы
- апиын соғыстары
- Нанкин
- Тяньцзин
- Айгүн
- Пекин келісімшарттары

XIX ғасырдың басында маньчжурлар билігіндегі Қытайда ортағасырлық феодалдық катынастар үстемдік етті. Ауылшаруашылығы, қолөнер өндірісі, әскер мен флот, жалпы қоғам өмірі ежелден келе жатқан конфуцийлік дәстүрлер деңгейінде қалды. Орасан зор жер аумағына, табиғат байлықтарына, мемлекеттік даму тәжірибесіне қарамастан, Қытай артта қалған феодалдық ел болып қалды. Қытай халқы мемлекет басында отырған маньчжур үстемдігіне наразылық күрес жүргізумен болды, үкіметке қарсы бағытталған құпия ұйымдар көбейді. Мысалы, «Ақ лотос», «Аспан ақыл-парасаты» т.б. құпия ұйымдар маньчжурларға қарсы күрес ұйымдастырды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Цин империясы әлсірей бастады. Елдің экономикалық жағдайы, тұрмысы нашарлады. Халықтың маньчжур үстемдігіне наразылығы өршиді. Цин империясының ішкі дағдарысына сыртқы әсерлер де қосылды. Қытайға ағылшындардың отарлық әрекеті күшейе бастады.

Ойлан

Цин империясының билігіне қарсы неге халық көтерілістері шықты деп ойлайсың?

Цин империясының оқшаулану саясаты. Христиан дінін тарату мақсатымен Қытайға еуропалық миссионерлер сонау Мин дәуірінде келе бастаған болатын. Цин өкіметі алғашқы кезде еуропалықтармен жақсы қарым-қатынас орнатты. Қытайда миссионерлер көбейіп,

Еуропалықтар үшін жағалаудағы порттар ашық болды. Бірақ XVIII ғасырға қарай жағдай күрт өзгерді. Қытай еуропалық миссионерлердің қызметінен бас тартып, христиан шіркеулерін жауып, миссионерлерді елден қуа бастады.

Миссионерлер — христиан дінін тарату мақсатымен басқа елдер мен жерлерге жіберілетін діни уағыздаушылар.

Фактория — көпестердің отарларда ұйымдастырған сауда кеңсесі және қонысы.

XVIII ғасырда Цин билігі қытайлықтардың басқа шетелдермен байланысын қатаң бақылауға алды. 1757 жылы император *Цяньлун* еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салды.

Батыс державалары, оның ішінде Англия, Қытай сауда нарығына кіруге табандылықпен күресуге кіріседі. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қытайдың бүкіл сыртқы саудасы тек Гуанчжоу арқылы жүргізілетін. Сауда қатынастарының шетелдіктермен жасалатын басқа әдістеріне, заңмен шектеулер қойылды. Қытай үкіметі шетелдіктермен сауда байланысын жасайтын қытай саудагерлерінің санын азайтты. Сауда әрекеттерін Пекиннен келген өкіл қатаң бақылап отыратын болды.

Шетел саудагерлері Гуанчжоу маңында жаз бен көктем айларында ғана бірнеше айға Қытай жерінде болуға рұқсат етілді. Қытай өкіметі шетелдіктердің қытайлықтар туралы қандай да бір мәлімет жинауына бақылау орнатты. Жергілікті қытайлардың шетелдіктерге қытай тілін үйретуіне қатаң тыйым салды. Қытай тіліндегі кітаптарды сыртқа әкетуге де рұқсат етілмеді.

Сауданың дамуына сыртқа шығарылатын тауарларға салынатын салық мөлшерінің шектен тыс ұлғайтылуы да себеп болды. Шетелдіктердің саудасына басқа да кедергілер жасалды. Ұзақ уақыт бойы Қытайдан сыртқа шығарылатын тауарлар сырттан келетін тауарлардан бірнеше есе артты. Еуропада аukatты адамдар арасында шай, жібек маталар, қытай фарфоры өте жоғары сұранысқа ие болды. Қытайда сатып алынатын тауарларға еуропалықтар күміспен төлем жасайтын. Қытайдан сыртқа шығарылатын тауарлар үшін төленетін күмістің көлемінің ұлғаюы ағылшын үкіметін алаңдатты. Қытаймен жасалатын сауда үшін күмістің қытай қазынасына қарай ағылуы Британия билігі үшін қаржылық қауіп төндіре бастайды.

Ағылшын үкіметі енді қытай үкіметінен шетелдік сауда үшін барынша ашық болуды талап ете бастайды. Ағылшын саудагерлері қытай сауда нарығында үлкен сұранысқа ие бола алатын шетелдік тауарларды іздестіре бастайды. Қытайлық сұранысқа ие болатын тауар табыла қалған жағдайда, соның есебінен қытайдың шайы,

фарфоры мен жібек маталары үшін төленетін кеден салығын жауып отыруды көздеді. Англияның Цин империясымен еуропалық әлемде қалыптасқан ереже бойынша дипломатиялық қатынас орнатпак болған әрекеттері табысқа жете алмады.

Егер XVIII ғасырда Қытайдың оқшаулануы Цин әулетінің билігін күшейтіп, феодалдық абсолюттік тәртіпті сақтап қалуға мүмкіндік жасаса, енді XIX ғасыр ортасына қарай Қытай экономикалық және әскери күш-қуаты жағынан Батыс елдерінен әлдеқайда артта қалып қойды. Өнеркәсіптік қуаты өсіп отырған Батыс елдері Қытайдың осы әлсіздігін пайдаланып, қытай нарығына жол ашып, оны арзан тауар өткізу және арзан шикізат көзі ретінде пайдалану үшін белсенді әрекетке көшті.

Қытайды күшпен ашу. Капиталистік Англия өз тауарларын өткізетін сыртқы нарық ретінде Қытайды ашуға кірісті. XVIII ғасырдың соңынан бастап Англия Қытайға үш елшілік аттандырды.

Қытай өкіметі сырт елдермен сауда жасауға елдің оңтүстігіндегі портты қала Гуанчжоудағы «Гунхан» сауда монополиясына ғана рұқсат берген болатын. Ал Англия Қытайдың бүкіл аумағында өзінің еркін саудасын жүргізуге рұқсат ету талабын қойды. Бұл талаптарына Цин империясы тарапынан жауап ала алмаған ағылшын отаршылдары Қытайға күш көрсетіп, соғыс ашуға сылтау іздеді. Ағылшын саудагерлері Гуанчжоу порты арқылы Қытайға қарақшылық жолмен апиын әкеліп сата бастады.

Апиын саудасы британ экономикасының табысты саласына айнала бастайды. Қытайға әкеліп сататын апиын мөлшері шектен тыс мөлшерге дейін өсті. Қытайдың алтын-күміс байлығы апиынға айырбасталып, Англияға ағылды. Апиынның зардабынан шаруашылық күйреуге ұшырап, халық азғындауға айналды.

Цин үкіметі елдің апиын саудасымен айналысуына қатаң тыйым салғанымен, ағылшындар жасырын контрабандалық жолмен апиын әкелуді жалғастыра берді.



Анықта

Ағылшындар неге Қытайға соншама апиын әкелуге ынталы болды? Бір Гунхан сауда монополиясы неге оларға аздық етті?

Апиын соғыстары. Қытай өкіметі ағылшындардың Қытайға апиын әкелуін күшпен тоқтатап болды. 1839 жылы Цин билігі ағылшындардың апиынды заңсыз енгізуіне тыйым салу мақсатымен өкілін жіберді. Ол апиынды тәркілеп, суға ағызды. Осыдан кейін ағылшын үкіметі қытайлардың бұл әрекетін заңсыз деп тауып, кеткен шығынның өтеуін, ағылшын кәсіпкерлеріне қосымша жеңілдіктер берілуін, олардың жұмысына қажетті кейбір аумақтарды

беруді талап етеді. Бұған Қытай тарапынан жауап болмаған соң, Ұлыбритания соғыс жариялады.

Іздеген сылтауы табылған Англия Қытайға қарсы соғыс бастады. 1840—1842 жылдары болған *бірінші апын* соғысында ағылшындар жеңіске жетіп, Цин империясын тізе бүктірді. Қытай жеңілгенін мойындап, еуропалықтармен әділетсіз *Нанкин келісімшартына* қол қойды. Бұл келісімшарт бойынша Қытай ағылшындар үшін бес портты ашық деп жариялауға, Гонконгті шектеусіз уақытқа иеленуге, орасан зор мөлшерде өтемақы (контрибуция) төлеуге мәжбүр болды. Отаршылдардың қысымымен «Гунхан» сауда монополиясы жойылды.

Көп ұзамай ағылшындардың отаршылдық соғысына американдықтар қосылды. Нанкин келісімінен кейін Цин империясы жартылай отар елге айналып, шетелдіктерге тәуелділікке түсті.

Ойлан

Қытай үшін Нанкин келісімінің қандай маңызы болды?

Осыдан кейін Англия мен Франция бірлесіп Қытайды отарлауды кеңейту үшін екінші апын соғысын бастады. 1856—1860 жылдары болған *екінші апын соғысы кезінде* Қытайдың ішкі жағдайы да өте ауыр халде болатын. 1850 жылы елдің оңтүстігіндегі Гуандун, Гуанси провинцияларында шаруалар көтерілісі басталған еді. Елдің экономикалық күйзелісі, апын қозғалысының зардаптары, Цин империясының елді дағдарыстан шығаруға дәрменсіздігі шаруалардың наразылығын туғызды.

Ағылшын, француз және америкалық капиталистері Қытайды отарлаудың осындай қолайлы сәтін пайдаланып, тағы да апын соғысын ашты. Цин өкіметі басқыншыларға қарымды қарсылық көрсете алмай, жеңіліске ұшырады. 1858 жылы Тяньцзиньға таяу жердегі Дагу бекінісін ағылшын-француз әскерлері басып алған соң, Цин өкіметі отаршыл державалардың қойған талаптарын мойындап, келісімге келді. Қытай Англиямен және Франциямен жеке-жеке Тяньцзинь келісіміне қол қояды. Англия мен Франция Пекинде өздерінің елшілерін ұстауға және өз елдерінің азаматтары Қытайда еркін жүріп-тұруына, Янцзы өзені бойында сауда жасауға мүмкіндік алады. Апын сатуға шек қойылмайтын болды, саудаға салынатын салық мөлшері қысқартылды. Осыдан кейін іле-шала америкалықтар да Қытайға өз талабын қойып, олар да Тяньцзиньда келісімге қол қойды. Американың сауда кемелері де Қытай порттарына келіп сауда жасауға рұқсат алады.

Қытаймен соғыс жүргізбесе де, 1858 жылы Ресей аса қолайлы сәтті пайдаланып, Қытаймен *Айгун келісімшартын* жасайды. 1689 жылы Нерчинск келісімі кезінде Амур жағалауларынан айырылған Ресей енді есесін қайтарып алуға мүмкіндік алды. Айгун келісімі бойынша Амур өзенінің сол жақ жағалауы Ресейдің меншігі деп танылды. Ресей басқа еуропалық елдер сияқты Қытаймен сауда жасасу жөніндегі келісімшартқа қол қойды. Пекинде тұрақты орыс өкілдігін, басқа қалаларда елшілер ұстауға жол ашылды.

Ойлан

Ресей Айгун шартында қандай мәселелерін шешіп алды?

Тяньцзинь келісімі Қытайды шетелдіктерге тәуелді, жартылай отар елге айналдырды. 1860 жылы Цин мемлекеті атынан мемлекеттік әкім Гун Англия және Франциямен Пекин конвенциясына қол қойды. Конвенция бойынша Тяньцзинь келісіміне қосымша Қытай 16,7 миллион лян өтемақы төлеп, Тяньцзинь портын ашуға келісті. Англия Қытайдан кули (жалдамалы жұмысшы) әкелуге рұқсат алды. 1860 жылы Ресей Қытайдан Уссурий аймағын толық қайтарып алды.

Апшын соғыстары еуропалық отаршылдардың Қытайды күшпен ашуына, бірнеше мыңжылдық тарихы бар алпауыт империяның күйреуіне әкеліп, отаршылдыққа тап болған жаңа кезенге аяқ бастырды. Маньчжурлық Цин әулеті өзінің гүлдену кезеңін аяқтап, құлдырауға ұшырай бастады. Апшын соғыстарындағы жеңілістер, сәтсіз, әділетсіз келісімшарттар шетел капиталына сауда, кеден және басқа да жеңілдіктер әкеліп, Қытай экономикасын күйреуге ұшыратты. Халықтың жағдайы нашарлап, мемлекет ауыр дағдарысты жағдайдың алдында тұрды.

Пікірталас

Екі апшын соғысындағы еуропалықтардың күшпен таңған келісімшарттарының Қытай үшін әділетсіз екенін дәлелдей аласың ба? Сыныптастарыңның ойын тыңда.

Біліміңді тексер

1. XIX ғасырдың ортасына қарай Цин империясы қандай даму кезеңін басынан өткерді?
2. Апшын соғыстарын туғызған себептерді талдап көр.
3. Бірінші апшын соғысынан кейін ағылшындармен бәсекелестікке тағы қандай елдер қосылды? Екінші апшын соғысын қандай еуропалық мемлекеттер жүргізді?
4. Бірінші апшын соғысы нәтижесінде Қытай ... келісіміне қол қойды.

§ 16. ҚЫТАЙДАҒЫ ИХЭТУАНЬДАР КӨТЕРІЛІСІ

Цин империясының дәрменсіздігі, Қытайдағы күн өткен сайын отаршылдық капиталдың күшейе түсуі елдің өзін-өзі сақтап қалуы мәселесін туғызды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайда елді күйреуден сақтап қалу жолдарын белгілеген «өзін-өзі күшейту» саясаты пайда болды.

Маньчжур билеушілері еуропалықтардың қару-жарақтарының артықшылықтары мен Батыс техникасының күштілігін мойындауға мәжбүр болған еді. Олар маньчжурлық билікті сақтап қалу мақсатымен, Қытайдың көне дәстүрлерін өзгерпей-ақ, жаңа еуропалық өзгерістер енгізу арқылы еуропалық «варварлардың» әскердегі, флоттағы, білім беру салаларындағы жаңалықтарын үйреніп, «өзін-өзі күшейту» саясатын жүргізу қажет деп есептеді.

Ойлан

«Өзін-өзі күшейту» саясаты деген не? Оны кімдер ойластырды?

Елді модернизациялауды Цин билеушілері өз қолдарына алып, отаршыл мемлекеттермен тек сауда жасасу, өнеркәсіп пен құрылыс саласына олардан қаржы тартумен шектелуді ойластырды.

Қытай жерін еуропалық державалардың ықпал аймақтарына бөлісуі. Батыс капиталистері Цин империясын түпкілікті әлсіретіп, Қытайды толық өз ықпалдарында ұстау саясатын жүргізді. Қытай экономикасына үстемдік орнатып, оны жартылай отар елге айналдырды. «Өзін-өзі күшейту саясаты» өзінің алдына қойған мақсатын орындай алмады. Оны ел басына түскен алғашқы қиындық сынақтан-ақ байқауға болатын еді. Аппын соғыстарынан кейін Англия Пеккиге әдеттегідей кезекті соғыс қаупін төндіріп, Чифу конвенциясы бойынша тағы да жаңа төрт портты ағылшын саудасына ашып берді.

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Цин империясының терең дағдарысымен;
- реформалық қозғалысты тудырған жағдайлармен және оның нәтижесімен;
- ихэтуаньдар көтерілісімен;
- Сунь-Ятсен және оның революциялық-демократиялық қозғалысымен танысамыз.

Тірек сөздер

- «Өзін-өзі күшейту» саясаты
- шетел капиталы
- Кан Ювэй реформалық қозғалыс
- «Реформаның жүз күні»
- ихэтуаньдар
- Сунь Ятсен революциялық-демократиялық қозғалыс

Ойлан

«Өзін-өзі күшейту саясаты» арқылы Цин үкіметі қандай жетістікке жетті? Бұл шаралар елді күшейте алды ма?

1884—1885 жылдары Франция Қытайға соғыс ашты. Вьетнамды Қытайдан тартып алып, өз билігін орнатты. 1894—1895 жылдары Жапония соғыс ашып, Қытайдан Тайвань, Пянху аралдарын тартып алды. Кореяны Цин империясы билігінен азат етіп, өз ықпалына көшірді. Осыдан бастап бүкіл Қытай жері еуропалық державалардың өзара ықпал ету аймақтарына айналды. Франция Оңтүстік Қытайда үстемдік етті. Ресей Маньчжурияда, Германия Шаньдун түбегінде, Жапония Фуцзянда билік жүргізді. Ал АҚШ болса, Қытайда «ашық есік» саясатын жүргізуді көздеді.

Жапон-қытай соғысы «өзін-өзі күшейту» саясатының күйрегенін, Қытайда аумақтық бөлшектену кезеңінің басталғанын көрсетті. Қытайдың соғыстағы жеңілістері елге отаршыл мемлекеттердің қысымын күшейте түсті. Қытайдың қаржы-экономикалық саласында шетелдік банктер үстемдік етті. Отаршылдар арасында «концессиялар үшін күрес» өршіді, теміржол саласына бақылау орнатты. Шетел капиталы кеме жасау, тоқыма өндірісі сияқты маңызды салаларды өз қаржысымен ұстап отырды. Ал жергілікті қытайлық кәсіпорындар мүлдем тиімсіз салаларда сақталып, қауқарсыз халде дамыды.

Реформалық қозғалыс және «Реформаның жүз күні». Қытай қоғамы, әсіресе көзі ашық, білімді шэньши топтары бұл масқара жағдайдан құтылудың жолын қарастыра бастады. Әсіресе қытай халқын Жапония елінің алдында тізе бүтуі ызаландырды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайдың тәуелсіздігін сақтап қалу, ол душар болған ауыр дағдарысты жағдайдан құтқару жолын іздеген шэньши тобы ел ішінде мемлекеттік деңгейде күрделі реформа жүргізуді көздеді. Елде реформалық қозғалыс басталды. Реформалық қозғалыстың бастамашысы және оны жүргізушісі қытайлық ойшыл қайраткер *Кан Ювэй* болды. Ол батыстық өркениеттің қазіргі жетістіктерімен жақсы таныс болатын, сонымен қатар ол қытайлық дәстүрлі қоғамның да ерекшелігін жақсы білетін адам еді. Ол елді дағдарыстан алып шығудың жолдарын ұсынған пікірлерін билікке жеткізуге көп күш салады. Ол императорға жолдауларында елді жайлаған жемқорлықты, халықтың ауыр тұрмыстық жағдайын баяндады. Ол бұл жағдайларды баяндап қана

коймай, ол дағдарыстан шығудың нақты іс-әрекет шараларын да көрсетті. Ол үшін мемлекеттік құрылысты реформа жасау арқылы қайта құруды ұсынды.

? Анықта

Реформалық қозғалысты кімдер бастады? Олардың жоспары қандай еді?



Кан Ювэй

Ұлы қыт ай ойшылы Конфуцийдің ілімін алға тарта отырып, *Кан Ювэй* елде парламенттік конституциялық монархия құруды талап етті. Мемлекеттік құрылыс, мәдениет, білім саласында бірқатар реформалық әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігін мәлімдеді. Кан Ювэйдің реформалық ұсыныстарына биліктегілер қолдау көрсетпеді. Тек 1898 жылы кәмелеттік жасқа толып, таққа отырған жас император Гуансюй ғана қолдау көрсетуге әрекет жасады. Бүкіл елде реформаны қолдау ұйымдары құрыла бастады, газет-журналдарда осы идеяны уағыздау басталды. Реформалық қозғалыстың өрлеуіне 1898 жылы Германияның Шаньдун түбегіндегі Циндао қаласын басып алуы, осыдан кейін іле-шала Англия Коулунды, Франция Гуанчжоуваньды, Ресей Порт-Артур мен Дальнийді басып алады. Отаршыл мемлекеттердің Қытайды талан-таражға салуы халықтың қатты ашу-ызасын туғызады. Осы толқулардан кейін император Гуансюй 1898 жылы реформа жүргізуге шешім қабылдайды.

Ойлан

Реформалық қозғалыстың басталуына қандай оқиға себеп болды?

1898 жылы жас император *Гуансюй* және *Кан Ювэй* мен *Лян Цичао* бастаған реформаторлар реформаның «жүз күні» ішінде қытай қоғамына үлкен өзгерістер әкелуге тиіс жарлықтар шығарды. Бірақ шынайы билік тізгіні Цин императорының қолында емес еді, биліктен айырылғысы келмеген сарай ішіндегі басқа топтар бұған қарсы шықты. Реакциялық топтар бұл реформалық әрекеттерді жоюға кіріседі де, 1898 жылы реформалық шараларды іске асыра бастағанына жүз күн толғанда төңкеріс жасайды. Реформа жасау әрекеті жеңіліске ұшырады. Қытайды сақтап қалуға ұмтылған реформа жасаушылардың әрекеті нәтижеге жете алмады.



Анықта

Реформаның «жүз күні» кезінде кімдер бұл әрекетке қарсы шықты, неге жеңіліс тапты?

Ихэтуаньдар көтерілісі. Қытайдың бұрынғы өткен тарихынан бері келе жатқан дәстүрі бойынша мемлекет саясатына қарсы халық күресін ұйымдастыруда өкіметтен жасырын әрекет ететін құпия қоғамдар көрнекті рөл атқарды. Шетел басқыншылығының салдарынан туындаған XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі саяси ахуалдардың шиеленіскен кезінде, яғни 1898 жылы «Ихэтуань» қоғамы немесе «Бейбітшілік және әділеттілік атынан көтерілген жұдырық» деп аталған жасырын қоғам маньчжур өкіметі мен жатжерлік отаршылдарға қарсы бағытталған өзінің іс-әрекетін күшейтеді. Қоғам мүшелері Шаньдунде жатжерліктерге қарсы ұйым құрады.

1899 жылы *ихэтуаньдар қозғалысы* тікелей көтеріліс сипатына ие болады.

Ихэтуаньдар Қытай жерінен барлық шетелдіктерді қуу, Қытайдың тәуелсіздігіне жету жолын көздеді. Олар көтеріліске шыққан кезде калалардағы шетелдіктердің үйлерін өртеп, өздерін



Импералистердің Қытайды бөлшектеуі
каррикатурасы

тұтқындап, жаппай жазалау әрекеттерін жүргізді. Олар «Жатжерліктерге өлім келсін, біз Мин мемлекетін қалпына келтіреміз!» деген ұран тастады. Ихэтуаньдар күшінің бүкіл Қытайды қамтығанынан қорыққан Цин өкіметі оларға амалсыз қолдау көрсетті. Ал ихэтуаньдар қырғынына жауап ретінде сегіз держава — Англия, Франция, Германия, АҚШ, Ресей, Жапония, Италия және Австро-Венгрия 1900 жылы Қытайға интервенция бастады. Олар ихэтуаньдар қозғалысын қанға бояп, басып-жаныштады. 1901 жылы жеңілген Цин өкіметі сегіз державамен «Қорытынды хаттамаға» қол қойды. Осы келісімшартқа байланысты Қытайда шетелдіктерге қарсы саясат жүргізетін барлық қоғамдық ұйымдарға тыйым салынды.



Сунь Ятсен

Ойлан

Ихэтуаньдардеген кімдер және олар кімге қарсы көтеріліске шықты?

Алайда халықтың отаршылдыққа қарсы бас көтерулерінің ұлғая түсуі мен оны басып-жаныштауға кететін күштерді есепке ала отырып, отаршыл державалар Қытайды ықпал аймақтарына бөлшектеп алудан бас тарта бастады. АҚШ еуропалық өз әріптестеріне Қытайда «ашық есік» саясатын жүргізуді ұсынды. Ол саясат бойынша барлық отаршыл елдер қытай нарығында теңдей құқыққа ие болатын болды. Дегенмен АҚШ саудагерлері мен капиталистері артықшылық жағдайға ие болып қалды.

Сунь Ятсен және оның революциялық-демократиялық қозғалысы.

Қытайдың оңтүстік жағы отаршылдар үстемдігінің нық орныққан аймағы болды. Бұл аймақта елді модернизациялау мен еуропаландыруға жағдай қолайлы болды. Еуропалық миссионерлік оқу орындарында оқытын қытайлық жастар елдің ауыр жағдайына алаңдап, одан шығудың жолдарын іздестіруге талпынды. Олар саяси үйірмелер ұйымдастырып, елді сақтап қалудың нақты қадамдарын жасау әрекеттерін ұйымдастыру жоспарларын жасады. Болашақ қытай революционерлері қалыптасты. Қытайды ауыр жағдайдан шығарудың жолын іздеген реформаторлардан кейінгі екінші бір үлкен қозғалыс-революциялық-демократиялық қозғалыс пайда болды. Қозғалыстың көсемі Қытайдың ұлы революционер-демократы *Сунь Ятсен* еді.

Ол 1894 жылы «Қытайды қайта өркендету қоғамын» құрды. Бұл ұйым Қытайдағы маньчжур үстемдігін құлату, тәуелсіз Қытай Республикасын құру, елде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты реформалық өзгерістер жасау мақсатын көздеді. Сунь Ятсеннің идеясының реформаторлардан айырмашылығы — ол Цин империясын құлатпайынша Қытайды ауыр дағдарыстан алып шығу мүмкін еместігін түсінді. Оған дәлел болатын реформалық қозғалыстың жеңіліске ұшырауы еді. Сунь Ятсен өзінің саяси идеясында, ең алдымен, жатжерлік маньчжурлық биліктен құтылуды, яғни Цин монархиясын құлатуды, Қытайды демократиялық билікке көшіруді көздеп, яғни монархиялық биліктен бас тартып, елді республика түрінде дамыту жолын ұсынды.



Анықта

Сунь Ятсен және оның саяси ұйымы алдына қандай мақсат қойды?

Реформалық қозғалысқа қарағанда алдына барынша айқын мақсат қойған, Қытайдағы барлық дағдарыстың себебі болып отырған маньчжур үстемдігінен құтылуды көздеген Сунь Ятсеннің партиясына халық көп сенім артып, революциялық-демократиялық қозғалысқа қатысуға ұмтылды. Бұл әрекеттер Қытайды XX ғасырдың басындағы Синьхай революциясына әкеліп, маньчжурлық монархиялық биліктен құтылуға қол жеткізді.

Пікірталас

Реформалық қозғалыстың жеңілу себептері неде деп ойлайсың? Өз ойыңды білдір. Сыныптастарыңның пікірін тыңда.

Біліміңді тексер

1. «Өзін-өзі күшейту саясаты» кезінде қандай шаралар жүргізілді?
2. Ихэтуаньдар қозғалысы қандай оқиғаларға байланысты шықты, олар кімдерге қарсы шықты?
3. Сунь Ятсеннің революциялық-демократиялық идеясының реформаторлардан айырмашылығы неде?
4. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайда елді күйреуден сақтап қалу жолдарын белгілеген «...» пайда болды.
5. Реформалық қозғалыстың бастамашысы және оны жүргізушісі қытайлық ойшыл кайраткер ... болды.
6. Ихэтуаньдар ... жету жолын көздеді.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ЕУРОПАҒА ТАРАЛУЫ

§17. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ. ЕУРОПАДАҒЫ 1848 ЖЫЛҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАҢА САЯСИ ИДЕЯЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Германияның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы және елді біріктіру мәселесі. XIX ғасырдың басында Германия экономикалық тоқыраудан шығудың басты жолын әлі таппаған еді. Басты себептердің бірі елдің саяси бытыраңқылығында болды. 1815 жылы маусымда Вена конгресінің актісімен Герман одағы құрылды. Одаққа 35 егеменді монархия, 4 ерікті қала — Гамбург, Бремен, Любек пен Майндағы Франкфурт кірді. Герман одағы берік бірлестік болған жоқ. Майндағы Франкфуртта мәжіліс құрған одақтың өкілдік органы бундестаг мемлекеттердің толық өкілетті өкілдерінен құралды және Австрия өкілінің төрағалық етуімен тұрақты жұмыс істеді.

Жеке мемлекеттердің экономикалық бірігуінде 1834 жылы Пруссия бастамасымен 18 мемлекетті біріктірген *Неміс кедендік одағы* құрылды. Бұл одақтың құрылуы үлкен мәнге ие болды, өйткені ортақ экономикалық кеңістік қалыптаса бастады.

Феодалдық міндеткерліктер экономикалық тәуелділіктің әртүрлі түрлеріне ауыстырылды. Кедей шаруалар жұмыс іздеу мақсатында қалаларға көшті. Батрактар еңбегін пайдаланған және ішкі нарыққа тауарлар жеткізіп отырған аukatты шаруалар — *гроссбауэрлер* пайда бола бастады.

XIX ғасырдың 50—60-жылдарында Германияның қарқынды экономикалық дамуы байқалды. Германиядағы өнеркәсіптік ре-

Бұл сабақта:

- Герман одағы;
- капитализмнің германдық нұсқасы мен Германияның саяси дамуы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Италияның саяси және экономикалық дамуы жайында;
- Франциядағы революция;
- Австриядағы революция;
- Италиядағы революция;
- 1848—1849 жылдардағы революциялардың нәтижелері жайында білеміз.

Тірек сөздер

- саяси бытыраңқылық
- Неміс кедендік одағы
- гроссбауэрлер индустрияландыру
- революциялық жағдай
- Франциядағы уақытша үкімет



Отто фон Бисмарк

волюцияның ерекшелігі оның отандық жетілдендірілген жабдықтар мен технологияға сүйенгендігінде болды. Қол жеткізген жетістіктер Германияның өнеркәсіптік дамыған мемлекетке айналуына мүмкіндік берді. XIX ғасырдың аяғында Германия өнеркәсіптің дамуы бойынша Францияны озып, Англиямен тең бәсекелесті.

Капитализмнің германдық нұсқасы. 1870—1880 жылдары «Темір канцлер» Отто фон Бисмарк тұсындағы капитализмнің германдық нұсқасы толығымен орнайды.

Бұл дәуірде Германияның барлығы дерлік неміс мемлекеттерінің ішіндегі ең қуаттысы — Пруссияның билігінде біріккен болатын. Өнеркәсіп дамуы үшін тиімді жағдайлар жасалынғанымен, буржуазия саяси билікке шығуға мүмкіндік ала алмады. Рейхстагтың (парламент) құзыреті айтарлықтай шектеулі болды, ал сайлау жүйесінде теңқұқылық ұстаным бұзылды.

Жердің көп бөлігін сақтап қалған помещиктер мәшинелер, химиялық тыңайтқыштар және басқа да жаңа нәрселер қолданылған ірі капиталистік шаруашылықтар құра бастады.

Ойлан

Бисмарк кім? Ол Германия тарихында қандай рөл атқарды?

Бисмарк атаған «қан мен темірдің саясаты» сыртқы саясат милитаризмі түрінде көрініс тапты. Елдің бюджетінен қайта қарулануға қомақты қаражат бөлінді, әскер көлемі айтарлықтай көбейді. Әскери орталарда Франция және Ресейге қарсы бір сәтте жүзеге асатын операция жоспарлары жасалынып жатты.

Ойлан

«Қан мен темірдің саясаты» деп қандай саясатты атайды?

Жарты ғасырға алға озуға деген талпыныс Германияны күшті капиталистік державаға айналдырды.

Германияның саяси дамуы. XIX ғасырда Германияда бірнеше ірі партиялар қалыптасты. Олардың ішінде Шығыс Пруссия, Бран-



Герман империясының жариялануы

денбург, Померания юнкерлігінің, сондай-ақ прустық офицерліктің, лютерандық дінбасылардың және ауқатты шаруалардың мүддесін танытқан *консервативтік* партия болды.

«Еркін консерваторлар» партиясы немесе «империялық партия» 1866 жылы Германияның бірігу мәселесі бойынша келіспеушіліктер салдарынан консервативтік партия құрамынан шығып кетті. Бұл партия өнеркәсіптік магнаттарға арқа сүйеді. «Еркін консерваторлар» партиясы Бисмарктің империялық саясатын сөзсіз қолдады.

Бисмарктің тірегі болып табылған «ұлттық-либералдық» партия 1867 жылы «прогрессистер» партиясынан шығып кеткен бұрынғы мүшелерінен құрылды. Ұлттық-либералдар ірі өнеркәсіптік буржуазия бөлігінің мүддесін танытты.

Рейхстагта Бисмарк саясатына қарсы либералды оппозиция «прогрессистердің» қалған бөлігінен құралған «еркін ойлаушылар» партиясы болды. «Еркін ойлаушылар» ұсақ қалалық буржуазия бөлігінің және кейбір зиялылар топтарының мүдделерін білдірді.

Пікірталас

Германияның жетекші саяси партияларының құрамы мен бағдарламаларының ерекшелігі неде болды?

Пруссия гегемонияға қарсы күресу үшін 1870—1871 жылдары католиктік шіркеу «орталық» партиясын құрды.

XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы Италияның саяси және экономикалық дамуы. Вена конгресінің шешімі бойынша Италия бірнеше мемлекеттерге бөлініп кетті. Оның аумағын Неаполитандық корольдық, Папа облысы, Тоскана, Модена, Парма, Лукка және Сардин корольдығы өз араларында бөліп алды. Елдің солтүстік-шығысы — Ломбардо-Венециандық корольдықты Австрияға қосты. Барлық жерде монархтардың абсолютті билігі қайта қалыптасты.

Италия XIX ғасырдың соңғы ширегінде капитализмнің «алғашқы буын» елдерімен салыстырғанда экономикасы артта қалған ел болып саналды. Бірқатар себептермен: яғни елдегі феодализмнің сарқыншақтары — ірі жер иелену және шаруалардың аз жер үлесі, фабрикалық өнімдерді сатып алуға мүмкіндік бермейтін шаруалардың кедейшілігі, өнеркәсіп буржуазиясы қатарының аздығымен, италяндық тауарлардың бәсекелестікке қабілетсіздігімен, саяси тұрақсыздықпен түсіндірілетін ел экономикасы баяу дамыды.

Ауылшаруашылығының дамуы әртүрлі аудандарда әрқилы болды. Шаруалардың жерден айырылуы оларды батрактарға немесе жалға алушыларға айналдырып, толық күйзеліске ұшыратты.

Италияда феодадық дворяндық және католиктік дінбасылар үстемдік етті. Елдің саяси бірігуі және ескі тәртіпті жоюы экономика дамуының негізгі шарты болды.

Ойлан

Италияның саяси және экономикалық дамуының ерекшеліктері қандай?

Революциялық жағдайдың туындауы. 1848 жылдың басында Еуропа революциялық қимылдардың қарқынды кезеңіне кірді. Оның негізгі себебі саяси мәселелердің шешілмеуі, халық жағдайының төмендеп кетуі болды. Осы жағдайлардың барлығы 1848 жылы Еуропада жаңа, әлдеқайда күшті революциялық толқулардың негізіне айналды. Революциялық оқиғалардың әр елде өзіндік

ерекшеліктері болса да, қимылдардың басым көпшілігі Француз революциясымен рухтанған либералды зиялылар тарапынан басқарылды. Халық бұқарасы революцияның негізгі қозғаушы күшіне айналды.

Ойлан

20—30-жылдары Еуропаның қай елдерінде революциялық қозғалыстар басталды?

Франциядағы революция. Революциялық оқиғалардың басын Париждегі көтерілістер бастады. Олардың басты себебі экономикалық дағдарыс болды. Дағдарыс қолөнершілердің кедейленуіне, жұмыссыздықтың көбеюіне, қымбатшылыққа және өмір сүру жағдайының төмендеуіне алып келді. 1848 жылы 22—24 ақпанда Парижде көтеріліс басталды.

Король Луи-Филипп тақтан кетті. Қаруланған париждіктердің талаптары бойынша Уақытша үкімет құрылды, республика жарияланды және Құрылтай жиналысына сайлау өткізу белгіленді.

Уақытша үкімет Францияны республика деп жариялауға және ақсүйектік ошақтарды жоюға мәжбүр болды. 21 жасқа толған ер-азаматтар үшін жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізу туралы декрет шығарылды. 25 ақпанда жұмысшыларға еңбек құқығына



Франциядағы революция

кепілдік беретін декрет қабылданды. Жұмыссыздықпен күрес жүргізу үшін ұлттық шеберханалар құрылды. Жұмыскерлер үшін жер қазу жұмыстары ұйымдастырылып, күніне екі франктен төленді. Көп ұзамай үкімет бұл жұмыстардың барлығына төлем жасау үшін қаражаттың жеткіліксіздігін аңғарды және тікелей салықтарды 45%-ға арттыруға мәжбүр болды.

Үкіметтің шешімі бұл салықты төлейтін ұсақ меншік иелері мен шаруалардың наразылығын туындатты.

Франциядағы революция нәтижесінде республика жарияланды. 1848 жылы Конституцияға сәйкес Францияны президент басқарды. Ол дауыс беру арқылы 4 жыл мерзімге сайланды. 1848 жылдың желтоқсандағы президент сайлауында Наполеон Бонапарттың жиені — Луи Наполеон жеңіп шықты. Луи Бонапарттың сайлануы француздардың республикадан көңілі қалғандығын көрсетті. Жаңа Конституция Наполеон Бонапарт кезіндегі тәртіптерді қайта қалпына келтірді. 1852 жылы Луи Наполеон III Наполеон есімімен француздардың императоры болып жарияланды.

Ойлан

1848 жылы елдің саяси құрылысы қалай өзгерді?

1848—1849 жылдары Германиядағы революциялық қозғалыс. Франциядағы республиканың жариялануы туралы хабар Германиядағы революциялық қозғалыстарға түрткі болды. 1848 жылы Берлин және Мюнхен көшелерінде баррикадалар басталды. Көтерілісшілер Конституция қабылдануын, феодалдық міндеткерлікті, цензураны алып тастауды, салықтардың біркелкі үлестірілуін, жалпыгермандық парламенттің шақырылуын т.б. талап етті.

Король министрліктер тағайындады және Ұлттық жиналысқа сайлау жариялады. Оның жұмысы 1848 жылы мамырда Майндағы Франкфуртте жиналыстың бірінші мәжілісі басталды. 1849 жылы мамырда Ұлттық жиналыс Конституция қабылдады. Ол Герман империясының құрылуын қабылдады. Императорлық тақ пен атқарушы билік басшылығы Пруссия королі IV Фридрих Вильгельмге ұсынылды. Бірақ IV Вильгельм тәжден бас тартып, конституцияны жоққа шығарды.

Ойлан

Германиядағы революцияның жеңіп шығуына қандай жағдай негізгі кедергі болып саналды?

Австриядағы революция. XIX ғасыр ортасында Габсбургтер империясы миллиондаған халқы бар мемлекет еді. Империя халқының басым көпшілігін венгрлер құрады. Хорватия және Словакияда миллиондаған шаруалар венгр помещиктерінің езгісінде болды. Сол мезетте венгрлердің өздері австриялық биліктің қыспағында болды. Осылайша әлеуметтік қарама-қайшылықтар ұлттық қанауға ұласты. Бұл революциялық көңіл күйдің күшеюіне алып келді.

1848 жылы наурызда Венада Конституцияны қабылдау және князь Меттерних үкіметінің кетуін талап ету ұранымен шерулер басталды. Студенттерден гвардия, халық жасағы құрылды. Осындай жағдайларда Венада рейхстаг (парламент) отырысы ашылды. Ол шаруалардың құн үшін жеке міндеткерлігін алып тастау туралы заң қабылдады.

Сол мезетте Венгрияда революция басталды. Онда өзіндік парламент — сейм құрылды, революциялық әскер қалыптасты. Зиялылар артықшылықтары және феодалдық міндеткерлік біртіндеп алынып тасталды.

Италиядағы революция. Наполеондық соғыстар Италияда ұлттық қозғалыстардың күшеюіне түрткі болды. Вена конгресінің шешімі бойынша Солтүстік Италияның екі облысы — Ломбардия және Венеция Австрияға берілді, бұл — елдің бірігуіне кедергі туғызды.

1831 жылы Джузеппе Мадзини елді азат ету және біріктірудегі күрес үшін «Жас Италия» ұйымын құрды. Ол күреске итальяндық ұлттық идеяның символына айналған Джузеппе Гарибальдиді шақырды.

Италиядағы революция 1848 жылы Сицилиядағы көтерілістен басталды. Көтерілісшілердің аралдан неаполитандық корольдың әскерлерін қуып шығуға қауқары жетті. Халықтық қозғалыстардан қорыққан барлық итальяндық мемлекеттер монархтары 1848 жылы ақпан-наурыздан бастап либералдардың қатысуымен үкімет құруға және Конституциялар қабылдауға мәжбүр болды.



Джузеппе Гарибальди

Италияны азат ету және біріктіру ұраны барлық итальяндықтардың қолдауын тапты. 1848 жылы наурызда Ломбардия және Венецияда антавстриялық көтеріліс басталды. Милан тұрғындары фельдмаршал Иоган Носиф Радецкий басқарған әскерді талқандады. Австриялықтарды Венадан қуып шыққаннан кейін, ол жерде республика жарияланды. Италияның солтүстігіндегі азат ету қозғалысы итальяндық мемлекеттердің Австриямен соғысының басталуына алып келді. Италияндықтардың негізгі талабы австриялық үстемдіктен азат болу және бірыңғай мемлекетті құру болды. Италияның барлық жерлерінде еріктілер жасақтары құрыла бастады. Олардың бірін болашақ ұлт қаһарманы Дж. Гарибальди басқарды.

Итальяндық монархтар халықтың патриоттық көңіл күйін мәнжайсыз қалдыра алмады. Әскери тұрғыдан әлдеқайда мықты Сардин корольдығы Австрияға соғыс жариялады.

1848—1849 жылдардағы революциялар нәтижелері. Еуропаның көптеген елдері үшін ортақ мәселе — капитализмнің дамуын тежеген феодалды-абсолюттік тәртіпті жоюмен қатар, 1848—1849 жылдардағы революциялық қозғалыстың өзінің мақсаттары болды.

1848—1849 жылдардағы революциялық қозғалыстар Батыс Еуропаның елдеріне жеңіс әкелді, бірақ сол елдердің алдында тұрған объективті міндеттерді толықтай шеше алмады. Дегенмен 1848 жылғы революциялық шайқастар текке болған жоқ. Олар феодалдық қатынастарды және кейбір елдердегі ескілікті бұзды, капитализмнің орнауына және әрі қарай дамуына, халықтың ұйымшылдығына себеп болды. Шешімі белгілі тарихи мәселелер (Италияның ұлттық бірігуі және Германияның ұлттық бірігуі сияқты) маңызды болды.

Пікірталас

1848 жылы желтоқсанда Франция президенттік сайлауында Наполеон Бонапарттың жиені — Луи Наполеон неліктен жеңді деп ойлайсың?

Біліміңді тексер

1. 50—60-жылдары Германияда экономикалық дамуға қандай жағдайлар әсер етті?
2. Германияның негізгі саяси партияларын атап көр.
3. Италияның экономикалық артта қалуын немен түсіндіруге болады?
4. Еуропадағы революциялық көтерілістердің алғышарттарын ата.
5. Германиядағы көтерілісшілердің негізгі талаптарын ата.
6. Австриядағы көтерілісшілердің талаптары басқа елдердегі көтерілісшілердің талаптарынан қандай айырмашылықтары болды?
7. Парижде ... саяси орталықтарына айналды.
8. Джузеппе Мадзинни ... ұйымын құрды.

§18. ФРАНЦИЯ-ПРУССИЯ СОҒЫСЫ. ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІҒҮІ. ИТАЛИЯНЫҢ БІРІҒҮІ

Пруссияның күшеюі. Ұлттық мемлекеттердің қалыптаса бастауы.

XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропада ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үрдісі жалғасты. XIX ғасырдың ортасынан бастап біршама күшейіп алған Пруссия неміс жерлерін өз қарамағына алу саясатын жүргізе бастады.

Пруссия ұлы державалардың қатарына кірді, бірақ олардың арасында қуаттылығы және ықпал ету жағынан әлсіз болды. XIX ғасырдың басындағы әскери реформаның нәтижесінде күшті әскер қалыптасты.

Пруссия неміс халқынан тұратын протестанттық мемлекет еді. Неміс ұлттық қозғалысын жақтаушылар өз үміттерін Пруссия әрекеттерімен Германияның бірігуімен байланыстыра бастады.

Король IV Фридрих Вильгельм науқастанып, өз өкілеттігін ағасы I Вильгельмге бергеннен кейін, Пруссия ішкі германдық істермен айналыса бастады. Оны толғандырған басты мәселе Австрияны әлсірету және барлық герман мемлекеттерін Пруссия маңына біріктіру болды.

Отто фон Бисмарк. XIX ғасыр басындағы реформалар пруссия әскерін жалпыхалықтық әскерге айналдырды. Бисмарк әскерге баса көңіл бөлді. Германияны біріктіру мәселесінің шешілуі сол дәуірдің саясаткері, 1862 жылы Пруссия канцлері болған Бисмарк есімімен байланысты болды. Пруссияның герман жерлерін біріктіру мәселесіндегі ең маңызды қарсыласы Германдық одақтағы көшбасшылыққа ұмтылған Австрия империясы болды.

Австрия-Пруссия-Дания соғысы. 1864 жылғы Пруссия мен Австрияның Данияға қарсы соғысы Австрияның талқандалуына бастама болды. Дания мемлекеті құрамында немістер тұратын екі провинция — Шлезвиг және Гольштейн болатын. Дания бұл соғыста жеңіліске ұшырағаннан кейін Пруссия Шлезвигті, ал Австрия Гольштейнді басқару билігін иемденді.

Бұл сабақта:

- ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үрдісімен және Австрия-Пруссия соғысының барысымен, империяның жариялануымен;
- 1871 жылғы Конституциясымен танысамыз;
- Италия жерлерінде саяси бытыраңқылық мәселесін шешу туралы;
- «гарибальди мыңдығы», Италияның бірігуі жайында білетін боламыз.

Тірек сөздер

- ұлттық мемлекеттер
- ұлттық бірігу мәселесі
- рейхсканцлер
- конституциялық монархия

Австрия-Пруссия соғысы. 1866 жылы Австрия-Пруссия соғысы басталды. Осы жылы 3 шілдеде Садова қыстағында пруссиялық әскер австриялықтардың әскерін жеңді. Көп кешікпей бейбіт келісімге қол қойылды, келісім бойынша Пруссия аумағы кейбір герман мемлекеттерінің жерлері қосылғаннан кейін Рейннен Неманға дейінгі жерді қамтыды. Сонымен *Солтүстікгермандық одақ құрылды*. Одақ басшысы пруссиялық король болды. Үкіметті канцлер басқарды. 1866 жылы 23 тамызда қол қойылған Париж келісімшартына сәйкес Австрия Герман одағынан біржола шықты және Германиядағы гегемония дау-дамайынан бас тартты.

Бисмарк Германияның бірігуін Францияны талқандаған соң ғана аяқтауға болады деп есептеді.

Франция-Пруссия соғысы. Соғыс қимылдарының басталуына 1868 жылғы революцияның нәтижесінде босаған испан тағына талас себеп болды. Ол Пруссия королінің немерелес інісі принц Леопольд Гогенцоллерн-Зигмарингенге ұсынылды. III Наполеон Леопольдке қарсы болды және Пруссия королі Вильгельмнің испан тағынан үміттенуінен іс жүзінде бас тартуға мәжбүр етті. Бұл туралы телеграмма алған Бисмарк одан барлық келісімге келу сөйлемдерін сызып, оны жариялады. Француз үкіметі хабарды жәбірлеушілік ретінде қабылдап, Пруссияға соғыс жариялады. Әскери министр Лебеф Францияның соғысқа дайын екендігіне сендірді. Іс жүзінде



Франция-Пруссия соғысы. 1870 ж.

ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІГУ



— 1864 ж. мемлекеттер шегаралары

Пруссия 1864 ж.

1864—1866 жж. Пруссия басқыншылығы

Солтүстік Германдық одаққа кірген басқа мемлекеттер

Пруссияның басшылығымен 1866—1867 жж. құрылған Солтүстік Германдық одақтың шегаралары

Даниямен (1864 ж.), Австриямен (1866 ж.) және Франциямен (1870—1871 жж.) соғыстағы Пруссия әскерлерінің шабуылы

1871 ж. құрылған Германия империясының шегаралары

0 130км

әскери қимылдардың жоспарлары жоқ еді. Пруссияға Солтүстік Герман одағының әскерлері ғана емес, сондай-ақ оған кіре қоймаған төрт мемлекеттің әскерлері де қосылды.

1870 жылы тамызда Мец қамалында 200 мыңдай француз әскері қоршауда қалып, нәтижесінде Пруссия әскері жеңіске жетті.

Германия империясының соңғы қарсыласы саналған Франция Француз-Пруссия соғысы нәтижесінде жеңіліс тапты. Бұл қақтығыс Франциядағы Луи III Наполеон режимінің құлауына алып келді.



Анықта

Германияның бірігуі картасынан Франция — Пруссия соғысы қашан болды және қай аумақты қамтыды деген сұрақтардың жауабын іздеп көр.

Империяның жариялануы және 1871 жылғы Конституция. 1871 жылы қаңтар айында Версаль сарайының Айналы залында Герман империясының құрылғандығы жарияланды. Вильгельм Гогенцоллерн Германия императоры болып тағайындалды.

Герман империясы жарияланғаннан кейін империялық Құрылтай жиналысы — Құрылтай рейхстаг шақырылды. Ол Конституция қабылдады. Конституцияға сәйкес Герман империясы 22 монархияның одағын құрады. Олардың барлығы өз конституцияларын және жергілікті парламенттерін (ландтагтар) сақтап қалды. Тек Пруссия королінен сайланатын герман императорының (кайзердің) күшті билігі орнатылды. Кайзер мемлекет басшысы болып есептелді, заңдарды бекітті, соғыс жариялады, әскердің бас қолбасшысы болды. Оның алдында үкімет басшысы — рейхсканцлер Бисмарк есеп беріп отырды. Рейхстагты 25 жасқа толған ер адамдар 5 жылға сайлады. Жоғарғы палата (бундесрат) мүшелері барлық монархия өкілдерінің ішінен тағайындалды. Төменгі палата (бундестаг) жалпы дауыспен сайланды. Рейхстагтың құқықтары шектеулі болды, император екі палатаны да өз қалауы бойынша таратып жібере алды. Рейхстагқа барлық ірі саяси партиялар кірді.

Ойлан

Германияның бірігуінің тарихи маңызы қандай болды?

Италияның бірігуі. Елдегі саяси бытыраңқылық мәселесін шешу Италияның күн тәртібінде тұрды.

XIX ғасырдың ортасында граф Камилло Бенсо Кавур біртұтас ұлттық мемлекет құру жөнінде нақты жоспар ұсынды. Оның жана-

ИТАЛИЯНЫҢ БІРІГҮІ



лығы — Австрияны күйретуге қабілетті ұлы державалардың бірінің көмегі арқылы ғана Италияны біріктіру мүмкіндігі туралы ой айтты. Кавур елді біріктіруге басты рөлді тек Сардиния корольдығы атқаруға қабілетті және барлық италиялықтар осы мақсатты жүзеге асыру үшін бірігуге тиіс деп санады.

Кавур идеясын Сардиния королі II Виктор Эммануил де жақтады. 1850 жылы ол Кавурды үкімет құрамына кіргізді, ал екі жылдан кейін оны премьер-министр етіп тағайындады.



Анықта

Италияның бірігуі картасынан 1861 жылы құрылған Италия корольдығының шекараларын көрсете аласың ба?

Кавур саясаты. Кавур үкіметі ауылшаруашылығының, өнеркәсіптің және сауданың дамуына қолдау жасады. Теміржолдар мен каналдар, порттар мен телеграф желілері салынып жатты.

Сыртқы саясатта Кавур Франция императоры III Наполеонның қолдауына қол жеткізуге ұмтылды. 1858 жылы шілде де Пломбьер каласында Кавурдің III Наполеонмен кұпия кездесуі өтті.

Келісілген шартқа сәйкес, Австрия шабуыл жасай қалған жағдайда Сардиния корольдығына Франция көмекке келуге міндеттенді. Франция Ломбардия мен Венецияны азат етуге және оларды Савойя мен Ниццаның орнына айырбас түрінде Сардиния корольдығына беруге тиіс болды.

Ойлан

Италияның бірігуінде Кавур қандай рөл атқарды?

Австриямен соғыс. Австриямен соғыс 1859 жылы сәуірде басталды. Австрия әскеріне француздар мен сардиниялықтардың біріккен күштері қарсы тұрды. 4 шілде күні Маджент түбінде болған француздармен соғыста австриялықтар жеңіліс тапты. 24 шілдеде Сольферино маңындағы соғысушы жақтардың негізгі күштері кездесті. Әскер қатарында австриялық император Франц Иосиф те, III Наполеон мен II Виктор Эммануил де болды.

Австриялықтар Ломбардиядан шегіне бастады. Италияда ұлттық қозғалыс толқыны көтерілді. Венецияны азат ету жөніндегі уәдесін орындамай, III Наполеон австриялықтарға бітімге келуді ұсынды. Бұл Кавур үшін күтпеген оқиға болды. Соғыс аяқталды. III Наполеонның сатқындығы бүкіл Италияда наразылық туырды.

1859 жылы 11 шілдеде қол қойылған бітімге сәйкес, Сардиния корольдығы Ломбардияны қайтарып алды. Бірақ сардиниялықтар Наполеон пломбьерлік келісімнің шарттарын бұзды деп санап, Францияға Савойяны және Ниццаны беруден бас тартты. Италия бұрынғысынша бытыраңқы күйінде қалды.

Кавур 1860 жылы Францияға Савойя және Ниццаны бере отырып, бұл аумақтардың қосылуы туралы III Наполеонның келісіміне қол жеткізді. Сардиния корольдығымен ең күшті италиялық мемлекетке және Италияның бірігуі жолындағы күрес орталығына айналды.

Ойлан

Австриямен соғыс не үшін басталды?

1860 жылы сәуірде Неаполь корольдығының құрамына кіретін Сицилияда шаруалар көтерісі бұрқ етті. Мамыр айында Генуядан сицилиялықтарға көмекке Джузеппе Гарибальди кетті. Оның тарихта «Гарибальди мыңдығы» деп аталған жасағында 1100 қарулы әскер болды.

Гарибальдидің Сицилияға келуі жалпы көтеріліске түрткі болды. Гарибальдидің қарамағына тұтас әскер жиылды. 1860 жылы мамырда Калатафими қаласы жанында «мыңдық» король әскерін жеңді. Шілде айының соңында Гарибальди бүкіл Сицилияға бақылау орнатты. 8 тамызда оның әскері Апеннин түбегінен өтіп, 6 қыркүйекте Неапольға салтанатпен кірді.

1860 жылдың соңына қарай Сардиния корольдығының құрамына Венеция мен Папа облысының Римдік бөлігінен басқа, бүкіл Италия бірікті.

Ойлан

Гарибальди «мыңдығының» жорығы қандай рөл атқарды?

Бірігудің аяқталуы. 1861 жылы наурызда II Виктор Эммануил Италия королі болып жарияланды. Кавур премьер-министр болып сайланды. Оның бастамасы бойынша парламент Римді елдің астанасы етіп бекітті.

1867 жылы Гарибальди өзінің жасақтарымен Римге басып кіріп папа әскерін талқандады.

1870 жылы Франция-Пруссия соғысы басталған соң, II Виктор Эммануил елдің түпкілікті бірігуі үшін француз әскерлерінің

сәтсіздіктерін қолдануды көздеді. Француз гарнизоны өз елін қорғамақ болып Римді тастап кетті. Рим Италия астанасына айналды, ал Рим Папасы Ватикан сарайы шегіндегі билеуші болып жарияланды.

Римнің қосылуымен Сардин корольдығы төңірегінде Италияның бірігуі аяқталды.

Ойлан

Италияның бірігуі дегенді қалай түсіндің?

Италияның саяси құрылысы. Біріккен мемлекетте конституциялық монархия қалыптасты. Конституция бойынша король II Виктор Эммануил заң шығарушы билікті парламентпен бөлісті, ол екі палатадан: жоғарғы — сенат және төменгі — депутаттар палатасынан тұрды. Сенаторлар өмір бойына тағайындалды. Депутаттар палатасы сайланатын болды. Сайлау құқығы тек қана 25-тен асқан ер адамдарға берілді.

Атқарушы билік толық монарх қолында болды. Ол әскерлерге бұйрық беру, соғыс жариялау, бітім жасау құқығына ие болды. Бірыңғай мемлекет құрылғаннан кейін ескі саяси партиялар ыдырады. Билік басына келген либерал буржуазия жаңа екі партияның айналасында топтасты: тарихи оңшылдарға-консерваторлар, ал тарихи солшылдарға демократтар жатты.

Білімді тексер

1. Пруссияның күшеюі қандай жағдайлармен түсіндірілді?
2. Қандай реформалардың арқасында прустық әскер Еуропадағы ең мықтылардың біріне айналды?
3. Австрия-Пруссия соғысының негізгі нәтижелерін ата.
4. Француз-Пруссия соғысының басталуына қандай жағдай себеп болды?
5. Герман империясы қашан жарияланды?
6. Италияның бірігуінде үлкен рөл атқарған тарихи тұлғаларды ата.
7. Рим ... астанасына айналды.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

§ 19. XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ ДАМУЫ. РЕСЕЙ САМОДЕРЖАВИЕСІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

XIX ғасырдың басындағы Ресейдің экономикалық дамуының негізгі сипаттары.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей экономикасының дамуы күрделі жағдайда өтті. 1812 жылы Отан соғысы болды. Аса ірі қиыншылықтарды бастан кешіре отырып, халық өз Отанының тәуелсіздігін сақтап қалды. Бұл соғыс бүкіл экономиканы дағдарысқа әкелді және Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергілерін тигізді. XVIII ғасырда басталған феодализмнің ыдырауы тез жүрді.

Ресейдің тарихи дамуының екінші маңызды ерекшелігі экономикаға үлкен ықпал еткен таптық карама-қайшылықтардың, шаруалар қозғалысының шиеленісуі болды. Шаруалардың азаттық үшін күресі жыл өткен сайын бұқаралық сипат ала бастады. Бұл феодалдық жер иеленудің бұзылуына, помещиктер мануфактурасының құлдырауына әкелді.

Ойлан

Ресей экономикасының дамуы қандай тарихи жағдайларда жүрді?

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдағы Ресейдің рөлі, Ресейдің экономикалық дамуындағы орын алған тарихи жағдайлар;
- капиталистік тәртіптің қалыптаса бастауы, өнеркәсіптің даму ерекшеліктері;
- Ресейдегі өнеркәсіп төңкерісінің басталуы, 90-жылдардағы өнеркәсіптің дамуы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- басыбайлылық жүйе
- басыбайлылық құқық

XIX ғасырдың ортасына қарай жер меншіктерінің қарызға сатылымы көбейді, помещиктердің банктерге қарызы өсті, тиімсіз жерлерді жалға беру көбейді — оларды 1801 жылдан бастап заңмен рұқсат етілген дворяндық емес сословие өкілдеріне жалға берді. Шаруашылық жүргізудің басыбайлылық әдісі Ресейдің орталығында сақталды. Алайда ауылшаруашылығында оның оңтүстік аудандарында капиталистік тәртіптің қалыптасу сипаттары

көріне бастады. Өнеркәсіпте ауылшаруашылығына карағанда капиталистік қатынастардың қалыптасу үрдісі кеңінен жүрді. Бұған сыртқы нарықтың дамуы септігін тигізді.

Өнеркәсіптің дамуы. Феодализмнің ыдырау үрдісі және жана капиталистік қатынастардың пісіп жетілуі өнеркәсіптің дамуында көрінді. Капиталистік өнеркәсіп өз дамуында үш кезеңде өтті: ұсақ өндіріс, мануфактура, фабрика.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі ірі өнеркәсіптік өндірістің негізгі түрі мануфактура болды.

Қол еңбегін қолданатын мануфактура мәшинелерді қолдануға негізделген капиталистік фабрикаға айналды.

Ең алдымен мәшинелер мақта мата өндірісінде, кейін өнеркәсіптің басқа да салаларында қолданыла бастады. Бастапқыда мәшинелер шетелден әкелінді. Бірақ Ресейде көп ұзамай мәшинелер мен құралдарды өндіретін өз кәсіпорындары пайда бола бастады.

Өнеркәсіпте жалдамалы жұмысшылар еңбегі кеңінен қолданылды.



Анықта

Капиталистік өнеркәсіп дамуының үш кезеңін ата және олардың бір-бірінен айырмашылықтары қандай болды?

Басыбайлылық құқықты жою және 1860—1870 жылдардағы реформалар. 1855 жылы Ресей тағына император II Александр отырды. Оның билігі реформаларды жүзеге асырумен байланысты болды.

1861 жылы басыбайлылық құқық жойылды. Бұл реформадан кейін басқа маңызды реформалар енгізілді: ауылдық жерлерде өзін-өзі басқару органдарды құру реформасы, сот, әскери, қаржы, білім реформалары жүргізілді.



II Александр

1890 жылдардағы өнеркәсіптік өсу. 1890 жылы қабылданған шаралар нәтижесінде Ресейде өнеркәсіптік өсу орын алды, ол келесі сипаттарға ие болды:

— қарқынды теміржол құрылысы; Орта Азияға теміржол ашылды; 1891 жылы Транссібір теміржолының құрылысы басталды;

— өндірістің шоғырлануы және ауыр өнеркәсіптің басым дамуы;

— Донбасс және Бакуде қуатты жанармай-энергетикалық база құрылды, нәтижесінде Ресей шойын балқыту бойынша әлемде 3-орынды, ал мұнай өндіру бойынша 1-орынды алды.

XIX—XX ғасырлар қарсаңында Ресей экономикалық тұрғыдан негізгі басыбайлылық елдерді қуып жетті.

Ауылшаруашылығындағы өзгерістер. Помещиктік жер иелену және қанау үстемдік еткен ауылшаруашылығы өте баяу дамыды.

Помещиктердің басым бөлігі шаруашылықты ескіше жүргізді. Табысты жоғарылатудың жалғыз әдісі — шаруаларды феодалдық қанау деп есептеді. Олар жер жыртуды шаруашылық жерлердің есебінен кенейте келе барщинаны ұлғайтты. Шаруалардың басым көпшілігінің жағдайы төмендеп кетті. Олардың кедейленуі феодалдық шаруашылықтың экономикалық негізін бұзды. Помещикке жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін крепостниктердің өз малы және құрал-саймандары, шаруашылығы болуы керек болды.

? Анықта

Шаруашылықтың жіктелуі қалай болды?

Тауар-акшалық қатынастар дамуының ықпалымен ауылда шаруашылықтың жіктелуі жүрді. Кедей және үлестен құр қалған отбасылардың қасында сауда, өсімқорлықпен айналысқан, өз акшаларын өнеркәсіп орындарына салған шаруалар тобы көбейе бастады. Олардың ортасынан бостандық үшін өз фабрикаларын ашқан ірі кәсіпкерлер шыға бастады.

Ойлан

XIX ғасырдың басында басыбайлылық құқықты шектеу және алып тастаудыңандай жобалары жасалды?



Теміржолдағы жөндеу жұмыстары

Осылайша экономикадағы капиталистік қатынастардың дамуы феодалдық тәртіптің ыдырауына, таптық карама-қайшылықтардың шиеленісуіне және таптық күрестің басталуына алып келді.

90-жылдардың басында-ақ жұмысшы қозғалысы өрші түсті. Бұл жылдардағы өнеркәсіптік өрлеу жұмысшылардың жағдайын жақсартпады.

Жұмысшылар еңбек жағдайын жақсарту, жалақыны көтеру, жұмыс күнін қысқарту талаптарымен күреске шықты.

Жалпы алғанда, жұмысшы қозғалысы әлі де болса әлсіз, стихиялық және шашы раңқы болды.

Самодержавиенің дағдарысы. Ресейде капитализмнің қарқынды дамуына карамастан, капиталистік жолда тағы бір кедергі — самодержавие немесе абсолюттік монархия қалды. Ресей империясының патшалық билігі билеуші тап ретінде ақсүйектерге негізделген. Буржуазиялық реформалар мен Ресейдегі өнеркәсіп төңкерісі тек жұмысшы таптың ғана емес, сонымен бірге буржуазияның пайда болуына әкелді. Капиталистер тек экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси билікке қол жеткізуді армандады. Бұл Ресейде билеуші тап ретінде буржуазияны қалыптастыруға алып келетін буржуазиялық-демократиялық революцияның басталуын білдірді.

Білімнің тексер

1. 1812 жылғы Отан соғысы Ресей экономикасына қалай әсер етті деп ойлайсың?
2. Капиталистік қатынастардың қалыптасу үрдісі неліктен ауылшаруашылығына қарағанда өнеркәсіпте кеңінен жүрді?
3. Капиталистік өнеркәсіп дамуының негізгі кезеңдерін сипаттап көр.
4. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі ірі өнеркәсіптік өндірістің негізгі түрі ... болды.
5. Неліктен Ресей 1860—1880 жылдары экономикалық тұрғыдан Батыс Еуропаның жетекші елдерінен артта қалды?
6. 1890 жылдары Ресейде өнеркәсіп өрлеуі қай салаларда орын алды?

§ 20. ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҒЫМДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың ерекшелігі. Ресейдің қоғамдық-саяси санасы еуропалық қоғамдық-саяси дәстүрмен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі болды. Мұны Ресейдің географиялық орналасу ерекшелігімен, табиғи ресурстарына бай үлкен аумақта болуымен түсіндіруге болады. Еуропаның озық елдерімен салыстырғанда Еуропа мен Азия, Батыс пен Шығыс арасында орналасқан Ресей әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың төменгі сатысында болды. Өндірістің капиталистік тәсілі шаруашылық жүргізудің феодалдық-басыбайлылық әдістерімен үйлесіп, абсолютті-монархиялық басқару сақталды. Сондықтан Ресей зиялылары халықты басыбайлылық пен зомбылықтан азат ету қажеттілігін түсінді.

Декабристер қозғалысы. Болашақ декабристердің революциялық идеяларын қалыптастыруға орыс ағартушылары — А.Н.Радищев, Н.И.Новиков; француз философтары — Ж.Ж.Руссо, Вольтер және Д.Дидро, Ш.Монтескье; ағылшын экономистері — А.Смит, И.Бентам идеялары әсерін тигізді.

Бұл сабақта:

- азат ету күресінің негізгі кезеңдері, жасырын қоғамдардың пайда болуы;
- Оңтүстік одақ, Солтүстік одақ, декабристер көтерілісі;
- 30—50 жылдардағы қоғамдық қозғалыстардың ерекшеліктері туралы білеміз.

Тірек сөздер

- Либералды идеялар
- декабристер көтерілісі
- консерватизм
- батысшылдар
- славяншылдар
- халықшылдар

Ойлан

Ресейгекелген либералды идеялардың мәні не болды?

Алғашқы ірі жасырын қоғам «Құтқару одағы» болды. Оның негізін қалаушы Бас штаб полковнигі А.Н.Муравьев, ал мүшелері С.П. Трубецкой, Н.М. Муравьев, П.И. Пестель (барлығы — 30 адам) болды. Қатысушылардың мақсаты басыбайлылық құқықты жою және самодержавиені шектеу болды.

Қоғамдық қолдаудың маңыздылығын ұғыну «Құтқару одағы» қоғамын ыдыратып, орнына «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамын құруға алып келді. Одақтың жарғысында көрсетілгендей,



Сенат алдындағы көтеріліс

басыбайлылық пен самодержавниге қарсы күресу қажет деп санап, «Одақ» мүшелері осы мақсатқа жету жолын белгіледі. Олар либералды идеяларды таратуға, халыққа білім беру және тәрбиелеу мәселелеріне үлкен мән берді.

Пікірталас

«Құтқару одағы» мен «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамдарын қандай идеялар біріктірді?

Алайда І Александр үкіметі реформадан бас тартқаны белгілі болғаннан кейін «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» таратылды. Оның негізінде жана жасырын ұйымдар Украинада «*Оңтүстік одақ*» және Петербургте «*Солтүстік одақ*» құрылды.



І Александр

«*Оңтүстік одақ*». Бұл ұйым Украинада орналасқан 2 әскердің офицерлерін біріктірді. Басшысы П.И.Пестель болды. Пестель өз бағдарламасын «Русская правда» деп атады. Бұл Ресей тарихында алғашқы республикалық Конституцияның біртұтас жобасы болды. Онда Ресей республика болып жарияланды. Сословиелік бөлініс жойылды. Азаматтық бостандық жарияланды.

«*Солтүстік одақ*». Бұл қоғам Петербургте құрылды. Оның негізін М. Муравьев, Н.И. Тургенев, С.П. Трубецкой, Е.П. Оболенский және П.И. Пущин қалады.

Декабристер көтерілісі. Екі қоғамның мүшелері 1826 жылы мамырда жыл сайынғы әскердің дайындығын байқау кезінде ашық әскери көтеріліске шығу шешімін қабылдайды. 1825 жылы 18 қарашада І Александр Таганрогта кенеттен қайтыс болды. Таққа Александрдың ағасы Константин отыру керек болатын, бірақ ол тақтан ерікті түрде бас тартып, інісі Николайға ұсынды.

1825 жылы 14 желтоқсанда Николайға ант ету рәсімі белгіленеді. Осы күнге «*Солтүстік одақ*» мүшелерінің патшаға қарсы көтерілісі де белгіленген болатын. Осы кезден бастап олар *декабристер* деп аталды. Декабристер жауынгерлердің жаңа патша Николайға ант беруіне жол бермеуді мақсат етті.

Шындығында барлығы басқаша болды. Көтеріліс басып тасталды.

1825 жылы желтоқсанда «*Оңтүстік одақ*» мүшелері көтеріліске шығуға әрекет жасады. С.И. Муравьев-Апостол мен М.П. Бестужев-Рюмин бастаған Черниговск полкі Киевке аттанды, алайда олар да талқандалды.

Декабристер көтерілісі Ресейдегі самодержавие мен басыбайлыққа қарсы бүкіл халықтың мүддесін қорғайтын алғашқы көтеріліс болды. Декабристер бірінші болып ұйымдар құрып, іс-қимыл бағдарламаларын, халық мүддесін қорғайтын, Отанды саяси және экономика тұрғысынан қайта құру жобаларын дайындады.

Декабристердің идеяларымен алдыңғы қатарлы орыс зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің көптеген ұрпақтары тәрбиеленді. Декабристердің көтерілісінен кейін саяси тәртіп қатаң талаптарымен дамыды, революциялық қозғалыс пен үкіметтік реформаторлық қызметтің арасы ажырады, консервативтік бағыт алғаш рет өз идеологиясын алды, қоғам санасының либералды және әлеуметтік ағымдары қалыптасты. Қоғамдық қозғалыс қатысушыларының осы идеяларын тәжірибеде іске асыру мүмкіндіктері болмады. Олар адам санасын болашақтағы өзгерістерге дайындай алды.

Консерватизмнің дамуы Ресей ғылым академиясының президенті граф С.С.Уваровтың еңбегі болып табылады. Ол самодержавиені патша мен халық бірлігі деп түсінді және халық пен монарх арасында ажырамас рухани бірлік Ресейдің сәтті дамуына кепіл болады деп санады.

Либералды қозғалыс. Батысшылдар мен славяншылдар. Ресейлік либерализмді сол жылдары батысшылдар мен славяншылдар ұсынды. Батысшылдар дүниежүзілік өркеннет біртұтас және одан елдің шығуы оның құлдырауына алып келеді деп санаған. Олар Ресейді Ұлы Петрдің қайта құруы арқасында өркеннетті мемлекет болды деп есептеген. Олардың пікірі бойынша, Ресей міндеті

Батыспен астасып, онымен бірге біртұтас мәдениетті орта құру еді. Славяншылдар, керісінше, әр халықтың өзіндік ерекшелігін қолдады. Славяншылдар І Петр қызметін теріс бағалады, оның реформалары Батыстан алынған, Ресейге қажетсіз және ол қоғамдық алауыздыққа алып келеді деп санады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдегі қоғамдық-саяси күресте мемлекеттік құрылыс туралы мәселе туындады. Революциялық қозғалыстың негізгі нысаны халықтық болды.

Ойлан

Батысшылдармен славяншылдардың арасындағы негізгі айырмашылық неде болды деп ойлайсың?

Халықшылдар. 70-жылдары революциялық халықшылдардың ірі теоретиктері М.А.Бакунин, П.А.Лавров және П.Н.Ткачев болды. Халықшылдар халықты, бірінші орында шаруаларды нақты саяси күш деп қараған және өздерінің басты міндеті саналы әрі ұйымдасқан күшке айналдыру деп санаған. Олар шаруаларды революцияға шақырды.

Анархиялық бағытты М.А.Бакунин басқарды. Оның пікірінше, бұқара халық шешуші рөл атқаруы тиіс. Ресейде шаруалар революциялық күш, сондықтан оны біріктіріп, жауынгерлік бүлікшіл жолмен көтеру керек деді.

Екінші теориялық бағытты («насихаттық») П.Л.Лавров басқарды. Лавров орыс халқын революцияға дайын деп ойлаған жоқ. Тек жүйелі үгіт-насихат, халық арасында көшбасшыларды тәрбиелеу, оның пікірінше, революциялық әрекеттер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алады деп есептеді.

Халықшылдықта үшінші бағытты П.Н.Ткачев басқарды. Ол орыс революционерлеріне: «Бүлікті кешіктірмендер», — деді, себебі капитализмнің дамуы, оның пікірі бойынша, идеяны іске асыруға және реакция күшін нығайтуға кедергі жасауы мүмкін еді.

1876 жылы Санкт-Петербургте халықшылар «Жер және еріктілік» деген жасырын ұйым құрды. Олардың мақсаты барлық жерді еңбек шаруашылығының қолына тапсыру, қоғам өмірін өздігінен басқаруды ұйымдастыру, ұлт мәселесін халық көзқарасы арқылы шешу еді. 1878 жылы шілдеде Липецкте «Жер және еріктілік» II Александрды өлім жазасына кесті.

Ресейдегі марксистік үйірмелер. Еуропадағы социализм идеяларын қозғаушылар арасында К.Маркс ілімі — марксизм таралды. Маркс теориясына сәйкес барлық өндіріс құралдары (жер, өнеркәсіптік

және ауылшаруашылығы кәсіпорындары) қоғамға тиесілі және қанаушылық жойылады. Бірақ бұл қоғамға басты күш жұмысшы табы (пролетариат) болатын социалистік революциясыз өту мүмкін емес еді. Алайда 60—70-жылдары марксизм орыс революциялық қозғалысында басты революциялық теория бола алмады. 1883 жылы Женевада (Швейцария) орыс революционерлері марксистік ұйым — «Еңбектен босату» тобын құрды. Олар жеке террорлық тактикасынан бас тартып, өздерінің негізгі міндеті халықта социалистік идеяларды үгіттеу деп санады. Жұмысшылар қозғалысында әлеуметтік сананы қалыптастыру ресейлік революциялық марксистердің қызметінде басты мәселе болып табылды. Осы міндетті жүзеге асыруда В.И.Ленин үлкен рөл атқарды. 1895 жылдың күзінде В.И.Ленин 20 петербургтік марксистік үйірмені «Жұмысшы табын құтқару жолындағы күрес одағы» қоғамына біріктірді. 1898 жылдың наурызында «Күрес Одағы» өкілдері Минскте өздерінің бірінші съезіне жиналды және Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясын (РСДЖП) жариялады.

Ойлан

Халықшылдардың іс-қимылдары не үшін сәтсіз аяқталды?

РСДЖП II съезі Брюссель — Лондонда 1903 жылы өтті. Онда партия бағдарламасы мен жарғысы қабылданды. РСДЖП басты революциялық талапты — пролетариат диктатурасын орнатуды мақсат етті. Алғашқы орыс буржуазиялық-демократиялық революция 1905—1907 жылдары болды.

Ойлан

Ресейде марксизм қалай тарала бастады?

Біліміңді тексер

1. Либералды идеялардың негізі қағидасын атап аласың ба?
2. Неге «Құтқару одағы» «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамымен алмастырылды?
3. Ресейдегі қоғамдық-саяси ойлардың дамуына декабристер қандай ықпалын тигізді?
4. *Консерватизм* деген не, оның негізгі қағидалары қандай?
5. Батысшылдар мен славяншылдар арасындағы ортақ сипаттарын атап көр.
6. «Оңтүстік одақ» ұйымының бағдарламасы қандай болды?
7. «Құтқару одағы» жасырын қоғамның негізін қалаушы ... болды.
8. П.И.Пестель ... басшысы болды.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҮНДІСТАНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ ҮСТЕМДІГІ. ӘЛЕМДІК ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

§ 21. ҮНДІСТАНДАҒЫ СИПАЙЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Бұл сабақта:

- Англияның Үндістанды толық отарлыққа түсіруін, отаршылдық қанау жолдарын білетін боламыз;
- Отаршылдыққа қарсы шыққан халық көтерілістерімен танысамыз;
- Үндістандағы жаңа билеу жүйесін оқып білеміз.

Тірек сөздер

- Сипайлар
- Ост-Үнді компаниясы
- Рам Мохан Рай
- Сипайлар көтерілісі
- Үндістанды отарлау
- Б. Тилак

Үндістанды отарлаудың аяқталуы. Үнді халқын ағылшын отаршылдарының қанау әдістері. XIX ғасырдың басында ағылшындық Ост-Үнді компаниясы Үндістанды толықтай отарлады. Осы елді жаулап алуда ағылшындық Ост-Үнді компаниясы басты рөл атқарды, өйткені ол британ үкіметінен Үндістанмен сауда-саттық жасауға ерекше құқық алған болатын. Үндістан жерінде өздерінің тірек пункттерін құра отырып, британдық Ост-Үнді компаниясы бұл жерден басқа еуропалық елдердің компанияларын ығыстырды. Бұл компанияға Үндістанда жергілікті тұрғындардан тұратын күшті әскер құрудың сәті түсті. Солдаттар ағылшын офицерлерінің ықпалымен еуропалық әскери тәсілдерге үйренді, олардың қатаң бақылауында болды. Осы армияда қызмет еткен үнділерді *сипайлар* деп атады. Сипай әскерлерінің дайындық деңгейі, әрине, үнділік кез келген әскерден оқ бойы озық тұрды. 1819 жылға қарай Үндістанның орталық және оңтүстік жағы ағылшын отаршылдарының билігіне өтті. 1849 жылы солтүстікте Пенджаб әскері толық талқандалды. Осыдан кейін бүкіл үнді жері Ост-Үнді компаниясының билігін мойындады.



Анықта

Сипай әскері не үшін құрылды? Үндістанды толық отарлауы қашан аяқталды?

Отаршылдыққа қарсы күрескен қанды қырғын соғыстар тоқта-тылып, үнді аумақты топ өкілдері ағылшын билігіне мойынсынды. Әртүрлі сылтаулармен ағылшындар үнді билеушілерінен олардың

жекеменшік иеліктерін тартып алып, оны компания билігіне көшіріп отырды. Мысалы, 1856 жылы компания Ауд хандығын 5 миллион халқымен, билік жүргізе алмады деген сылтаумен өзіне қосып алды. Отаршылдар хандықтардағы билікті ханның асырап алған баласына қалдыруына тыйым салды. Туған баласы, яғни тікелей мұрагері болмаған жағдайда жекеменшік иелік толығымен компанияға берілетін еді.

Ост-Үнді компаниясы жергілікті үкіметтің қауымдардан жерге салынатын салықты жинау құқығын енді өздері қолға алып, оны компанияның есебіне кіргізіп, қосымша кіріс ала бастады. Жаулап алған аумақтардың тұрғын халқынан алынған алымдар компания табысының басты көзі болды. Оған ағылшын үкіметінің сауда компанияларының монополиялық құқықтарын жоюы әсер етті. Мұндай компаниялардың саудадан түсетін табысы күрт төмендеді. XIX ғасырда басқа да ағылшын фирмалары Үндістанмен сауда жасады.

XVIII ғасырда үнді елі экспортқа тек маталарды шығаратын. Бірақ Еуропадағы өнеркәсіп төңкерісінен кейін жағдай өзгерді. Еуропада мәшинемен өндірілген маталар үндінің қолдан тоқылған маталарынан арзанға түсті. Енді керісінше, Англияда өндірілген арзан маталарды Үндістанға әкелу ұлғайды. Өткізу нарығынан айырылған үнді тоқымашылары тоқырауға ұшырап, қайыршылық халге түсті. Үнді шаруаларын отаршылдар түрлі жолдармен қанауды ұлғайта берді. Шаруалар өте көп салықтан, жан төзгісіз ауыр жұмыстардан қалжырап, ашаршылыққа ұшырады.

Отаршылдық қанау мен ұлттық езгі халық наразылығын күшейтіп, көтеріліске әкелді. Наразылық көтерілістері діни сипатқа ие болып отырды. Үнділер мен мұсылмандардың арасынан да көтеріліске дем беріп, оларды ұйымдастырып отыратын белсенді қайраткерлер шықты. Үнділік қоғамдық-саяси қайраткер ретінде бенгалиялық Рам Мохан Райдың аты белгілі еді. Джамна-Ганг аймағы мен Бенгалияда мұсылмандардың уаххабшылар қозғалысының әрекеті отаршылдарды біраз шығынға ұшыратып, әбігерге түсірді. Халық арасында ағылшындар бүкіл үнді халқын христиан дініне күшпен кіргізбекші деген қауесет тарайды.

Ойлан

Англиядан әкеліне бастаған арзан тауарлар жергілікті шаруашылыққа қалай әсер етті?

1857—1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс.
1857—1859 жылдары Солтүстік Үндістанда аса қуатты халық

көтерілісі орын алды. Көтерілісшілер құрамында шаруалар мен колөнершілерден басқа үнділік сипайлар да болды. Көтерілістің шығуына сипай әскерінің қару-жарақтарына қажетті оқ-дәріге байланысты қауесет әңгіме себеп болды. *Мылтықтардың оқ-дәрісі шошқа және спыр майымен майланған қағазға оралған* деген хабар мұсылман және үнді әскерлері арасында тарады. Солдаттар сол оқ-дәрінің қағазын тісімен тістеп алып тастап, мылтықты оқтайтын еді. Шошқа майын пайдалану кәпірлікке жатады деп есептейтін мұсылмандар және спырды қасиетті санап, оның еті мен майын пайдаланбайтын үнділер үшін бұл ауыр қылмыс саналды. Сондықтан сипай әскері наразылық білдірді, ал ағылшындар оларға қарсы күш қолдануға кірісті. Сипайлардың жалақысы жоғары болатын. Олар қызмет жағынан жоғарыламайтын. Сипай солдат еш уақытта офицер қызметіне көтеріле алмайтын.

Еуропалық офицерлер басқарған, солардың қару-жарағымен жарақталған, еуропаша тәрбиеленген әскер *сипайлар* деп аталды.

Ойлан

Сипайлар деген кім? Оларды кім және қандай мақсатпен ұйымдастырды?

Сипайлардан үш үлкен әскер құрылған еді. Ең үлкені Бенгал әскері Ауд ұлысындағы жоғарғы каста өкілдерінен тұратын. Олардың қолындағы барлық жер иеліктерін ағылшындар алып қойған болатын. Сондықтан бенгалдықтардың наразылығы да өте күшті болды.

Ағылшын полковнигі К.Янг өз естелігінде былай деп жазды: «Жаңа патрондарды пайдаланудан бас тарту көтерілістің басталуының қарапайым сылтауы болды. Оны үнділер мен мұсылмандар алдын ала ойластырып та қойған. Көтерілістің шын себебі ағылшындардың ақылсыз билік жүргізуінен, түсініксіз, бейберекет саясаттан, Ауд билеушісінің тактан түсірілуі мен оның жерінің зорлықпен тартып алынуы сипайлар отбасылары мен сол аймақтан келгендер арасында қатты наразылық тудырғандығына күмәндануға болмайды».

Көтеріліс 1857 жылы 10 мамырда Дели маңында басталды. Көтерілісшілер ағылшын офицерлерін ұрып-соғып, Делиді басып алды және Ұлы Моғолдардың ең соңғы билеушісі II Бахадур шах билігін қалпына келтіргенін жариялады. Көтерілістің мақсаты Үндістанды ағылшын отарлауына дейінгі жағдайға келтіру

болды. Қозғалыс жаппай ағылшындарға қарсылық сипатта жүрді. Көтерілісшілер Ост-Үнді компаниясының үстемдігіне жеккөрінішті пиғылдарын ашына айтты.



Анықта

Сипайлар көтерілісінің шығуына қандай себептер болды?

Ағылшын үкіметі Үндістанда елеулі реформалар жүргізу қажеттігін түсінді.

Ост-Үнді компаниясын тарату туралы шешім қабылданды және Үндістанды билеу құқығы тікелей Ұлыбритания үкіметіне берілді. Ағылшын отаршылдары енді өздеріне тәуелді жергілікті билеуші әкімдер мен байларды өз жағына тарту мақсатында әрекет жасауға кірісті. Олармен тіл табысып, одақтасуға тырысты. Сипайларға кіші офицерлік қызметке көтерілуге рұқсат берілді. Жергілікті ауқатты топтар ағылшындардың осы азғана жеңілдіктеріне қанағаттанып, көтерілісшілердің қатарын тастап шықты. Ал көтеріліс әлсіреу кезеңіне аяқ басты. Көтерілісшілер арасындағы діни және этностық алауыздықтар оның жеңіліске ұшырауын тездетті. Үндістанның солтүстігінде тұратын сикхалар мен гуркалар мұсылмандарға қарсы болды, сондықтан олар мұсылмандардың Ұлы Моғол өкіметінің қайта орнауын қалаған жоқ. Оңтүстіктегілер де көтеріліске наразы еді. Екі үлкен қала — Бомбей және Мадрас әскерлері де көтерілісті құптамады. Ағылшындар керісінше бұл әскерлерді көтерілісті басу үшін пайдаланды. Солтүстік пен оңтүстіктегі барлық әскери күштерді жинақтап, ағылшындар көтерілісті күшпен басып-жаныштады. 1858 жылдан бастап көтеріліс партизандық сипатқа ие болды. 1859 жылы көтеріліс толық басылды.

Ойлан

Ағылшындар көтерілісшілер арасында қалай алауыздық тудырды?

Сипайлар көтерілісінен кейін Англияның Үндістандағы саясатына өзгерістер енгізіле бастады. Үндістан істері жөніндегі арнаулы министрлік құрылды. Үндістандағы әкімшілік билік вице-корольға, провинцияларды билеу губернаторға берілді. Үндістанда жанадан үш университет ашылып, оларда сабақ ағылшын бағдарламалары бойынша ағылшын тілінде жүрді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын капитализмі Үндістанды ағылшын тауарларын өткізу нарығына және ауыл-

шаруашылығы шикізаты көзіне айналдыра бастады. Ауылшаруашылығында мақта, шай, кофе, каучук өндіретін плантациялар ұлғайтылды. Сондай-ақ Англияға бұл елден бидай мен күріш тасылды. Ал Англиядан арзан дайын өнімдер Үндістанға әкелінді.

Ағылшындар үнділердің ішкі салт-дәстүрлеріне араласпаймыз деп мәлімдеді. Жергілікті ауқатты топтар мен кейбір шаруа-қауымдастар жекеменшікке жер иеліктерін алды. Ал қалған шаруалар жерді не сатып алуы, не жалға алуы тиіс болды. Егер жерді сатып алған жана қожайын бұл жерге тауарлы дақыл өсіргісі келсе, сол жердегі шаруаларды қуып шығып отырды.



Анықта

Ағылшындар Үндістанның экономикасын қанау үшін қандай тәсілдер қолданды?

Біліміңді тексер

1. Ағылшын отаршылдары Үндістанды толық отарлауды қалай аяқтады?
2. Солдаттар ағылшын офицерлерінің ықпалымен еуропалық әскери тәсілдерге үйренді, олардың қатаң бақылауында болды. Осы әскерде қызмет еткен үнділерді кім деп атады?
3. Үндістанның қандай әлеуметтік топтары қанаудың ауыр зардабын тартты?
4. Сипайлар көтерілісі қалай аяқталды? Қол жеткізген жетістіктерін атап көрсете аласың ба?
5. Дәптеріне кестені сызып, толтыр.

Сипайлар көтерілісі

Көтеріліс сипаттары	Көтерілісшілер мақсаттары	Негізгі оқиғалар	Жеңілу себептері	Нәтижесі мен мәні

§ 22. ҮНДІСТАНДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР. ҮНДІ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістан қоғамындағы өзгерістер. XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшындар Үндістан экономикасына капитал бөле бастады. Ең алғашқы капитал теміржол салуға арналды, соның нәтижесінде 1891 жылы елдегі теміржолдың ұзындығы 27 мың шақырымға жетті. Ағылшындар капиталды зауыттар мен фабрикалар салуға да жұмсады. Алғашқы тоқыма фабрикасы 1854 жылы Калькуттада пайда болды. Ағылшын өнеркәсібінің өткізу нарығы кенейді, енді ағылшын мәшинелерін Үндістанға экспортқа шығару ұлғайды. Зауыт, фабрика, теміржолдар мен телеграф байланыстарының көптеп салынуы Үндістанда өнеркәсіп төңкерісінің басталғандығын көрсетті. Оның дамуының нәтижесінде үнді капиталистері пайда болды. XIX ғасырдың соңына қарай үнді өнеркәсіп капиталының 1/3-і үнділіктерге тән болды. Жергілікті кәсіпкерлер тоқыма өнеркәсібіне капитал салуды белсенді түрде ұлғайтты. Бомбей қаласы тоқыма өнеркәсібінің орталығы ретінде өркендей бастады.

Бұл сабақта:

- Үндістанды басқарудағы өзгерістер мен Үндістан Ұлттық Конгресінің құрылу себептерін білетін боламыз;
- Конгрестің мақсаты мен міндеттерімен танысамыз;
- Үндістандағы мұсылман ағартушыларының отаршылдыққа қарсы күресінің басталуы туралы хабардар боламыз.

Тірек сөздер

- «Үндістан — көпұлтты мемлекет»
- Үнді Ұлттық Конгресі
- мұсылман ағартушыларының ұйымдары
- свараджа
- свадеші



Үнді тоқымашылары

Үнді тауарлары Англияда, Қытайда және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде сатылды.

Өнеркәсіп дамуына байланысты жұмысшылар саны өсті, олардың саны ғасырдың соңына қарай 1 миллион адамға жетті. Үндістанның мемлекеттік әкімшілік мекемелерінде отаршылдарға қызмет етуші орташа әлеуметтік топтар саны да артты. Олар дәрігерлер, заңгерлер, университет, колледж және мектеп оқытушылары болды. Олардың барлығы дерлік ағылшындар ашқан жергілікті университеттерде еуропаша білім алды.

Дәстүрлі қалыптасқан үнді қоғамындағы күрт өзгерістер, ескінің қирауы, жаңаның енуі үнді халқының әрқилы топтарына түрліше әсер етті. Біреулері көне арийлік кезенге қайта оралу, үнді өркеніеті қалыптастырған дәстүрлі қоғамды қайта орнату қажет десе, мұсылмандар ежелгі исламның құндылықтарын қайта жаңғыртып, ағылшындармен күресу қажет деп мәлімдеді. Бірақ көпшілік сауатты үнділер Батыстың еркіндік, теңдік, гуманистік идеяларын индуизммен, исламмен ұштастыра отырып, даму жолын іздеуді жақтады. Үндістанның қоғамдық дамуының артта қалғандығын мойындай отырып, оны жаңаша дамытуды көздеді.

Үндістан — көпұлтты мемлекет. «Үнділік» деп біз Үндістанда тұратын барлық халықтарды айтамыз. Ал үнділіктер өз кезегінде бенгалдық, пенджабтық, тамилік, хиндустандық деп бөлінеді. Олардың ұстанатын діндері де, тілдері де әртүрлі. Тек ағылшындар ғана бүкіл үнділіктерді бір қолға жинақтап ұстай алды. Олар бүкіл үнді жерін теміржол желісімен байланыстырып, біртұтас нарыққа біріктірді. Үндістанда біртұтас әкімшілік және заңдар жинағы пайда болды. Ағылшын тілі бүкіл Үндістанда ұлтаралық қатынас тілі болып қалыптасты. Бүкіл үнділіктердің отаршыл әкімшілікке қатысты біртұтас мүддесі қалыптасты. Ұлттық сана-сезімнің өсуі Үндістанды азат ету жолындағы ұлттық қозғалыстың қалыптасуына негіз болды.

Ойлан

Үндістан халқы тілі мен діні жағынан өзара бөліне ме, әлде біртұтасхалық па?

Үнді қоғамының сауатты тобы жатжерлік езгіге қарсы шығып, отаршыл өкіметтен әкімшілік реформалар жүргізуді, елді басқаруға үнді халқының өкілдері де қатысуын талап етті. Біртіндеп бұл әрекеттер ұйымдасқан қозғалысқа ұласа бастады. Ірі қалаларда діни-реформалық, ағартушылық және саяси-патриоттық ұйымдар

құрылды. Еуропалық үлгідегі жоғары оқу орындарында білім алған сауатты азаматтар отарлық қанауға наразылығын айқын көрсете білді. Осы либералдық топтар үнді ұлттық қозғалысының жетекші күші болды. Олар Үндістанның толық тәуелсіздігін емес, Британ империясы құрамындағы өзін-өзі басқару құқығына ие болуды көздеді және үнділіктер мен ағылшындардың құқықтарын теңестіруді талап етті.

Либералдар вице-король мен губернаторлар жанынан үнді тұрғындарының өкілдіктерін құруды ұсынды. Сондай-ақ олар жас үнді өнеркәсібін Англия тарапынан туып отырған бәсекелестіктен қорғау шараларын қабылдауды талап етті. Бейтарап либералдар үкімет рұқсат еткен шеңберде ғана әрекет жасады. Олар да еуропалық либералдар сияқты халықтың бұқаралық саяси қозғалысының өрлеуінен қорықты.

1885 жылы желтоқсанда бейтарап либералдар, яғни үнді буржуазиясы мен жер иеленушілерінің бастамасымен алғашқы жалпыүнділік саяси партия — Үнді Ұлттық Конгресі (ҮҰК) құрылды. Оның негізін қалаған үнді аukatты топтарының өкілдері Д.Наороджи, Г.К.Гокхале, М.Г.Ранаде, С.Н.Баннерджи және басқалар болды. Ұлттық Конгрестің ішкі құрылысы — либералдық және радикалдық екі ағымнан құралды. Либералдық қанатты ірі буржуазия, зиялы қауымның ең жоғарғы тобы мен ұлттық ірі



Бірінші Үнді Ұлттық Конгресі. 1885 ж.

жер иеленушілер құрады, ал радикалдық қанатта ұсақ буржуазия өкілдері, қала қызметкерлерінің орташа топтары мен шаруалардың ауқатты тобы болды.



Анықта

Үнді Ұлттық Конгресін қандай топтар құрған еді?

Конгрестің негізі қаланған алғашқы жылдарда оның нақты айқын бағдарламасы мен жарғысы болмады. Бірақ жыл сайын әртүрлі қалаларда өткізіліп отырған партияның жиындарында туындаған мәселелерге қатысты қаулылар қабылдап, осы шешімдерді партияның қызметін атқаруда басшылыққа алып отырды.

Үнді Ұлттық Конгресі құрылған алғашқы жылдарда ағылшын билігі оған жылыпейілділік танытып, оған қолдау көрсетті. Бұндай қолдаудың астарын Үндістандағы 1884—1888 жылдары вице-король болған лорд Дафферин былай деп ашып айтты: «Конгресс төңкеріске қарағанда арзанырақ». Яғни, халықтың төңкеріске шығып, жағдайды ушықтырғанынан гөрі, олардың өз ұйымдарын құруға рұқсат беріп, халықты жаппай көтеріліске шығудан сақтап, алдаусырату мақсатын көздеді.

Конгресс жетекшілері үнділіктердің вице-король мен губернатор жанындағы кеңесші ұйымға кеңінен тартылуын, кеңестің құзырына қаржы мен салық жүйесін бақылап отыру құқын беруді, үнділіктерден мемлекеттік қызметке келуін талап етті. Алғашқы жалпыүнділік ұйым Конгрестің құрылуы — үнді халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына зор ықпал етті.

1899 жылы Конгрестің уставы немесе Ата заңы (Конституция) қабылданды.

Ұлттық қозғалыстың өсуі — ағылшындарды кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр етті. XIX ғасырдың 80-жылдарында қалалар мен ауылдық жерлерде өзін-өзі басқару құқығы енгізілді. Сайлауға қаладағы ауқатты адамдар, ал ауылда жер иеліктері барлар ғана қатыса алатын еді.

1892 жылы Британ парламенті либералдардың тағы бір талабын қанағаттандырып, губернаторлар жанынан кеңесші ұйымдар құруға рұқсат берді. Ұлттық Конгрестің ішіндегі ұсақ буржуазиялық демократиялық бағыт ұстанған радикалдық топтың көсемі *Б.Тилак* болды. Б.Тилак: «Барлық еуропалық ықпалдарға индуизмнің дәстүрлі құндылықтарын қарама-қарсы қойып, Үндістанның ұлттық қозғалысы оны халық бұқарасы толық қолдағанда ғана жеңіске жетеді», — деп мәлімдеді. Олар халықты белсенді түрде отаршылдыққа қарсы күреске шақырып, ұлт-азаттық күреске

үндеді. Радикалдар ағылшын үстемдігіне қарсы күрес құралының бірі бойкот деп мәлімдеді. Бұл қарсылық күрестің түрі *свараджа* (өз билігіміз) және *свадеши* (өз өнеркәсібіміз) деп аталды. Оның мәнісі үнді халқының билігін өз қолына алуына қол жеткізу және жас үнді өнеркәсібін бәсекелестіктен сақтап қалудың бірден-бір жолы — ағылшын тауарларына бойкот жариялап, тек қана ұлттық тауарларды пайдалануға шақыру. Ағылшын өкіметі бұған қарсы жазалау әрекеттерін қолданып, оның ұйымдастырушыларын қамауға да алып отырды. Тилак та осы әрекеті үшін түрмеге қамалды.

Ойлан

Отаршылдыққа қарсы күресте Тилак қандай күрес тәсілдерін ұсынды?

XIX ғасырдың 80-жылдарында Үндістанда Үнді Ұлттық Конгресінен басқа мұсылман ағартушыларының ұйымдары да құрылды. Бұл ағартушылық қозғалыстың көсемі Саид Ахмед хан болды. Мұсылмандардың ағартушылық ұйымдары өз қатарынан сауатты әкімдер даярлап, мемлекеттік қызметке орналастырып отырды.

Сөйтіп, ағылшын отаршылдары Үндістанды толық отарлап, билік жүргізудің отарлық жаңа жүйесін құрды. Көпұлтты, әртүрлі діндегі Үндістан халқы отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестерін жалғастырып жатты.

Біліміңді тексер

1. Неліктен отаршылдар отарлық билік жүйесін өзгертуге барды деп ойлайсың?
2. Үнді Ұлттық Конгресін құруға кімдер атсалысты және оның маңызы қандай?
3. Үнді ұлт-азаттық күрестері неге жиілеп кетті?
4. Үндістандағы мұсылмандық ағартушылық ұйымдары не үшін құрылды деп ойлайсың?

§ 23. ДҮНИЕЖҮЗІН АУМАҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН БӨЛУДІ АЯҚТАУ

Бұл сабақта:

- отаршыл мемлекеттердің дүниежүзін өзара ықпал аймақтарына бөлісуін аяқтау үрдісімен;
- XIX ғасырдың соңында әскери-саяси блоктардың құрылуымен танысамыз.

Тірек сөздер

- Суэц каналы
- Мысыр отарлары
- Африканы бөлісу үшін күрес
- Үндіқытай
- Симоносеки келісімі

XIX ғасырдың соңына таман капитализмнің империализм сатысына өту кезеңінде капитализмге тән экономиканың әркелкілігі күшейе түсті. Экономикалық дамудың теңсіздігі дүниежүзілік саудадағы бәсекені ұлғайта түсті.

Шығыстағы дағдарыс жылдарында Англия Гибралтар, Жерорта теңізі, Суэц каналы және Қызыл теңіз арқылы Үндістанға апаратын қысқа теңіз жолын игере бастады. Бұл теңіз жолында тек Суэц каналы ғана Англияның бақылауынан тыс қалды. 1875 жылы Мысыр монархынан Суэц каналын сатып алған Англия бұл каналмен өтетін кеме қатынасын толық бақылауға мүмкіндік алды. Суэц каналына бақылау орнатқан, ал кейін Кипр аралын жаулап алған Англия Африкадағы Мысыр отарларын жаулап алу жоспарын дайындай бастады.

Ағылшын үкіметі Мысырда қарулы интервенция жүргізу бағытын ұстады. 1882 жылы ағылшын әскерлері Александрияны зеңбірекпен атқылап, Мысырды басып алды. Осындай сыртқы күрделі саясат жағдайында Франция қарулы күшпен Тунисті



Суэц каналы

жаулап алды. Англияның Мысырды, Францияның Тунисті немденуі капиталистік жыртықтардың әлі бөлінбеген Африканың орталық және батыс аудандарын жаппай бөлісу үшін күресіне түрткі болды. Африканы бөлісу үшін Англия мен Францияның бақталастығы XIX ғасырдың 80—90-жылдарындағы басты мәселеге айналды. Англия мен Франциядан кейін Африкаға Бельгия, Германия, Италия басқыншылары ұмтылды.

1884 жылы Конго өзені алабының басым бөлігін Бельгия бақылауына алды. 80—90-жылдары Франция өзінің иеліктерін Алжирмен көрші — Сахара шөлін косу арқылы кеңейте түсті. 1886 жылы Франция Мадагаскар аралдарын жаулап алды.

Ойлан

Африканы отарлауда қандай мемлекеттер арасында бәсекелестік күрес жүрді?

Англия мен Францияның бөтен жерлерді жаулап алу барысында бақталасатын орны жалғыз Африка ғана болған жоқ. Оларды, сондай-ақ Азияның оңтүстік-шығысындағы бай аудандар қызықтырды. 1877 жылдың соңында Англия Малайзияны құлдыққа түсіруді аяқтады, сөйтіп, онда өзінің протектораттығын орнатты. Франция Үндіқытайдың оңтүстік бөлігін немденіп, Орталық Вьетнамға шабуылдады. Тек 90-жылдардың соңында ғана кескілескен соғыстардан соң Вьетнам Францияның қол астына өтті.

Англия 1885 жылы Бирманы жаулап алуға асықты. Францияның Вьетнамды бағындыруы және Англияның Бирманы басып алуы бұл мемлекеттерді енді Сиама (Таиланд) үшін күреске киліктірді. Ақырында басқыншылар бұл елді бөлісіп алды. Батысын Англия, шығысын Франция немденді.

1884 жылы Оңтүстік-Батыс Африкада бірінші герман отары пайда болды. 1884—1885 жылдары Камерунда, Того және Шығыс Африкада герман отарларының негізі қаланды. 90-жылдардың соңында Англия Африканы бөлісуді аяқтауға таяды. 1886 жылы ағылшындар генерал Китгенердің басшылығымен Суданды жаулап алуға кірісті. Содан кейін ағылшын әскері Ніл өзені бойымен жоғары қозғалды. 1898 жылы Фашод қарауыл бекетінде олар француз әскері бөлімдерімен кездесті. Мұнда ағылшын және француз әскерлері қарулы қақтығысқа түсті. Ағылшын үкіметі Францияға соғыс ашпақ болып қорқытты. Өзінің ежелгі жауы Германия жақын тұрғандықтан, Франция Англиямен соғыспауға шешім қабылдады. Француз әскері Фашодты тастап шықты, сөйтіп, 1899 жылы Англия мен Франция Африканы бөлісу туралы келісім жасасты.

Италиялық отарлау Италияның бірігуінен соң басталды. Жас корольдық өзін күшті сезініп, отарлық иеліктерін кеңейтіп жатқан басқа державалардан артта қалғысы келмеді. Сол уақытта «Қара материкті» бөлісу қызу жүріп жатқандықтан, италиялықтар да соған қарай ұмтылды. 1882—1885 жылдары Италия Абиссиния мен Қызыл теңіздің үлкен жағалауы бойындағы Ассаб қаласын және Массауа айлағын иемденді. Сондай-ақ Сомали түбегіне иелік жасады. Арабтармен соғыстан кейін италиялықтар 1884 жылы Кассала қаласын иемденіп, Абиссиниядан батысқа қарай жылжыды. Абиссиниямен (1895—1896) соғыста Италия сәтсіздікке ұшырады.

1894 жылы шілденің соңында Жапония Қытайға қарсы соғыс ашты. Соғыс 1895 жылы 17 сәуірде Жапонияның Симоносеки қаласында бітімге қол қоюмен аяқталды. Қытай Жапонияның сауда кемелері еркін кіретін бірнеше порттық қалаларын ашуға және Жапонияға соғыс шығындары үшін 200 миллион лян өтемақы төлеуге мәжбүр болды.

Жапонияға өтемақы төлеу үшін Ресей мен Франция Қытайға қаржылай несие берді. Ресей енді Қытайды Жапонияға қарсы әрекетінде өз жағына тарту мақсатымен 1896 жылы Қытаймен одақ жасасып, егер Жапония жағынан Қытайға басқыншылық жасалса, онда Қытайды қорғауға міндеттенді. Ал Қытай осыған жауап ретінде Ресейге Шығыс Қытай теміржолын салуға және пайдалануға концессия берді.

Ойлан

Ресей иеліктен Қытайға көмектесті, мақсаты қандай еді?

1897 жылдың соңында герман империалистері Қытайдың Циндао порты мен Цзяочжоу бухтасын басып алды және Шаньдун провинциясын өзінің ықпал ету аймағына айналдырды. Франция Қытайдың Гуанжоувань бухтасына өзінің ықпал жүргізуін қамтамасыз етті және көршілес Үндіқытайға теміржол құрылысын сала бастады. 1898 жылдың басындағы орыс-қытай келісімі бойынша Қытай Ресейге Порт-Артур мен Ляодун түбегін жалға берді.

XX ғасыр басында дүниежүзін аумақтық тұрғыдан бөлісу аяқталды. «Бос жер» тіпті қалған жоқ. Империалистік державалардың мақсаты тауар өткізу мен шикізат көзін соғыс арқылы табу болатын. Өздерін Африкадағы бөлістен құралақан қалдық деп есептеген герман империалистері оның орнын Таяу Шығыстағы басқыншылық әрекетімен толтырмақ болды.

1898 жылы II Вильгельм түрік сұлтанымен кездесті және Босфор — Кіші Азия — Месопотамия — Кувейт — Парсы шығанағына шығатын үлкен теміржолды бірігіп салуға келісті.

Англия Германияның Түркияға енуіне қатты мазасызданды. Өйткені ол Арабия мен Месопотамияны жаулап алуды жоспарлап жүрген. Ал немістердің Парсы шығанағына жылжуы Үндістанға қауіп төндірді. Германияның шығанаққа шығуын кесіп тастау үшін Англия 1901 жылы Кувейт портын басып алды. Мұның бәрі екі империалистік жыртықтардың арасындағы қайшылықтарды шиеленістіре түсті.

Ойлан

Англия неге Германияның Түркияны отарлауына қарсы болды?

Франция-Пруссия соғысы 1871 жылы *Франкфурт бітіміне* қол қоюмен аяқталды да, халықаралық жағдайға түбірлі өзгерістер әкелді. Бұл өзгерістердің бірінші себебі капитализмнің әрқелкі дамуының күшейе түсуі болды. Бұл әсіресе біріккен Германияның индустриясы жедел дамуынан айқын көрінді. Эльзас пен Лотарингияны иемденген және Франциядан өтемақы ретінде 5 миллиард франк алған Германияның экономикасы күшейе түсті.

Франция мен Германияның арақатынасы басқа мемлекеттердің өзара арақатынасына үлкен әсер етті. Экспансиялық сыртқы саясатын күшейте түскен кайзерлік Германия кез келген елмен әскери шиеленіске түсе қалған жағдайда, Францияның міндетті түрде сол елдің одақтасына айналарын біліп отырды. Сондықтан Бисмарк Германияға көрші елдер мен Францияның арасын алшақтату үшін шешуші қадамдар жасауға асықты. Германия империясының экономикасы және әскери қуаты Австро-Венгрияның сыртқы саяси бағытының өзгеруіне әсер етті.

Алайда 1874—1875 жылдары Германия Францияны оңай талқандай алатын еді, бірақ онда өзге елдермен дипломатиялық жағдайы күрделене түсетін-ді.

Патшалық Ресей Германияға Францияны талқандауға жол бермейтінін үзілді-кесілді ескертті. Ресейден соң ағылшын өкіметі де Германияның Францияға қарсы басқыншылығына келіспейтіндігін білдірді. Сөйтіп, Ресей Францияға қарсы герман басқыншылығының жолында басты кедергі болды. 70-жылдар басында Балқан түбегінің көптеген халқы түрік езгісінде болды. Болгария, Босния, Герцеговина, Македония, Албания, Эпир, Фессалия, Сербия мен Румыния түрік сұлтанының билігінде болды және оған алым-салық

XIX Ф. СОҢЫ — XX Ф. БАСЫНДАҒЫ



БАТЫС ЕУРОПА



төлеп тұрды. Түркияның езгісіндегі халықтардың ұлт-азаттық күресі 70-жылдар ортасында жана, біршама ұйымдасқан кезеңіне өтті.

1875 жылы жазда, алдымен Герцеговинада, содан кейін Боснияда түрік үстемдігіне қарсы көтеріліс тұтанды. Түрік әскерлерінің тықсыруымен сербтер жеңіліске ұшырады. Серб өкіметін құпия жақтап отырған Ресей Түркия ғана емес, Еуропа державаларымен де қақтығысқа барғысы келмеді.

Герман өкіметі Балқандағы Австро-Венгрия басқыншылығын қолдай отырып, Ресейді Түркиямен соғысқа итермеледі. Ресейдің көңілін Еуропадағы мәселелерден басқа жаққа аударуға тырысты, сөйтіп, Германия Францияны екінші рет талқандауға мүмкіндік алғысы келді.

Ойлан

Ресейнеліктен Қытайға көмектесті, мақсаты қандай еді?

1877 жылы 24 сәуірде Ресей Түркияға соғыс жариялады. Орыс әскерлері Адрианопольді алып, Константинопольды құлатуға жақын қалған кезде түрік өкіметі бітімге келісім сұрады.

1878 жылы 3 наурызда Сан-Стефанода Ресейге Карс, Ардаган, Баязет және Батуми қалаларын беру және Қырым соғысынан соң Ресейден тартып алынған Бессарабияның оңтүстік бөлігін қайтаруды қарастырған бітімшартына қол қойылды. Бұл шарттың бір пункті Балқан мемлекеттерінің аумақтық құрылымына қатысты болды. Өзіндік біртұтас Балқан мемлекеттері: Черногория, Сербия және Румыния заңды түрде толық тәуелсіздік алды. Болгария Сан-Стефано шарты бойынша Константинопольға жақын келіп, Эгей теңізі жағалауының бірқатар бөлігін қосып алды. Осылайша Сан-Стефано шарты серб және румын халықтарын түрік езгісінен толық азат етті және Болгарияның жартылай азаттық алуына жол ашты.



Анықта

Қандай елдер түрік езгісінен азаттық алып, тәуелсіз ел болды?

Ағылшындық билеуші топ Ресейдің Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі өзінің позициясын күшейту үшін Болгарияны пайдаланады деп қауіптеніп, болгарлардың шекарасын анықтау «сызығын» тапты. Ол «сызық» Балқанда үстемдікке ие болып отырған Англия үшін қолайлы жағдай тудырды.

1878 жылы 13 маусымда шақырылған Берлин конгресі Сан-Стефанода қабылданған шешімдерді қайта қарау туралы мәселелерді талқылай бастады. Конгресс жұмысы нәтижесінде Берлин трактатына қол қойылды. Ол бойынша Карс, Ардаган, Батуми Ресейге өтіп,

Баязет Түркияда қалды. Ресейге Оңтүстік Бессарабия қайтарылып, Добруджа Румынияға өтті. Сондай-ақ Черногория, Сербия және Румыния тәуелсіздігі бекітілді.

Берлин трактаты бойынша Болгарияның аумағы бірден қысқартылды. 1877—1878 жылдары болған орыс-түрік соғысы Балкан халықтарының ұлттық тәуелсіздік алуына мүмкіндік берді, ол Болгария ұлттық мемлекетінің құрылуын тездетті.



Анықта

Картадан Берлин трактаты бойынша кімдерге қандай жерлер өткенін көрсет.

Ресеймен достық қатынастан айырылған Бисмарк Австро-Венгриямен жақындасуға тырысты. 1879 жылы 7 қарашада Венада Австро-Герман шартына қол қойылды. Италияның Тунисті басып алуы Германия тарапынан қолдау тапты.

Әскери-саяси блоктардың құрылуы. Берлин конгресінің нәтижесінде қалыптасқан Еуропадағы күштердің жаңа арасалмағы, мемлекеттердің отаршылдық бәсекелесінің көрініс табуы (ең алдымен Англия мен Францияның және Англия мен Ресейдің) *Үштік одақтың* қалыптасуына әсер етті.

Батыс мемлекеттерінің дүниежүзін қайта бөлісу күресінің күшеюіне байланысты олардың бәсекелестігі 80-жылдардың басында жаңа аудандарға тарады. Ежелгі отаршыл мемлекеттердің ішінде Англияның әртүрлі бағыттардағы қимылдары табысты болды: ол Қытайда, Ауғанстанда, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Оңтүстік Африкада, Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде өз ықпалын нығайтты. Одан Франция да қалыспады. Бұрын басып алған аумақтарды қанауын жалғастырып, отар және жартылай отар елдерге едәуір мөлшерде қаржы бөле отырып, жаңа жерлерді басып алуға ұмтылды. Бұл жөнінен Германия тарапынан қолдау тапты; себебі, ол Францияның назарын еуропалық саясаттан аударып, француз капиталын отар аймақтарға бағыттап, келешекте ағылшын және итальян капиталымен бәсекеге итермелеуге тырысты.

Италия буржуазиясы Германиямен жақындасуға бет бұрды. Ондағы мақсаты онымен ортақ бәсекелестері — Францияға қарсы бірігу болатын. Ол үшін Италия алдымен австро-герман одағына ену үшін Австро-Венгриямен келісімге келу жолын қарастыруға тиіс болды. Нәтижесінде 1882 жылы 20 мамырда Германия, Австро-Венгрия және Италия арасында Үштік одақ деп аталатын одақтық шартқа қол қойылды. Шарт 5 жылға жасалынды және ол әрбір 5 жыл сайын жаңартылып отыру арқылы 1887 жылға дейін созылып келді. Шарт Үштік одақтың әрбір қатысушы мүшесі басқа елмен соғысып қалған жағдайда Франциядан басқа елдерге бейтараптық

Н. Алдабек, К. Мақашева, Қ. Байзақова

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

8



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72
А40

Алдабек Н., т.б.
А40 **Дүниежүзі тарихы (1640—1900).** Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Н. Алдабек, К. Мақашева, Қ. Байзақова. — Алматы: Мектеп, 2018. — 208 б., сур.
ISBN 978—601—07—0954—6

А $\frac{4306020600-085}{404(05)-18}$ 17(1)—18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(о)я72

ISBN 978—601—07—0954—6

© Алдабек Н., Мақашева К.,
Байзақова Қ., 2018
© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнеленуі, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Баспаымның мүлкілік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар!

Биылғы оқу жылында Дүниежүзі тарихының Жаңа заман кезеңін оқуды бастайсындар. Жаңа тарихты оқи отырып, аграрлық өркеннеттің біртіндеп индустриалды өркеннетке көшу үрдісімен танысасындар.

Бұл кезеңде негізгі байлық зауыттар мен фабрикалар, шахталар мен теміржолдар болды. Халық ауылдан қалаға жаппай қоныс аудара бастады. Олар Жаңа заманның әлеуметтік құрылымы болып табылатын өнеркәсіпте жұмыс жасайтын жұмысшылар мен кәсіпкерлер, қызметшілер тобын қалыптастырды.

Жаңа заманда, яғни XVIII ғасырдың соңындағы Ұлы Француз төңкерісінен кейін бостандық, теңдік пен бауырмалдық идеялары пайда болып, көне құрлық — Еуропада ескі тәртіптік жүйені күйрету заманы басталды. Жаңа заманның алғашқы кезеңінде капиталистік қатынастардың қалыптасуына қолайлы жағдайлар туды. Жеке-меншік құқығы бекітілді. Өнеркәсіптік төңкерістің алғышарттары пісіп жетілді.

Ұлы географиялық ашылулар заманы еуропалықтардың отаршылдық әрекеттеріне жол ашып берді. Саяси басқыншылықтар мен алыстағы елдерді экономикалық тонаушылық саясаты басталып, Шығыстағы қоғамдық құндылықтар өзіндік қасиетін жоғалта бастады.

Еуропалық елдердегі капиталистік қатынастардың дамуына байланысты Шығыстың бай елдерін игеру мақсатында капитал әкелу үрдісі орныға бастады. Шығыс елдері үшін Жаңа заман отаршылдық кезеңі саналды. Алғашқыда сауда капиталы, содан кейін өнеркәсіп капиталы ретінде орныққан отаршылдық әрекеттер Шығыс елдерін капиталистік қатынастар үрдісіне тартты.

Шығыс елдеріндегі Жаңа заман — дәстүрлі шығыстық қоғам құндылықтарының күйреген, тәуелсіздіктен толық немесе жартылай айырылған және ұлт-азаттық қозғалыстардың дамыған заманы.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басына қарай әлем елдерінде индустриалды өркеннет қалыптасып, орнықты. Оқулықты оқу барысында Жаңа заманның тарихи оқиғаларын саралап, оған өздерің де қорытынды жасай алатын боласындар.

Іске сәт, достар!

БАТЫСТАҒЫ ӨНЕРКӘСІП ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУДЕГІ ЫҚПАЛЫ

§1. ЖАҢА ЗАМАН ДӘУІРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл сабақта:

- Жаңа заман түсінігі туралы мағлұмат алып, Жаңа заман дәуірінің хронологиялық шеңберін, оның Батыс және Шығыс елдері үшін ерекшеліктерін;
- Батыста индустриалды қоғамның басталуы мен Шығыс елдерінің отаршылдыққа түсу себептерін білеміз.

Тірек сөздер

- Жаңа заман өнеркәсіп төңкерісі
- индустриалды қоғам
- капиталистік қатынастар
- отаршылдық

Дүниежүзі тарихындағы «Жаңа заман» ұғымы Еуропадағы тарихи-философиялық ойдың дамыған Қайта өрлеу (ренессанс) кезеңінде пайда болды. Жаңа заман — қазіргі өркениет әлемін қалыптастырған адамзат тарихының орта ғасырлардан кейінгі дәуірін бейнелейтін шартты тарихи түсінік.

Жаңа заман тарихы XVI—XIX ғасырлар аралығын, яғни Ұлы географиялық ашылулар заманынан бастау алып, XX ғасырдың басындағы Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды.

Жаңа заманды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең шартты түрде XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясынан басталып, XVIII ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі кезеңді қамтиды. Екінші кезеңі XVIII ғасырдың соңындағы Француз революциясынан кейінгі индустриалды қоғамға өту кезеңінен — XX ғасырдың басына дейінгі уақытқа созылды.

Жаңа заман дәуірі адамзат өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салаларына терең өзгерістер әкелген уақыт деп саналады. Жаңа заман кезеңі Батыс және

Шығыс елдері үшін ортақ тарихи кезең болғанымен, басталуы мен аяқталуы әртүрлі өзіндік тарихи кезеңдерді қамтиды. Мысалы, Батыс елдері Жаңа заманда капиталистік қатынастарды дамытып, адамзат дамуының өрлеу кезеңін бастан кешірсе, ал Шығыс елдері, керісінше Ұлы географиялық ашылулар мен Батыс державаларының отаршылдық әрекеттерінің нәтижесінде ұзаққа созылған феодалдық

қоғамның дағдарысты кезеңіне тап болды. Дегенмен адамзат тарихындағы капиталистік дәуір деп аталатын кезенді Батыс елдерімен қатар Шығыс елдері де бастан өткерді. Батыс отарлаушы елдер, ал Шығыс отаршылдыққа түскен елдер ретінде капиталистік қатынастар аясында өмір сүруге мәжбүр болды.



Анықта

Неліктен Жаңа заманның басталуы мен аяқталуы Батыс елдері мен Шығыс елдерінде әртүрлі?

Жаңа заманның алғашқы сатысында Еуропа елдерінің көпшілігінде біртұтас орталық маңайына топтасқан ұлттық мемлекеттер қалыптасты. Мемлекетті басқарушы жоғарғы билік түрлері өзгерді.

Осы кезеңде *абсолюттік* монархиялардың күшейген, гүлденген және күйреген үрдісін көруге болатын еді. Қоғамдық дамудың жаңа сатысы — капиталистік қатынастар да алғаш рет Батыста пайда болып, дами бастады.

Ал бұл заманның екінші кезеңінде барынша дамыған елдерде *парламенттік* демократия қалыптасты.

Абсолютизм — шексіз монархия, жоғарғы билік тек бір адамның — монархтың қолында шоғырланатын басқару түрі.

Парламент — сайланатын ең жоғары өкілетті заң шығарушы орган.

Жаңа дәуірде халықаралық қатынастардың жалпыеуропалық, ал кейінірек бүкілдүниежүзілік жүйесі орныға бастады. Әлеуметтік-экономикалық саладағы маңызды үрдіс капиталистік қатынастардың пайда болып дамуы еді. Қоғам өзінің өнеркәсіп төңкерісінен кейінгі индустриалды даму сатысына аяқ басты.

Батыстық қоғамда адамзаттық құндылықтың ең маңыздысы жекеменшік құқығы, жеке адамның бостандығы болып саналды.

Ойлан

Батыс елдерінде Жаңа заманға тән қандай өзгерістер жүрді?

Шығыстың тарихи кеңістігі — Ежелгі Мысыр, Қосөзен, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Қытай сияқты ұлы өркениеттердің мұрагерлері мекендеген, Азия мен Африканың халқы өмір сүріп отырған әлемі.

Ежелгі өркениеттер Ніл, Тигр, Евфрат, Ганг, Хуанхэ және Янцзы өзендерінің алаптарында пайда болып, дамыды. Адамзаттың ұлы

жетістіктері — жазу-сызу, өнер, жер суландыру ең алғаш Шығыста пайда болды. Мемлекет тұңғыш рет Шығыста дүниеге келді.

Батыс әлемі, негізінен, христиандық Еуропамен шектелсе, ал Шығыс әлемі — ислам, буддизм, индуизм, конфуцийлік, даосизм, синтоизм және т.б. шығыстық діндер әлемін қамтыған орасан зор аумақты алып жатты.

Осы кезеңде аграрлық өркениет біртіндеп индустриялық өркениетке ауыса бастады. Аграрлық өркениет мыңдаған жылдар бойы Жер шарының әр түкпірінде — Еуропа мен Америкада, Африка мен Азияда өркендеп, дамыды. Ал индустриялық өркениет алғаш рет Еуропада дами бастады.

XVII—XVIII ғасырлар Батыс Еуропаның индустриялы дәуірге өтуіне дайындалған өтпелі кезең болды. Индустриялық өркениеттің отаны деп XVIII ғасырдағы Англияны санайды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында өнеркәсіп салаларында алғашқы мәшинелер пайдаланыла бастады, алайда экономика, тұтастай алғанда, индустрияланған жоқ. Өнертабыстардың рөлі өсті, бірақ өндірісті тұрақты жетілдіру қағидасы әлі де жетекші ұстанымға айнала алмады.

Еске түсір

Орта ғасырлар тарихында аграрлық қоғамның негізгі ерекшеліктері қандай еді?

Жаңа дәуірде Батыста өнеркәсіп төңкерісінің нәтижесінде капиталистік қатынастар алғаш рет пайда болып, дами бастады. Феодалдық қатынастар Шығыс елдерінде ұзақ уақыт бойы ыдырамай, берік сақталып келді. Оған себеп Батыс елдерінің Шығыс елдеріне жасаған отаршылдық саясаты еді.

XVII—XVIII ғасырлардағы Қытай, Жапония, Үндістан, Иран, Осман империясы сияқты мемлекеттер қоғамдық-экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде тұрды. Дегенмен осы елдерде феодалдық қоғам қойнауында капиталистік қарым-қатынастардың алғышарттары пісіп жетілді, Шығыс өркениетінде ғылыми идеялар мен бағыттар қалыптасып, мәдениет дамыды. Отаршылдыққа қарсы алғашқы бас көтерулер пайда бола бастады.

Ойлан

Неліктен Шығыс елдері жаңа заманда Батыстан артта қалып қойды?

Жаңа заман дүниежүзілік капиталистік жүйенің қалыптасқан және отар елдердің ұлт-азаттық күрестерімен сипатталатын кезең болды.

Пікірталас

Ұлт-азаттық қозғалыстар қандай себептерден туындайды деп ойлайсың?

Жаңа заман кезеңінің ерекшеліктері:

Батыс елдері	Шығыс елдері
<p>Алғаш рет буржуазиялық революция басталды.</p> <p>Өнеркәсіп төңкерісі орын алды.</p> <p>Индустриалды қоғам пайда болды.</p> <p>Капиталистік қатынастар қалыптасты.</p> <p>Отаршылдық саясат жүргізілді.</p> <p>Отаршыл мемлекеттер арасында ықпал аймақтарын бөлісу әрекеттері күшейді.</p>	<p>Шығыс елдерінде дәстүрлі шаруашылық ұзақ уақыт сақталып келді.</p> <p>Феодалдық қоғамның үстемдігі берік болды және ол Шығыс халықтарын әлемдік дамудан артта қалдырды.</p> <p>Еуропалықтардың отаршылдық әрекеттері басталды.</p> <p>Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күрестер туындады.</p>

Біліміңді тексер

1. Жаңа заман кезеңінің басты ерекшелігі неде?
2. Алғашқы өнеркәсіп төңкерісі қай елде басталды?
3. Батыс елдері қандай аймақтарды қамтиды?
4. Шығыс елдерінің географиялық аумағын ата.
5. Батыс өркениеті қандай діндер мен ойлардың мекені болды?

§2. XVII ҒАСЫРДАҒЫ АҒЫЛШЫН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Бұл сабақта:

- ағылшын буржуазиялық революциясының алғышарттары және себептері;
- революциялық жағдайы, революцияның негізгі кезеңдері мен маңызы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- джентри
- капитал
- буржуазия
- мануфактура
- жалдамалы жұмысшылар
- левеллерлер

Ойлан

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезінде Англияның дамуында қандай фактор маңызды рөл атқарды?

Революция қарсаңындағы Англия. XVII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Еуропада феодализм тоқырауға ұшырады. Оның орнын жаңа қоғамдық жүйе — капитализм ауыстырды. Меншіктің жаңа капиталистік нысаны орнығып, Батыс Еуропада капиталистік қатынастар дами бастады.

Англияда XV ғасырдың соңынан бастап шұға өндірісі қарқынды дамыды. Әлемдік нарық қалыптаса бастады.

Жаңа *ақсүйектер* жекеменшіктің жаңа — капиталистік түрін қолдады, жалдамалы жұмыс күші тиімдірек болғандықтан, мануфактураның несі феодалдық тәуелділікті қажет етпеді.

Кәсіпкерлер және жаңа ақсүйектер өз ақшаларын англикан шіркеуінің пайдасына жұмсағысы келмеді және *пуритандарды* көбірек қолдай бастады.

XVII ғасырдың басында пуритандарда *пресвитериандар* және *индепенденттер* бағыттары пайда болды. Ауқатты көпестер, қаржыгерлер, ірі жер иелері — *джентрилер* пресвитериандарға айналды.

Алайда Англиядағы капитализмнің дамуын ортағасырлық қатаң ережелер тежеді.

Революцияның себептері. XVII ғасырдың 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының бас кезінде Англияда революциялық жағдай қалыптасты. Заңсыз салықтар сауда мен өнеркәсіптің дамуын тежеді, халықтың жағдайының нашарлауына әкелді.

I Яков 1625 жылы қайтыс болып, сол жылы оның мұрагері I Карл таққа отырды. Ол әкесінің парламент құқығын мойындаудан бас тартқан шексіз билік туралы көзқарасын жалғастырды.

Ойлан

Қандай ортағасырлық ережелер Англияда капитализмнің дамуын тежеді?

Парламент наразылық білдірушілердің талаптары көрсетілген құжат — «Құқық туралы петиция» қабылдады. I Карл парламентті таратып, он бір жыл бойы Англияда жеке-дара билігін жүргізді. Бірақ король парламенттің рұқсатынсыз жаңа салықтар енгізе алмады.

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Англияның сыртқы саясатын революциялық ахуалдың қалыптасу факторы ретінде қарастыруға болады. I Якоб басқаруының бас кезінде біріккен провинциялармен бәсекелестік күшейді және Испаниямен жақындасу басталды. Бұл — көпестер мен кеме иелерінің наразылығын туындатты. Шотландияда I Карлдың жеке-дара билігіне қарсылық ретінде көтеріліс басталды. Осы оқиғаларға орай I Карл парламентті шақыруға мәжбүр болды. Ол корольға жаңа салықтарды жинауға рұқсат бермегені үшін таратылып, тарихқа *Қысқа парламент* деген атпен енді. 1640 жылы король *Ұзақ парламент* деп аталған жаңа парламент шақырды. Буржуазиялық-аксүйектер оппозициясының бағдарламасы екі құжатта: «Тамырлар мен бұтақтар туралы петиция» мен «Ұлы ремонстрациядан» өз көрінісін тапты.

Англикан шіркеуі — Англияның мемлекеттік шіркеуі, протестанттық шіркеулердің бірі. Әдет-ғұрыптары жағынан католиктік шіркеуге жақын, бірақ оның басшысы Рим Папасы емес, ағылшын королі.

Диггерлер — Ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде ауыл және қала кедейлерінің араларындағы қозғалысқа қатысушылар. Жерге жекеменшіктің жойылуын және мүліктің теңдігін талап етушілер.

Индепенденттер — шіркеу қауымдастықтарының толық өздерін-өздері басқаруын, діни төзімділік идеяларын жақтаушы пуритандар.

Джентрилер — қала буржуазиясы мен жаңа жер иелері.

Пресвитериандар — шіркеуді діни қызметкерлердің пресвитериандық жиналысы басқару керек деп есептейтін протестанттар. Олар алтарьларға, иконалар мен балауыздарға қарсы шығып, құдайға құлшылық етудегі басты нәрсе дұға оқу емес, пресвитердің уағызы деп есептеген.

Пуритандар — кальвинизмнің ізбасарлары. Олар англикан шіркеуін сәнсалтанатты ғұрыптардан тазарту қажеттігін мәлімдеп, оларды құдайға емес, корольға қызмет ететіндігімен айыптай отырып, епископтар лауазымдарын жоюды талап етті.

Роялистер — монархияшылдар, король билігінің жақтастары.



I Карл

Парламентпен күрестің қиын болатындығын түсінген I Карл 1642 жылы қаңтарда солтүстікке кетіп, сол жылы тамызда парламентке соғыс жариялады. Елде корольдың парламентпен азамат соғысы басталды.

Азамат соғысы. Бүкіл Англия екіге: парламентті жақтаушыларға және феодалдық-абсолюттік құрылысты жақтаушыларға бөлінді. Парламент жағында қала қолөнершілері мен саудагерлер, ерікті шаруалар, джентрилер бой көтерді. Корольды ақсүйек тектілер, солтүстіктің феодалдары мен дворяндары, ауыл қолөнершілері, дін иелері қолдады. Корольдық әскерді сәнді киімдер мен парик кигендері үшін «кавалерлер» («салт аттылар») деп, парламентті жақтаушыларды шаштарын дөңгелентіп алдырғандары үшін «домалақ бастылар» деп атады. Экономикалық

жағынан артта қалған солтүстік және батыс графтықтар король туының астына өтті. Экономикалық жағынан неғұрлым дамыған оңтүстік-шығыс парламентті қолдады.

Соғыс король әскерінің жеңістерімен басталды. Қауымдар палатасы парламент әскерін нығайту жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Осылайша аukatты емес джентри, шаруалар, қолөнершілер, мануфактура жұмысшыларынан тұратын еріктілердің жана үлгідегі әскері пайда болды. Бұл әскерде офицер болу үшін адамның ақсүйектер тегінен шығуы талап етілмеді. Жана әскердің негізін қалаушы Хантингтоннан шыққан жер несі, генерал-лейтенант атағын алған ақсүйек *Оливер Кромвель* еді. Нейзбиде роялистер жеңіліске ұшырады. *I Карл* солтүстікке қашып, шотландтықтарға тұтқынға түсті.

Елдегі билік әскердің қолына көшті. Король әскерін жеңу парламент актісімен бекітілді.



Анықта

Жаңа үлгідегі армияның ерекшелігі неде?

Левеллерлер мен республиканың орнауы. Революция халықтың демократиялық тобының үмітін ақтамады. Солшыл революциялық күштердің негізі орта шаруалар мен қала кедейлерінен тұратын әскер болды. Бұл әскерде ұсақ буржуазия арасында *левеллерлер* — теңестірушілер саяси партиясы қалыптасты. Левеллерлер көшбас-

шылары *Дж. Лильберн, У. Уолвин, Р. Овертон* демократиялық заңдарды әзірледі, парламенттің халық аңдындағы жауапкершілігін, парламентке бақылау орнатуды, лордтар палатасын жоюды талап етті.

Левеллерлердің бағдарламасы «Мыңдаған қала тұрғындарының ремонстрациясы» жарияланды.

1647 жылы ағылшын революциясы буржуазиялық-демократиялық жана кезенге өтті. Парламенттің корольмен келіссөздері бүкіл ел бойынша демократиялық күштердің наразылығын туындатты. Бұл қозғалыс индепенденттік генералитетті (әсіресе Кромвель және Ферфаксты) парламенттегі пресвитериандық көпшілікпен байланысын үзіп, әскермен бірігуге мәжбүр етті. Әскер батыл әрекеттер жасады. Корольды Ньюпорттан Херст бекініс-түрмесіне ауыстырды. Полковник Прайд жасаған мемлекеттік төңкеріс әйгілі «прайдтік тазарту» болды. Парламенттен корольмен ымыраға келгісі келген депутаттар қуылды. Жоғарғы сот корольды соттау туралы шешім қабылдады. 1649 жылы мамырда *Англия республика* деп жарияланды.

Республика құрылғаннан кейін соғыс пен дағдарыстарға байланысты халықтың жағдайы нашарлады. «Шынайы левеллерлер» немесе *диггерлердің* жана қозғалысы пайда болды. Халықтың кедей бөлігі мүлік теңдігі, жерді қоғамдастыру, халықты қанауды тоқтату сияқты талаптарды қойды. Диггерлер басшысы *Джерард Уинстэнли* болды.

? Анықта

Левеллерлер және диггерлер немесе «шынайы левеллерлердің» талаптары несімен ерекшеленді?



Нейзбп шайқасы



Оливер Кромвель

Революцияның демократиялық күштерінің жеңілісі республикадағы таптық күрес ауқымын бәсеңдетті, оның бұқара халықтан алшақтануына алып келді.

Ағылшын республикасының алдында независименттік джентри және буржуазияның билігін нығайту міндеті тұрды. Ол Ирландия мен Шотландиядағы роялистік қауіп-қатерді жоюға тиіс болатын. «Теміржондылар» әскерін бастаған О.Кромвель Ирландияны жаулап алуға аттанды.

Кромвель әскері Шотландияға басып кіріп, ағылшын контрреволюциясын қолдайтын жергілікті феодалдарды тас-талқан етті. Осы жеңістер нәтижесінде Англия Республикасын Испания, Швеция, Франция ресми түрде таныды.

О.Кромвель протектораты. Республиканың ішкі саяси ахуалы ауыр күйінде қалды. Елде жаңа Конституцияны бекітіп, заңнамалық реформаларды жүргізу қажет болды. Осы жағдайда Кромвель парламентті таратып, жаңа билік органы — Кіші немесе Бэрбондық парламентті тағайындады. Парламенттің әлеуметтік-экономикалық өзгерістері билеуші топтың наразылығын тудырды. Кіші парламент өзін-өзі тарқатуға мәжбүр болды. Англияда «Басқару құралы» атты жаңа Конституция қабылданды. Кромвель Англияның, Шотландияның және Ирландияның өмірлік лорд-протекторы болып тағайындалды. Шын мәнінде, протекторат жүйесі Кромвельдің әскери диктатурасы еді. 1658 жылы Кромвель қайтыс болып, билік оның ұлы Ричардка көшті. Халық наразылығы қайта жанданды. Англияда реформалар жүргізуге дәрменсіз Екінші республика орнады.

Саяси режимнің тұрақсыздығы, халық толқуларының өсуі монархиялық билікті қалпына келтіруге итермеледі. Шіркеудің пресвитерлік құрылымы қалпына келтірілді.

Голландияның Бред қаласында эмиграцияда жүрген II Карл төңкеріске қатысушыларға рақымшылық жасау, дін еркіндігі мен жерді сату және тәркілеуді бекіту туралы декларация жариялады. Англияда қайтадан абсолюттік монархия режимі орнады.

Корольдың саясатына наразы оппозиция жетекшілері Нидерланды үкіметінің басшылығына ұсыныс жасап, III Вильгельм Оранскийдің Англияға оралып, «протестанттық еркіндікті» қалпына келтіруін сұрады.

«Данқты революция» және конституциялық монархияның орнығуы. III Вильгельм Оранскийдің әскері Лондонды басып алды.

Ол 1689 жылдың басында Англия королі болып жарияланды. Осылайша «*Даңқты революция*» деген атауға ие болған қантөгіссіз мемлекеттік төңкеріс болды.

Жаңа мемлекеттік жүйенің негізгі құжаты — «Құқықтар туралы билль» енгізілді. Англия парламенттік монархияға айналды. Король елді парламентпен бірігіп басқаратын болды. Корольдың парламенттің рұқсатынсыз заңдар шығаруға, салықтарды жинауға, әскер ұстауға, дін істеріне араласуға құқығы болмады. Құқық жөніндегі декларациясында халық корольды орнынан алуға өзгертуге құқықты болды. Сондай-ақ тақ мұрагерлігі тәртібін өзгерте алуға құқылы екендігі атап көрсетілді. Жалпы алғанда, 1688 жылғы төңкеріс жер иеленуші аксүйектер мен ірі буржуазияның арасында бітімгершілік барын көрсетті.

Пікірталас

1688 жылғы революцияны «даңқты революция» деп атау дұрыс па?

Ағылшын революциясының тарихи маңызы. Ағылшын революциясы капитализмнің дамуына маңызды қадам жасады. Парламент арқылы жаңа капиталистік жүйенің дамуына үлес қосқан бірқатар заңдар қабылданды. Бұрынғы тектілік артықшылыққа тойтарыс беріліп, абсолютизм жойылды. Елде азаматтық қоғам қалыптаса бастады. Ағылшын революциясы жариялаған саяси талаптармен бірге буржуазиялық еркіндік, жаңа экономикалық тәртіп заманауи индустриялық өркеннеттің іргетасын қалады. Ағылшын революциясының ерекшелігі жаңа аксүйектер буржуазиямен одақтаса отырып монархияға, феодалдық аксүйектерге және шіркеу үстемдігіне қарсы күресті.

XVII ғасырдағы ағылшын революциясы және пуританизм идеяларының таралуы дәстүрлі қоғам және шексіз монархияны жойды. Елде конституциялық парламенттік монархия орнады.

Біліміңді тексер

1. XVI—XVII ғасырлар тоғысында Англия экономикасында қандай өзгерістер болып жатты?
2. Ағылшын буржуазиялық революциясының негізгі кезеңдерін атап бер. Олардың қандай айырмашылығы бар?
3. Неліктен Кромвель протектораты әскери диктатура деп аталды?
4. Ирландия мен Шотландиядағы Кромвель әскерінің әрекеттері қандай болды?

§3. ӨНЕРКӘСІП ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ИНДУСТРИАЛДЫ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл сабақта:

- өнеркәсіп төңкерісінің мәні, алғы-шарттары, басталуы және дамуы туралы білеміз;
- Англияның индустрияландырылуының негіздері, жаңғырту үдерісі, индустриалды қоғамның белгілері, әлеуметтік құрылымы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- аграрлық төңкеріс
- өнеркәсіп төңкерісі
- луддашылар
- индустрияландыру
- «әлем шеберханасы»
- өсімқорлық

Өнеркәсіп төңкерісінің мәні. XVIII ғасырдың аяғында Еуропаның бірқатар елдерінің өнеркәсібінде мануфактуралық кезеңнен өндірістің фабрикалық жүйесіне көшу басталды. Бұл кезең *өнеркәсіп төңкерісі* деп аталды. Өнеркәсіп төңкерісінің техникалық және әлеуметтік жақтары болды.

Техникалық жағы — ол ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін қолдануды білдірді. Әлеуметтік жағы — ол өнеркәсіпте буржуазиялық (капиталистік) қатынастардың нығаятын көрсетті.

Аграрлық төңкеріс. XVI—XVII ғасырлардың өзінде-ақ Англияда жер иеленуші шаруалар жойылып, бүкіл жер ленлордтардың қолында болды. Олар жерді жерінен айырылған және ақыға жалданып жұмыс істеуге келісетін шаруалардың еңбегін пайдаланатын фермерлер мен кәсіпкерлерге жалға берді. Осылайша Англияда өнеркәсіптік төңкерістің негізін қалаған *аграрлық төңкеріс* іске асырылды.

Өнертапқыштық және ғылыми ойдың дамуы. Өнеркәсіп төңкерісінің басталуына тек аграрлық төңкеріс қана жеткіліксіз

болатын. Бұл үшін өнертапқыштық және ғылыми ойды дамыту қажет болды.



Анықта

Аграрлық төңкерістің мәні неде? Аграрлық төңкерістің салдары қандай?


1662 жылы Лондонда ағылшын Ғылымдар академиясының рөлін атқарған Корольдық қоғам құрылды. XVIII ғасырдың басында Англияда бастауыш білім берудің жетілген жүйесі болды. Техникалық білімді кәсіпкерлерді даярлау үшін өнеркәсіптік орталықтарда орта мектептер пайда болды. Осылайша XVIII ғасырда Англияда өнертапқыштық ойдың дамуына қажетті жағдайлар қалыптасты.

Ойлан

Қандай жағдайлар Англияда өнертапқыштық және ғылыми ойдың дамуына себеп болды?

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің алғышарттары және дамуы. Өнеркәсіп төңкерісінің маңызды алғышарты Ағылшын буржуазиялық революциясы болды. Сонымен қатар Англияның географиялық қолайлы орналасуын, Америка ашылғаннан кейін Англия дүниежүзілік теңіз сауда жолдарының торабында болуын атауға болады. Дәл осы алғышарттар Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріске әкелді.

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі тоқыма өндірісінде мәшинелерді ойлап табудан басталды. Пірілген жіпке деген сұраныс жіп тоқудағы бірқатар өнертабыстарға қосымша демеу болды. 1733 жылдың өзінде тоқымашы әрі механик Джон Кей шұғаны өндеуге арналған «ұшқыр шөлмекті» ойлап тапты. 1738 жылы Р.Аркрайт адамның қатысуынсыз жіп піретін мәшине жасады. 1765 жылы Джеймс Харгривс «Дженни» механикалық жіп піру мәшinesін ойлап тапты. Оның көмегімен бір жұмыскер 18—20 ұршықты қозғалысқа келтірді. 1767 жылы ағаш шебері Хейс су дөңгелегінің қозғалысқа келтірілетін және жоғары өнімділігімен ерекшеленген жіп піру мәшinesін жасап шығарды. 1771 жылы Р.Аркрайт алғашқы жіп піру фабрикасын ашты, мұнда мәшинелер су дөңгелегінің күшімен жұмыс жасады.



«Дженни» жіп піру мәшinesінің эскизі



Луддашылар әрекеті

Өнеркәсіптің басқа салаларында да айтарлықтай өзгерістер болды. Джеймс Уатт бу мәшinesін ойлап тауып, оны жетілдірді. Өнеркәсіп орындарының өзендер қуатына тәуелділігі жойылды, бұл — фабрикалардың кеңінен ашылуына әкелді. Бу мәшinesі жұмыс істеуі үшін көмір қажет болды. Бұл көмір өндірісін дамытты. Англиядағы өнеркәсіптің дамуы жана қалалардың салынуына әкелді, жолдар мен көлік санының артуына ықпалын тигізді, жана тап — өнеркәсіп пролетариаты

қалыптасты. 1786 жылдан бастап Лондоннан түрлі бағыттарда пошта күймелері (дилижанстар) тұрақты жүре бастады. Ауыр жүктерді — көмір мен металдарды арзан тасымалдауға мүмкіндік беретін су арналарын салу кең етек алды.

Ойлан

Не себептен Англияда басқа елдермен салыстырғанда өнеркәсіп төңкерісі ертерек басталды?

Мәшинелерді қолдану еңбекақының төмендеуіне әкеп соқтырды. Көптеген жұмыскерлер жұмыстарынан айырылды. Еңбек жағдайы ауыр болды. Жұмыс күні 14—18 сағатқа созылды. Мұның барлығы жұмысшылар арасында наразылық туғызды. Жұмысшылардың наразылығы мәшинелерге қарсы бүлікке ауысты. Жұмыскерлер фабрикаларға лап қойып, мәшинелерді талқандады, фабрика ғимараттарын өртеді. Бұларды жіп піру станогын алғаш талқандаған жасөспірім Нэдда Лудданың атымен *луддашылар* деп атады. Луддашылардың әрекеттері кәсіпкерлерге орасан залал әкелгендіктен, парламент бүлікшілерге өлім жазасы туралы заң қабылдады. Бірақ луддашылардың әрекеттері өнеркәсіптік бетбұрыстың сәтті қадамын тоқтата алмады.

Пікірталас

Луддашылардың әрекеті өнеркәсіп төңкерісінің дамуына қалай әсер етті?

Өнеркәсіп төңкерісі жаңа буржуазиялық қоғамның экономикалық іргесін қалап берді. Ағылшын өнертабыстары басқа да елдерге жылдам енді.

Қоғамда екі негізгі тап — буржуазия мен өнеркәсіп пролетариаты қалыптасты. XVIII ғасырда Англияда өнеркәсіп төңкерісі капитализмнің мануфактуралық кезеңінен мәшинелік техникаға сүйенген капиталистік өндірістің фабрикалық жүйесіне көшті. Индустриалды қоғамның қалыптасуы басталды.



Анықта

Не себептен біз өнеркәсіп төңкерісі жаңа буржуазиялық қоғамның экономикалық негізін құрды деп айтамыз?

Англиядағы өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуы. Өнеркәсіп төңкерісінің маңызды нәтижесі индустрияландыру болды.

Бұл Англияның экономикалық географиясын өзгертті. Тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруге мамандандырылған жаңа өнеркәсіптік аудандар пайда болды.

Өнеркәсіп төңкерісі паровоздың жасалуымен аяқталды. 1825 жылы Дж. Стефенсон Дарлингтон мен Стоктон арасында жолаушылар тасымалдайтын пойызын жүргізді. Англия дүниежүзілік шеберханаға айналды, оның бұйымдарымен ешкім бәсекелесе алмады. Лондон әлемдік сауда орталығы болды.

XIX ғасыр тарихка «мәшине» ғасыры, «темір» ғасыры ретінде кірді.

Индустриалды қоғамға өту үрдісін *модернизация* деп атайды. Бұл қоғамға мәшине техникасына негізделген өнеркәсіп, нарықтық экономиканың қалыптасуы, шаруашылықтың белсенді түрлерінің таралуы, қоғамның таптық құрылымының пайда болуы тән.

Пікірталас

Индустриалды қоғамға тағы қандай белгілер тән?

«Көне» және «жаңа» аристократия. XIX ғасырдың екінші жартысында еуропалық аристократия алдында жаңа қоғамға бейімделу мәселесі тұрды. Көптеген аристократтар ірі жер иелері болғандықтан, олардың өмірі қаламен ғана емес, ауылмен де байланысты болды.

Алайда индустриалды қоғамның біртіндеп дамуымен аристократияның үстемдігі өткенге айналды. Жер телімдерінің бөлігі қалалық



«Жаңа» аристократия

құрылыстарға сатылды, орман иеліктері қысқара бастады. Жер аристократиясы банктерде, өнеркәсіп компанияларында басқарушы орындарды алды. Көптеген аристократтық отбасылар өздерінің байлықтарын жоғалта бастады. Олардың ұрпақтары аukatты мұрагерлермен некелесті және бұл аристократиямен буржуазияның қосылуына, жоғары тап «жана» аксүйектердің қалыптасуына алып келді.

Жаңа буржуазия. XIX ғасырда мемлекеттердің экономикалық және саяси өмірінде буржуазия өзін таныта бастады. Тарихшылар және әлеуметтанушылар, бұл тап өкілдерінің мінез ерекшеліктерін талдай келе, оларға еңбекқорлық, белсенділік және табандылық қасиеттерінің тән екендігін атап өткен.

Орта тап. XIX ғасырдың соңында елеулі құбылыс ретінде орта таптың қалыптасуы болды. Осы тапқа инженерлер, өнертапқыштар, дәрігерлер, оқытушылар, офицерлер, заңгерлер және т.б. бірікті.

Орта тап, ең алдымен, Ұлыбританияда қалыптасты. Әдетте, орта тап адамдары реформаларды қолдаушылар болды.

Ойлан

Орта тап қоғамның қандай топтарын біріктірді?

Жаңа жұмысшы табы. XIX ғасырдың екінші жартысында өнеркәсіптің қарқынды дамуымен байланысты қоғамда жаңа жұмысшы табының қалыптасуы үрдісі байқалды.



Жұмысшы табының өкілдері

Бұл таптың әлдеқайда қамтамасыз етілген бөлігін білікті жұмысшылар құрады, оларды *жұмысшы аристократия* деп атады. Олар техникалық білімі бар мамандар болды. Жұмысшы табының біршама мәдени тобын құраған мұндай басшылардан шеберлер, кеңсе қызметкерлері және басқарушылар шықты.

Жұмысшы таптың құрамы, әлеуметтік жағдайы әртүрлі болды.

XIX ғасырда дәстүрлі қоғамның таптық құрылымы түбегейлі өзгерді.

Біліміңді тексер

1. Аграрлық төңкерістің өнеркәсіп төңкерісінен ерекшелігі неде?
2. Англиядағы өнеркәсіптік төңкерістің алғышарттарын ата.
3. Өнеркәсіп төңкерісінің дамуы қандай салаларды қамтыды?
4. Қандай жағдайлар жұмысшылар ортасында наразылық тудырды?
5. Капитализмнің мануфактуралық даму сатысынан фабрикалық даму сатысына өтудің барлық алғышарттарын атап көр.
6. Неге XIX ғасыр тарихқа «мәшине» ғасыры, «темір» ғасыры ретінде кірді?
7. Аристократияның буржуазиямен қосылуына, «жаңа» таптың қалыптасуына қандай жағдайлар себеп болды?
8. XIX ғасырдың екінші жартысында «орта таптың» қоғамдағы рөлі қандай болды?
9. Буржуазия қандай қасиеттерімен ерекшеленді?

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҮНДІСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ. БАТЫС ИМПЕРИЯЛАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

§4. ҰЛЫ МОҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰДЫРАУЫ. XVII—XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДІСТАН

Бұл сабақта:

- Ұлы Моғол империясының өмір сүрген кезеңдерімен, Үндістанда жүргізген саясатымен танысамыз;
- Үндістандағы жергілікті мемлекеттік құрылымдар және олардың моғолдарға қарсылық әрекеттерінен де мәлімет аламыз;
- Моғол империясының дағдарыс себептерімен және еуропалықтардың отаршылдық әрекеттерінің басталуымен танысатын боламыз.

Тірек сөздер

- Бабыр,
- Ұлы Моғолдар
- жерге жекеменшік түрлері
- касталық жүйе
- мұсылмандар мен үнділер
- халық қозғалыстары
- Ост-Үнді компаниясы

XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Үндістанның солтүстігінде мұсылман мемлекеті — Дели сұлтандығы өмір сүрді. 1526 жылы оны Орта Азиядан шыққан *Бабыр* жаулап алады.

Бабыр бұрын Ферғанада (Орта Азияда) және Кабулда билік жүргізген. Ол Азияның атақты бағындырушысы Әмір Темірдің әулетінен шыққан ұрпағы болатын. Оның Ауғанс танда және Солтүстік Үндістандағы иелігі Ұлы Моғолдар мемлекеті деп аталды. (Үндістанда «Моғолдар» деп монғолдарды атаған.) Кейіннен еуропалықтар да осылай Моғолдар мемлекеті деп атап кеткен. Бабыр өзі құрған осы иелігінде исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Ал Үндістанның жергілікті халқы индуизм дінін ұстанатын.

Ойлан

Ұлы Моғол мемлекетін құрған кім және ол Үндістанға қайдан келді?

XVII ғасырдың ортасына қарай Үндістанның солтүстігі мен орталық бөлігі де Ұлы Моғол державасының қол астында өмір сүрді. Бұл Үндістан халқының үштен екісіне билік жүргізген әскери-феодалдық мемлекет еді. Барлық билік падишахтың қолында болды. Моғолдардың соңғы билеушісі Аурангзеб падишах билігі кезінде мемлекет 19 субаға (әкімшілік аймақ) бөлінді. Әр әкімшілік аймақ басында падишах тағайындаған

субалар отырды. Олардың қолында әкімшілік, әскер және сот билігі жинақталды. Өз әскері болды.

Моғол империясының шегарасы үнемі кенейіп отырды. Бұл кезде империяның құрамына Ауғанстан, Балх, Оңтүстік Үндістан кірді. Бірақ басқыншылық соғыстар, феодалдық топтардың мұсылмандар мен үнділер болып бөлініп, өзара қырқысу соғыстары, әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуі, экономикалық құлдырауы, халық қозғалыстарының өрлеуі елдегі Моғол үстемдігін әлсіретті.



Бабыр

Ұлы Моғол мемлекетінде бүкіл жердің иесі падишах болып есептелді. Осыған сәйкес елдің бүкіл өнделетін, егіншілікке жарамды жерінің бәріне салық салынып, ол мемлекет қазынасына құйылатын. Сондай-ақ *джагир*, *заминдар*, *инам* және *уакф* деп аталған әртүрлі феодалдық жекеменшіктегі жерлер де болды.

Ойлан

Моғол империясын дағдарысқа ұшыратқан қандай себептер?

Джагир — әскери қызметі үшін жекеменшікке берілген жер, оларды иеленуші әскери қызметкерлерді джагирлер деп атады. Аурангзеб падишах тұсында джагирлер саны көбейіп, олар падишахтың негізгі тірегіне айналды.

Заминдар — жекеменшік жер, оның иелері заминдарлар меншігіндегі жерді өңдеуге шаруаларды пайдаланды. Кейде олардың қолында салықтан босатылған жер иеліктері де болды. Заминдарлардың шыққан тегі, көбінесе үнді ақсүйектері болса, ал джагирлардың негізі мұсылмандардан құрылатын.

Инам — мұсылман дінбасыларының меншігіне берілген жер. Олар салықтан босатылды.

Уакф — діни орындардың, яғни мешіт, медресе, діни мектептердің меншігіндегі жер. Оларға салық салынбады.

Үндістанда Ұлы Моғолдар билігі тұсында аграрлық қоғамның барлық белгілері сақталды.

Ойлан

Моғол империясында жерге жекеменшіктің қандай түрлері болды?

Халқы. Үндістанда Жаңа заманда әр тілде, әртүрлі діндер мен діни сенімдерді ұстанатын жиырмадан астам ірі халықтармен қатар мыңға жуық аз санды халықтар және тайпалар өмір сүрді. Олардың

барлығы дерлік егіншілікпен, малшаруашылығымен, аңшылықпен айналысты. Дегенмен Үндістанда халықтың әлеуметтік немесе ұлттық тегінен бұрын, оның касталық тегі басты орын алды.


Каста — үнді халқының арасында адамдардың кәсібі, құқығы мен міндеттері мұраға беріліп отыратын адамдардың тұйықталған жабық топтары.

Касталық жүйе жоғарыдан төменге дейін бөлінетін төрт сатыдан — варнадан тұрды: брахмандар (дін өкілдері), кшатрийлер (билік өкілдері, әкімдер, әскери адамдар), вайшилер (қауымның ерікті мүшелері, қолөнершілер мен саудагерлер) және шудралар (қауымның еріксіз мүшелері, құлдар мен малайлар). Олардың әрқайсысы бір-бірінен өте қатаң заңдар арқылы оқшауланды. Бір кастадан екіншісіне өту мүмкін емес еді. Үнді қоғамының аса кедей төменгі топтарын жиіркенішпен «кесапаттылар» деп атады. Олар өте көп еді.

Ойлан

Каста деген не? Касталық жүйеге анықтама бер.

Ұлы Моғол мемлекетінің құрамына кірген Үндістанның Бенгал, Маратха, Гуджарат, Пенджаб сияқты ірі ұлыстары касталық жүйеге бөлінді. Бұл кезде Үндістан феодализм дамуын басынан кешіріп жатқан. Үнді қауымы қатаң тәртіппен келісілген еңбек бөлінісіне енгізілді.





Тәж-Махал кесенесі

Бұл керемет өнер туындысы мәңгілік махаббаттың ескерткіші ретінде ғасырлар бойы адамзатты романтикалық күйге бөлеп келеді. Тәж-Махал әлемдегі жеті кереметтердің бірі ретінде сақталған. Қазір бұл ескерткішті 1983 жылдан бастап ЮНЕСКО өз қамқорлығына алған. Әлемде оған тең келетін сәулет өнері жоқ. Ұлы Моғолдар дәуірінен сақталған бұл сәулет кесенесін Үндістанда билік құрған Шах Жаханның сүйікті жары Мұптаж Бегімге арнап салдырған. Аңыз бойынша қайтыс болған жарына арнап мәңгілік махаббаттың символы ретінде ескерткіш орнатқан.



Ұлы Моғол империясының ыдырауы. Халық көтерілістері. Ұлы Моғол мемлекетінде қалыптасқан экономикалық қиындықтар бұқара халықтың жағдайын нашарлатты. Феодалдық жер иеленушілердің мемлекеттің шаруаларға салатын салықтарының өсуі, тұрмыстарының ауырлығы олардың Ұлы Моғол билігіне қарсы наразылығын күшейтті. Әр жерден қарапайым халық көтерілістерге шыға бастады. Сондай-ақ Үндістан халқының этностық және діни ғұрыптары оларды моғол билігінен тәуелсіздік алуға ұмтылдырды. Мемлекеттің іргесі шайқалды. Бір аймақтан кейін екіншісі Ұлы Моғол мемлекетінен бөлініп кетіп жатты.

XVIII ғасырдың ортасына қарай бір кездегі аса қуатты Ұлы Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігі құлады. Үндістан жерінде еуропалық отаршылдардың билігі орнай бастады.

Еуропалық державалардың Ост-Үнді компаниясының құрылуы және отаршылдықтың басталуы. Үндістанды еуропалықтардың отарлай бастауы. XVII ғасырда еуропалық кейбір мемлекеттер Үнді мұхиты арқылы сауда жүргізу және отарлар иелену үшін құрылған Ост-Үнді компанияларын құрды. Мысалы, ағылшындық, француздық, голландық Ост-Үнді компаниялары. Олар сауда мен отар иеліктері үшін өзара бәсекелестікке түсті.

XVIII ғасырдың ортасында Үндістанды отарлауға ұмтылған еуропалықтардың ішінде аса белсенділік танытқандары француз компаниясы мен ағылшындық Ост-Үнді компаниялары болды. Бұл екеуінің арасында Үндістан үшін күрес басталды. Екі мемлекеттің арасында болған Жетіжылдық соғыс (1756—1763) нәтижесінде ағылшындық Ост-Үнді компаниясы жеңіске жетіп, Үндістанды отарлауды қолға алды. Бұл жекеменшіктегі сауда компаниясы бүкіл Шығыс елдерімен саудаға монополиялық билік жүргізіп келген еді, енді осы компания арқылы Англия Үндістанды отарлауға кірісті. Үндістанның саяси бытыранқылығын пайдаланып, Ост-Үнді компаниясы XVIII ғасырдың 70-жылдары Бенгалияны басып алды. Бұл Үндістанның ең дамыған бай аймағы болатын. Компания XVIII ғасырдың 70—80-жылдары Үндістандағы ірілі-ұсақты мемлекеттер мен ұлыстардың бірінен кейін бірін бағындырды. Ағылшындар бұл жолда жергілікті халық тарапынан қуатты қарсылыққа тап болды. Халық көтерілістері өршіп, отаршылдыққа қарсы күрес толассыз жүрді. Ағылшындар Үндістанды отарлауда ұзақ уақыт соғыс жүргізуге мәжбүр болды.

Үндістанды отарлауға кең жол ашылғаннан кейін ағылшындардың сауда-өнеркәсіп буржуазиясы Ост-Үнді компаниясының Үндістанды

жалғыз өзі отарлауына наразылық білдіре бастады. Бұл бәсекелестікті ескерген ағылшын өкіметі 1773 жылы Үндістанды билеу жөнінде заң қабылдап, заң бойынша Үндістанды басқаратын генерал-губернатор қызметін тағайындады. Бұл қызметке үміткерді Ост-Үнді компаниясымен бірге парламент ұсынатын болды. Үндістандағы ең алғашқы генерал-губернатор болып ағылшын Уоррен Хейстингс тағайындалды.

Ағылшын билеушілері жергілікті жердегі әкімшілік, сот, салық жинау, полиция және т.б. қызметтерді өз қолына алды. Ағылшындық судья басқарған қылмыстық, азаматтық соттар құрылды. Ағылшындар жергілікті үнділер мен мұсылмандарға қарсы қандай қылмыс жасаса да, жазаға тартылмайтын болды.

Отаршылдар Үндістандағы өз мүдделерін қорғау үшін жергілікті халықтан жалдамалы, қарулы әскер жасақтарын құрды.

Үндістандағы мұсылмандар мен үнділер енді ағылшын отаршылдарына қарсы күресті. Биліктерін орнатқан жердегі халықты қанап, салықты ауырлатып, олардың өмір сүру деңгейін төмендетіп жіберді. Ашынған халық ағылшындарға өшпенділікпен қарады. Үндістан Англияға арзан шикізат беретін, оның өндірісінің өркендеуінде өте маңызды орны бар елге айналды.

Үндістандағы ауылшаруашылығы, қолөнер мен қалалардағы сауданың өркендеуі. Үндістанның ежелден өзінің тамаша қолөнері және сәулет өнерімен даңқы шыққан Бомбей, Мадрас, Калькутта сияқты ірі сауда орталықтары болды. Қалалар қолөнер мен сауданың дамуына зор ықпал етті. Үндістан жері арқылы ірі халықаралық сауда жолдары өтті. Үндістан арқылы Еуропаның сауда керуендері әртүрлі азық-түлік түрлерімен Қытайға және Үндіқытайға сауда жасап барып, ол жақтан Шығыстың тамаша қолөнер бұйымдарын, зергерлік заттарын, алтын-күміс, бағалы тастар алып қайтатын. Саудадан байыған үнді раджаларының қоймалары нағыз байлықтың көзі болды.

XVII ғасырда негізі қаланған голландық және ағылшындық Ост-Үнді компаниялары үнділерден әртүрлі маталар, қолөнер бұйымдарын сатып алып, оны Еуропаға апаратын. Ал Еуропадан әкелінген тауарлар Үндістанда сұраныста жоқ еді. Себебі сапасы төмен, бағасы қымбат тауарлар үнділерге керек емес еді. Еуропалықтардан тек алтын сатып алуға болатын еді.



Анықта

Үндістанда шаруашылықтың қандай салалары жақсы дамыды?

Еуропалық компаниялардың ішінен Үндістанда үлкен табысқа не болған ағылшындық Ост-Үнді компаниясы болды. XVII ғасырға қарай компанияның сауда факториялары теңіз жағалаулары мен Ганг өзені бойында пайда болады.

Үндістан саудасының өркендеуі қолөнердің дамуына кең жол ашты. XVII—XVIII ғасырларда Үндістанда жібек пен макта мата өндірісінде, кеме жасау т.б. қосалқы шаруашылық салаларында мануфактуралар пайда бола бастады. Саудадан байыған үнді феодалдары өндірісті дамыту үшін ауылшаруашылығымен айналысатын жер иелерінің жерін сатып алып, саудаға қажетті өнім өндіруге кірісті. Шаруалар жерден айырыла бастады. Ұсақ, орташа жер иелері мен шаруалардың басына түскен ауыртпалық олардың наразылық көтерілісін тудырып отырды.

Ойлан

Шаруалардың наразылығын туғызған қандай жағдайлар?

Білімді тексер

1. Ұлы Моғол империясының құрамына Үндістанның қандай ірі аймақтары мен халықтары кірді?
2. Моғолдар билігі кезінде жер иеленудің қандай түрлері болды?
3. Ұлы Моғол империясының билігі кезеңінде мұсылман мен үнділердің арасында қайшылықтар иеліктен пайда болды деп ойлайсың?
4. Ұлы Моғол империясы қандай себептерден ыдырауға ұшырады?
5. Үндістанды отарлауда қай елдің Ост-Үнді компаниясы белсенді болды?
6. Топтық жұмыс. Дәптерлеріне кестені сызып, толтырыңдар.

XVI—XVIII ғасырлардағы Үнді түбегіндегі мемлекеттер	Моғол империясының құрамындағы үнді халықтары	Моғол империясы құлағаннан кейінгі үнді князьдіктері
1.	1.	1.

§5. ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісі үш кезеннен тұрды.

Бірінші кезең — сауда отаршылдығы, XVI ғасырдың аяғынан басталып XVIII ғасырдың ортасына дейін жалғасты. Бұл кезеңде еуропалықтар шығыстық тауарларды отаршылдық жолмен Еуропаға тасымалдаумен айналысты. Шығыстың алтын, күміс, жібек, тоқыма маталары, дәмдеуіштері, әшекей бұйымдары т.б. отаршыларды қатты қызықтырды.

Екінші кезең — «өндірістік капитал дәуірінің отаршылдығы», XVIII ғасырдың екінші жартысынан — XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде Англия, Франция сияқты елдер Шығыс елдерін отарлап алып, Шығыстың байлығын тонаумен айналысты. Еуропалықтар өздерінің арзан тауарларын осы елдерге әкеле бастайды. Осылай жергілікті халықтың кәсіптері мен шаруашылығын күйретуге ұшыратты. Отарлап алған елдерін толық тәуелділікке түсірді.

Үшінші кезең — «империализм дәуірінің отаршылдығы» немесе «монополистік капитал дәуірінің отаршылдығы», XIX ғасырдың соңынан басталды. Шығыс елдерінің табиғи ресурстарын пайдаланумен қатар қанаудың жана тәсілі ретінде еуропалық капиталды әкеліп, инвестиция салуды күшейтіп, өнеркәсіп өндірісін дамыта бастады. Шығыс елдерін еуропалық алпауыт мемлекеттер ықпал аймақтарына бөлісті.

Бұл сабақта:

- Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісімен;
- отарлық езгінің зардаптарын. Отарлық жүйенің отар елдердің экономикасына тигізген әсерін білеміз.

Тірек сөздер

- сауда отаршылдығы
- өндірістік капитал
- монополистік капитал
- отар елдер
- отарлық империя
- «жабық есік саясаты»
- жартылай отар елдер

? Анықта

Отарлау үрдісінің үш кезеңінің ерекшеліктерін сипаттап бер.

XVII—XVIII ғасырларда Азия және Африка елдері феодалдық қоғамның терең дағдарысына ұшырап, еуропалықтардың отаршылдық әрекеттеріне тап болды. Шығыс елдеріндегі даму қарқыны төмендеп, бір кездері дамыған өркеннеттің ошақтары болған елдер отар және жартылай отар елдерге айналды.

Еуропалықтардың басқыншылық әрекеті Ұлы географиялық ашылулардан, яғни испандықтар мен португалдықтардың XV ға-

сырдың соңынан бастап XVI ғасырда Америкадағы, Африка мен Азиядағы халықтарды отарлау нысанына айналдырған кезден бастау алды.

Екі ғасыр бойы, алдымен португалдықтар мен испандықтар, содан кейін голландықтар, ағылшындар мен француздар Шығысқа, Африкаға, Үндістанға, Азияның оңтүстік-шығысына теңізден жол сала отырып Аустралияны ашты. Ал осы уақытта орыс саяхатшылары Сібірді игеріп, Тынық мұхит жағалауларына шықты. Магелланнан бастап дүниежүзін айналып шығу саяхаты басталды.

Еуропалықтар Шығыс әлемін өздерінің мүдделеріне сай қайта құруға әрекеттенді. Ұлы географиялық ашылулар дәуірі еуропалық отаршылдыққа, алыс теңіз сыртындағы жерлерді жаулап алу және тонау саясатына, Батыстың өз көзқарастары мен принциптерін өз отарларына еріксіз тану арқылы оның дәстүрлі құрылысын жоюға жол ашты.

Қытай және Жапония сияқты кейбір елдер еуропалықтардың жөнсіз араласуынан өздерін сақтауға ұмтыла отырып, сыртқы әлемнен окшаулануға көшіп, «жабық есік» саясатын ұстануға мәжбүр болды. Басқалары (Африка, Америка, Үндістан елдері) еуропалық отаршылдықтың құрбандарына айналды.

Еуропалық өркениеттің әскери және теңіз ісіндегі, өнеркәсіптегі қол жеткізген табыстары олардың басқа елдерден «артықшылығын» айқындап, ерекшелейтін жағдай қалыптастырды. Өзіндік өркениеттік нәтижесі бар «Еуропа — басқа халықтарға үлгі болады» деген түсінік «еуроцентристік» немесе «Еуропаға табыну» ұғымын қалыптастырды.

Капиталистік дамуды көздеген Еуропа елдері өз ұстанымдарын сақтай отырып, көптеген артықшылықтарға ие болды. Бұл артықшылықтар әскери әлеуетте көрініс тапты. Енді барлау экспедицияларының орнына бай, басқа елдерді игеру басталып, ол жерлерде еуропалықтар отарлық жүйені белсенді түрде орната бастады. Шығыстық дәстүрлі қоғамдардың көпшілігі еуропалық отаршыл күштің алдында дәрменсіздік танытып, олардың онай олжасына айналды.



Анықта

Еуропалық өркениеттің жаңа замандағы қол жеткізген табыстарын зерделе.

Еуропалықтар, әдетте, өздерінің отарларының саяси құрылымына араласпады. Жаулап алған елдерде мемлекеттілік мүлде болмаған, не болмаса, дамудың мейлінше төменгі деңгейінде тұрған Жаңа



Форт Уильям — Шығыс Үндістандағы Ост-Үнді компаниясының алғашқы бекінісі

әлем немесе Аустралия сияқты елдерде ғана еуропалық үлгідегі саяси өзгерістер енгізді. Ал мемлекеттілік пен мәдениеттің өзіндік дәстүрлерін еуропалықтардан әлдеқайда бұрын қалыптастырған Шығыс елдерінің көпшілігі ежелгі өркениетін сақтап қалды. Жаулап алушылар, ең алдымен, шығыс халықтарын экономикалық жағынан тәуелділікке түсіруді көздеді.

Еуропалық жаулап алушылардың отаршылдықтың алғашқы кезеңіндегі басты тәсілі отарлық иеліктердің барлық байлығын тонаушылық жолмен иемденіп, өздеріне қажетті Шығыстың аса бағалы тауарларына — дәмдеуіштері, шай, кофе, Шығыс маталары, қытай фарфоры және сән-салтанат заттарының саудасына бақылау орнату арқылы оларды қанауға ұшырату болды. Осыны жүзеге асыру үшін барлық жерде факториялар — сауданың тірек пункттері құрылды. Еуропалық елдердің отаршылдық саясаты олардың өздерінің арасында бәсекелестік тудырып, әлемнің әртүрлі нүктелеріндегі пайдалы орындар үшін таласқан өзара қақтығыстарын тудырып отырды. Еуропалық отаршыл үкіметтің қолдауымен құрылған сауда компаниялары қарулы әскери отрядтардың рөлін атқарып, отарлық басқыншылық саясаттарын жүзеге асырды. Олар өз қарамағында әскери күштер ұстады және бітім жасауға немесе соғыс жариялауға, қамал салуға құқылы болды. Мұндай компаниялар жергілікті тұрғын халықтың қарсылығын басып қана қоймай, бәсекелестерімен — басқа еуропалық елдердің компанияларымен күрес жүргізуі тиіс болды.

Англия мен Голландияның отарлау саясаты. XVII ғасырдың басында Батыс Еуропа елдерінің ішінде сауда және отаршылдық саясат жүргізуде Голландия алғашқы орынды иемденді. Оның отарлық иеліктері Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлығында, Индонезия мен Цейлонда орналасты.

Ағылшындар мен голландықтар теңіздер мен мұхиттар кеңістігінде, дүниежүзілік саудада өз үстемдіктерін орнату үшін бәсекелестік күреске шықты. Сауданы нығайту мақсатында олар отарлық иеліктерінде сауда факторияларын дамытты.

XVI ғасыр бойында Англияда бірнеше ірі сауда компаниялары пайда болды. Олар дүниенің әр түкпірімен сауда байланыстарын жүргізді. XVII ғасырдың басында солардың ішіндегі ең мықтысы атақты Ост-Үнді компаниясы болды. Бұл компания, негізінен, Үнді мұхиты арқылы сауда жүргізетін еді.

Ост-Үнді компаниясы Англиядағы «мемлекет ішіндегі мемлекет» сияқты ерекше құрылым болды. Бұл компанияның өз әскері, флоты, мыңдаған әкімдері, сауда агенттері мен аудармашылары болды. Осындай Ост-Үнді тектес компаниялар Голландияда, Францияда да пайда болды. Бұл компаниялардың арасында отарлық иеліктер үшін, саудадағы үстемдік үшін бәсекелестік күрес үлкен соғыстарға, әскери жанжалдарға ұласып отырды.

Ағылшын, француз, голланд, Ост-Үнді компаниялары бастаған Шығыс елдерін отарлау әрекеттері көптеген мемлекеттер мен халықтарды тәуелсіздігінен айырып, отар елдерге, кейбірін жартылай отар елдерге айналдырды.

Ойлан

«Отар және жартылай отар ел» ұғымының мағынасы қандай?

Әрине, Шығыста еуропалық экспансияға қарсы тұратын және шетелдіктердің баса-көктеп кіруінен бас сауғалаған елдер сақталып қалды. Қытай, Жапония, Корея және Вьетнам үкіметтері өздерінің мемлекетін шетелдіктер үшін жабық деп жариялады. Бірақ Батыс отаршылдары бұл елдерге түрлі тәсілмен, жанама жолдармен еруге ұмтылды. Экономикалық қанау арқылы еуропалықтар кейбір Шығыс елдерінің саяси дербестігін, әскери күштерін сақтай отырып, өз қолдарына алды. Бұған Осман империясын сыртқы саудасымен толық қаратуы дәлел бола алады.

XVII—XVIII ғасырларда Ресей де отаршылдық саясатқа бет бұрып, халықаралық саясаттағы мәртебесі өсе бастады. Ресейлік отаршылдардың Шығысқа жылжуы біршама ауқымды болды.

XVII—XVIII ғасырлар бойы ресейлік әскери қызметтегі адамдар, казактар және шаруалар біртіндеп Сібірді игерді, ал 1784 жылы алғашқы орыс елді мекендері *Аляскада* да пайда болды. Амурда Ресей басқыншылары Қытаймен қактығысқа түсіп, XVII ғасырдың соңында орыс-қытай шегарасы белгіленді. Сібірді отарлау Ресейдің аумағын екі есе дерлік ұлғайтты.

Отарлық езгі зардаптары. XVIII—XIX ғасырларда Еуропа елдеріндегі капиталистік қатынастардың дамуы азиялық нарық үшін күресті, отарлық иеліктерді қанауды одан әрі күшейте түсті. Отаршылдар отарлық қанаудың жаңа әдісіне көше бастады. Бұрынғы сауда арқылы ғана отарлау әдісі енді өз мәнін жойып, онымен бірге атакты сауда компаниялары да өмір сүруін тоқтатты. Отаршыл мемлекеттер енді барлық билікті өз қолдарына алып, бүкіл бір елді, тіпті бір құрлықты тауар өткізу нарығы мен шикізат көзіне айналдыра бастады. Еуропалық отаршыл мемлекеттердің отарлық саясаты капиталистік қатынастардың одан әрі күшейіп, дамуына жол ашса, Шығыс елдерін күйзеліске әкелді. Шығыс елдерінің өндіргіш күштері күйреді, шаруашылық өмір салты бұзылды. Капиталистік Батыс пен артта қалған Шығыс елдерінің арасында теңсіздік пайда болды.

Отаршылдық тонау толық отарға айналған елдер үшін ғана емес, өз тәуелсіздігін сақтап қалған Қытай, Корея, Жапония сияқты Шығыс Азия елдері үшін де өте ауыр саясат болды. Бұл аталған елдерді шетелдік отаршылдарға елді тонатпау үшін «жабық есік» саясатын ұстанып, тұйықталуға мәжбүр етті. Сыртқы дүниеден окшаулану саясаты бұл елдердің дүниежүзілік даму деңгейінен көп артта қалуына әкеп соқтырды.

Ойлан

«Жабық есік» саясатының Шығыс халықтарының өміріне тигізген қандай зардабы болды?

Отарлық құдыққа түскен елдердің экономикасы, әсіресе ауыл-шаруашылығы отаршылдардың мақсат-мүддесіне қарай ыңғайластырылды. Егістік жерлерге халықтың өзіне қажетті өнімдер өндіруге емес, отаршылдардың қажетіне керекті техникалық дақылдар — мақта, темекі т.б. өсіруге мәжбүрледі. Соның нәтижесінде халықтың өмір бойы айналысып келе жатқан шаруашылық түрі өзгерді, өндіргіш күштер күйреді, мындаған қолөнершілер, шаруалар тоқырауға ұшырап, негізгі кәсібінен айырылды.

XIX ғасырдың басына қарай отарлық нарықтар мен арзан өндірістік шикізат көздері ірі-ірі халықаралық шпеленістерге әкеп соқтырды. Англия мен Франция арасындағы отарлық бәсекелестік күрестің нәтижесінде ағылшын буржуазиясы үстемдікке ие болып, Шығыс елдеріндегі өз ықпалын кеңейте түсті. Азияда отарлық неліктер үшін ағылшын-орыс бәсекелестігі туындады.

«Еркін сауда» принципі жолында Англия XIX ғасырдың бірінші жартысында соғыстар жүргізді. Осы «Шығыс мәселесі» жолында ол Франциямен және Ресеймен шпеленістерге барды. Бұл кезеңдегі Англия жүргізген ірі соғыстардың қатарында үнді ұлыстарын толық бағындыру әрекетін, Иран мен Ауғанстанға қарсы «Үндістанды қорғау» деген бетперде жамылған екіжүзді соғыстарды атап айтуға болады. Ағылшын капиталистері Қытай нарығын жаулап алу жолындағы «аппын соғыстарының» да бастамашысы болды. Қытайды отарлауға ағылшындардан басқа Франция, АҚШ, Германия, Ресей де мүдделі болды. Қытай мен оған көрші жатқан елдерге отаршылдар әртүрлі келісімшарттарды еріксіз танды. Бұл әділетсіз шарттар отаршыл капиталистерді ерекше жеңілдіктер мен артықшылық құқықтарына ие етті.

Отарлық жүйенің отар елдер экономикасына әсері. Еуропалық отаршылдардың әлсіз дамыған Шығыс елдеріне баса-көктеп енуі және олардың тонаушылық саясаты — жана замандағы Шығыс мемлекеттерінің экономикалық, саяси және мәдени жағынан артта қалуының басты себебі болды. Ол Шығыс елдерінің, еуропалық елдермен салыстырғанда, біржақты нашар дамуына әкеліп соқтырды. Отаршылдардың тонаушылық әрекеті Шығыс елдерінің дербес, заңды түрде табиғи дамуын күшпен тежеп, өндіргіш күштерін күйретті, ежелден қалыптасқан мәдениетін құлдыратты.

Ойлан

Шығыс елдері неліктен қоғамдық дамуы жағынан Батыс елдерінен артта қалып қойды деп ойлайсың?

Соның салдарынан Шығыс елдерінде капиталистік қатынастардың қалыптасуы бәсең түрде дамыды. Жапониядан басқа барлық Шығыс елдері метрополияның аграрлық-шикізат көзіне айналды. Бұл елдерде, негізінен, жергілікті шикізатты өндеуден өткізетін өнеркәсіп салалары дамыды. Отаршылдар Шығыс елдерінің артта қалған, нашар дамыған жағдайын өзгерткісі келмеді, олар халықты қанаудың ең ауыр әдістерін қолданып, саяси бытыраңқылықтарын

барынша сақтауға тырысты. Осылайша Еуропа мемлекеттерінің отаршылдық экспансиясы жаңа дәуірде бұл елдердің дамуына барынша кедергі келтіріп, шығыс халықтарының тарихи тағдырына кері әсерін тигізді. Әрине, бұл саясат Батыс державаларының отаршылдық қанау мен тонаудың нәтижесінде экономикалық жағынан өркендеп дамуына қол жеткізді. Шығыс пен Батыстың арасындағы теңсіздік одан әрі тереңдей түсті.

Азия елдерінің ішінен Жапония ғана әртүрлі ішкі және сыртқы себептер арқасында төніп келген отаршылдық құрсауға түспей, өзінің егемендігін сақтап қалды. Бірақ оның өзі ұзаққа бармай, XIX ғасырдың ортасында америкалықтардың Жапонияны күштеп «ашуынан» біршама тәуелділікке түсуге мәжбүр болды.

XIX ғасырдың 30—60-жылдарында Батыс державаларының Шығыс елдерінде жүргізген кең көлемдегі басқыншылық саясаты жергілікті халықтың тұрмыс жағдайының күрт нашарлауына, саяси күйреуіне әкелді. Қалыптасқан ауыр жағдай Шығыс елдерінде отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарды тудырып, тәуелсіздік жолындағы ұзақ күрес кезеңі басталды.

Пікірталас

Неліктен Қытай мен Жапония елдері «жабық есік» саясатын ұстануға мәжбүр болды?

Біліміңді тексер

1. Еуропалық Ост-Инді компаниялары отаршылдық әрекеттерін қалай жүргізді?
2. Шығыс елдеріндегі отарлық өндірістік орындар кімнің пайдасына жұмыс істеді?
3. «Жабық есік» саясатын ұстанған елдер туралы не білесің?
4. Топтық жұмыс. Қазақстан тарихы пәнінен өткен сабақтардағы Қазақстандағы капиталистік қатынастардың неліктен кеш дамығандығын еске түсіріп, Шығыс елдерімен ұқсас жақтарын салыстырындар.
5. Кестені дәптерге сызып толтырындар.

Ұлы державалардың отарлық иеліктері

Отарлық держава	Отарлық иелік	Отаршылдық саясат ерекшеліктері

АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖӘНЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§6. АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ. ЕУРОПА МЕН СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Бұл сабақта:

- Ағартушылық бастауы, ағартушылық кезеңінің қайраткерлері;
- «ағартушылық абсолютизм» саясаты туралы білеміз;
- ағартушылық идеяларының қоғам дамуына ықпалын;
- Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылықтың рөлін анықтаймыз.

Тірек сөздер

- ағартушылық
- ағартушылар
- энциклопедистер
- «ағартушылық абсолютизм»
- қоғамдық прогресс
- құқықтық мемлекет

Ағартушылық идеялардың бастауы. Жаңа заманда адамдар әлемді ақыл-парасат, ғылым және тәжірибе арқылы тануға ұмтылды. Білім-ілім білімсіздік түнегін сейілтеді деп есептеді. Зиялы қауым қоғамдағы өмір сүріп отырған тәртіптерге сын көзбен қарай бастады. Бұл ұғымдар *ағартушылық* деп, ал білімді адамдар арасында үстемдік құрған сол идеялар дәуірі — *Ағартушылық ғасыры* деп аталды. Ол XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың соңына дейін созылды.

Сол кездің алдыңғы қатарлы адамдары өздерінің қабілетін ғылымда, білімде, саясатта, қоғамдық іс-әрекеттерде, өнерде көрсетуге тырысты. Идеялары мен іс-әрекеті замандастары мен ұрпақтарының өміріне үлкен ықпал көрсеткен адамдарды *ағартушылар* деп атады.

Ағартушылық — XVIII ғасырда пайда болған идеялық ағым. Ағарту ісі мен ғылымның дамуында шешуші рөл атқарды.

Жаңа қоғамдық тәртіпке қол жеткізу үшін олар білімді таратуға үлкен мән берді. Ағартушылар саяси бостандық пен азаматтық теңдік үшін күресті. Олар әртүрлі таптар мен сословиялардан: дворяндар, дін қызметшілерінің өкілдері, қызметкерлер, сауда-өндіріс аясынан шыққандар болды.

Ойлан

Ағартушылық ғасырының алдыңғы қатарлы адамына қандай қасиеттер тән деп ойлайсың?



Джон Локк

Ағартушылық идеялары басқа Батыс Еуропа елдеріне карағанда Англияда ертерек пайда болды. Англиядағы ағартушылық кезең 1680—1780 жылдардағы жаратылыстану ғылымдарының дамуы және таралуымен, дін мен шіркеуді орынды сынауымен сипатталды. Егер ағартушылық кезең Францияда революцияның алдында болса, ал Англиядағы ерекшелігі оның буржуазиялық революциядан кейін дамуында еді.

Ағартушылық дәуіріне тән идеялардың бірі Томас Гоббс ұсынған «табиғи адам» идеясы еді. «Табиғи адам» идеясы жана буржуазиялық Англияның алғашқы ірі ойшылы — Джон Локктың философиясының негізінде жатыр. Ол өзінің мемлекеттік теориясының негізіне халықтың саяси егемендігі қағидасын қояды.

Егемендік — 1. Мемлекеттің монархиядан толық тәуелсіздігі. 2. Халықтың саяси құрылысты таңдауға, аумақтық тұтастыққа, экономикалық тәуелсіздікке құқығы.

XVIII ғасырдағы Америкадағы ағартушылық ұлт-азаттық қозғалыстар және елдегі революциямен тығыз байланыстағы қоғамдық ағым еді. Сонымен қатар оған ағылшын және француз ағартушылығы қатты әсер етті.

Жазушы, ғалым және дипломат *Бенджамин Франклин* ағартушылық идеяның бейнесі болды. Ол өз дәуірінің ең әйгілі және құрметті тұлғасына айналды.

Халық билігінің жеңісінде «Тәуелсіздік Декларациясының» авторы — Томас Джефферсонның орны ерекше. Бұл Декларацияда алғаш рет әділетті қоғамдық құрылымның негізі ретінде адам құқығын бекіткен талаптар тұжырымдалған болатын.

Франциядағы ағартушылық. Француз ағартушылары ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы идеяларды алғаш рет үгіттеушілер — қоғамдық тұлғалар мен ғалымдарды, журналистер мен жазушыларды біріктірді.

Франциядағы ағартушылар сословиелік теңсіздікке, ақсүйектер мен дін адамдарының әділет-



Томас Джефферсон



Шарль Луи
Монтескье

сіз артықшылықтарына, әртүрлі діни ағымдарға және жалған ырымдар мен сенімдерге қарсы болды.

Франциядағы ағартушылық қозғалыстың басқа да маңызды ерекшелігі өмірдің қоғамдық және саяси құрылым мәселелеріне деген қызығушылықтары болды. Бұған француз жазушылары мен ғалымдарының еңбектері дәлел бола алады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Монтескье мен Вольтер ең белгілі француз ағартушылары болды.

1748 жылы Монтескье «Зандардың рухы туралы» деген басты еңбегін жариялады. Бұл еңбегінде ол өкіметті құрудың неғұрлым кең тараған үш түрін көрсетті: деспотизм, конституциялық монархия, республика. Ол деспотизмге қарсы шықты. Оның саяси идеалы конституциялық монархия болды. Бостандықтың қажетті кепілі ретінде Монтескье үкіметтің үш билігін: орындаушы, заң шығарушы, сот органдары деп бөлді.



Анықта

Хрестоматиядан «Шарль Монтескье билікті бөлу принциптері туралы» мәтінімен танысып, еңбектің негізгі идеясын анықтап көр.

Ағартушылық ғасырының аса көрнекті қайраткерінің бірі — Вольтер. Ол акын, драматург, философ, физик әрі саяси қайраткер болатын. «Философиялық хаттар» деген кітапта ол католиктік дінбасыларын қатал сынға алып, шіркеулік әдет-ғұрыптар қарапайым халықты қараңғылықта, نادандықта ұстау үшін ойлап табылған әдіс дегенді айтты.



Вольтер

XVIII ғасырда француз ағартушылығының аса көрнекті өкілдері Жан Жак Руссо мен Дени Дидро болды. Жан Жак Руссо барлық адам үшін бірдей еркіндік идеясын ұсынды және халық мүддесіне сай келмейтін жағымсыз моральды әшкереледі.

1751—1780 жылдары «Энциклопедия» немесе ғылымның, өнердің және кәсіптің түсіндірме сөздігі» шығып тұрды. Энциклопедияның редакторлары аса ірі француз философы Дени Дидро мен атақты математик Жан Лерон д'Аламбер болды. Энциклопедия сол кездегі ең алдыңғы

сындарлы білімдердің жинағы еді. Энциклопедия қызметкерлерінің ішінде ірі ғалымдар сол кездегі француз ғылымының ойшылдары болатын. Оларды *энциклопедистер* деп атай бастады. Энциклопедистер феодалдық-абсолюттік мемлекет жүйесіне және католиктік шіркеуге қарсы шықты. Олар жана буржуазиялық мемлекет пен буржуазиялық идеологияның негізгі қағидаларын жасады. Энциклопедистер қуғын-сүргінге ұшырап отырды. XV Людовик корольдың бұйрығы бойынша оның алғашқы екі томы өртелді. Одан кейін энциклопедияға тыйым салынды.



Дени Дидро

Энциклопедистер — 1751—1780 жылдардағы Францияда энциклопедия немесе ғылымның түсіндірме сөздігінің шығарушы-авторлары. Олар қоғамдағы консерваторлық идеологиямен күресте үлкен рөл атқарды.

Халықтың төменгі топтарының мүддесін білдіруші, демократиялық идеологияның өкілдері, алғашқы коммунистік идеяны туғызушылар — *Ж.Мелье*, *аббат Морелли*, *Г.Мабли* болды. Олардың ойынша, тек коммунистік қоғамда ғана барлығы бірдей тең және мүлікке ортақ пелік ететін қоғам ең әділетті қоғам болады.

Олар байлыққа қарсы болды, сән-салтанат пен байлық барлық қасіреттің көзі деп санады.

«Ағартушылық абсолютизм» саясаты. Сол кездердегі кеңінен таралған «ағартушылық абсолютизм» теориясы еді. Оның негізін қалаушы ағылшын философы *Томас Гоббс* болды. Бұл теорияға сәйкес адамдардың өмірін жақсарту үшін мемлекетті ақылды, білімді, барлық қажетті кешенді білімі бар ағартушы король басқару керек. Осындай монарх «жалпы игілік» идеясына, елдің экономикалық, мәдени өркендеуіне қол жеткізе алады. «Ағартушылық абсолютизмінің» жақтаушысы *Вольтер* болды. Белгілі ағартушы монархтар — Ресейдің патшайымы *II Екатерина*, Австрия императоры *II Иосиф* және *Пруссия* королі *II Фридрих* саналды.

«Ағартушылық абсолютизм» — XVIII ғасырдың екінші жартысында Еуропаның кейбір абсолютті монархтары жүргізген саясат. Осының нәтижесінде алғашқы зайырлы мемлекеттер қалыптаса бастады.

II Екатерина өзінің барлық қызметін Ресейдегі ағартушылық кезеңмен байланысты екендігін дәлелдеуге тырысты. Ол Дидроны Петербургке шақырып, Энциклопедия басылымын жалғастыруды



Пруссия королі
II Фридрих

ұсын ды. II Екатерина басқарған уақытта көптеген реформалар жасалып, заңдар шығарылды.

Австрияда Мария Терезия және оның баласы II Иосиф басқарған жылдары жүзеге асырылған реформалар «ағартушылық абсолютизм» саясатына тән болды. Олар реформаларды басқарушы ақсүйектердің мүддесінде жүргізіп, буржуазияға азғана жеңілдіктер берді. Мария Терезия басқару және әскер саласында ауқымды реформаларды жүзеге асырды, жалпыға бірдей білім беруді міндетті етті, көпшілікке арналған кітапханалар мен бірнеше обсерваториялар салғызды. II Иосиф

кезінде Австрияда католиктік шіркеудің артықшылықтарын шектейтін бірқатар шаралар ұйымдастырылды.

Ойлан

Неліктен XV Людовик энциклопедияның шығуына тыйым салды, ал Ұлы Екатерина оны жарыққа шығаруды ұсынды?

Ең ағартушы басқарушы Пруссияның королі II Фридрих болды. Ол философ-король деген атқа ие болды. Оның кезінде алғаш рет мерзімді басылымдар еркіндігін негіздеуге мүмкіндік алды. II Фридрих өзін ғылым мен өнердің қолдаушысы ретінде көрсетті. Ол Корольдық операны, Берлин ғылым академиясын құрды, Берлинде тұңғыш көпшілік кітапханасын ашты.

II Фридрихтің дінге еріктілігі барлығынан асып түсті. Таққа отыра салып: «Барлық діндер тең және жақсы, егер оны ұстанушылар адал адамдар болса», — деді. Ағартушылық монархтардың әрекеттері екі жақты сипатта болды. Олар ағартушылар болса да, алайда деспоттар болып қалды.

Ағартушылық идеяларының қоғамдық дамуға ықпалы. Ағартушылық ғасыры Еуропада ортағасырлық қоғамдық қатынастарды толық жою ісін жүзеге асырды. Ағартушылардың бұл тобы діни сенімдерді ғылым тұрғысынан сынады. Францияда көптеген ағартушылар католиктік шіркеуден қол үзіп, оларды сынға алды. Олар жанның өлмейтіндігіне, дүниені құдайдың жаратқанына, табиғаттан тыс күштердің бар екеніне сенбеді, олар құдайға сену табиғаттың барлық құпиялары ашылғанда өзінен-өзі жойылады деп есептеді. Ағартушылық ғасырында шіркеудің қоғам мен мемлекетке

ықпалы әлсіреді және ғылымға деген ынта күшті болды. Ғалым, ойшыл, философ адамдарды халық ерекше құрметтеді. Ағартушылар өздерінің кітаптары, пьесалары мен мақалалары арқылы өз елдеріндегі қоғамдық пікірге елеулі ықпал ете білді. Олар абсолюттік билік тәртібін, шіркеулік қараңғылық пен сол заманғы білім беру жүйесін, адамгершілік азғындауды сынға алды.

Ағартушылық ғасырының ғалымдары жаратылыстану ғылымына ерекше көңіл бөлді. Олардың пайымдауынша, физика, химия, биология, геология және басқа жаратылыстану ғылымдары жер бетіндегі барлық құбылыстарды түсіндіре алуы тиіс болды.

XVIII ғасыр ағартушыларын адамзат тарихының мәселелері, оның даму барысы, өткені мен болашағы толғандырды. Ағартушылық ғасырында Еуропада өркениеттілікпен, білім мен ғылымның дамуымен байланысты «қоғамдық прогресс» идеясы қалыптасты. Адамның ақылына сене отырып, ағартушылар адамзаттың болашағы жарқын деп есептеді.

Ойлан

Қоғамдық прогресс идеясының мәні неде?

Көптеген француз ағартушылары болжаған XVIII ғасырдағы революцияның алдында болашақ қоғамдық қайта құрумен байланысты мәселелерді қарастыру аса маңызды еді.

Олардың пікірі бойынша құқықтық мемлекетте әрбір адам азат өмір сүруге, жекеменшік иесі болуға және жекебас бостандығына құқылы. Бұл құқықтар заңмен қорғалады және кепілдікке ие болады. Құқықтық мемлекетте заң бәрінен жоғары тұрады және ол жалпыға бірдей міндетті.

Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің қалыптасуы барысында дамиды. Азаматтық қоғам құқықтық мемлекетсіз өмір сүре алмайды.

Құқықтық мемлекет — әрбір азаматтың өмір сүру, жекеменшік иелену және жекебасының құқықтарына заңмен кепілдік берілген және қорғалатын мемлекет. Құқықтық мемлекетте барлығы заңға бағынады, заң алдында тең, заңды орындауға барлығы да міндетті. Мұндай мемлекетте өкіметті зорлық-зомбылық және бұрмалаушылықтан тежейтін механизмдер жолға қойылған.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет туралы идеялардың тууы мен дамуы ағартушылық ғасырының көрнекті қайраткерлері Томас Гоббс, Джон Локк пен Шарль Луи Монтескье атымен тығыз байланысты болды. Олардың ойынша, егер үкімет басшылары биліктерін асыра пайдаланатын болса, онда халық

көтеріліске шығуға және ондай билеушілерді орнынан алуға құқықты.

Дж. Локктың саяси теориясы еуропа континентінің қоғамдық ойына үлкен төңкерістік ықпал етті. Бұл теория кейіннен Ж.Ж. Руссоның еңбектерінде көрінісін тапты. Монтескьенің деспотизмге қарсы шыққаны, дінді сынағаны, бостандықты қорғағаны – келесі ұрпаққа ерекше ықпал жасады. Ағартушылық идеялар қоғамдық ойдың дамуына әсер етті.

Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылықтың рөлі. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы капитализмнің даму үдерісі жағдайында терең әлеуметтік өзгерістер орын алды.

Буржуазия ең күшті, ең бай және экономикалық жағынан қуатты тап болды. Қанша қуатты болғанымен оның саяси құқығы болмады. Мемлекеттің саясаты оның мүддесіне сай келмеді. Ол өз мүддесіне сай келетін жаңа қоғам орнатуға ұмтылды.

Ағартушылық теориялары қоғамдық санада түбегейлі төңкеріс жасады. Америка, ағылшын және француз революцияларының ағартушылық идеялары, ең алдымен, адамдардың табиғи теңдігі мен қоғамдық келісім теорияларының негізінде өтті. Мемлекеттік құрылысты құлатуға тікелей шақырмағанымен, ағартушылар халық санасына қоғамды қайта құру үшін оның еркі мен білімінің жетіп жатқандығын сіңірді.

XVIII ғасырдағы ағартушылық кезеңі Еуропа халықтарының өміріндегі ірі құбылыс болды. Ол Еуропа мен Солтүстік Америка қоғамының ортағасырлық өмір салтынан толық ажырап, жаңа заманның ігіліктерін жасауына зор ықпал етті.

Пікірталас

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы ағартушылардың идеяларын қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамнан көруге бола ма?

Біліміңді тексер

1. Ағартушылық ғасырының қайраткерлері н білесің бе?
2. «Зандардың рухы туралы» еңбектің авторы кім?
3. Еуропалық билеушілердің қайсысының ағартушылық ұстанымы өзгеше болды?
4. Құқықтық мемлекеттің негізгі бергілері қандай?
5. Жұп болып талқылаңдар: Буржуазиялық революцияларды дайындауда ағартушылық кезеннің қандай идеялары әсер етті?

§7. СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДАҒЫ БРИТАН ОТАРЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН СОҒЫС ЖӘНЕ АҚШ-тың ҚҰРЫЛУЫ

Солтүстік Америкадағы британдық отарлар. Солтүстік Америкада отарлардың негізінің қалануы буржуазиялық қатынастардың Батыс Еуропада пайда болуымен, «капиталдың бастапқы қорлануы» үдерісімен байланысты. Солтүстік Америкада бірінші ағылшын қоныстары 1607 жылы пайда болды. Британдықтарды мұндағы аздаған үндіс тайпалары қоныстанған құнарлы жерлер қызықтырды. Озбырлықтан қашып Еуропадан қоныс аударып келгендер осы жерден пана тапқандай болды. Америкаға қоныс аударушылардың көп ағыны Англиядан келгендер еді. XVIII ғасырдың ортасында мұнда Англияның он үш солтүстікамерикалық отарлары құрылды.

Отарлар Англиядан тікелей басқарылды. Король көптеген отарлардың губернаторларын өзі тағайындады. Отарлар буржуазиялық тәртіпке негізделіп құрылды.

Отарлар буржуазиялық бастамаларға негізделді, бірақ ағылшын корольдары және жер аристократиясы оларда феодалдық ережелер орнатуға тырысты.

Бұл отарлар Англияға тиесілі болғанымен, оған Еуропаның барлық елдерінен қоныс аударушылар орнығып жатты.

Бұл сабақта:

- Солтүстік Америкадағы британдық отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы;
- трансатлантикалық құл саудасы, тәуелсіздік үшін соғыстың алғышарттары жайында;
- тәуелсіздік үшін соғыс және Америка Құрама Штаттарының құрылуы мен «Тәуелсіздік Декларациясы» туралы білеміз.

Тірек сөздер

- колонистер
- фермерлер
- трансатлантикалық құлдық
- конгресс
- тәуелсіздік декларациясы

Ойлан

Неге Еуропа тұрғындары солтүстікамерикалық отарларға кетуге тырысты?

Отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Бұл отарларда феодалдық қатынастардың болмауы — олардың капиталистік дамуына жағдай жасады. Отарлар өз флоттарына, орман қорына, құнарлы жерлерге ие болды. Сыртқы және ішкі сауда орталықтары болатын портты қалалар дамыды.

XVIII ғасырдың ортасында отарларда капиталистік мануфактура таралды, сосын қол еңбегі біртіндеп машина еңбегіне ауыса бастады.

Солтүстік америкалық отарлардың капиталистік дамуы айтарлықтай алға басты.

Жаңа Англияда басында аксүйектер болмаған, ұсақ және орташа фермерлік шаруашылықтар басым болды. Бұл еркін кәсіпкерліктің, өнеркәсіптің және сауданың дамуына жағдай жасады.

Ағылшын корольдары өз жақындарына отарлардағы ірі жерлерді таратты. Олар өз жерлерінде феодалдық тәртіп орнатуға тырысты. Қарсылық көрсетудің кең таралған формасының бірі — *скваттерлік* қоныстанушылардың батысқа кетуі, «бос» жерлерді өз еркімен иелену болды.

Фермер — ауылшаруашылық өнеркәсібінің иесі.

Скваттерлік (ағылш. *squat* — біреудің жеріне өз бетінше қоныстану) — фермерлердің жыртылмаған жерлерді өз еркімен иеленуі. Скваттерлік XVII—XIX ғасырларда АҚШ-тың солтүстік-батысында таралды.

Плантация — қант қамысын, мақта, шай, кофе егетін ірі жершаруашылығы.

Ауылшаруашылығында капитализмнің фермерлік дамуының маңызды алғышарттарының бірі болған скваттерлік Солтүстік Америка тұрғындарын қорлау және елдің ежелгі тұрғындары — үндістердің өліміне себепші болған еді.

Оңтүстік отарларда жер иелері ауқымды плантациялар құрды.

Америкалық плантация құлдық езгінің көрінісі болды. Кедейлер қоныс аудару кезінде мұхит арқылы көшуге қаражаты болмай, көпестер мен кеме иелерімен жалған келісімдер жасауға мәжбүр болған. Алданған кедейлер Америкаға қайта сатылғандарын өздері білмей қалатын. Бұл адамдар «келісім жасалған қызметкерлер» немесе «ақ құлдар» деп аталды.

Қоныс аударушылар ағыны жаңа жерлерде шаруашылық сұраныстарын қанағаттандырмады. Осы жұмыс күшін толтыру мақсатында Еуропаның назары Африкаға ауды. Біртіндеп «ақ құлдарды» қара нәсілділер құлдығы алмастырды.

Трансатлантикалық құл саудасы — солтүстік және оңтүстік Американың плантацияларына еңбек ету үшін құлдарды Африкадан әкелу үдерісі. БҰҰ құжаттарында: «Трансатлантикалық құл саудасы құлдық тарихында өзінің ұзақ мерзімге созылғандығымен, жолда адамдардың өлімге ұшырап, зор шығындарға ұшырағандығына қарамастан заңды деп танылуы ерекше құбылыс болып табылды. Трансатлантикалық құл саудасы жер аудару (депортация) тарихында ірі оқиға болды.

Құл саудасы Еуропаның бастапқы капиталының қорлануының біріне айналды. Құл саудасынан және құл еңбегінен америкалық

плантацияларға түскен табыс көптеген еуропалық қалалардың гүлденуіне себепші болды.

Ойлан

Трансатлантикалық құлиеленушілік классикалық көне заманғы құлиеленушіліктен несімен ерекшеленді?

Солтүстікамерикалық құрлықтағы капитализмнің дамуы — кара нәсілділердің құлдық саудасы болатын. Кара нәсілділердің құлдығы жұмыс қолының жетіспеушілігінен капиталистік даму қажеттіліктеріне байланысты туындады. Трансатлантикалық плантациялық құлдық көне құлдықтан түбегейлі басқаша болды. Плантация шаруашылығында құлдар болған кезде жұмыс капиталистермен жүргізілді және ондағы өндіріс басынан бастап әлемдік нарыққа арналды.

Солтүстікамерикалық құрлықтағы капитализмнің дамуының маңызды ерекшелігі құлдық және құл саудасы болды.

Құлдар еңбегі, әсіресе оңтүстік отарларда, кеңінен қолданылды.

Пікірталас

Неге трансатлантикалық құлдық солтүстікамерикалық отарларда кеңінен дамыған еді?

Тәуелсіздік үшін соғыстың алғышарттары. Ағылшын буржуазиясы отарларды шикізат көзі ретінде және өндірістік тауарларды өткізу нарығы ретінде қарастырды және отарлардың экономикалық дамуын тежеді. Метрополия саясаты отарлардағы қандай да бір таптың ғана емес, барлық таптардың мүдделеріне қысым жасады.

Метрополия — өзі жаулап алған отарларға иелік ететін мемлекет.

1763 жылы Аллеган жотасындағы бос жерлерді иеленуге тыйым салатын корольдық жарлық шығарылды. Бұл шара ауылшаруашылығымен айналысатын барлық отарлаушылардың наразылығын тудырды.

Аграрлық мәселемен қатар, отарлар мен метрополия арасындағы қарама-қайшылықтардың орын алуының маңызды себебі — сауда-экономикалық мәселелері болды. Ағылшын көпестері отарларды тек Англиямен ғана сауда жасауға мәжбүрлеуге тырысты.

Буржуазиялық дамуға отарлардың саяси өмірін бақылауда ұстап отырған Англияның әкімшілік саясаты да кедергі келтірді. Отар

империяның басқару аппаратын қамтамасыз ету үшін британдық үкімет жана қаржы көзін іздеп, жаңадан салықтар мен кедендік жинақтар енгізді. Осы шығындарды жабу мақсатында *гербтік салық* туралы ереже қабылданды. Ол отарлардағы үлкен қарсылықты тудырды.

Отарлар мен Англия әскерінің арасындағы әскери қақтығыстардың басталуына «Бостондық шай ішу» себеп болды. 1773 жылы отарлар тобы ағылшын шайы тиелген жүкті теңізге лақтырды. Бұл оқиға тарихта «Бостондық шай ішу» деген атпен қалды. Жауап ретінде британдық билік әкімшілік шараларға көшті, Бостон портын жауып тастады. Осы оқиға революцияның бастамасы болды. Бұл Америка тарихының символдық оқиғала рының бірі болып табылады.

Гербтік салық — әртүрлі операциялар жүргізу, құжаттар толтыру келісімдерді тіркеу үшін мемлекет жинайтын салық.

1774 жылы Филадельфияда Бірінші құрлықтық конгресс болды. Қабылданған құқықтар Декларациясында отарлардың өзін-өзі басқару құқығы туралы айтылды. Бұл әлі тәуелсіздіктің жариялануы емес, бірақ ел соның қарсанында тұрды. 1775 жылы сәуірде соғыс басталды. Бұл тәуелсіздік үшін соғыстың бастама сы болды.

Ойлан

Англия үкіметінің қай әрекеті тәуелсіздік үшін күрестің басталуына әкелді?

Тәуелсіздік үшін соғыс және Америка Құрама Штаттарының құрылуы. Тәуелсіздік Декларациясы.

1775—1783 жылдары Солтүстік Американың тәуелсіздігі үшін соғыс Америка құрлығындағы бірінші буржуазиялық революция болды. Революцияның алдында екі маңызды міндет тұрды: ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу, ағылшын отарлық билігі орнатқан көне әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарды жою. Сонымен қатар америкалық капитализмнің дамуы үшін жол ашу.

1775 жылы Филадельфияда Екінші құрлықтық конгресс болды, онда Англияға қарсы көтерілген барлық отарлар өкілдері қатысты. Конгресс Англиямен қарым-қатынасты ұзу және Джордж Вашингтонның басшылығымен өз әскерін құру туралы шешім шығарды.

1776 жылы 4 шілдеде конгресс «Тәуелсіздік Декларациясын» қабылдады. Онда отарлар өздерін тәуелсіз мемлекет деп жариялады және Америка Құрама Штаттарына бірікті. Бұл құжаттың авторы Томас Джефферсон болды. Декларация тек америкалықтардың ғана

емес, сонымен қатар әлемдік тарихтың құжатына айналды. Тарихта бірінші рет мемлекеттік құжат мемлекеттік құрылым негізі ретінде халық егемендігі қағидасын бекітті. Декларация барлық адамдардың теңдігін жариялады, бірақ құшпенушілердің талаптары бойынша құлдықты айыптайтын ереже алынып тасталды.

Декларацияның қабылдануы мен тәуелсіздіктің жариялануы Англиямен ұзақ уақыттық соғыстың бастамасы болды. Британдық әскер америкалықтардан әскери дайындығы мен саны жағынан алда болды. 1777 жылы қазанда Саратоги түбінде ағылшын әскері жеңілді. Бұл жеңіс жас республиканың халықаралық жағдайын жақсартты. 1778 жылы Франция, Испания және Голландия Англияға қарсы соғысты бастады. 1871 жылдың күзінде Дж.Вашингтонның әскері ағылшын генералы Корнуоллистің әскерін қоршауға алды. Ол жеңілгенін түсінді. Осымен соғыс аяқталды.



Дж. Вашингтон

Ойлан

Неге тәуелсіздік Декларациясында құлдықты жою туралы ереже алынды?



Вашингтон тәуелсіздік үшін соғыс кезінде

1783 жылы Версаль келісімі бойынша Англия АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындады.

1787 жылы елді республика ретінде жариялаған Конституция қабылданды. Билікті бөлу қағидасы міндетті еді. Жоғарғы заң шығарушы билік енді өкілдер палатасы мен сенаттан тұратын Конгреске тиесілі болды. Аткарушы билік басшысы — президент шектен тыс құқықтарды иеленді, қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Конституция АҚШ Жоғарғы сотын, өмір бойғы ауыстырылмайтын судьяларын бекітті.

Ойлан

Неге Франция, Испания, Голландия Англияға қарсы соғыста АҚШ жағына шықты?

Англияға қарсы солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін болған соғыстың негізгі саяси қорытындысы ретінде болып, олар ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздік үшін соғыс буржуазиялық революциясының ерекше түрі болды. Революция Солтүстік Америкадағы капитализмнің даму жолында көптеген кедергілерді жойды.

Пікірталас

Неге солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін соғысты Америка құрлығындағы бірінші буржуазиялық революция деп санайды?

Білімнің тексер

1. XVIII ғасырдағы Англияның солтүстікамерикалық отарларының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін атап көр.
2. Солтүстікамерикалық отарлардың тәуелсіздігі үшін соғыстың алғышарттарын айта аласың ба?
3. Тәуелсіздік Декларацияның тарихи маңыздылығы қандай болды?
4. Тәуелсіздік үшін соғыстың нәтижелері қандай болды?
5. Солтүстік Америкадағы капитализмнің дамуы еуропалық елдерден несімен ерекшеленді?
6. 1787 жылғы АҚШ Конституциясында қандай саяси тәртіп бекітілді?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. Мәнін түсіндір.

1. Жаңа заман тарихының басты ерекшелігі неде?

2-тапсырма. Жабық тест.

1. Англияда революциялық жағдай қашан қалыптасты?

а) XVI ғ. 30—50-жж.;

ә) XVII ғ. 20—30-жж.;

б) XVII ғ. 30—40-жж.

2. Англия республика болып жарияланды:

а) 1649 ж.; ә) 1650 ж.; б) 1651 ж.

3. III Вильгельм Оранский қай жылы Англия королі болды?

а) 1689 ж.;

ә) 1650 ж.;

б) 1651 ж.

4. Солтүстік Америкадағы отарларының тәуелсіздігі үшін соғыс кезеңінде Англиямен соғысқа кірген ел:

а) Австрия; ә) Франция; б) Пруссия; в) Ресей; г) Португалия.

5. Солтүстік америкалық отарлардың тәуелсіздік үшін соғысының алғы-шарттары:

а) плантациялық шаруашылықты жою қажеттілігі;

ә) жекеменшік флоттың болмауы;

б) құнарлы жерлердің жеткіліксіздігі;

в) экономикалық бытыранқылықты жеңіп шығу қажеттілігі;

г) құлдықты жою қажеттілігі.

3-тапсырма. Ашық тест.

1. Ұлы Моғолдар мемлекеті құрылды...

2. Ұлы Моғолдар мемлекеті бөлінді...

3. Ұлы Моғолдар мемлекетінде бүкіл жердің пәсі...

4. Ост-Унді компаниясын құрған еуропалық державалар...

5. Еуропалықтардың Шығыс елдерін отарлау үрдісі неше кезеңнен тұрады?

4-тапсырма. «Бұл кім?»

1. «Теміржондылар» әскерін бастаған ... Ирландияны жаулап алуға аттанды.

2. 1748 жылы ... «Заңдардың рухы туралы» деген басты еңбегін жариялады.

3. Дж.Лильберн, У.Олвин, Р.О.Овертон ... көшбасшылары.

5-тапсырма. Кестені толтыр.

Өнертапқыштың аты-жөні	Ашқан жылы	Өнертабыстың аты

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫ. НАПОЛЕОН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН КҮЙРЕУІ

§8. АБСОЛЮТИЗМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Бұл сабақта:

- француз абсолютизмі және оның ерекшеліктерін;
- XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуын;
- француз абсолютизмінің дағдарысын;
- француз буржуазиялық революциясының бастамасын білеміз.

Тірек сөздер

- абсолюттік монархия
- сословие
- феодалдық салықтар
- цехтық тәртіп
- Бас штаттар
- Бастилия

Ойлан

Француз абсолютизмінің ерекшелігін айта аласың ба?

Сословие — мемлекеттік заңдардың негізінде белгілі бір құқықтары мен міндеттері бар қоғамның әлеуметтік тобы.

Француз абсолютизмі және оның ерекшеліктері. XVII ғасырдың екінші жартысында Франция Еуропадағы ең қуатты және орталықтандырылған мемлекеттердің бірі болды. Францияның мемлекеттік құрылымы — бұл классикалық абсолюттік монархия. Заң шығарушы, атқарушы, сот билігі корольға тиесілі болды. 1589 жылдан бастап Француз тағында *Бурбондар әулеті* отырды.

Француз абсолютизмі XIV Людовик — «күн-король» кезінде ең үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ол толық түрде басқарудың әкімшілік-топтық жүйесін құрды. Король ғана қорытынды шешім қабылдады. Бюрократия күдіретті саналды.

XIV Людовик Еуропаға үстемдік етуден дәмелі еді. Оның билігі кезінде француз халқы 30 жылдан артық уақыт соғыс жағдайында болды. Егер XIV Людовик: «Мемлекет — бұл мен», — десе, XV Людовик: «Менен кейін, тіпті топан су басып кетсін», — деген. Келесі король XVI Людовик те саясатқа қызықпады. Жергілікті парламенттер біртіндеп француз монархиясының қарсыласу орталығына айнала бастады.

Француз қоғамы үш сословиеден тұрды. Көптеген артықшылықтарды иеленген бірінші сословиенге ақсүйектер, екінші сословиенге дін қызметшілері кірді. Ал мемлекеттің қалған азаматтарының барлығы (шаруалар, қолөнершілер, буржуазия, еркін кәсіпшілер, жұмысшылар мен қала кедейлері) үшінші сословиені құрады. Оларды жалпы құқықсыз жағдай мен көптеген салықтар төлеу міндеттері біріктірді. Сонымен қатар үшінші сословиенде буржуазия мен жұмысшылар арасындағы таптық жіктеліс жүрді. Француз буржуазиясы әлеуметтік жағынан біртекті болмады. Олар ірі, орташа және ұсақ буржуазия болып бөлінді. Ұсақ буржуазияның иелігінде бірнеше ғана шеберханалар болды. Бірақ барлық буржуазия, соның ішінде ірі топтары да, саяси құқықсыз болды. Олар дворяндар мен дін иелері сияқты тең құқыққа ие болуды армандады.



XIV Людовик

XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуы. XVIII ғасырда Франция аграрлық мемлекет болатын. Сауда мен өндірістің даму деңгейі бойынша Франция қалған еуропалық елдерден тек Англияға ғана жол бере отырып, алдыңғы орында болды. Алайда француз экономикасының негізі ауылшаруашылық өнімдеріне тиесілі болып қала берді.

Франция ауылшаруашылығында негізгі рөлді тәуелді шаруалар атқарды. Олар корольдың, шіркеудің және феодалдың пайдасына салықтар төлейтін.

Француз шаруаларының жекебасы еркін болды. Бірақ олар бұл жерлерді тек феодалдық құқықта және ескі «Мырза болмаса, жер жоқ» деген қағидаға сүйенді. Дворяндардың жер иеліктері жеке шаруалар үлесіне бөлінді. Бірақ жекеменшік құқығы оларға бекітілмеді. Жерді қолданғаны үшін шаруа мырзаға алым-салықтарды төлеуге міндетті болды.

Сонымен қатар үйде пеш иелену құқығына, көпір және жеке жолдарды қолдануға шаруалар жанама салықтар төледі. Сеньорға тиесілі ұстаханаларды, дпирменді, наубайханаларды шаруалар ақша төлеп пайдалана алатын. Шаруа шіркеуді қамтамасыз ету үшін шіркеу ондығын төледі.

Шіркеу ондығы — табыстың 10 пайыз мөлшеріндегі шіркеу пайдасына төленетін міндетті салық.

Сеньор мен шіркеуден басқа шаруа мемлекеттің негізгі салық төлеушісі бола отырып, мемлекетті де қамтамасыз етуі керек

болды. Негізгі салық — бұл талья, шаруа меншігінің құнының 1/5-і болатын.

Жалпы, XVIII ғасырдың соңында француз ауылшаруашылығында көне, ортағасырлық, жартылай феодалдық қатынастар билік етті.

Дворяндар да, шіркеу де жекеменшік шаруашылық жүргізбеді. Тек буржуазия ішіндегі аздаған ірі жер иелері және кейбір дворяндар батрактардың жалдамалы еңбегі негізінде және ауылшаруашылығының озық әдістерін қолдана отырып, жеке шаруашылықтарын жүргізуге тырысты.

Кедей шаруалардың шаруашылықтарында жер бұрынғыдай ең карапайым әдістермен өңделді. Осының салдарынан егіншаруашылығында өнім төмен болып, елде ашаршылық жағдайы орын алды.

Францияда көптеген ірі қалалар болды. Париж өнеркәсіп пен байлықтың орталығына айналды.

Мемлекетте дамыған мануфактуралы өндіріс қалыптасты.

Мануфактураның дамуындағы негізгі кедергі цехтық және мемлекеттік тәртіп болатын. Ішкі нарықтың даму жолындағы негізгі кедергі — ішкі кедендік жинақтар болды.

Француз буржуазиясы әлеуметтік тұрғыдан біржақты болмады. Сонымен бірге барлық буржуазия, жалпылай саяси тұрғыдан құқықсыз болды. Сондықтан буржуазияның негізгі саяси талабы — дворяндармен саяси тең құқықта болу еді.

Еске түсір

Француз шаруаларының қандай феодалдық міндеттері мен салықтары болды?

Француз абсолютізмнің дағдарысы. XVIII ғасырдың соңында біріккен ұлттық мемлекет құруда бір кездері елеулі рөл ойнаған абсолюттік монархия капитализмнің дамуын тежейтін және дворяндар мен дін қызметкерлерінің көптеген артықшылықтарын қорғайтын реакциялық күшке айналды.

Шаруалар Францияны арзан азық-түлікпен қамтамасыз еткенімен өздері аштықта өмір сүрді. Шаруалар қозғалысы жиі тұтана бастады.

Ішкі нарықты кеңейту шаруалардың натуралды шаруашылығына келіп тірелді. Ауылдағы феодалдық қатынасты жою керек болды. Бұған шаруалар, сонымен қатар буржуазия да мүдделі болды.

Өнеркәсіп пен сауданың еркін дамуына өндірістің кіші цехтық тәртіптері кедергі келтірді. Буржуазия цехтық құрылымды жоюды мақсат етті. Буржуазияның негізгі экономикалық талабы кәсіпкерліктің толық еркіндігі болатын.

XVIII ғасырдың 80-жылдарында феодалдық абсолюттік билік дағдарысы ушыға түсті. Ғасырдың ортасында экономикалық даму тоқтады. Мемлекеттің шаруашылық жағдайы нашарлады. Өндірістік-сауда дағдарысы орын алды. Монархия қаржылық банкрот табалдырығында тұрды. Шіркеу мен дворяндар салық төлемеді, ал француздардың негізгі бұқарасы XVIII ғасырдың соңында салық төлейтін жағдайда емес еді.

Ойлан

XVIII ғасырда Франциядағы абсолютизм дағдарысының басты себебі неде болды?

Француз буржуазиялық революциясының бастамасы. Абсолютизмнің дағдарысы жағдайында 1614 жылдан бері Францияда Бас штаттар, яғни феодалдық-сословиелік уәкілдіктің жоғары мәжілісі шақырылмаған еді. Дворяндар Бас штаттарды шақыруды талап етті. Бас штатқа сайлау халық бұқарасының белсенділігіне әсер етті.

Бас штаттар — діни адамдар, дворяндар және үшінші сословие депутаттарынан құралған Франциядағы (1302—1789) жоғарғы сословиелік-өкілдік жиналыс.


1789 жылы 5 мамырда Версальда Бас штаттар жиналысы ашылды. Олар бұрынғыдай үш сословие өкілдерінен тұрды. Үшінші сословие депутаттарының негізгі бөлігін ірі француз буржуазиясының өкілдері құрады.

Үшінші сословие депутаттары халық қолдауын сезіне отырып, шабуылға көшті. Олар өздерін *Ұлттық жиналыс* деп жариялады.

1789 жылы 9 шілдеде жиналыс мүшелері өздерін *Ұлттық Құрылтай* жиналыс деп жариялады. Парижде көтеріліс орын алды. 14 шілдеде таңертең Париж көтерілісшілердің қолында болды. Көтерілістің соңғы кимылы Бастилияны басып алумен аяқталды. Бұл француз революциясының және оның бірінші жеңісінің бастамасы еді.

Бастилия — саяси тұтқындар, монархия қарсыластары торыққан Париждегі тас қамал. Халық үлесі үшін Бастилия корольдық зомбылықтың символы болды.

1789 жылғы революцияның басты саяси жетістігі буржуазия мен халықтың одақтастығы арқасында абсолюттік билікті құлату болды. Басты саяси басқарушы мекеме болып Құрылтай жиналысы болып танылды, оған мүше болғандар, негізінен, буржуазия өкілдері



Бастилияны басып алу

еді. Жергілікті билік те буржуазияның қолына көшті. Осылайша Францияда аса маңызды тарихи оқиға — мемлекеттік биліктің буржуазияның қолына өтуі жүзеге асты.



Анықта

Франциядағы үшінші сословие біртекті болмады, алайда оның әртүрлі әлеуметтік топтарын не біріктірді?

Біліміңді тексер

1. XVII—XVIII ғасырлардағы француз королінің негізгі өкілеттіліктері қандай болды?
2. XVIII ғасырдың ортасындағы Францияның әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттап көр.
3. XVIII ғасырдағы революция қарсаңында француз буржуазиясы қандай рөл атқарды?
4. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясының себептерін атай аласың ба?

§9. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦУЗ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Француз революциясының бірінші кезеңі. XVIII ғасырдағы Француз революциясы өзінің дамуында үш кезеңнен өтті. Бастилияны басып алғаннан кейінгі бірінші кезеңнің Құрылтай жиналысында көпшілігі конституциялық монархияны орнатуды қолдаған ірі буржуазия өкілдері болды.

Конституциялық монархия — бұл монарх мемлекет басшысы болғанымен, оның билігі конституциямен шектелетін басқару формасы. Басқарудың бұл формасын қолдаушыларды конституционалист-монархист деп атайды.

Құрылтай жиналысы 1789 жыл көлемінде бірқатар маңызды актілер қабылдады. Өтеусіз түрде шіркеу ондығы, жеке феодалдық міндеттіліктер алынып тасталды. Алайда, негізгісі, жер міндеттіліктеріне қатыстылары өз күшінде қалды. Олар сеньорлардың жекеменшігі деп жарияланды.

1789 жылы 26 тамызда жиналыста революциялық мәні бар құжат «Адам және азамат құқықтарының декларациясы» қабылданды. Оның негізінде ағартушылық идеялары жатты, халықтың еркіндігі, заң алдында барлығының тең болуы жарияланды. Ұлы француз революциясының ұраны: «Еркіндік, теңдік, ағайындық!» болды.

Революция қарқынды жүрді, бірақ Францияның экономикалық жағдайы жақсармады. Шаруалар көтерілісінің жаңа толқыны шіркеу иеліктерінің тәркіленуі туралы декреттің қабылдануына әкелді. Олар халықтық мүлікке айналды және сатылымға қойылды. Алайда жер өте қымбатқа сатылды, сондықтан оны, көбінесе буржуазия және ауқатты шаруалар сатып алатын болған.

Азаматтық теңдік қағидасын ұстана отырып, 1790—1791 жылдардағы жиналыс сословиелік артықшылықтарды және дво-

Бұл сабақта:

- Француз революциясының кезеңдерін;
- монархияның құлауы және республиканың құрылуы мен оның ерекшеліктерін білеміз;
- якобшілер диктатурасы жайында;
- революция кезеңіндегі Франция мәдениетін;
- якобшілер диктатурасының құлауын, революцияның маңызын анықтаймыз.

Тірек сөздер

- конституциялық монархия
- роялистер
- аграрлық мәселе
- якобшілер
- конвент
- контрреволюциялық лаңкестік

рядарды атақтарды, сонымен қатар дворяндық мұрагерлікті жойды. Тәуелсіздікті қабылдағаннан кейін кәсіпкерлік, мемлекеттік тәртіп және цехтық жүйе жойылды. Құрылтай жиналысы мемлекетті 83 департаментке бөлді.

Үдей түскен қоғамдық-саяси күресте саяси клубтардың маңызы зор болды. 1789 жылы ұйымдастырылған Якобшілер клубы орасан зор маңызға ие болды.

Якобшілер — француз буржуазиясының ең солшыл революциялық қанатына жататын топ. Алғашында бұл саяси клуб мүшелері өздерінің мәжілістерін Әулие Якоб шіркеуінің кітапханасында өткізіп келген. Бұл аттың шығу тарихы осыған байланысты.

Революция кезінде мерзімді басылымдар пайда болды. Солардың ішінде Жан-Поль Марат шығарған «Халық досы» газеті үлкен беделге ие болды.

Ойлан

Революцияның бірінші кезеңінде қандай маңызды өзгерістер жүргізілді?

Монархияның құлауы. Билікте отырған әлсіз монархияшылдар халықтың наразылығын тудырды. 1791 жылы Құрылтай жиналысы Францияда буржуазиялық конституциялық монархияны бекіткен конституцияны қабылдады.

Француз революциясы бүкіл Еуропада феодалдыққа қарсы күштің оянуына түрткі болды. 1792 жылы көшіп кеткен (эмигрант) роялистердің мүліктерін тәркілеу туралы декрет шығарылды.

1792 жылы Францияға қарсы Австрия мен Пруссия әскери одақ құрды. Бұл революциялық әскерге шабуылдаған Еуропалық держава тарапынан Францияға қарсы бірінші коалицияны тудырды. Францияға шынайы әскери қауіп төнді. Франция Австрияға соғыс жариялады.

Мемлекеттің демократиялық қозғалысы король билігі мен монархияның жойылуын талап етті. 1792 жылы 10 тамыздың түнінде көтеріліс басталды. Көтерілісшілер корольдың Тюильри сарайын басып алды. Монархия жойылды. Жиналыс XVI Людовикті тақтан түсірді.

Пікірталас

Неге көршілес мемлекеттер Францияға қарсы революциялық соғыс бастады?

Бұл көтеріліс революцияны жана деңгейге көтерді. Француз революциясының екінші кезені басталды. Ескі билеуші топтардың контрреволюциялық бөлігі революциямен бігіспес күресті бастады. 1792 жылы Пруссия мен Австрия Францияға қарсы әскери одақ құрды. Бұл еуропалық державалар тарапынан Францияға қарсы алғашқы одақтың тууына себепші болды. Францияға нақты әскери қауіп төнді. Бірақ 20 қыркүйекте Вальми деген жерде революциялық әскер жеңіске жетіп, коалиция Франция жерінен қуылды.



XVI Людовик

Республикалық құрылыстың құрылуы мен оның ерекшеліктері. 20 қыркүйекте Ұлттық Конвент өз ісін бастады. Ол корольдық билікті жою туралы декрет қабылдады. Франция республика деп жарияланды. Конвенттің сол қанатындағы депутаттарды «таулар» немесе *монтаньярлар* деп атады. Оларды Максимилиан Робеспьер, Жан-Поль Марат, Жорж Жак Дантон басқарды.

Монтаньярлар – «тау» (montagne) деген француз сөзінен шыққан. Конвент отырысында жоғарғы орындықтарда «тау» сияқты көтеріліп отырғандықтан, яacobшілер клуб өкілдерін осылай атаған.

Конвенттің оң қанатында отыратын депутаттар *жирондықтар* деп аталды (олардың көп бөлігі Жиронда аймағынан шыққан депутаттар



Конвент отырысы

болатын). Конвенттің ортасындағы 500-дей депутат ешқандай топта болмағандықтан, олар Конвенттің «батпағы» деген атауға ие болды.

Конвент сотының шешімімен XVI Людовик айыпты деп танылып, өлім жазасына кесілді.

1792—1793 жылдары қала және ауыл бұқарасы революцияның жалғасуын талап етті. Халықтың экономикалық жағдайы бірден нашарлап кетті. Азық-түлік мәселесі өткір болды. Кедейлер қажеттілік заттарына тұрақты баға орнату қажет деді. Жак Ру, Жан Варле және олардың жақтастары тұрақты баға орнатуды және саудагерлерге қарсы шаралар қолдануды талап етті. Қарсыластары оларды «құтырғандар» деп атады.

«Құтырғандар» — қала кедейлерінің мүддесін қорғаған француз революциясының батылырақ қозғалыстарының бірі.

1793 жылы көктемде революция дағдарыстың жаңа сатысына енді. Шаруалар буржуазияның ауылға қатысты әділетсіз саясатына наразылық білдірді. Мемлекеттің әскери жағдайы нашарлап кетті. Республикаға төнген қауіп халықтың бірігуін талап етті.

Якобшілер мен Париж Коммунасын және «құтырғандарды» Жирондықтарды жою талабы біріктірді. 31 мамырда Ұлттық гвардияның жалпы жаны атап өтілді.

Ойлан

1793 жылы көтерілістің себептері қандай болды?

Революцияның үшінші кезеңі. Якобшілер диктатурасы. 1793 жылы 31 мамырдағы халық көтерілісі жеңіске жетті. Республикадағы саяси билікке якобшілер келді. Якобшілер кезеңі революцияның ең жоғарғы кезеңі болып табылды. Мемлекеттегі қарқынды күрес барысында шешуші шаралармен буржуазиялық-демократиялық революцияның жетістіктерін қорғаған және тереңдеткен революциялық-демократиялық диктатура туды.

Якобшілер аграрлық мәселелерді халық мүддесіне шеше бастады. 1793 жылы төлемді 10 жылға бөліп төлеу арқылы эмигранттардың иеліктерін аздаған үлестермен сату туралы заң қабылданды. Одан кейін заң бүкіл қауымдастық жерлерді шаруалар қауымының меншігі деп жариялады. Ақырында, 1793 жылғы 17 шілде де Декрет барлық феодалдық алым-салықтарды толығымен және ешқандай өтеусіз жойды.

1793 жылы 24 маусымда Конвент Францияның жаңа Конституциясын қабылдады. Республика бірпал аталы жиналыстан тұрды, 21 жасқа толған ер адамдарға сайлау құқығы берілді. Демократиялық құқықтар мен еркіндіктер жария етілді.

Якобшілер диктатурасы халық бұқарасының қысымынан «Жалпыға ортақ максимум» туралы Заң қабылдады.

Сол уақытта республиканың жағдайы дағдарыста еді. Коалиция әскерлері шабуылдады. 1793 жылы Робеспьер басшылығымен Конвент «Сенімсіздер туралы» Заң қабылдады. Революциялық комитеттерге сенімсіз адамдар тізімін жасау және оларды тұтқындауға құқық берілді.

Коммуна — өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізген қалалық қауым.

Лаңкестік — қорқыту, қарсыласты күштеп басып-жаншу саясаты.

Бастапқыда бұл лаңкестік контрреволюциямен күресу үшін енгізілді. Сосын якобшілер арасындағы шпеленістерді шешу тәсілі ретінде қолданыла бастады. 1793 жылдың қыркүйегінде Жак Ру және Жан Варле тұтқындалды, кейін олардың көптеген жақтаушылары қудаланды.

Контрреволюционерлермен және олардың қарсыластарымен күресу мақсатында якобшілер блогы жүргізген лаңкестік — мемлекеттегі жалпы құбылысқа айналды. Якобшілер лаңкестік жақтаушыларының бірі Ж.П.Маратты дворян Шарлотта Корде өлтірді.

Ойлан

Якобшілер лаңкестік саясатының салдары қандай болды?

Революция кезеңіндегі Франция мәдениеті. 1789 жылы француз буржуазиялық революциясы Еуропа тарихының жаңа кезеңін ашты және сонымен бірге өнердің дамуы да жаңа сатыға көтерілді. Францияның өнердегі, сәулет және мүсін өнеріндегі негізгі бағыты *классицизм* болды. Француз революциясымен қайта өзгертілген өнер халыққа жақындатылды. Халық шығармашылығы Париж көшелері мен алаңдарында айтылған патриоттық әскери әндерде көрініс тапты.

Революция барысында жаңа мейрамдар, жаңа салттар пайда болды. Якобшілер Конвенті жаңа республикалық күнтізбе енгізді. Жаңа дәуір осы күнтізбенің, яғни 1792 жылдың 22 қыркүйегінен басталады.

Якобшілер халықтың білім алуына ерекше назар аударды. Франциядағы Декрет жаппай тегін бастауыш білім беруді енгізді. Конвент бірқатар жоғары білім беретін және мәдени маңызды мекемелерді құрды. Бұрынғы корольдық Лувр сарайы ұлттық галерея әлемінде бірінші болды. Бұған Францияда католицизм орнына ақылға табынуды енгізу қосылды. Католиктік шіркеулер жабыла бастады.



Анықта

Революция кезеңіндегі Франция мәдениетінің негізгі өзгерістерін ата.

Якобшілер блогының ыдырауы және якобшілер диктатурасының құлауы. 1793 жылы жазда республикада жағдай күрделеніп кетті. Якобшілер диктатурасы республика қорғанысын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттегі қарулы күштердің түбегейлі қайта құрылуын ұйымдастырды. Қысқа уақыт мерзімінде Францияда бірінші рет бұқаралық ұлттық әскер құрылды.

Якобшілер партиясын басқарып отырған жетекші топ Робеспьердің жақтаушыларынан тұрды. Ж.Ж.Дантонның басқаруымен якобшілердің қалыпты (орташа) ағымы — «кешірімпаздар» революциялық диктатура тәртібін тезірек жоюға тырысты. Қарама-қарсы әлеуметтік-саяси қаптада *Шамет* пен *Эбердің* басшылығымен «өте солшыл» революционерлер шықты. Олар қалалық плебей өкілдерін осылай атады.

Нәтижесінде, якобшілер блогы тарап кетті. 1794 жылы 27 шілдеде (революциялық күнтізбе бойынша 9 термидор) Робеспьер мен жақтастары тұтқынға алынды. Осылайша якобшілер диктатурасы құлады. Конвенттің жаңа құрамын *термидорлық* деп атады.

Якобшілер диктатурасының құлауымен Француз революциясының өрлеуі тоқтады. Жаңа үкімет «Жалпыға ортақ максимум» туралы заңды жойды. 1795 жылы билік бес адамнан тұратын Директорияға көшті. Директория басқарған жылдар (1795—1799) әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық кезеңі болды.

Ойлан

Якобшілер арасында қандай келіспеушіліктер болды?

Революцияның маңызы. Феодализмнен капитализмге ауысу кезеңінде Еуропа мен Америкада болған барлық буржуазиялық революциялар ішінде XVIII ғасырдың сонындағы Франциядағы революция әлеуметтік-саяси қайшылықтардың өткірлігімен, жүзеге асқан түрленулердің жүйелілігімен және тереңдігімен ерекшеленеді.

Революцияның негізгі қорытындысы феодалдық-абсолюттік құрылысты жою, буржуазиялық қоғамды нығайту және Францияда капитализмнің әрі қарай дамуына жағдай жасау болатын. Революция бүкіл феодалдық алым-салықтарды жойды, осы арқылы аграрлық мәселелерді шешті. Француз революциясымен жарияланған демократиялық құқықтар мен еркіндіктер үлкен тарихи мәнге ие болды. Тарихта бірінші рет азаматтар жаппай сайлау, жиынға қатысу құқығына, буржуазиялық-демократиялық республика құру мүмкіндігіне ие болды.

Білімді тексер

1. Француз буржуазиялық революциясының себептері неде болды?
2. XVIII ғасыр соңындағы француз республикасының құрылу ерекшеліктерін атай аласың ба?
3. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революцияның негізгі қорытындыларын атап көр.
4. Топтық жұмыс. Дәптерге кестені сызып толтырыңдар.

1-кезеңі	2-кезеңі	3-кезеңі
14 шілдеден 1789 — 10 тамыз, 1792 ж.	10 тамыз, 1792 ж. — 31 мамыр, 1793 ж.	31 мамыр, 1793 ж. — 27 шілде, 1794 ж.
Билік ірі буржуазия- ның қолында	Билік орта буржуазия- ның қолында	Билік яacobшілердің қолында
Негізгі жетістіктері:	Негізгі жетістіктері:	Негізгі жетістіктері:

§ 10. НАПОЛЕОН БОНАПАРТ ДӘУІРІНДЕГІ ФРАНЦИЯНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚ СОҒЫСТАРЫ

Бұл сабақта:

- Францияның жаулаушылық соғыстарының бастамасы;
- Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты;
- Францияға қарсы одақтар, құрлықтық блокада, Наполеонның Ресейге басып кіруі;
- Наполеон империясының күйреуі мен Вена конгресі туралы білеміз.

Тірек сөздер

- Бірінші империя
- Францияға қарсы коалициясы
- құрлықтық блокада,
- Трафальгар шайқасы
- Бородино шайқасы,
- Вена конгресі

Францияның жаулаушылық соғыстарының бастамасы. Директория басқарған алғашқы жылдары мемлекет шетел интервенттерімен соғыста жеңіске жетті. Азаматтық соғыс ретінде басталған соғыс жаулаушылық соғысқа айналды. Мұның айқын белгілері 1796—1797 жылдардағы әскери жорық барысында білінді. 1795 жылғы жеңістен кейін Пруссия Франциямен Базель келісімін бекітті, ол бойынша Рейннің сол жағалауы Францияның қол астына көшті. Жас генерал Наполеон Бонапарттың қол астындағы француз әскері 1796 жылы Италия аумағына басып кірді. 1797—1799 жылдары француздар басып алған Италия аумақтарында еншілес республикалар құрылды.

Директория Египетке әскери жорық ұйымдастырды, бірақ ол сәтсіз аяқталды. 1798 жылы Еуропа мен Таяу Шығыстағы француздардың баса-көктеп кіруіне байланысты Францияға қарсы жаңа коалиция құрылды.

Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Консервативтік буржуазия өкілдері мемлекеттік төңкеріс жоспарын дайындады. Төңкерісті жүзеге асыруға лайықты адам Наполеон Бонапарт болды. 1799 жылы 18 брюмер төңкерісінде Директория жойылды, ал билік Бонапарттың басқаруымен 3 консулға берілді.

18 брюмер төңкерісі — бұл республикалық күнтізбе бойынша VIII жылдың 18 брюмерінде Францияда болған мемлекеттік төңкеріс (Григориан күнтізбесі бойынша 1799 жылдың 9 қарашасы).

Ойлан

Неге Францияның азаттық соғыстары жаулаушылық соғыстарына айналды?



18 брюмер төңкерісі

Біртіндеп 3 консулдың билігі бір консулдың — Наполеонның диктатурасына айналды.

1804 жылы жарғы бойынша Наполеон «француз императоры» деп жарияланып, салтанатты түрде таққа отырғызылды. Францияда Бірінші империя құрылды.

Наполеонның әкімшілік және құқықтық жана өзгерістері қазіргі мемлекеттің негізін салды, олардың көпшілігі бүгінгі күнде қолданыста «Наполеон кодекстері» деп аталатын Азаматтық, Коммерциялық және Қылмыстық кодекстер қабылданды. Олар феодалдық-абсолюттік мемлекеттердің заңнамаларымен салыстырғанда озық болды.

Кодекстер Францияның экономикалық дамуына ықпал етті. Ауылшаруашылығы табысты түрде дамыды. Француз банкі құрылды. I Наполеон кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсетті. Өндірістік төңкеріс басталды. Мемлекет әскери жабдықтарға үлкен тапсырыс бере отырып, экономиканың дамуына ықпал етті.

Наполеонның сыртқы саясаты буржуазияның мүдделеріне сәйкес келді. Оның басты мақсаты Францияның экономикалық және саяси



Наполеон

үстемдігін орнатуды камтамасыз ету болды. Онжылдық соғыста Франция өз аумағын кеңейтті және Батыс Еуропадағы ірі мемлекетке айналды.

Ойлан

Неге Наполеон Бонапарттың саясаты Францияның экономикалық дамуына мүмкіндік берді?

Францияға қарсы одақтар. Францияның Наполеон басқарған (1799—1815) жылдары жүргізілген бірнеше еуропалық коалицияға қарсы соғыстарын *наполеондық соғыстар* деп атады. Францияға қарсы жеті одақ құрылды. Маңызды рөлдерді Англия, Ресей, Австрия, Пруссия ойнады. Бұл елдер Еуропа жерлерін наполеондық үстемдіктен босатқысы келмеді, сонымен бірге өздері жана аумақтар мен мекендерді жаулап алғысы келді. Бірінші одақ 1792 жылы құрылды және революциялық Францияға қарсы күресті. Келесі одақтар 1815 жылға дейін құрылды.

Жаулаушылық соғыс бола отырып, наполеондық әскерлер Еуропада революциялық идеялардың таралуына, феодалдық тәртіптердің жойылуына және капиталистік қатынастардың дамуына мүмкіндік берді. Олар құрлықта өзінің әскери-саяси және сауда-өндірістік үстемдігін бекітуге тырысқан француз буржуазиясының мүддесіне сай жүргізілді.

Ойлан

Франциядағы әскери жеңістердің себебі неде болды?

Францияның әскери жетістіктері, оның жетілген әскери жүйеге не болғандығымен түсіндіріледі. Әскер жасақтаудың жана жағдайлары, сарбаздарда жоғары әскери дайындықты ұстану және тәртіп — мұның барлығы Францияның жеңіске жетуіне әкелді. Атақты наполеондық маршалдардың да әскери таланты үлкен рөл атқарды. Наполеон Бонапарттың өзі атақты қолбасшы болған.

Алайда наполеондық Францияның қарқынды дамуы мен француз әскерінің жеңістері I Наполеонмен оның маршалдарының жеке қасиеттерімен ғана түсіндіріліп қоймады. Феодалдық-абсолюттік Еуропамен қалтығыста наполеондық Францияда тарихи үдемелі, буржуазиялық қоғамдық құрылыс орнады. Алайда уақыт өте келе наполеондық соғыстар озық тәжірибелік мәнін жоғалтып, жаулаушылық соғысқа айналды.

10 жыл бойы Италия Наполеон империясына бағынышты болды. Францияның Италия аумағына әсері салдарынан маңызды өзгерістер енгізілді. Капитализмнің жылдам дамуы жүзеге асты.

Наполеондық соғыстар неміс халқының тағдырына қатты әсер етті. Германияның айтарлықтай бөлігі франц уз билігінде болды. Германияның картасы үнемі өзгеріп отырды. Наполеондық билеп-төстеушілік, тонау, зорлықпен қатар жүрді. Көптеген феодалдық артықшылықтар жойылды.

1805 жылы күзде соғыс қайта басталды. 1805 жылы қазанда Трафальгар мүйісінің жанында ағылшын адмиралы Нельсон басқарған ағылшын флоты француз-испан флотын талқандады. Бұл XIX ғасырдағы ең ірі теңіздегі — Трафальгар шайқасы болды.

Осы шайқастан кейін вице-адмирал Нельсонның есімі ағылшын әскери-теңіз күшінің белгісіне айналды.

Алайда сол жылдың желтоқсанында Аустерлиц түбіндегі шайқаста француздар Австрия мен Ресей империяларының біріккен әскерін асқан шеберлікпен жеңіп шықты. Австрия бейбіт бітімге келуге мәжбүр болды.

1806 жылы Наполеон өзінің қорғаушыларымен Рейн одағын құрды. Оның құрылуына қарсы шыққан Пруссия Францияға қарсы соғыс ашты, бірақ жеңіліске ұшырады. Пруссияның жеңілісі осы мемлекеттің артта қалғандығының дәлелі болды.

Бірнеше шайқастарда француздардың жеңісінен кейін орыс императоры І Александр мен Наполеон бейбітшілік пен одақтастық туралы Тильзит шартын жасады. Ресей Наполеонның басып алған жерлерін толық мойындады.



Адмирал Нельсон

Ойлан

Француз үстемдігі Италия мен Германияға қалай әсер етті?

Құрлықтық блокада. Еуропалық мемлекеттерге қарсы соғыстағы бірқатар жеңістерінен кейін, Наполеонның мықты қарсыласы болып Англия ғана қалды. Ол Англия экономикасын әлсірету және оның алдында еуропалық нарықты жабу туралы шешім қабылдады. Францияға тәуелді барлық құрлықтық мемлекеттерде Англиямен сауда жасауға тыйым салынды. Алайда Англия Францияға және



Сарагосаға шабуыл

оның жақтастарына теңіз қарақшылығымен жауап берді және барлық блокадаларға қарамастан ағылшын тауарларын Еуропаға және тіпті Францияға әкеліп тұрды.

Кұрлықтық блокада Еуропа елдерін теңіздің арғы жағындағы нарықтардан айыра отырып, Англияға ауыр соққы жасады.

1808 жылы Наполеон испан халқының короліне қарсы көтерілісін пайдаланып, өзінің ағасы Жозеф Бонапартты Испания королі деп жариялады. Испан халқы наразылық ретінде ұлт-азаттық көтеріліс бастады. Наполеон Испанияға көтерілісті басу үшін үлкен әскери күш жіберді. Бүкіл Еуропаны бағындырған Наполеон испандық әскер тарапынан жойқын қарсылыққа кез болды. Сарагоса қаласының қорғаушылары өз қалалары үшін қасық қаны қалғанша күресті.

Испандықтардың өз тәуелсіздігі үшін ерлік күресі 1813 жылы күзде аяқталды. Испания жеңілді, ал француз әскерлері тағы бір жеңіске қол жеткізді.

Наполеонның Ресейге басып кіруі. Наполеон Бонапарт 1812 жылы 24 маусымда Ресей жеріне жорыққа шықты. Бұл Ресей халқының басқыншылыққа қарсы бұрын болмаған тойтарысы болды. Ресей халқы үшін бұл Отан соғысына айналды.

1812 жылы Мәскеу маңайындағы Бородино деревнясының тұсында ірі шайқастардың бірі болды. Осы кантөгіс шайқаста француз әскерлері көп шығынға ұшырады. Орыс әскерлері кері шегінгенмен, жеңісті бермеді. Ресей халқының Наполеонға қарсы ерлік шайқасына атақты М.В. Лермонтовтың «Бородино» өлеңі арналған.

Француз әскері Мәскеуге енді. Алайда олар қоршалған қамалда қалғандай болды. Маңайында халық соғысының жалыны өршеленіп тұрды. Сондықтан Француз әскері Мәскеуден кері шегінді. Ресейдегі Француз әскерінің жеңілісі барлық наполеондық империяның құлдырауының бастамасы болды.

Ойлан

Наполеонның Ресейге қарсы соғыста жеңіліс табуының себептері қандай болды?

Наполеон империясының күйреуі мен Вена конгресі. Наполеон Парижге оралып, жаңа әскер жинай бастады. Наполеонға қарсы бүкіл Еуропа көтерілді. 1813 жылы қазанда Лейпциг түбінде шайқас болды, оған жарты миллионнан астам Франция мен одақтастардың әскерлері қатысты. Бұл шайқас «Халықтар соғысы» деген атаумен тарихқа енді. Француз әскері жеңілді. 1814 жылдың басында одақтастар әскері Францияға, одан Парижге енді. Наполеон тақтан бас тартты, 1814 жылы мамырда ол Эльба аралына жер аударылды. Наполеонның ұзаққа созылған соғыстары Франциядағы Бірінші империяның талқандалуымен аяқталды.

Пікірталас

Неге Лейпциг түбіндегі шайқасты «Халықтар соғысы» деп атады?

Наполеондық шайқастар аяқталған соң жеңімпаздар орасан зор наполеондық империяны бөліске салды. Сол үшін Венада бүкіл жалпыеуропалық конгресс шақырылды. Конгресс жұмысында жетекші рөлдерді Англия, Ресей, Австрия мен Пруссия атқарды.

Францияда Бурбондар билігі қайта қалпына келді, конституциялық монархияны орнатқан конституция (1814 жылғы Хартия) күшіне енді. Жазаланған XVI Людовиктің інісі XVIII Людовик деген атпен король болды.

1815 жыл ы көктемде Наполеон Эльба аралынан қашып, Парижге оралып, билікке қайта келді. XVIII Людовик және оның жақтастары қашып кетті. Осы Бонапарттың қантөгіссіз такка оралуы «Жүз күн» деп аталды. 1815 жылы 18 маусымда Ватерлоо түбінде Францияға қарсы жетінші одақ әскерлері мен Наполеон әскері арасында соңғы шайқаста Наполеон жеңіліп, Әулие Елена аралына жер аударылды және сонда 1821 жылы қайтыс болды.

Наполеонның түпкілікті талқандалуынан кейін Вена конгресі өз жұмысын аяқтады. 1815 жылы 9 маусымда аумақтық мәселелерді



Анықта

1796—1811 жылдары Францияның қандай елдерді жаулап алғанын картадан көрсет.

шешуді аяқтаған және Еуропаның жаңа шегараларын белгілеген корытынды акт қабылданды. Франция барлық жаулап алған жерлерінен айырылды, бірақ 1790 жылғы қантардағы өз аумақтарын сақтап қалды.

Вена конгресінің шешімі бойынша Францияның негізгі қарсыластарына мына аумақтар көшті:

Англияға:	Ресейге:	Австрияға:	Пруссияға:
Кап провинциясы, Цейлон, Мальта, Ион, Сейшель, Тобаго аралдары	Варшавалық герцогтігі, Финляндия және Бессарабия аумағы	Галиция, Тироль, Триест, Далмация, Иллирия	Познань, Гданьск, Саксонияның солтүстік бөлігі, Померания, Рейн-Вестфальдық аумақтары

Германия мен Италияның аумақтық бытыранқылығы сақталды. Дания билігінде болған Норвегия Швецияға берілді. Бельгия Голландияға қосылды. Швейцария тәуелсіздігін қайтарып алды және «мәңгі бейтарап мемлекет» деп жарияланды. Ресей, Австрия, Пруссия келісімшарттарының негізінде поляк жерлерін бөлу жүзеге асырылды. Тек Краков қаласы ғана «еркін қала» деп жарияланды. Нәтижесінде Еуропа мен отар елдерде жаңа аумақтық бөліну жүзеге асты және саяси күштердің қайта топтастырылуы болды. Теңіздер мен отарлардағы ағылшын үстемдігі біржолата бекітіліп, Францияның Еуропаға қарым-қатынасы бұрынғыдай болмады.

Біліміңді тексер

1. Францияға қарсы күрестің негізгі сатыларын атап көр.
2. Наполеон басқарған кезеңде Францияда қандай өзгерістер болды?
3. Наполеондық әскердің мықтылығы неде болды?
4. Вена конгресінің негізгі шешімдері қандай болды?
5. Неге құрлықтық блокада жемісті болмады?

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ИМПЕРИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ

§ 11. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ

Бұл сабақта:

- XVII ғасырда Ресейдің артта қалу себептері, I Петрдің өзгерістері;
- «Ұлы Елшілік», Солтүстік соғыс, «ақсүйектердің алтын дәуірі», II Екаторинаның реформалары туралы білеміз.

Тірек сөздер

- жаңғырту
- «Ұлы елшілік»
- император
- империя

XVII ғасырдағы Ресей. Ресейде феодалдық қатынастар сақталып, крепостнойлық құқық толығымен қалыптасты. Елде капиталистік қатынастар пайда бола бастады. Тауар-ақша айналымы дамыды.

Шағын тауар өндірісі өсті, өндіріс орындары пайда болды, түрлі тауарлар өндірісі бойынша қалалардың мамандануы күшейіп, жалпыресей нарығы қалыптасты. Өнеркәсіппен қатар, мәдениет саласын да жетілдіру керек болды.

Ресейге теңізге шығу жолдарын қарастырып, Батыс Еуропа елдерімен сауда-саттық және мәдени байланыстардың ыңғайлы жолдарын орнату қажет еді. Ресейде Батыстың дамыған елдерінің әскери күштерінен қорғану үшін тұрақты әскер мен флотты құру қажеттілігі туындады.

Дворяндық Ресей өзінің ескірген және жаңа қажеттіліктерге сай келмейтін мемлекеттік әкімшілігіне өзгеріс енгізуге тиіс болды. Осы тарихи міндеттерді шешу I Петр патшалығының кезеңінде басталды.

Ойлан

XVII ғасырда Ресейдің алдында қандай тарихи мақсаттар болды?

Өзгерістердің басталуы. XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Ресейде I Петр басшылығымен ресейлік қоғамның толық жаңғыруы байқалды.

Ресей бұрыннан теңіз жағалауларына мұқтаж еді. Батыс Еуропаның барлық ірі мемлекеттері ыңғайлы айлақтарға ие болып, тауарларды экспорттаумен айналысып, күшті теңіз флотын иеленді.

Ресей тек Ақ теңізге шыға алатын. Оның өзін 6-7 ай бойы бетін қалың мұз басып жататындықтан, кемелер теңізде жүзе алмады. Ресейге Балтық теңізі мен Қара теңіздің жағалауларын басып алу қажет болды. Алайда сол кезде Балтық теңізінің жағалаулары Швецияның, ал Қара теңіз жағалаулары Түркияның иелігінде болатын.

1697 жылы Түркиямен соғыс басталысымен-ақ, Ресей өзіне одақтас және қару-жарак керектігін түсінді. Осы мақсатта І Петр бастаған топ Еуропаға жол тартты. Бұл сапар — *Ұлы елшілік* деп аталды. Сөйтіп, І Петр Еуропаға барған алғашқы орыс патшасы болып тарихта қалды.

«Ұлы елшілік» — (1697—1698) ресейлік дворяндардың дипломатиялық мақсаттағы маңызды сапары.

І Петрдің сыртқы саясаттағы басты тарихи мәселесі — бұл Балтық теңізіне шығу болды. Осы мәселе шешілмей, елдің техникалық-экономикалық ілгерлеуі болмайтынын, сонымен қатар батыс-еуропалық мемлекеттер тарапынан экономикалық қоршауды жою мүмкін еместігін түсінді.

Келіссөздер барысында Балтық теңізіне шығу үшін Швецияға қарсы жүргізілген соғыста Ресейді Дания, Польша және Саксония қолдайтыны анықталды. Солтүстікеуропалық мемлекеттер одағын құру туралы келіссөздерді Петр аяқтап үлгермеді, өйткені оған Ресейде шегарада қызмет етуге қарсы өз наразылықтарын білдірген атқыштар көтерілісінің басталғаны жайлы хабар жетті.

Петр қайта оралғанша, көтеріліс басылды. Еуропаға қайтып оралған І Петр Швециямен күресте *Солтүстік одағын* құрды.

Алғашқы өзгерістерді енгізу бірден басталды. І Петр атқыштар әскерін таратып жіберді, еуропалық форма киетін жалдамалы әскер құрды және басшысы ретінде шетелдік-офицерлерді тағайындады.

Солтүстік соғыс. І Петр Швецияға қарсы Польша және Даниямен одақ құрды. 1700 жылдың күзінде Швециямен басталған соғыс 21 жылға созылды. Бұл соғыс *Солтүстік соғыс* деп аталды.

1700 жылдың қарашасында орыс әскерлері шведтермен Нарва қамалының жанында кездесті. Орыс әскерлерінің дайындығы нашар болатын. Жақсы қаруланған шведтер жеңіске жетті.

Нарва түбіндегі жеңістен кейін Ресей әскері қайта жасақталды. Жаңа өнеркәсіп орындары мен кеме жасау орталықтары құрылды. Соғыс қажетіне металл жетіспегендіктен І Петр шіркеу қонырауларынан зеңбіректер құюға бұйырды. Әскерді қаруландыру қажет



I Петр

болды, сондықтан қару жасайтын зауыттар салынды. I Петр тұсында зығыр мата өндірісіне де көңіл бөлінді. Кеме жасау былғары және шыны өндірістері дамыды.

I Петр әскери міндеткерлікті енгізді. Бұл шаралар тез арада жана әскер жабдықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыстар оң нәтиже көрсетті.

1702 жылдың күзінде орыс әскерлері Ладога көлінен бастау алатын Невадағы бекіністі алды. 1709 жылдың маусымында орыс әскерлері Полтавада жеңіске қол жеткізді. Мұнда орыс және шведтік әскерлердің басты күштері

кездесті. Алдыңғы қатардағы артиллериясы бар орыс әскері мықты жабдықталған болатын. Орыстардың Полтава түбегіндегі жеңісі үлкен маңызға ие болды. Швеция соққыға ұшырады. Ресейдің халықаралық беделі көтерілді.

Нәтижесінде Ресей Финляндия шығанағының жағалауларын иемденді. Неваның оң жағалауында I Петр сызбаларына сүйеніп Петропавл қорғаны салынды. Осы жерде I Петр мемлекеттің жана астанасын құруға шешім қабылдады.

1703 жылы жана қала Петр қаласы салынды. I Петрдің құрметіне *Питербурх* деп аталды. Кейінірек ол Санкт-Петербург болды. Ресей теңіз астанасына айналып, ең маңызды сауда порты пайда болды.

I Петр Еуропаға жол ашты. Полтава шайқасынан кейін орыс әскерлері Балтық жағалауында әскери әрекеттерін жалғастырды. 1710 жылы Латвия мен Эстония Ресей құрамына кірді.

Пікірталас

Орыс әскерінің Полтава шайқасындағы жеңісінің себебі неде?

Ресейдің империя ретінде жариялануы. Солтүстік соғыс 1721 жылы аяқталды. Бітімгершілік финляндиялық Ништадт қаласында жасалды. Ништадт бейбіт келісімі бойынша Ресей Латвия мен Эстонияның жерлерін алды, Петербург жанындағы Фин шығана-

ғының жағалауы және Карелияның бір бөлігі Ресей құрамына қосылды. Ресей Балтық теңізінің жағалауындағы ыңғайлы порттар Рига мен Ревельді (қазіргі Таллин) иемденді. Ресейдің Балтық жағалауын иемдену мақсаты орындалды.

Ресей теңіздік державаға айналды. 1721 жылы сәуір айында I Петр император лауазымын қабылдады. Ресей империя болып жарияланды.

Осылайша I Петр ауқымды реформалар жүргізді. Ресейде тарихта алғаш рет тұрақты әскер, ең бастысы — мықты әскери флот пайда болды. Ресей теңіздерге шығуға мүмкіндік алды, стратегиялық маңызды аумақтарды жаулап алу арқылы өз шегараларын кеңейтті.

II Екатерина. I Петр қайтыс болған соң, сарай төңкерістері басталды. Нәтижесінде абсолюттік монархия нығайып, дворяндардың жағдайы жақсарды. 1741 жылы таққа Елизавета Петровна отырды.

Елизаветаның мұрагері III Петр Федорович болды. Ол орыс дворяндарына ұнамайтын саясат жүргізді.

1762 жылы таққа III Петрдің әйелі II Екатерина отырды. II Екатеринаның 35 жыл билік етуі тарихқа «ақсүйектердің алтын ғасыры» болып енді.

Ол шаруаларды соңғы құқығынан айырды — жер иесіне шағымдануға тыйым салды және отбасы мүшелерін ыдыратып, оларды жекелеп саудаға салды.

Осылайша XVIII ғасырдың соңы дворяндар үшін алтын кезең болса, шаруалар үшін бұл құлдықтың ең қатал кезеңі болды. Өзінің билік етуі кезінде II Екатерина революцияларды барлық жолдармен басты, философ Вольтердің идеяларын қолдады, Руссо мен Монтескьенің кітаптарын оқыды, бірақ ағартушылықты өздігінше қабылдады.

Ойлан

Неліктен II Екатерина патшалығы тарихта «ақсүйектердің алтынғасыры» деп аталды?

II Екатеринаның өзгерістері. II Екатерина темекіге салынатын мемлекеттік монополияны алып тастады, білім ошақтарын құрды. Сонымен қатар мануфактура құрылысы кеңейіп, тоқыма өнеркәсіптері дамыды. Мануфактураларда жалдамалы жұмысшылар пайда болды. Шеттен әкелінген қаржыға жаңа жерлер игерілді.



II Екатерина

Нәтижесінде II Екатеринаның басқару саясаты Ресей тарихында *ағартушылық абсолютизм кезеңі* деген атпен қалды.

Ағартушылық абсолютизм саясатының мақсаты самодержавиені нығайту, орыс дворяндарының құқық пен бостандықтарын кеңейте отырып, ағартушылық топқа айналдыру. Сонымен қатар елдің экономикалық дамуына жағдай жасау, кәсіпкерлікке ықпал ететін заңдарды қабылдау; білім тарату, елдегі мәдениет пен білімнің еуропалық формаларын дамыту; Ресейдің шетелдегі беделін арттыру, оның халықаралық ұстанымын нығайтты.

Ойлан

II Екатерина патшалығының ерекшелігі қандай?

II Екатерина қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы I Павел император болды. 1801 жылы I Павел өлтіріліп, оның ұлы I Александр таққа отырды. Осылайша Ресейде XVIII ғасыр аяқталды.

Біліміңді тексер

1. XVIII ғасырда Ресейдің алдында қандай міндеттер тұрды?
2. «Ұлы елшіліктің» негізгі мақсаттары қандай болды?
3. I Петрдің әскери реформасының мазмұны қандай болды?
4. «I Петр Еуропаға жол ашты» деген сөйлемнің мәнін түсіндіріп көр.
5. II Екатеринаның билігі неліктен «ағартушылық абсолютизм кезеңі» деп аталды?

§ 12. ИРАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ИРАНДАҒЫ АҒЫЛШЫН-ОРЫС БӘСЕКЕЛЕСТІГІ

Иран 1935 жылға дейін Парсы мемлекеті деп аталды. Парсы мемлекетінің атауы қазіргі Оңтүстік Ирандағы Парсы шығанағының жағалауындағы тарихи Фарс аймағының атауына байланысты шыққан. Бұл жерлерде ертеде Ахеменидтер империясын құрған тайпалар мекендеген. Парсы мемлекеті орта ғасырларда аса қуатты алпауыт ел болған.

Мемлекет басында шах отырды. Шах қазынасына халықтан егіншілік пен малшаруашылығынан алынатын салықтар түсіп отырды. Салықтарды жинау біршама қиындықтар туғызатын, себебі халықтың көшпелі малшаруашылығымен айналысатын бөлігінен дер кезінде салық жинау мүмкін бола бермейтін. Отырықшы халық егіншілікпен, қолөнермен айналысты. Парсы елінде сол заманда жақсы суару жүйелері — ирригация болған. Қолөнер кәсіпшіліктеріне біріккен қолөнершілердің аса сапалы бұйымдары әлемге танымал болды. Сондай-ақ Парсы елінде сауда да жақсы өркендеп дамыды. Иранның негізгі кәсібі малшаруашылығы, егіншілік пен қолөнер болды.

Бұл сабақта:

- Парсы немесе Иран мемлекеті және оның бұрынғы атауы туралы мәлімет аламыз;
- Иранның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысамыз;
- Ирандағы Англия мен Ресейдің отаршылдық бәсекелестігінің себептерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- Парсы мемлекеті
- Иран
- шетел капиталының енуі
- отаршылдық
- ағылшын-орыс бәсекелестігі
- жартылай отар ел

Ойлан

Неліктен қазіргі Иран мемлекетін Парсы мемлекеті деп атаған?

XVIII ғасыр соңынан бастап Иранның астанасы *Тегеран* қаласы болды. Иран жері әкімшілік жағынан вилаеттер (облыс) мен эялеттерге (провинция) бөлінді. Вилаеттерді шах тағайындаған хакімдер басқарды. Ал эялеттер көлемі жағынан өте үлкен аймақтар болғандықтан, олардың қолындағы билік пен құқық та үлкен еді. Сондықтан эялеттердің басында шахтың мұрагерлері — шахзадалар отырды. Вилаеттер мен эялет билеушілерінің дербес биліктері шексіз еді. Олардың өз жасақтары, өз ақшалары болды. Олар салықты

өздері жинап, қылмыскерлерге өздері жаза қолданып, өздері соттады. Кейбір феодалдар мен хакімдер түрлі жағдайларда шахқа бағынбай, тіпті шахтың билігіне де көз алартты. Әсіресе Хорасан, Керман сияқты облыстардың билеушілерін өзіне бағыныштылықта ұстау үшін Каджар әулетінің шахтары үнемі қатаң бақылау жасап, күш қолданып отырған.

Иранның қоғамдық-саяси өмірінде мұсылман дінінің рөлі күшті болды. Мұсылман дінбасылары Құран мен шарифатты елдегі қоғамдық тәртіпті сақтауда негізгі құрал ретінде пайдаланды. Жоғарғы дінбасыларының ірі уақыттық жер иеліктері болды. Сондай-ақ дін иелерінің қолында білім беру мекемелері (мектеп, медресе) және сот ісі (шарифат соты) болды. Ұсақ дінбасыларының жағдайы басқаша еді. Олардың қолында ірі жер иеліктері, сот билігі т.б. болған жоқ. Сондықтан оларға діни қызметпен қатар қосымша кәсіппен де айналысуға тура келді. Олардың көбі қолөнермен, саудамен, егіншілікпен айналысты. XVIII ғасырдың соңында Иран қоғамдық дамуы нашар, артта қалған феодалдық ел болды. Бірақ ол әлі де еуропалық отаршылдардың езгісіне түспеген дербес, тәуелсіз ел еді. XVIII ғасырдың соңына қарай Англия мен Франция Иранға бағытталған отаршыл саясатын жүргізуге кірісті. Иран Орта және Таяу Шығыс елдерін отарлау үшін қолайлы аумақтық плацдарм болды.



Анықта

Отаршылдар Иранның отарлауда қандай мақсатты көздеді деп ойлайсың?

XVIII ғасырдың соңына қарай Иранда Шығыс елдерін отарлаушы үш державаның — Ресейдің, Англияның және Францияның мүдделері түйісті. Еуропалық державалардың отаршылдық саясатына шырмалған Иран кінн халықаралық жағдайға душар болды.

Иранның француз ықпалына түсірмеу, оны өз билігіне қарату үшін Англия өз өкілі Малькольмді шахқа жібереді. Ол Иран шахымен келісімге келіп, саяси және сауда шарттарына қол қойды. Келісімшарт негізінде шах француздарды Иранға жібермеуге, егер француздар Үндістанға шабуыл жасайтын болса, шах әскерін Ауғанстанға аттандыруға уәде берді. Сауда келісімі негізінде ағылшындар Иранда көптеген сауда жеңілдіктеріне ие болды. Ағылшындар есесіне шахқа қалаған жағдайда қару-жарақпен көмектесуге уәде берді.

Бұл ағылшын-иран келісімшарты, сонымен бірге Ресейге қарсы бағытталды. Иран шахы Ресейді Закавказье мен Кавказ халықтарын

бағындырудағы басты кедергі санады. Сондықтан шах өзіне одақтас іздеген еді. 1801 жылы Грузияның Ресейге қосылуы, Армения мен Әзірбайжанның Ресейге бет бұру саясатының күшеюі шахты қатты алаңдатты. Ақыры, бұл бәсекелестіктен 1804 жылы *орыс-иран* соғысы тұтанды. Ағылшындар мен француздар Иранды әрқайсысы өз ықпалына алғысы келіп түрлі кінтұрқы саясат жүргізді. Оны Ресейге қарсы соғысқа айдап салғанымен, соғыста шах ешкімнен нақты көмек пен қолдау көре алған жоқ. Сондықтан өзінен әлдеқайда жақсы дамыған, қуатты Ресейден Иран жеңіліп қалды. 1813 жылы 13 қазанда орыс-иран Гүлстан келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша Иран Дағыстан, Грузия және Солтүстік Әзірбайжан жерлерінен айырылды. Бұл елдер Ресей қол астына өтті. Ресей Каспий теңізінде әскери флот ұстауға кепілдік алды. Орыстар Иранда еркін сауда жасауға қол жеткізді. Иранда Ресейдің ықпалы өсті.



Анықта

Отаршылдар арасындағы бақталастық күрестердің себептерін айқында.

Бірақ Гүлстан келісімшартына, Ресейдің Ирандағы беделінің өсуіне қарсы болған Англия Иранға байланысты тағы да арандату саясатын жүргізіп, Гүлстан шартында Ресейге кеткен есесін қайтаруға көмектеспек болады. Сөйтіп, Иран 1826 жылы Англияның саясатына арқа сүйеп, *екінші иран-орыс* соғысын бастайды. Бірақ бұл соғыс та Иран үшін өте сәтсіз болды.

1828 жылы 22 ақпанда Түркманчай бітіміне қол қойылады. Бітім бойынша Иран мен Ресей арасындағы шегара Аракс өзені арқылы өтетін болды. Шығыс Армения Ресейдің құрамына енді. Ресейдің Каспий теңізінде әскери флот ұстау құқығы түпкілікті бекітілді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-иран соғыстары ағылшын-иран қатынастарын шиеленістірді. Екі держава арасында Иранға үстемдік үшін күрес басталды. Иранға еуропалық державалар капиталының енуі күшейе түсті. Иран шетелдіктердің тауар өткізу нарығына және арзан шикізат көзіне айналды. Шах өкіметі Батыс елдері алдында дәрменсіз саясат ұстанды. Иран Батыс елдеріне экономикалық тәуелді елге айнала бастады.

Иранның жартылай отар елге айналуы. XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Иранға шетел капиталының енуі күшейді. Иран шетел капиталына тәуелді жартылай отар елге айнала бастады. Иран біртіндеп әлемдік нарықтың, дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың аясына тартыла бастады. Шетелдік компаниялар Иран жерінде кәсіпкерлікпен айналысу әрекетін жандандыра түсті.

Бұл Иранның экономикалық дамуына ықпал етті. Иранда тауар-акша қатынастары пайда болып, дәстүрлі шаруашылық өзгеріске ұшырады және ұлттық капитализмнің нышандары қалыптаса бастады.

Шетел капиталының Иранға «бейбіт жолмен» ене бастауы ағылшын-орыс бәсекелестігінің өрші түсуімен сипатталды. Иранның экономикалық жағынан тәуелді елге айналдыруда Англия мен Ресей белсене әрекет етті. XIX ғасыр басында Иранның әскери жолмен бағындыру бастамасын алғаш болып Ресей империясы көтерді. Англия болса, ең алдымен, сыртқы сауданы пайдаланғысы келді. Сөйтіп, Иранға капитал енгізуде Англия шұғыл қадамдар жасады. Олар шахтан телеграф концессияларын өте тиімді шартпен алып, Иран аймағына бірнеше телеграф жүйелерін салды. Телеграф Иранның Үндістанмен жалғастырды. 1872 жылы ағылшын капиталісі барон Ю.Рейтер шахтан 70 жыл мерзімге мұнай және басқа да табиғи байлықтарды игеруге тиімді концессия алады. Шарт бойынша ол тасжолдар, теміржолдар, телефон-телеграф жүйелерін салуға, фабрика, зауыт пен банктер ашуға рұқсат алды.

1889 жылы шах Рейтерге тағы да 60 жыл мерзімге концессия беріп, Шахиншах банкін салуға рұқсат етеді. Осылайша Иранның оңтүстігі мен оңтүстік-батыс жағында Англия үстемдік жүргізуге кірісті. Ағылшындардың ықпалы Иранның саяси билігіне де белсенді бола түсті. Иран шахына ағылшындардың тым жақын бола түсуі орыстарды қатты аландатты. Ресей империясы үшін Иран саяси және экономикалық жағынан өте маңызды аймақ болды. Сондықтан орыс патшалығы Иранға экономикалық тұрғыдан байланысты нығайту үшін сауда байланыстары мен концессиялар алу, бірлескен өнеркәсіп орындарын салу жолдарын іздестіруге кіріседі. Сөйтіп, ағылшындардан кейін Иранның солтүстігіне Ресей капиталистері келе бастады.

1879 жылы шахтың өтініші бойынша орыс офицерлері парсылардың әскери бригадасын ұйымдастырып, әскерлерді оқытуға кіріседі. Бұл сол кездегі Ирандағы бірден-бір күшті даярланған, соғысқа қабілетті қарулы күш еді. Бұл Ирандағы Ресейдің саяси беделінің өсуіне себеп болды. 1879 жылы орыстар телеграф жүйесін салуға концессия алды. 1888 жылы балықшы-кәсіпкер С.М.Лпанозов Иранға қарайтын Каспий теңізі жағалауында балық кәсіпшілігін дамытуға ұзақ мерзімді концессия алады. 1890 жылы орыс капиталісі Л.С.Поляков Тегеранда есеп-несне банкін салады. Ол Иран шахынан 75 жыл мерзімге транспорт саласындағы концессия алды. 1900 жылы Иран Ресейден 22,5 миллион рубль мөлшерінде

несне алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ирандағы орыс капиталының мөлшері 164 миллион рубльге жетеді. Иран үшін Ресей өзінің шикізатын, ауылшаруашылық және қолөнер өнімдерін өткізуге қолайлы сыртқы нарық көзі болды. Ираннан Ресейге мақта, күріш, кептірілген жеміс-жидектер, тері, кілемдер экспортқа шығарылатын. Иранның солтүстік аудандарының экономикасы толықтай орыстардың нарығына тәуелді болды.

Ойлан

Иранда ағылшын-орыс бәсекелестігі қалай жүргізілді?

Иранның солтүстік аймағында Ресей, оңтүстігінде Англия үстемдік етті. XX ғасырдың басына қарай Иран өзінің ұлттық тәуелсіздігі мен дербестігінен айырыла бастады. Елдің транспорт, қаржы, салық, пайдалы қазбалар жүйесі түгелдей Англия мен Ресейдің бақылауында болды. Шах, оның министрлері, губернаторлар мен феодалдар империалистік державалардың қолындағы ойыншыққа айналды. Иранның билеуші, ауқатты топтары мен шетел империалистері арасында өздерінің пайдасын көздеген одақ пайда болды.

Бұл жағдай Ирандағы ағылшын-орыс бәсекелестігін тудырып, ақыры, XIX ғасырда Иранды осы екі мемлекеттің ықпал аймақтарына бөлісуімен аяқталады.

Пікірталас

XIX ғасырда Иран қалайша жартылай отар елге айналды? Иранның жартылай отар ел екенін қалай дәлелдейсің? Өз ойыңды білдір және сыныптастарыңды тыңда.

Біліміңді тексер

1. Иранның саяси-экономикалық жағдайы қалай болды?
2. XVIII ғасыр соңында Иран мемлекеті қандай ірі державалардың отаршылдық назарына ілікті?
3. Ирандағы ағылшын-орыс бәсекелестігін қалай түсіндіресің?
4. Орыс-иран соғысының басталу себебі неде болды?
5. Екінші иран-орыс соғысының нәтижесі қандай болды?

§ 13. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫҢ КҮШЕЮІ ЖӘНЕ ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫ

Бұл сабақта:

- Осман империясының XIX ғасырдағы даму жағдайымен, империяның дағдарысының тереңдеу үрдісімен танысып;
- империяны сақтап қалу мақсатында түрік үкіметінің жүргізген танзимат реформалық әрекеттерін және оның нәтижелерін білеміз.

Тірек сөздер

- империядағы дағдарыс
- «Қасиетті жарлық» – «Гюльхане хатт-и шериф»
- Мұхамед Әли
- Мысыр
- танзимат реформалары,
- жаңа османдар
- 1875 жылғы Конституция
- парламент

XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Осман империясының жағдайы. XIX ғасырдың бірінші ширегінде Осман империясы терең ішкі дағдарыста, шшеленіскен жағдайда болды. Түркияның әртүрлі провинцияларында бас көтерулер, наразылық шерулері өсе түсті. II Махмұт сұлтан 1826 жылы янычар әскерін таратты, оның орнына жанаша тәрбиеленген және қаруланған қарулы әскер құрды. Бұған наразылық танытқан янычарлар көтеріліске шықты.

Сұлтан өкіметі көтерілісті күшпен басып, оларды аяусыз жазаға тартты, янычарлардың әскери корпусын таратып жіберді. II Махмұт енді жаңа әскери реформамен қатар, мемлекетті басқару ісіне де өзгерістер енгізді. Елдің аумағы аймақтар мен губернияларға бөлінді. Еуропалық үлгідегі министрліктер құрылды, ондағы қызметкерлер шапандары мен бастарындағы шалма орамалдарын еуропалық киімдерге ауыстырды. Осман империясында жерге жекеменшік құқығы енгізілді.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде жүргізілген реформалар сұлтан өкіметін нығайта алған жоқ. Империяның құлдырау кезеңі одан әрі жалғасты.

Ойлан

XIX—XX ғасырлардағы Осман империясының құлдырау себептерін атап көрсете аласыңба?

Танзимат реформалары. Оның бірінші және екінші кезеңдері. Осман империясының ішкі саяси және экономикалық жағдайының дағдарысы, соғыстағы жеңілістер, сұлтан өкіметін тығырыққа тіреді.

20—30-жылдардағы реформалардың кемшілігін Осман империясының билеушілері арасындағы терең ойлы көреген кайраткерлер

жақсы түсінді. Олардың арасында еуропалық қоғам құрылымымен жете таныс, білімді мемлекет қайраткерлері де болды. Сондай қайраткердің бірі ІІ Махмұттың сеніміне не болған Мұстафа Решид паша еді. Түрік сұлтаны билігіне келген Решид паша, осы қиындықтардан шығудың жолын іздестіре бастайды. Ол елде түбірлі өзгерістер жасауды қажет ететін реформалар жүргізуге кіріседі. 1839—1870 жылдары жүргізілген бұл жаңа реформалар *Танзимат* деген атқа не болды.

Танзимат — реформалар, өзгерістер деген мағына береді.

Танзимат реформалары екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезең — 1839 жылдан 1853 жыл аралығында, яғни Қырым соғысына дейін. Екінші кезеңі — 1856 жылдан 1876 жылға дейін немесе 1876 жылғы конституцияның қабылдануына дейін жүргізілді.

Танзимат реформалары мемлекет алдындағы ең маңызды мәселелерді шешуге міндетті болды. Ол, біріншіден, әлсіреп бара жатқан империяның экономикалық, сыртқы, ішкі саяси жағдайларын нығайтуға, екіншіден, елде капитализмнің дамуына мүмкіндік туғызу, үшіншіден, елді құлдыраудан сақтап, ұлт-азаттық қозғалыстардың екпінін басу міндеттері болатын. Бұрынғы жүргізілген реформалардан Танзиматтың айырмашылығы әскери салада емес, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу мақсатын алға қойды.

Мұстафа Решидтің жетекшілігімен жаңа реформаның жоспары жасалды. Оның мақсаты сұлтан өкіметін нығайтып, Балқандағы ұлт-азаттық қозғалысты тоқтату және түрік өкіметінің еуропалық державаларға тәуелділігіне тежеу қою, мемлекет құрылысын Батыстың мемлекеттік құрылысына жақындату болды.

1839 жылы қарашада сұлтанның жазғы сарайы Гюльхане алдында «*Қасиетті жарлық*» — «*Гюльхане хатт-и шериф*» халыққа жарияланды. Бұл Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең — танзимат қайта ұйымдастырулар деп аталған реформалар дәуірін бастап берді. «Гюльхане хатт-и шериф» үш негізгі жаңарту мақсатын жария етті: 1) дінн сенімдеріне қарамастан империяның барлық бағынышты халықтарының өмірін, ар-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 2) салықтарды дұрыс жинау және әділетті бөлу; 3) әскери қызмет мерзімін қысқарту.



ІІ Махмұт

Ең алдымен әкімшілік саласында бірқатар реформалық шаралар жүргізілді. Жергілікті жерлерде мұсылман емес тұрғындардың қатысуымен кеңесші ұйымдар — меджлистер құрылды, сот саласында бірқатар жаңа заңдар қабылданды және зайырлы білім беретін мектептер ашылды, жер қатынастары мен экономиканы дамыту бойынша өзгерістер енгізілді.

Танзимат реформасының империя халқының түрік не мұсылман емес халықтарына қатысты бағдарламасы билеуші топтар тарапынан қатты наразылыққа ұшырады. Бұл реформалық әрекеттер билеуші топтың, оның ішінде, әсіресе исламдық дінбасыларының жаппай наразылығын тудырды. Дәстүрлі қоғамның үрдістерін бұзып, елді еуропалық үлгімен реформалауға олар мүлдем наразы болды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мұсылмандық жолдан ауытқу елдің іргесін шайқалтып, күйреуге әкеледі деп қорықты. Сөйтіп, империя халқының мәртебесін бірдей ету әрекеттері іске аспады. Нәтижесінде әскерге мұсылман емес халықтарды алуға рұқсат етілмеді. Христиан дінін ұстанатын империядағы халықтың құқына шектеу қою Ресей империясы тарапынан наразылық тудырды. Осы себептер болашақта Қырым соғысының шығуына да себеп болды.

Билеуші топтардың үзілді-кесілді қарсылығынан бірқатар шараларды жүзеге асыру мүмкін болған жоқ. Жер туралы, қылмыстық іс және Азаматтық іс кодекстері қабылданды. Сұлтан таққа ресми түрде отырған соң, қабылданған заңдарды бұзбауға міндеттеме алды. Ақша реформасы жүргізілді. Қызметкерлердің жалақысына қатаң шек қойылды. Орта мектептер ашылды. Империя аумағында теміржолдар мен байланыс тораптары салынды. Алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болды.

Танзиматтың бірінші кезеңінде (1839—1853) әкімшілік, мемлекеттік басқару, экономика мен мәдениет саласында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ реформалардың түпкі нәтижесі қала мен ауылдағы халықтың жағдайына елеулі өзгеріс әкеле алған жоқ. Шетелдіктердің мемлекет ісіне араласуына да шектеу қойылмады.

Сұлтан үкіметі жүргізген Танзиматтың бірінші кезеңіндегі реформалары мемлекетті күшейте алмады. Шетелдіктердің Осман империясының ісіне араласуы ғана елді толық күйреуден уақытша сақтап қалды.



Анықта

Танзиматтың бірінші кезеңінде қандай реформалар іске асырылды?

Қырым соғысы аяқталған соң, сұлтан үкіметі шетелдіктердің қысымымен Танзимат реформаларын жалғастыруға мәжбүр болды. Танзимат реформаларының екінші кезеңі басталды. Осман империясының барлық халықтарына дініне қарамастан тең құқық беруге кадам жасауға тура келді.

1856 жылы сұлтан үкіметі шетелдіктерге жекеменшікке жер және қозғалмайтын мүлік алуға рұқсат берді. Бұл империяның экономикасына шетелдік қаржының көптеп келуіне жол ашты. Сұлтан үкіметі реформаны толық жүзеге асыру үшін бірнеше рет шетел державаларынан несие алуға мәжбүр болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында түрік үкіметі империяны нығайту мақсатында ұлттық қозғалыстарға бірқатар жеңілдіктер жасады. Мұсылман емес халықтар — армяндар, болгарлар, гректер, румындар, сербтер, яғни империя халқының 40 пайызын құрап отырған тұрғындарға мемлекет алдында теңдік құқығы берілді делінді. Бұл жаңа саясаттың негізінде сұлтанның билігіне бағынышты халықтың бәрі *османдар* деп аталды және олардың бәрі теңқұқықты деп жарияланды.

1856 жылы түрік сұлтаны *Абдул Меджид* манифест шығарды. Онда Осман империясының тарихында алғаш рет барлық азаматтардың құқығы заң алдында бірдей екендігі жарияланды. Мемлекет мұсылман емес діни ұйымдардың өмір сүруін заңдастырды. Білім беру саласында бұрынғы мұсылмандық діни бағытынан зайырлы бағытқа бұрылуға кадам жасалды. Христиандарды мемлекеттік қызметке алуға рұқсат берілді.



Анықта

Абдул Меджид сұлтанның жарлығында қандай заңдар жарияланды? Оның маңызы қандай болды?

Танзимат реформалары елді жаңартуға бағытталды. Жаңа өзгерістер жүргізу шетелдік тәуелділіктен құтылу, елді ауыр дағдарыстан алып шығу, ұлттық қозғалыстарды бәсеңдету жолында жасалған кадам болды. Бірақ танзимат реформалары мұсылмандардың, соның ішінде түріктердің де, көңілінен шыққан жоқ. Реформа жекеменшік жер иелену құқығын беру арқылы кәсіпкерлік пен сауданың дамуына жол ашты, бірақ оның пайдасын

калалықтар көрді. Осман империясындағы қалалардың тұрғындары, негізінен, мұсылман емес халықтар — гректер, армяндар, еврейлер еді. Түріктер, негізінен, ауылдық жерде тұрды, сондықтан реформа олар үшін пайдалы болған жоқ, қайта олардың төлейтін түрлі салықтарының өсуіне әкелді. Жерге жекеменшіктің енгізілуі шаруаларды жерді мұрагерлікпен пайдалану құқығынан айырды. Өйткені жерді жекеменшікке шаруа емес, енді сипахилар иемденетін болды. Жаңа жер иесіне шаруаны отырған жерінен қуып шығуға құқық берілді.

Танзимат реформаларына дейін мұсылман емес халықтар қосымша салықтар төлейтін және олар мемлекеттік қызметке алынбайтын. Енді мұсылман емес, діні басқа халықтарды мұсылман түріктермен теңестіру ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ата-баба дәстүрін аяққа таптау деп түсінген мұсылман халықтарының ашу-ызасын, наразылығын тудырды.

Ал қоғамда реформалық әрекеттерді одан әрі тереңдетуді қолтаңған либералдық топ — саудагерлер, кәсіпкерлер, еуропалық біліммен тәрбиеленген қызметкерлер мен әскерилер болды. Олар 1865 жылы «Жаңа османдар» дейтін жасырын ұйым құрды. Оның жетекшісі белгілі жазушы *Намык Кемал* болды.

1876 жылы бұл ұйымның күшімен либералдар сұлтан Абдул Азизді тақтан түсіреді. Сөйтіп, сұлтандық билікке II Абдул Хамид келді. Ол конституцияны, екі палаталы парламентті бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялады.

Конституция мемлекеттік тіл — *түрік тілі*, мемлекеттік дін *ислам діні* деп жариялады. Конституцияның талаптарын толық сақтаған жағдайда сұлтанның билігіне заңды шек қоюға мүмкіндік туды. Мұны II Абдул Хамид жақсы түсінді және ол өзінің қол-аяғын шырмаған конституция шеңберінде ғана шектеліп қалғысы келген жоқ. Сондықтан ол өзіне қолайсыз Конституцияны жоюға 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысын сылтау ретінде пайдаланды. Осы соғыста Осман империясының жеңілуіне байланысты сұлтан «жаңа османдарға» қарсы шығып, парламентті таратуға, конституцияны жоюға кіріседі.



Намык Кемал

1878 жылы ақпанда сұлтан парламентті таратып, елді жеке өзі билейтінін жария етеді. Конституция сөз жүзінде сақталып қалғандай болды, бірақ оның бірде-бір бабы іске аспады.

Өкімет ұлттық қозғалыстарды басып-жаныштауға көшті. 1894 жылы сұлтан билігіне қарсы шыққан армяндардың бас көтеруін басуға Кіші Азияның шығыс бөлігіне жазалау отряды жіберілді. Жазалаушылар аяусыз әрекет етіп, бүкіл бір аудан тұрғындарын қырып салды. II Абдул Хамид сұлтан билеген кезең тарихта *зюлим* (езу, қанау, зұлымдық) деп аталып кетеді. «Жаңа османдардың» Осман империясын қайта құру әрекеттері сәтсіз аяқталды.



Анықта

Зюлим кезеңі деп қай сұлтанның ел билеу уақытын айтады? Неліктен зюлим деп атады, мағынасы қандай?

«Жаңа османдар» қозғалысы Түркия тарихындағы маңызды кезең болды. Халық ағарту ісін дамыту, феодалдық-абсолюттік билікке шек қою және шетел капиталының елді қанауын тежеу үшін күресе отырып, олар түрік қоғамында саяси сананың қалыптасуына жол ашты. Сонымен қатар олар халық бұқарасынан, олардың түпкілікті мүддесінен алыс тұрды. «Османнизм» идеясын ұсына отырып, Осман империясының құрамындағы барлық халықтарды дініне, тіліне, ұлтына қарамай бір халық деп санауы «жаңа османдарды» ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы қойды, олар түрік емес халықтардың қолдауына ие болған жоқ.

Пікірталас

Сенің ойыңша, Осман империясының дағдарысының тереңдеуіне қандай себептер болды? Сыныптастарыңның пікірін тыңда.

Біліміңді тексер

1. Танзимат реформаларының кезеңдері неліктен екі кезеңмен жүрді? Себебін айта аласың ба?
2. Танзимат реформаларының екі кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктері неде болды деп ойлайсың?
3. Танзимат реформасы неліктен толық нәтижеге жете алмады деп ойлайсың?
4. Жаңа османдар деген кімдер және олар қандай мақсатты көздеді?

§ 14. ҚЫРЫМ СОҒЫСЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Бұл сабақта:

- Осман империясының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы жағдайымен, империяның сыртқы саяси дағдарысының тереңдеу үрдісімен танысамыз;
- Қырым соғысының шығу себептерімен және оның нәтижелерімен, «Жас түріктер» қозғалысының пайда болуы және олардың әрекеті туралы білеміз.

Тірек сөздер

- «шығыс мәселесі»
- ағылшын-орыс және француз-орыс бәсекелестігі
- Қырым соғысы
- Париж келісімі
- «Жас түріктер» қозғалысы

XIX ғасырдың ортасында Осман империясы отарлап отырған халықтардың тағдырына байланысты «шығыс мәселесі» деп аталатын саясат қайта шиеленісе бастады. Ресей, Англия, Франция сияқты елдер Таяу Шығыс нарығына үстемдік ету мақсатымен саяси бәсекелестік күресін жандандырды.

Осман империясын дағдарыстан шығару мақсатында жүргізіліп жатқан Танзимат реформалары *Қырым соғысына* байланысты тоқтатылды. Соғыстың басталуына Осман империясындағы ағылшын-орыс және француз-орыс бәсекелестігі себеп болды.

Соғыстың тұтануына ірі державалардың Таяу Шығыстағы алдымен саяси, сосын әскери қатығыстарына әкелген «қасиетті жер» туралы мәселе сылтау болды. 1850 жылдан бері Франция мен Ресей арасында христиандардың Иерусалим мен Вифлеемдегі «қасиетті жерлерді» қорғауда католик және православие шіркеулерінің мәртебесі туралы келіспеушіліктері бар болатын.

Ресей патшасы I Николай түрік сұлтанына жолдаған ультиматум түріндегі талабында Осман империясының құрамындағы барлық православиелік халықтарға «қасиетті жерлердегі» православиенің шіркеуінің мәртебесін және орыстардың ықпалын мойындауын

талап еткен еді. Франция да түрік сұлтанына қысым көрсетіп, «қасиетті жерлердегі» католик шіркеуінің мәртебесін мойындауды талап етті. Англия мен Францияға арқа сүйеп, түрік сұлтаны орыс патшасының талабын елдің тәуелсіздігіне қол сұққандық деп бағалады да, бұл талаптың орындалмайтындығын мәлімдеді.

Ойлан

«Шығыс мәселесі» қандай себептерге байланысты туындады? Бұл мәселеге қатысты державалар арасындағы саясатты қалай түсіндірер едің?



Севастополь қорғанысы

Орыс патшасы І Николай Англия және Франциямен тіл табыса алмайтындығына көз жеткізген соң, түрік сұлтанына қысым көрсете бастады. 1853 жылы Стамбұлға орыс елшілігі жіберілді. Елшілік түрік сұлтанынан үзілді-кесілді талап қойып, «қасиетті жерлердегі» православие шіркеуінің мәртебесін қамтамасыз етуді және сұлтан билігіндегі православие дініндегілерді орыс патшасының қамқорлығына алуына көндірмек болды. Сұлтан үкіметі орыс патшасының бұл талаптарын орындаудан бас тартты. Патша өкіметі түріктер үшін Англия мен Франция өзімен шиеленіске бармайды деген қате түсінікпен Түркиямен соғысуға бел буды.

Осыдан келіп 1853 жылы *орыс-түрік соғысы* немесе *Қырым соғысы* басталып кетті. Адмирал Нахимов басқарған орыстардың Қара теңіздегі флоты түрік флотын талқандады. Түрік әскері Кавказ майданында да жеңіліске ұшырады. Соғыста осылай оңай жеңіске жетпек болған орыс әскері қатты қателесті. Осман империясының толық күйреуінен және Таяу Шығыстағы өз ықпалдарын айырылу қаупінен сескенген Батыс державалары орыстарға қарсы соғысып жатқан түріктерге көмектесуді жөн көрді. Қара теңізге әскери көмектерін аттандырды. 1854 жылы Батыс державалары Осман империясымен Ресейге қарсы бағытталған одақтастық келісіміне қол қояды. Одақтастар Ресейдің Қара теңіз флотының негізгі тірегіне — Севастопольге соққы беруді жоспарлады. Қырым соғысындағы ерекше шайқастардың бірі Севастополь қорғанысы болды. Англия

мен Францияның көмегіне сүйенген түріктер орыстарды ойсырата жеңді. Австрия мемлекетінің араласуымен соғысушы тараптар арасында бейбіт бітім келіссөздері басталды. 1856 жылы Парижде бейбіт бітім келісіміне қол қойылды. Ресей Түркияға Оңтүстік Бессарабияны қайтарды. Қара теңізді «бейтараптандыруға» келісті. Сербия, Молдова мен Валахияда сұлтанның билігі сақталды. Сондай-ақ Англия мен Франция ерекше келісімге қол қойып, онда Париж трактаты шенберінде Осман империясының тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік берілді. Қырым соғысы Түркияға өте ауыр зардаптар әкелді. Соғыстан келген зардаптарды жою үшін Англия мен Франциядан Түркия өте көп несие алды. Осман империясы қаржы неснесі арқылы еуропалықтардың қанау зардабына ұшырады.

Ойлан

Қырым соғысындағы түріктердің әскери жеңісі Осман империясын сақтап қалар ма еді? Неге дағдарыс күшейе түсті деп ойлайсың?

XIX ғасырдың соңында Осман империясының құлдырауы және отар елге айналуы. Сұлтан өкіметі билігінің сақталуы елдегі дағдарысты одан әрі тереңдете түсті. 1879 жылы Осман империясы өзінің Батыс Еуропа елдерінің алдындағы қарызын өтей алмайтындығын мойындады. Арнаулы комиссия елдің табыс бюджетін өз қолына алып, қарызды төлеттіруге кірісті.

Батыс державалары Осман империясының ішкі ісіне белсене араласа бастады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде империя Болгария, Сербия, Черногория, Румыния сияқты иеліктерінен айырылды. Балқан түбегінің түрік билігінде қалған славян тұрғындары тәуелсіздікке ие болды. Закавказьеде Ресейдің ықпалы күшейе түсті. Басқа да иеліктерден айырылуға тура келді: Франция Алжир мен Тунисі, Англия Мысыр мен Каирды түріктерден тартып алды. XIX ғасырдың соңына қарай Осман империясының солтүстікафрикалық иеліктері еуропалық мемлекеттердің билігіне көшті. Франция Сирия мен Ливанда, Англия Парсы шығанағы мен Қосөзен аймағында үстемдік етуге ұмтылды. Австро-Венгрия әскерлері Босния мен Герцеговинаға енді.

Англия, Франция және Австро-Венгрия егер Осман империясы толық күйрейтін болса, Ресей империясының ықпалы күшейіп, славян мемлекеттерін және Қара теңіз бұғаздарын өз бақылауына алады деп қауіптенді. Міне, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы «Шығыс мәселесінің» басты мәні осылайша шешілді.

II Абдул Хамид енді Германиямен тығыз байланыс орнатуға бет бұрды. 1888 жылы билікке II Вильгельмнің келуі Германияны Осман империясымен жақындатты. Герман императоры өзін «мұсылмандардың қолдаушысымын» деп мәлімдеді. Неміс офицерлеріне осман әскерін қайта құруға тапсырма берілді. Германия ықпалының Осман империясына орныққандығының басты бір мысалы немістердің Берлин — Стамбұл — Бағдат теміржолын салуы болды. Бұл әскери маңызы зор магистраль болашақта Бағдатты Парсы шығанағымен жалғастырады деп жоспарланды. Бұл Германияның өз әскерлерін Еуропадан Таяу Шығысқа әкелуіне мүмкіндік беретін еді. Сөйтіп, ондағы Англия мен Францияның отарлық иеліктеріне, Ресейге де қауіп төнетін еді.

«Жас түріктер» қозғалысы. XIX ғасырдың соңында реформаторлықтың жаңа толқыны түріктердің ұлттық қозғалысы түрінде көрініс берді. Түріктердің ұлттық қозғалысы XIX ғасырдың 50—60-жылдары басталды. Қозғалыстың бастапқы кезеңінде ағартушылық сипаты басым еді. «Жаңа османдар» ұйымының мүшелері және белгілі ағартушы, жазушы Намык Кемал бастаған бірқатар зиялы топтар түрік тілінің дамуына және оның әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне, ағарту ісіне зор үлестерін қосты. Ендігі реформаторлық қозғалыс толқынының өкілдері империяның тұтастығын сақтау шараларын іздестірді. 1889 жылы Стамбұлда «Бірлік және прогресс» (Иттихад ве теракки) партиясы құрылды. Бұл ұйымның бөлімдері провинциялар мен шетелде де құрылды. Ұйымның алға қойған жақын арадағы мақсаты конституциялық мемлекет құру болатын. Реформалық шаралар жүргізіп, елдің экономикасын көтеру, қоғамды жан-жақты жанарту көзделді. Бұл қозғалыстың өкілдерін жас түріктер деп атады.

Ойлан

Жас түріктер деген кімдер? Олар нені көздеді?

Біліміңді тексер

1. Осман империясының XIX ғасырдың ортасындағы дағдарысы туралы не айтасын?
2. «Шығыс мәселесі» қай кезде қайта шешеліне бастады? Қандай мемлекеттер арасында тартыс болды?
3. Қырым соғысының тууына не себеп болды?
4. Батыс елдері Осман империясының «тұтастығына» қандай себептерге байланысты мүшелі болды?
5. Жас түріктер ұйымының алдына қойған мақсаттары қандай еді?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. Саяси қайраткерлердің есімдерін жаз:

...: «Мемлекет — бұл мен», — дейтін болса, ал ...: «Менен кейін, тіпті топан су басып кетсін», — деген.

2-тапсырма. Сәйкестігін анықта

Саяси қайраткердің аты:

- а) Ж.-П. Марат
- ә) Жан Варле
- б) Максимилиан Робеспьер
- в) Шомет
- г) Ж.Ж. Дантон

Саясаты:

- 1. «Өте солшыл» революционерлерді басқарды.
- 2. «Сенімсіздер туралы» Заң қабылдады.
- 3. «Халық досы» газеті шығарған.
- 4. «Кешірімпаздар» ағымын басқарды.
- 5. Тұрақты баға орнату талап етті.

Тарихи оқиғалар:

- а) Бородино шайқасы;
- ә) Ватерлоо шайқасы;
- б) Трафальгар шайқасы;
- в) Лейпциг түбіндегі «Халықтар соғысы».

Мерзімі:

- 1805 ж.;
- 1812 ж.;
- 1813 ж.;
- 1815 ж.

3-тапсырма. Ашық тест

1. Ұлы Франция буржуазиялық революциясын бастаған оқиға:

- а) Құрылтай жиналысы;
- ә) Парижді басып алу;
- б) Бастилияны басып алу.

2. XVIII ғасырда Францияда бірінші сословиеге кімдер кірді?

- а) жоғарғы дінбасылары;
- ә) дворяндар.
- б) буржуазия;

3. «Адам және азамат құқықтарының тұңғыш декларациясының» қабылдануы:

- а) АҚШ, 1776 ж.;
- ә) Франция, 1789 ж.;
- б) БҰҰ, 1948 ж.

4. Франциядағы абсолюттік монархия құлаған жыл:

- а) 1784 ж.;
- ә) 1793 ж.;
- б) 1791 ж.

5. Францияның өмірінде үлкен рөл атқарған Якобшілер клубы қай жылы құрылды?

- а) 1784 ж.;
- ә) 1793 ж.;
- б) 1789 ж.

2. Бурбондар әулеті Француз тағына қай жылы келді?

- а) 1589 ж.;
- ә) 1579 ж.;
- б) 1678 ж.

6. Францияда I Империя қашан орнады?

- а) 1792 ж.;
- ә) 1800 ж.;
- б) 1804 ж.

7. Наполеон Банопарт 1812 жылы 24 маусымда жорыққа шықты?

- а) Ресейге;
- ә) Испанияға;
- б) Египетке.

8. Наполеон әскерінің соңғы шайқасы болған жер:

- а) Лейпциг;
- ә) Ватерлоо;
- б) Бородино.

9. 1684 жылы османдарға қарсы құрылған коалиция:

- а) «Шығыс мәселесі»;
- ә) «Қасиетті лига»;
- б) «Осман мұрасын бөлісу».

10. III Селим реформасы бірінші кезекте қай салаға бағытталды?

- а) ауылшаруашылыққа; ә) өнеркәсіпке; б) әскери салаға.

11. «Танзимат» сөзінің мағынасы:

- а) реформалар, өзгерістер;
- ә) заңдар, жазалау;
- б) келісімдер, ұсыныстар.

12. «Жаңа османдар» ұйымының жетекшісі кім?

- а) Абдул Хамит;
- ә) Намык Кемал;
- б) Абдул Меджит.

4-тапсырма. Жабық тест

1. Ресей мен Франция арасындағы Отан соғысы қай жылы болды?
2. Орыс халқын азат ету жолындағы күрес неше кезеннен өтті?
3. XVIII ғасыр соңынан бастап Иранның астанасы ... болды.
4. Гюльхане сарайы алдында қандай жарлық жарияланды?
5. Марксизм ілімі дегеніміз — ...
6. Иран 1826 жылы Англияның саясатына арқа сүйеп, ... соғысын бастайды.

5-тапсырма. Мәтінмен жұмыс

Хрестоматия оқу құралында берілген мына деректе қай билеушілер жөнінде баяндап тұр:

1. «1737—1738 жылдары ауған тайпаларын өзіне бағындырған билеуші Үндістанның «Ұлы Моғол» державасына қашқындар, яғни ауған көтерілісшілерін паналатты деген сылтаумен соғыс жариялады.

2. Оның әскерлері 1739 жылы наурызда Карналдағы ұрыста Мұхаммед шахтың «Ұлы Моғол» державасын талқандап, оның астанасы Делиді жаулап алды. Дели де елдің басқа көптеген аудандары сияқты жаппай тонаушылыққа ұшырады».

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙДАҒЫ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ

§15. ЦИН ӘУЛЕТІНІҢ ОҚШАУЛАНУ САЯСАТЫ. АПИЫН СОҒЫСТАРЫ

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Англияның отаршылдық әрекетінің күшеюімен;
- шетелдіктердің Қытайға миссияларының арту себептерімен, Цин үкіметінің осыған байланысты ұстанған саясатымен танысамыз;
- Апиын соғысының шығу себептері және оның нәтижелерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- ағылшындардың отарлық әрекеті
- шетелдік миссиялар
- Гунхан сауда монополиясы
- апиын соғыстары
- Нанкин
- Тяньцзин
- Айгүн
- Пекин келісімшарттары

XIX ғасырдың басында маньчжурлар билігіндегі Қытайда ортағасырлық феодалдық катынастар үстемдік етті. Ауылшаруашылығы, қолөнер өндірісі, әскер мен флот, жалпы қоғам өмірі ежелден келе жатқан конфуцийлік дәстүрлер деңгейінде қалды. Орасан зор жер аумағына, табиғат байлықтарына, мемлекеттік даму тәжірибесіне қарамастан, Қытай артта қалған феодалдық ел болып қалды. Қытай халқы мемлекет басында отырған маньчжур үстемдігіне наразылық күрес жүргізумен болды, үкіметке қарсы бағытталған құпия ұйымдар көбейді. Мысалы, «Ақ лотос», «Аспан ақыл-парасаты» т.б. құпия ұйымдар маньчжурларға қарсы күрес ұйымдастырды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Цин империясы әлсірей бастады. Елдің экономикалық жағдайы, тұрмысы нашарлады. Халықтың маньчжур үстемдігіне наразылығы өршілді. Цин империясының ішкі дағдарысына сыртқы әсерлер де қосылды. Қытайға ағылшындардың отарлық әрекеті күшейе бастады.

Ойлан

Цин империясының билігіне қарсы неге халық көтерілістері шықты деп ойлайсың?

Цин империясының оқшаулану саясаты. Христиан дінін тарату мақсатымен Қытайға еуропалық миссионерлер сонау Мин дәуірінде келе бастаған болатын. Цин өкіметі алғашқы кезде еуропалықтармен жақсы қарым-қатынас орнатты. Қытайда миссионерлер көбейіп,

Еуропалықтар үшін жағалаудағы порттар ашық болды. Бірақ XVIII ғасырға қарай жағдай күрт өзгерді. Қытай еуропалық миссионерлердің қызметінен бас тартып, христиан шіркеулерін жауып, миссионерлерді елден қуа бастады.

Миссионерлер — христиан дінін тарату мақсатымен басқа елдер мен жерлерге жіберілетін діни уағыздаушылар.

Фактория — көпестердің отарларда ұйымдастырған сауда кеңсесі және қонысы.

XVIII ғасырда Цин билігі қытайлықтардың басқа шетелдермен байланысын қатаң бақылауға алды. 1757 жылы император *Цяньлун* еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салды.

Батыс державалары, оның ішінде Англия, Қытай сауда нарығына кіруге табандылықпен күресуге кіріседі. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қытайдың бүкіл сыртқы саудасы тек Гуанчжоу арқылы жүргізілетін. Сауда қатынастарының шетелдіктермен жасалатын басқа әдістеріне, заңмен шектеулер қойылды. Қытай үкіметі шетелдіктермен сауда байланысын жасайтын қытай саудагерлерінің санын азайтты. Сауда әрекеттерін Пекиннен келген өкіл қатаң бақылап отыратын болды.

Шетел саудагерлері Гуанчжоу маңында жаз бен көктем айларында ғана бірнеше айға Қытай жерінде болуға рұқсат етілді. Қытай өкіметі шетелдіктердің қытайлықтар туралы қандай да бір мәлімет жинауына бақылау орнатты. Жергілікті қытайлардың шетелдіктерге қытай тілін үйретуіне қатаң тыйым салды. Қытай тіліндегі кітаптарды сыртқа әкетуге де рұқсат етілмеді.

Сауданың дамуына сыртқа шығарылатын тауарларға салынатын салық мөлшерінің шектен тыс ұлғайтылуы да себеп болды. Шетелдіктердің саудасына басқа да кедергілер жасалды. Ұзақ уақыт бойы Қытайдан сыртқа шығарылатын тауарлар сырттан келетін тауарлардан бірнеше есе артты. Еуропада аukatты адамдар арасында шай, жібек маталар, қытай фарфоры өте жоғары сұранысқа ие болды. Қытайда сатып алынатын тауарларға еуропалықтар күміспен төлем жасайтын. Қытайдан сыртқа шығарылатын тауарлар үшін төленетін күмістің көлемінің ұлғаюы ағылшын үкіметін алаңдатты. Қытаймен жасалатын сауда үшін күмістің қытай қазынасына қарай ағылуы Британия билігі үшін қаржылық қауіп төндіре бастайды.

Ағылшын үкіметі енді қытай үкіметінен шетелдік сауда үшін барынша ашық болуды талап ете бастайды. Ағылшын саудагерлері қытай сауда нарығында үлкен сұранысқа ие бола алатын шетелдік тауарларды іздестіре бастайды. Қытайлық сұранысқа ие болатын тауар табыла қалған жағдайда, соның есебінен қытайдың шайы,

фарфоры мен жібек маталары үшін төленетін кеден салығын жауып отыруды көздеді. Англияның Цин империясымен еуропалық әлемде қалыптасқан ереже бойынша дипломатиялық қатынас орнатпак болған әрекеттері табысқа жете алмады.

Егер XVIII ғасырда Қытайдың оқшаулануы Цин әулетінің билігін күшейтіп, феодалдық абсолюттік тәртіпті сақтап қалуға мүмкіндік жасаса, енді XIX ғасыр ортасына қарай Қытай экономикалық және әскери күш-қуаты жағынан Батыс елдерінен әлдеқайда артта қалып қойды. Өнеркәсіптік қуаты өсіп отырған Батыс елдері Қытайдың осы әлсіздігін пайдаланып, қытай нарығына жол ашып, оны арзан тауар өткізу және арзан шикізат көзі ретінде пайдалану үшін белсенді әрекетке көшті.

Қытайды күшпен ашу. Капиталистік Англия өз тауарларын өткізетін сыртқы нарық ретінде Қытайды ашуға кірісті. XVIII ғасырдың соңынан бастап Англия Қытайға үш елшілік аттандырды.

Қытай өкіметі сырт елдермен сауда жасауға елдің оңтүстігіндегі портты қала Гуанчжоудағы «Гунхан» сауда монополиясына ғана рұқсат берген болатын. Ал Англия Қытайдың бүкіл аумағында өзінің еркін саудасын жүргізуге рұқсат ету талабын қойды. Бұл талаптарына Цин империясы тарапынан жауап ала алмаған ағылшын отаршылдары Қытайға күш көрсетіп, соғыс ашуға сылтау іздеді. Ағылшын саудагерлері Гуанчжоу порты арқылы Қытайға қарақшылық жолмен апын әкеліп сата бастады.

Апын саудасы британ экономикасының табысты саласына айнала бастайды. Қытайға әкеліп сататын апын мөлшері шектен тыс мөлшерге дейін өсті. Қытайдың алтын-күміс байлығы апынға айырбасталып, Англияға ағылды. Апынның зардабынан шаруашылық күйреуге ұшырап, халық азғындауға айналды.

Цин үкіметі елдің апын саудасымен айналысуына қатаң тыйым салғанымен, ағылшындар жасырын контрабандалық жолмен апын әкелуді жалғастыра берді.



Анықта

Ағылшындар неге Қытайға соншама апын әкелуге ынталы болды? Бір Гунхан сауда монополиясы неге оларға аздық етті?

Апын соғыстары. Қытай өкіметі ағылшындардың Қытайға апын әкелуін күшпен тоқтатақ болды. 1839 жылы Цин билігі ағылшындардың апынды заңсыз енгізуіне тыйым салу мақсатымен өкілін жіберді. Ол апынды тәркілеп, суға ағызды. Осыдан кейін ағылшын үкіметі қытайлардың бұл әрекетін заңсыз деп тауып, кеткен шығынның өтеуін, ағылшын кәсіпкерлеріне қосымша жеңілдіктер берілуін, олардың жұмысына қажетті кейбір аумақтарды

беруді талап етеді. Бұған Қытай тарапынан жауап болмаған соң, Ұлыбритания соғыс жариялады.

Іздеген сылтауы табылған Англия Қытайға қарсы соғыс бастады. 1840—1842 жылдары болған *бірінші апын* соғысында ағылшындар жеңіске жетіп, Цин империясын тізе бүктірді. Қытай жеңілгенін мойындап, еуропалықтармен әділетсіз *Нанкин келісімшартына* қол қойды. Бұл келісімшарт бойынша Қытай ағылшындар үшін бес портты ашық деп жариялауға, Гонконгті шектеусіз уақытқа иеленуге, орасан зор мөлшерде өтемақы (контрибуция) төлеуге мәжбүр болды. Отаршылдардың қысымымен «Гунхан» сауда монополиясы жойылды.

Көп ұзамай ағылшындардың отаршылдық соғысына американдықтар қосылды. Нанкин келісімінен кейін Цин империясы жартылай отар елге айналып, шетелдіктерге тәуелділікке түсті.

Ойлан

Қытай үшін Нанкин келісімінің қандай маңызы болды?

Осыдан кейін Англия мен Франция бірлесіп Қытайды отарлауды кеңейту үшін екінші апын соғысын бастады. 1856—1860 жылдары болған *екінші апын соғысы кезінде* Қытайдың ішкі жағдайы да өте ауыр халде болатын. 1850 жылы елдің оңтүстігіндегі Гуандун, Гуанси провинцияларында шаруалар көтерілісі басталған еді. Елдің экономикалық күйзелісі, апын қозғалысының зардаптары, Цин империясының елді дағдарыстан шығаруға дәрменсіздігі шаруалардың наразылығын туғызды.

Ағылшын, француз және американистіктері Қытайды отарлаудың осындай қолайлы сәтін пайдаланып, тағы да апын соғысын ашты. Цин өкіметі басқыншыларға қарымды қарсылық көрсете алмай, жеңіліске ұшырады. 1858 жылы Тяньцзиньға таяу жердегі Дагу бекінісін ағылшын-француз әскерлері басып алған соң, Цин өкіметі отаршыл державалардың қойған талаптарын мойындап, келісімге келді. Қытай Англиямен және Франциямен жеке-жеке Тяньцзинь келісіміне қол қояды. Англия мен Франция Пекинде өздерінің елшілерін ұстауға және өз елдерінің азаматтары Қытайда еркін жүріп-тұруына, Янцзы өзені бойында сауда жасауға мүмкіндік алады. Апын сатуға шек қойылмайтын болды, саудаға салынатын салық мөлшері қысқартылды. Осыдан кейін іле-шала америкалықтар да Қытайға өз талабын қойып, олар да Тяньцзиньда келісімге қол қойды. Американың сауда кемелері де Қытай порттарына келіп сауда жасауға рұқсат алады.

Қытаймен соғыс жүргізбесе де, 1858 жылы Ресей аса қолайлы сәтті пайдаланып, Қытаймен *Айгун келісімшартын* жасайды. 1689 жылы Нерчинск келісімі кезінде Амур жағалауларынан айырылған Ресей енді есесін қайтарып алуға мүмкіндік алды. Айгун келісімі бойынша Амур өзенінің сол жақ жағалауы Ресейдің меншігі деп танылды. Ресей басқа еуропалық елдер сияқты Қытаймен сауда жасасу жөніндегі келісімшартқа қол қойды. Пекинде тұрақты орыс өкілдігін, басқа қалаларда елшілер ұстауға жол ашылды.

Ойлан

Ресей Айгун шартында қандай мәселелерін шешіп алды?

Тяньцзинь келісімі Қытайды шетелдіктерге тәуелді, жартылай отар елге айналдырды. 1860 жылы Цин мемлекеті атынан мемлекеттік әкім Гун Англия және Франциямен Пекин конвенциясына қол қойды. Конвенция бойынша Тяньцзинь келісіміне қосымша Қытай 16,7 миллион лян өтемақы төлеп, Тяньцзинь портын ашуға келісті. Англия Қытайдан кули (жалдамалы жұмысшы) әкелуге рұқсат алды. 1860 жылы Ресей Қытайдан Уссурий аймағын толық қайтарып алды.

Апшын соғыстары еуропалық отаршылдардың Қытайды күшпен ашуына, бірнеше мыңжылдық тарихы бар алпауыт империяның күйреуіне әкеліп, отаршылдыққа тап болған жаңа кезенге аяқ бастырды. Маньчжурлық Цин әулеті өзінің гүлдену кезеңін аяқтап, құлдырауға ұшырай бастады. Апшын соғыстарындағы жеңілістер, сәтсіз, әділетсіз келісімшарттар шетел капиталына сауда, кеден және басқа да жеңілдіктер әкеліп, Қытай экономикасын күйреуге ұшыратты. Халықтың жағдайы нашарлап, мемлекет ауыр дағдарысты жағдайдың алдында тұрды.

Пікірталас

Екі апшын соғысындағы еуропалықтардың күшпен таңған келісімшарттарының Қытай үшін әділетсіз екенін дәлелдей аласың ба? Сыныптастарыңның ойын тыңда.

Біліміңді тексер

1. XIX ғасырдың ортасына қарай Цин империясы қандай даму кезеңін басынан өткерді?
2. Апшын соғыстарын туғызған себептерді талдап көр.
3. Бірінші апшын соғысынан кейін ағылшындармен бәсекелестікке тағы қандай елдер қосылды? Екінші апшын соғысын қандай еуропалық мемлекеттер жүргізді?
4. Бірінші апшын соғысы нәтижесінде Қытай ... келісіміне қол қойды.

§ 16. ҚЫТАЙДАҒЫ ИХЭТУАНЬДАР КӨТЕРІЛІСІ

Цин империясының дәрменсіздігі, Қытайдағы күн өткен сайын отаршылдық капиталдың күшейе түсуі елдің өзін-өзі сақтап қалуы мәселесін туғызды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайда елді күйреуден сақтап қалу жолдарын белгілеген «өзін-өзі күшейту» саясаты пайда болды.

Маньчжур билеушілері еуропалықтардың қару-жарақтарының артықшылықтары мен Батыс техникасының күштілігін мойындауға мәжбүр болған еді. Олар маньчжурлық билікті сақтап қалу мақсатымен, Қытайдың көне дәстүрлерін өзгерпей-ақ, жаңа еуропалық өзгерістер енгізу арқылы еуропалық «варварлардың» әскердегі, флоттағы, білім беру салаларындағы жаңалықтарын үйреніп, «өзін-өзі күшейту» саясатын жүргізу қажет деп есептеді.

Ойлан

«Өзін-өзі күшейту» саясаты деген не? Оны кімдер ойластырды?

Елді модернизациялауды Цин билеушілері өз қолдарына алып, отаршыл мемлекеттермен тек сауда жасасу, өнеркәсіп пен құрылыс саласына олардан қаржы тартумен шектелуді ойластырды.

Қытай жерін еуропалық державалардың ықпал аймақтарына бөлісуі. Батыс капиталистері Цин империясын түпкілікті әлсіретіп, Қытайды толық өз ықпалдарында ұстау саясатын жүргізді. Қытай экономикасына үстемдік орнатып, оны жартылай отар елге айналдырды. «Өзін-өзі күшейту саясаты» өзінің алдына қойған мақсатын орындай алмады. Оны ел басына түскен алғашқы қиындық сынақтан-ақ байқауға болатын еді. Аппын соғыстарынан кейін Англия Пеккиге әдеттегідей кезекті соғыс қаупін төндіріп, Чифу конвенциясы бойынша тағы да жаңа төрт портты ағылшын саудасына ашып берді.

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Цин империясының терең дағдарысымен;
- реформалық қозғалысты тудырған жағдайлармен және оның нәтижесімен;
- ихэтуаньдар көтерілісімен;
- Сунь-Ятсен және оның революциялық-демократиялық қозғалысымен танысамыз.

Тірек сөздер

- «Өзін-өзі күшейту» саясаты
- шетел капиталы
- Кан Ювэй реформалық қозғалыс
- «Реформаның жүз күні»
- ихэтуаньдар
- Сунь Ятсен революциялық-демократиялық қозғалыс

Ойлан

«Өзін-өзі күшейту саясаты» арқылы Цин үкіметі қандай жетістікке жетті? Бұл шаралар елді күшейте алды ма?

1884—1885 жылдары Франция Қытайға соғыс ашты. Вьетнамды Қытайдан тартып алып, өз билігін орнатты. 1894—1895 жылдары Жапония соғыс ашып, Қытайдан Тайвань, Пянху аралдарын тартып алды. Кореяны Цин империясы билігінен азат етіп, өз ықпалына көшірді. Осыдан бастап бүкіл Қытай жері еуропалық державалардың өзара ықпал ету аймақтарына айналды. Франция Оңтүстік Қытайда үстемдік етті. Ресей Маньчжурияда, Германия Шаньдун түбегінде, Жапония Фуцзянда билік жүргізді. Ал АҚШ болса, Қытайда «ашық есік» саясатын жүргізуді көздеді.

Жапон-қытай соғысы «өзін-өзі күшейту» саясатының күйрегенін, Қытайда аумақтық бөлшектену кезеңінің басталғанын көрсетті. Қытайдың соғыстағы жеңілістері елге отаршыл мемлекеттердің қысымын күшейте түсті. Қытайдың қаржы-экономикалық саласында шетелдік банктер үстемдік етті. Отаршылдар арасында «концессиялар үшін күрес» өршіді, теміржол саласына бақылау орнатты. Шетел капиталы кеме жасау, тоқыма өндірісі сияқты маңызды салаларды өз қаржысымен ұстап отырды. Ал жергілікті қытайлық кәсіпорындар мүлдем тиімсіз салаларда сақталып, қауқарсыз халде дамыды.

Реформалық қозғалыс және «Реформаның жүз күні». Қытай қоғамы, әсіресе көзі ашық, білімді шэньши топтары бұл масқара жағдайдан құтылудың жолын қарастыра бастады. Әсіресе қытай халқын Жапония елінің алдында тізе бүтуі ызаландырды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайдың тәуелсіздігін сақтап қалу, ол душар болған ауыр дағдарысты жағдайдан құтқару жолын іздеген шэньши тобы ел ішінде мемлекеттік деңгейде күрделі реформа жүргізуді көздеді. Елде реформалық қозғалыс басталды. Реформалық қозғалыстың бастамашысы және оны жүргізушісі қытайлық ойшыл қайраткер *Кан Ювэй* болды. Ол батыстық өркениеттің қазіргі жетістіктерімен жақсы таныс болатын, сонымен қатар ол қытайлық дәстүрлі қоғамның да ерекшелігін жақсы білетін адам еді. Ол елді дағдарыстан алып шығудың жолдарын ұсынған пікірлерін билікке жеткізуге көп күш салады. Ол императорға жолдауларында елді жайлаған жемқорлықты, халықтың ауыр тұрмыстық жағдайын баяндады. Ол бұл жағдайларды баяндап қана

коймай, ол дағдарыстан шығудың нақты іс-әрекет шараларын да көрсетті. Ол үшін мемлекеттік құрылысты реформа жасау арқылы қайта құруды ұсынды.

? Анықта

Реформалық қозғалысты кімдер бастады? Олардың жоспары қандай еді?



Кан Ювэй

Ұлы қыт ай ойшылы Конфуцийдің ілімін алға тарта отырып, *Кан Ювэй* елде парламенттік конституциялық монархия құруды талап етті. Мемлекеттік құрылыс, мәдениет, білім саласында бірқатар реформалық әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігін мәлімдеді. Кан Ювэйдің реформалық ұсыныстарына биліктегілер қолдау көрсетпеді. Тек 1898 жылы кәмелеттік жасқа толып, таққа отырған жас император Гуансюй ғана қолдау көрсетуге әрекет жасады. Бүкіл елде реформаны қолдау ұйымдары құрыла бастады, газет-журналдарда осы идеяны уағыздау басталды. Реформалық қозғалыстың өрлеуіне 1898 жылы Германияның Шаньдун түбегіндегі Циндао қаласын басып алуы, осыдан кейін іле-шала Англия Коулунды, Франция Гуанчжоуваньды, Ресей Порт-Артур мен Дальнийді басып алады. Отаршыл мемлекеттердің Қытайды талан-таражға салуы халықтың қатты ашу-ызасын туғызады. Осы толқулардан кейін император Гуансюй 1898 жылы реформа жүргізуге шешім қабылдайды.

Ойлан

Реформалық қозғалыстың басталуына қандай оқиға себеп болды?

1898 жылы жас император *Гуансюй* және *Кан Ювэй* мен *Лян Цичао* бастаған реформаторлар реформаның «жүз күні» ішінде қытай қоғамына үлкен өзгерістер әкелуге тиіс жарлықтар шығарды. Бірақ шынайы билік тізгіні Цин императорының қолында емес еді, биліктен айырылғысы келмеген сарай ішіндегі басқа топтар бұған қарсы шықты. Реакциялық топтар бұл реформалық әрекеттерді жоюға кіріседі де, 1898 жылы реформалық шараларды іске асыра бастағанына жүз күн толғанда төңкеріс жасайды. Реформа жасау әрекеті жеңіліске ұшырады. Қытайды сақтап қалуға ұмтылған реформа жасаушылардың әрекеті нәтижеге жете алмады.



Анықта

Реформаның «жүз күні» кезінде кімдер бұл әрекетке қарсы шықты, неге жеңіліс тапты?

Ихэтуаньдар көтерілісі. Қытайдың бұрынғы өткен тарихынан бері келе жатқан дәстүрі бойынша мемлекет саясатына қарсы халық күресін ұйымдастыруда өкіметтен жасырын әрекет ететін құпия қоғамдар көрнекті рөл атқарды. Шетел басқыншылығының салдарынан туындаған XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі саяси ахуалдардың шиеленіскен кезінде, яғни 1898 жылы «Ихэтуань» қоғамы немесе «Бейбітшілік және әділеттілік атынан көтерілген жұдырық» деп аталған жасырын қоғам маньчжур өкіметі мен жатжерлік отаршылдарға қарсы бағытталған өзінің іс-әрекетін күшейтеді. Қоғам мүшелері Шаньдунде жатжерліктерге қарсы ұйым құрады.

1899 жылы *ихэтуаньдар қозғалысы* тікелей көтеріліс сипатына ие болады.

Ихэтуаньдар Қытай жерінен барлық шетелдіктерді қуу, Қытайдың тәуелсіздігіне жету жолын көздеді. Олар көтеріліске шыққан кезде калалардағы шетелдіктердің үйлерін өртеп, өздерін



Импералистердің Қытайды бөлшектеуі
каррикатурасы

тұтқындап, жаппай жазалау әрекеттерін жүргізді. Олар «Жатжерліктерге өлім келсін, біз Мин мемлекетін қалпына келтіреміз!» деген ұран тастады. Ихэтуаньдар күшінің бүкіл Қытайды қамтығанынан қорыққан Цин өкіметі оларға амалсыз қолдау көрсетті. Ал ихэтуаньдар қырғынына жауап ретінде сегіз держава — Англия, Франция, Германия, АҚШ, Ресей, Жапония, Италия және Австро-Венгрия 1900 жылы Қытайға интервенция бастады. Олар ихэтуаньдар қозғалысын қанға бояп, басып-жаныштады. 1901 жылы жеңілген Цин өкіметі сегіз державамен «Қорытынды хаттамаға» қол қойды. Осы келісімшартқа байланысты Қытайда шетелдіктерге қарсы саясат жүргізетін барлық қоғамдық ұйымдарға тыйым салынды.



Сунь Ятсен

Ойлан

Ихэтуаньдар деген кімдер және олар кімге қарсы көтеріліске шықты?

Алайда халықтың отаршылдыққа қарсы бас көтерулерінің ұлғая түсуі мен оны басып-жаныштауға кететін күштерді есепке ала отырып, отаршыл державалар Қытайды ықпал аймақтарына бөлшектеп алудан бас тарта бастады. АҚШ еуропалық өз әріптестеріне Қытайда «ашық есік» саясатын жүргізуді ұсынды. Ол саясат бойынша барлық отаршыл елдер қытай нарығында теңдей құқыққа ие болатын болды. Дегенмен АҚШ саудагерлері мен капиталистері артықшылық жағдайға ие болып қалды.

Сунь Ятсен және оның революциялық-демократиялық қозғалысы.

Қытайдың оңтүстік жағы отаршылдар үстемдігінің нық орныққан аймағы болды. Бұл аймақта елді модернизациялау мен еуропаландыруға жағдай қолайлы болды. Еуропалық миссионерлік оқу орындарында оқытын қытайлық жастар елдің ауыр жағдайына алаңдап, одан шығудың жолдарын іздестіруге талпынды. Олар саяси үйірмелер ұйымдастырып, елді сақтап қалудың нақты қадамдарын жасау әрекеттерін ұйымдастыру жоспарларын жасады. Болашақ қытай революционерлері қалыптасты. Қытайды ауыр жағдайдан шығарудың жолын іздеген реформаторлардан кейінгі екінші бір үлкен қозғалыс-революциялық-демократиялық қозғалыс пайда болды. Қозғалыстың көсемі Қытайдың ұлы революционер-демократы *Сунь Ятсен* еді.

Ол 1894 жылы «Қытайды қайта өркендету қоғамын» құрды. Бұл ұйым Қытайдағы маньчжур үстемдігін құлату, тәуелсіз Қытай Республикасын құру, елде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты реформалық өзгерістер жасау мақсатын көздеді. Сунь Ятсеннің идеясының реформаторлардан айырмашылығы — ол Цин империясын құлатпайынша Қытайды ауыр дағдарыстан алып шығу мүмкін еместігін түсінді. Оған дәлел болатын реформалық қозғалыстың жеңіліске ұшырауы еді. Сунь Ятсен өзінің саяси идеясында, ең алдымен, жатжерлік маньчжурлық биліктен құтылуды, яғни Цин монархиясын құлатуды, Қытайды демократиялық билікке көшіруді көздеп, яғни монархиялық биліктен бас тартып, елді республика түрінде дамыту жолын ұсынды.



Анықта

Сунь Ятсен және оның саяси ұйымы алдына қандай мақсат қойды?

Реформалық қозғалысқа қарағанда алдына барынша айқын мақсат қойған, Қытайдағы барлық дағдарыстың себебі болып отырған маньчжур үстемдігінен құтылуды көздеген Сунь Ятсеннің партиясына халық көп сенім артып, революциялық-демократиялық қозғалысқа қатысуға ұмтылды. Бұл әрекеттер Қытайды XX ғасырдың басындағы Синьхай революциясына әкеліп, маньчжурлық монархиялық биліктен құтылуға қол жеткізді.

Пікірталас

Реформалық қозғалыстың жеңілу себептері неде деп ойлайсың? Өз ойыңды білдір. Сыныптастарыңның пікірін тыңда.

Біліміңді тексер

1. «Өзін-өзі күшейту саясаты» кезінде қандай шаралар жүргізілді?
2. Ихэтуаньдар қозғалысы қандай оқиғаларға байланысты шықты, олар кімдерге қарсы шықты?
3. Сунь Ятсеннің революциялық-демократиялық идеясының реформаторлардан айырмашылығы неде?
4. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайда елді күйреуден сақтап қалу жолдарын белгілеген «...» пайда болды.
5. Реформалық қозғалыстың бастамашысы және оны жүргізушісі қытайлық ойшыл кайраткер ... болды.
6. Ихэтуаньдар ... жету жолын көздеді.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ЕУРОПАҒА ТАРАЛУЫ

§17. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ. ЕУРОПАДАҒЫ 1848 ЖЫЛҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАҢА САЯСИ ИДЕЯЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Германияның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы және елді біріктіру мәселесі. XIX ғасырдың басында Германия экономикалық тоқыраудан шығудың басты жолын әлі таппаған еді. Басты себептердің бірі елдің саяси бытыраңқылығында болды. 1815 жылы маусымда Вена конгресінің актісімен Герман одағы құрылды. Одаққа 35 егеменді монархия, 4 ерікті қала — Гамбург, Бремен, Любек пен Майндағы Франкфурт кірді. Герман одағы берік бірлестік болған жоқ. Майндағы Франкфуртта мәжіліс құрған одақтың өкілдік органы бундестаг мемлекеттердің толық өкілетті өкілдерінен құралды және Австрия өкілінің төрағалық етуімен тұрақты жұмыс істеді.

Жеке мемлекеттердің экономикалық бірігуінде 1834 жылы Пруссия бастамасымен 18 мемлекетті біріктірген *Неміс кедендік одағы* құрылды. Бұл одақтың құрылуы үлкен мәнге ие болды, өйткені ортақ экономикалық кеңістік қалыптаса бастады.

Феодалдық міндеткерліктер экономикалық тәуелділіктің әртүрлі түрлеріне ауыстырылды. Кедей шаруалар жұмыс іздеу мақсатында қалаларға көшті. Батрактар еңбегін пайдаланған және ішкі нарыққа тауарлар жеткізіп отырған ауқатты шаруалар — *гроссбауэрлер* пайда бола бастады.

XIX ғасырдың 50—60-жылдарында Германияның қарқынды экономикалық дамуы байқалды. Германиядағы өнеркәсіптік ре-

Бұл сабақта:

- Герман одағы;
- капитализмнің германдық нұсқасы мен Германияның саяси дамуы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Италияның саяси және экономикалық дамуы жайында;
- Франциядағы революция;
- Австриядағы революция;
- Италиядағы революция;
- 1848—1849 жылдардағы революциялардың нәтижелері жайында білеміз.

Тірек сөздер

- саяси бытыраңқылық
- Неміс кедендік одағы
- гроссбауэрлер индустрияландыру
- революциялық жағдай
- Франциядағы уақытша үкімет



Отто фон Бисмарк

волюцияның ерекшелігі оның отандық жетілдендірілген жабдықтар мен технологияға сүйенгендігінде болды. Қол жеткізген жетістіктер Германияның өнеркәсіптік дамыған мемлекетке айналуына мүмкіндік берді. XIX ғасырдың аяғында Германия өнеркәсіптің дамуы бойынша Францияны озып, Англиямен тең бәсекелесті.

Капитализмнің германдық нұсқасы. 1870—1880 жылдары «Темір канцлер» Отто фон Бисмарк тұсындағы капитализмнің германдық нұсқасы толығымен орнайды.

Бұл дәуірде Германияның барлығы дерлік неміс мемлекеттерінің ішіндегі ең қуаттысы — Пруссияның билігінде біріккен болатын. Өнеркәсіп дамуы үшін тиімді жағдайлар жасалынғанымен, буржуазия саяси билікке шығуға мүмкіндік ала алмады. Рейхстагтың (парламент) құзыреті айтарлықтай шектеулі болды, ал сайлау жүйесінде теңқұқылық ұстаным бұзылды.

Жердің көп бөлігін сақтап қалған помещиктер мәшинелер, химиялық тыңайтқыштар және басқа да жаңа нәрселер қолданылған ірі капиталистік шаруашылықтар құра бастады.

Ойлан

Бисмарк кім? Ол Германия тарихында қандай рөл атқарды?

Бисмарк атаған «қан мен темірдің саясаты» сыртқы саясат милитаризмі түрінде көрініс тапты. Елдің бюджетінен қайта қарулануға қомақты қаражат бөлінді, әскер көлемі айтарлықтай көбейді. Әскери орталарда Франция және Ресейге қарсы бір сәтте жүзеге асатын операция жоспарлары жасалынып жатты.

Ойлан

«Қан мен темірдің саясаты» деп қандай саясатты атайды?

Жарты ғасырға алға озуға деген талпыныс Германияны күшті капиталистік державаға айналдырды.

Германияның саяси дамуы. XIX ғасырда Германияда бірнеше ірі партиялар қалыптасты. Олардың ішінде Шығыс Пруссия, Бран-



Герман империясының жариялануы

денбург, Померания юнкерлігінің, сондай-ақ прустық офицерліктің, лютерандық дінбасылардың және ауқатты шаруалардың мүддесін танытқан *консервативтік* партия болды.

«Еркін консерваторлар» партиясы немесе «империялық партия» 1866 жылы Германияның бірігу мәселесі бойынша келіспеушіліктер салдарынан консервативтік партия құрамынан шығып кетті. Бұл партия өнеркәсіптік магнаттарға арқа сүйеді. «Еркін консерваторлар» партиясы Бисмарктің империялық саясатын сөзсіз қолдады.

Бисмарктің тірегі болып табылған «ұлттық-либералдық» партия 1867 жылы «прогрессистер» партиясынан шығып кеткен бұрынғы мүшелерінен құрылды. Ұлттық-либералдар ірі өнеркәсіптік буржуазия бөлігінің мүддесін танытты.

Рейхстагта Бисмарк саясатына қарсы либералды оппозиция «прогрессистердің» қалған бөлігінен құралған «еркін ойлаушылар» партиясы болды. «Еркін ойлаушылар» ұсақ қалалық буржуазия бөлігінің және кейбір зиялылар топтарының мүдделерін білдірді.

Пікірталас

Германияның жетекші саяси партияларының құрамы мен бағдарламаларының ерекшелігі неде болды?

Пруссия гегемонияға қарсы күресу үшін 1870—1871 жылдары католиктік шіркеу «орталық» партиясын құрды.

XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы Италияның саяси және экономикалық дамуы. Вена конгресінің шешімі бойынша Италия бірнеше мемлекеттерге бөлініп кетті. Оның аумағын Неаполитандық корольдық, Папа облысы, Тоскана, Модена, Парма, Лукка және Сардин корольдығы өз араларында бөліп алды. Елдің солтүстік-шығысы — Ломбардо-Венециандық корольдықты Австрияға қосты. Барлық жерде монархтардың абсолютті билігі қайта қалыптасты.

Италия XIX ғасырдың соңғы ширегінде капитализмнің «алғашқы буын» елдерімен салыстырғанда экономикасы артта қалған ел болып саналды. Бірқатар себептермен: яғни елдегі феодализмнің сарқыншақтары — ірі жер иелену және шаруалардың аз жер үлесі, фабрикалық өнімдерді сатып алуға мүмкіндік бермейтін шаруалардың кедейшілігі, өнеркәсіп буржуазиясы қатарының аздығымен, италяндық тауарлардың бәсекелестікке қабілетсіздігімен, саяси тұрақсыздықпен түсіндірілетін ел экономикасы баяу дамыды.

Ауылшаруашылығының дамуы әртүрлі аудандарда әрқилы болды. Шаруалардың жерден айырылуы оларды батрактарға немесе жалға алушыларға айналдырып, толық күйзеліске ұшыратты.

Италияда феодадық дворяндық және католиктік дінбасылар үстемдік етті. Елдің саяси бірігуі және ескі тәртіпті жоюы экономика дамуының негізгі шарты болды.

Ойлан

Италияның саяси және экономикалық дамуының ерекшеліктері қандай?

Революциялық жағдайдың туындауы. 1848 жылдың басында Еуропа революциялық қимылдардың қарқынды кезеңіне кірді. Оның негізгі себебі саяси мәселелердің шешілмеуі, халық жағдайының төмендеп кетуі болды. Осы жағдайлардың барлығы 1848 жылы Еуропада жаңа, әлдеқайда күшті революциялық толқулардың негізіне айналды. Революциялық оқиғалардың әр елде өзіндік

ерекшеліктері болса да, қимылдардың басым көпшілігі Француз революциясымен рухтанған либералды зиялылар тарапынан басқарылды. Халық бұқарасы революцияның негізгі қозғаушы күшіне айналды.

Ойлан

20—30-жылдары Еуропаның қай елдерінде революциялық қозғалыстар басталды?

Франциядағы революция. Революциялық оқиғалардың басын Париждегі көтерілістер бастады. Олардың басты себебі экономикалық дағдарыс болды. Дағдарыс қолөнершілердің кедейленуіне, жұмыссыздықтың көбеюіне, қымбатшылыққа және өмір сүру жағдайының төмендеуіне алып келді. 1848 жылы 22—24 ақпанда Парижде көтеріліс басталды.

Король Луи-Филипп тақтан кетті. Қаруланған париждіктердің талаптары бойынша Уақытша үкімет құрылды, республика жарияланды және Құрылтай жиналысына сайлау өткізу белгіленді.

Уақытша үкімет Францияны республика деп жариялауға және ақсүйектік ошақтарды жоюға мәжбүр болды. 21 жасқа толған ер-азаматтар үшін жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізу туралы декрет шығарылды. 25 ақпанда жұмысшыларға еңбек құқығына



Франциядағы революция

кепілдік беретін декрет қабылданды. Жұмыссыздықпен күрес жүргізу үшін ұлттық шеберханалар құрылды. Жұмыскерлер үшін жер қазу жұмыстары ұйымдастырылып, күніне екі франктен төленді. Көп ұзамай үкімет бұл жұмыстардың барлығына төлем жасау үшін қаражаттың жеткіліксіздігін аңғарды және тікелей салықтарды 45%-ға арттыруға мәжбүр болды.

Үкіметтің шешімі бұл салықты төлейтін ұсақ меншік иелері мен шаруалардың наразылығын туындатты.

Франциядағы революция нәтижесінде республика жарияланды. 1848 жылы Конституцияға сәйкес Францияны президент басқарды. Ол дауыс беру арқылы 4 жыл мерзімге сайланды. 1848 жылдың желтоқсандағы президент сайлауында Наполеон Бонапарттың жиені — Луи Наполеон жеңіп шықты. Луи Бонапарттың сайлануы француздардың республикадан көңілі қалғандығын көрсетті. Жаңа Конституция Наполеон Бонапарт кезіндегі тәртіптерді қайта қалпына келтірді. 1852 жылы Луи Наполеон III Наполеон есімімен француздардың императоры болып жарияланды.

Ойлан

1848 жылы елдің саяси құрылысы қалай өзгерді?

1848—1849 жылдары Германиядағы революциялық қозғалыс. Франциядағы республиканың жариялануы туралы хабар Германиядағы революциялық қозғалыстарға түрткі болды. 1848 жылы Берлин және Мюнхен көшелерінде баррикадалар басталды. Көтерілісшілер Конституция қабылдануын, феодалдық міндеткерлікті, цензураны алып тастауды, салықтардың біркелкі үлестірілуін, жалпыгермандық парламенттің шақырылуын т.б. талап етті.

Король министрліктер тағайындады және Ұлттық жиналысқа сайлау жариялады. Оның жұмысы 1848 жылы мамырда Майндағы Франкфуртте жиналыстың бірінші мәжілісі басталды. 1849 жылы мамырда Ұлттық жиналыс Конституция қабылдады. Ол Герман империясының құрылуын қабылдады. Императорлық тақ пен атқарушы билік басшылығы Пруссия королі IV Фридрих Вильгельмге ұсынылды. Бірақ IV Вильгельм тәжден бас тартып, конституцияны жоққа шығарды.

Ойлан

Германиядағы революцияның жеңіп шығуына қандай жағдай негізгі кедергі болып саналды?

Австриядағы революция. XIX ғасыр ортасында Габсбургтер империясы миллиондаған халқы бар мемлекет еді. Империя халқының басым көпшілігін венгрлер құрады. Хорватия және Словакияда миллиондаған шаруалар венгр помещиктерінің езгісінде болды. Сол мезетте венгрлердің өздері австриялық биліктің қыспағында болды. Осылайша әлеуметтік қарама-қайшылықтар ұлттық қанауға ұласты. Бұл революциялық көңіл күйдің күшеюіне алып келді.

1848 жылы наурызда Венада Конституцияны қабылдау және князь Меттерних үкіметінің кетуін талап ету ұранымен шерулер басталды. Студенттерден гвардия, халық жасағы құрылды. Осындай жағдайларда Венада рейхстаг (парламент) отырысы ашылды. Ол шаруалардың құн үшін жеке міндеткерлігін алып тастау туралы заң қабылдады.

Сол мезетте Венгрияда революция басталды. Онда өзіндік парламент — сейм құрылды, революциялық әскер қалыптасты. Зиялылар артықшылықтары және феодалдық міндеткерлік біртіндеп алынып тасталды.

Италиядағы революция. Наполеондық соғыстар Италияда ұлттық қозғалыстардың күшеюіне түрткі болды. Вена конгресінің шешімі бойынша Солтүстік Италияның екі облысы — Ломбардия және Венеция Австрияға берілді, бұл — елдің бірігуіне кедергі туғызды.

1831 жылы Джузеппе Мадзини елді азат ету және біріктірудегі күрес үшін «Жас Италия» ұйымын құрды. Ол күреске итальяндық ұлттық идеяның символына айналған Джузеппе Гарибальдиді шақырды.

Италиядағы революция 1848 жылы Сицилиядағы көтерілістен басталды. Көтерілісшілердің аралдан неаполитандық корольдың әскерлерін қуып шығуға қауқары жетті. Халықтық қозғалыстардан қорыққан барлық итальяндық мемлекеттер монархтары 1848 жылы ақпан-наурыздан бастап либералдардың қатысуымен үкімет құруға және Конституциялар қабылдауға мәжбүр болды.



Джузеппе Гарибальди

Италияны азат ету және біріктіру ұраны барлық итальяндықтардың қолдауын тапты. 1848 жылы наурызда Ломбардия және Венецияда антавстриялық көтеріліс басталды. Милан тұрғындары фельдмаршал Иоган Носиф Радецкий басқарған әскерді талқандады. Австриялықтарды Венадан қуып шыққаннан кейін, ол жерде республика жарияланды. Италияның солтүстігіндегі азат ету қозғалысы итальяндық мемлекеттердің Австриямен соғысының басталуына алып келді. Италияндықтардың негізгі талабы австриялық үстемдіктен азат болу және бірыңғай мемлекетті құру болды. Италияның барлық жерлерінде еріктілер жасақтары құрыла бастады. Олардың бірін болашақ ұлт қаһарманы Дж. Гарибальди басқарды.

Итальяндық монархтар халықтың патриоттық көңіл күйін мәнжайсыз қалдыра алмады. Әскери тұрғыдан әлдеқайда мықты Сардин корольдығы Австрияға соғыс жариялады.

1848—1849 жылдардағы революциялар нәтижелері. Еуропаның көптеген елдері үшін ортақ мәселе — капитализмнің дамуын тежеген феодалды-абсолюттік тәртіпті жоюмен қатар, 1848—1849 жылдардағы революциялық қозғалыстың өзінің мақсаттары болды.

1848—1849 жылдардағы революциялық қозғалыстар Батыс Еуропаның елдеріне жеңіс әкелді, бірақ сол елдердің алдында тұрған объективті міндеттерді толықтай шеше алмады. Дегенмен 1848 жылғы революциялық шайқастар текке болған жоқ. Олар феодалдық қатынастарды және кейбір елдердегі ескілікті бұзды, капитализмнің орнауына және әрі қарай дамуына, халықтың ұйымшылдығына себеп болды. Шешімі белгілі тарихи мәселелер (Италияның ұлттық бірігуі және Германияның ұлттық бірігуі сияқты) маңызды болды.

Пікірталас

1848 жылы желтоқсанда Франция президенттік сайлауында Наполеон Бонапарттың жиені — Луи Наполеон неліктен жеңді деп ойлайсың?

Біліміңді тексер

1. 50—60-жылдары Германияда экономикалық дамуға қандай жағдайлар әсер етті?
2. Германияның негізгі саяси партияларын атап көр.
3. Италияның экономикалық артта қалуын немен түсіндіруге болады?
4. Еуропадағы революциялық көтерілістердің алғышарттарын ата.
5. Германиядағы көтерілісшілердің негізгі талаптарын ата.
6. Австриядағы көтерілісшілердің талаптары басқа елдердегі көтерілісшілердің талаптарынан қандай айырмашылықтары болды?
7. Парижде ... саяси орталықтарына айналды.
8. Джузеппе Мадзинни ... ұйымын құрды.

§18. ФРАНЦИЯ-ПРУССИЯ СОҒЫСЫ. ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІҒҮІ. ИТАЛИЯНЫҢ БІРІҒҮІ

Пруссияның күшеюі. Ұлттық мемлекеттердің қалыптаса бастауы.

XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропада ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үрдісі жалғасты. XIX ғасырдың ортасынан бастап біршама күшейіп алған Пруссия неміс жерлерін өз қарамағына алу саясатын жүргізе бастады.

Пруссия ұлы державалардың қатарына кірді, бірақ олардың арасында қуаттылығы және ықпал ету жағынан әлсіз болды. XIX ғасырдың басындағы әскери реформаның нәтижесінде күшті әскер қалыптасты.

Пруссия неміс халқынан тұратын протестанттық мемлекет еді. Неміс ұлттық қозғалысын жақтаушылар өз үміттерін Пруссия әрекеттерімен Германияның бірігуімен байланыстыра бастады.

Король IV Фридрих Вильгельм науқастанып, өз өкілеттігін ағасы I Вильгельмге бергеннен кейін, Пруссия ішкі германдық істермен айналыса бастады. Оны толғандырған басты мәселе Австрияны әлсірету және барлық герман мемлекеттерін Пруссия маңына біріктіру болды.

Отто фон Бисмарк. XIX ғасыр басындағы реформалар пруссия әскерін жалпыхалықтық әскерге айналдырды. Бисмарк әскерге баса көңіл бөлді. Германияны біріктіру мәселесінің шешілуі сол дәуірдің саясаткері, 1862 жылы Пруссия канцлері болған Бисмарк есімімен байланысты болды. Пруссияның герман жерлерін біріктіру мәселесіндегі ең маңызды қарсыласы Германдық одақтағы көшбасшылыққа ұмтылған Австрия империясы болды.

Австрия-Пруссия-Дания соғысы. 1864 жылғы Пруссия мен Австрияның Данияға қарсы соғысы Австрияның талқандалуына бастама болды. Дания мемлекеті құрамында немістер тұратын екі провинция — Шлезвиг және Гольштейн болатын. Дания бұл соғыста жеңіліске ұшырағаннан кейін Пруссия Шлезвигті, ал Австрия Гольштейнді басқару билігін иемденді.

Бұл сабақта:

- ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үрдісімен және Австрия-Пруссия соғысының барысымен, империяның жариялануымен;
- 1871 жылғы Конституциясымен танысамыз;
- Италия жерлерінде саяси бытыраңқылық мәселесін шешу туралы;
- «гарибальди мыңдығы», Италияның бірігуі жайында білетін боламыз.

Тірек сөздер

- ұлттық мемлекеттер
- ұлттық бірігу мәселесі
- рейхсканцлер
- конституциялық монархия

Австрия-Пруссия соғысы. 1866 жылы Австрия-Пруссия соғысы басталды. Осы жылы 3 шілдеде Садова қыстағында пруссиялық әскер австриялықтардың әскерін жеңді. Көп кешікпей бейбіт келісімге қол қойылды, келісім бойынша Пруссия аумағы кейбір герман мемлекеттерінің жерлері қосылғаннан кейін Рейннен Неманға дейінгі жерді қамтыды. Сонымен *Солтүстікгермандық одақ құрылды*. Одақ басшысы пруссиялық король болды. Үкіметті канцлер басқарды. 1866 жылы 23 тамызда қол қойылған Париж келісімшартына сәйкес Австрия Герман одағынан біржола шықты және Германиядағы гегемония дау-дамайынан бас тартты.

Бисмарк Германияның бірігуін Францияны талқандаған соң ғана аяқтауға болады деп есептеді.

Франция-Пруссия соғысы. Соғыс қимылдарының басталуына 1868 жылғы революцияның нәтижесінде босаған испан тағына талас себеп болды. Ол Пруссия королінің немерелес інісі принц Леопольд Гогенцоллерн-Зигмарингенге ұсынылды. III Наполеон Леопольдке қарсы болды және Пруссия королі Вильгельмнің испан тағынан үміттенуінен іс жүзінде бас тартуға мәжбүр етті. Бұл туралы телеграмма алған Бисмарк одан барлық келісімге келу сөйлемдерін сызып, оны жариялады. Француз үкіметі хабарды жәбірлеушілік ретінде қабылдап, Пруссияға соғыс жариялады. Әскери министр Лебеф Францияның соғысқа дайын екендігіне сендірді. Іс жүзінде



Франция-Пруссия соғысы. 1870 ж.

ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІГУ



- 1864 ж. мемлекеттер шегаралары
- Пруссия 1864 ж.
- 1864—1866 жж. Пруссия басқыншылығы
- Солтүстік Германдық одаққа кірген басқа мемлекеттер
- Пруссияның басшылығымен 1866—1867 жж. құрылған Солтүстік Германдық одақтың шегаралары
- Даниямен (1864 ж.), Австриямен (1866 ж.) және Франциямен (1870—1871 жж.) соғыстағы Пруссия әскерлерінің шабуылы
- 1871 ж. құрылған Германия империясының шегаралары

0 130км

әскери қимылдардың жоспарлары жоқ еді. Пруссияға Солтүстік Герман одағының әскерлері ғана емес, сондай-ақ оған кіре қоймаған төрт мемлекеттің әскерлері де қосылды.

1870 жылы тамызда Мец қамалында 200 мыңдай француз әскері қоршауда қалып, нәтижесінде Пруссия әскері жеңіске жетті.

Германия империясының соңғы қарсыласы саналған Франция Француз-Пруссия соғысы нәтижесінде жеңіліс тапты. Бұл қақтығыс Франциядағы Луи III Наполеон режимінің құлауына алып келді.



Анықта

Германияның бірігуі картасынан Франция — Пруссия соғысы қашан болды және қай аумақты қамтыды деген сұрақтардың жауабын іздеп көр.

Империяның жариялануы және 1871 жылғы Конституция. 1871 жылы қаңтар айында Версаль сарайының Айналы залында Герман империясының құрылғандығы жарияланды. Вильгельм Гогенцоллерн Германия императоры болып тағайындалды.

Герман империясы жарияланғаннан кейін империялық Құрылтай жиналысы — Құрылтай рейхстаг шақырылды. Ол Конституция қабылдады. Конституцияға сәйкес Герман империясы 22 монархияның одағын құрады. Олардың барлығы өз конституцияларын және жергілікті парламенттерін (ландтагтар) сақтап қалды. Тек Пруссия королінен сайланатын герман императорының (кайзердің) күшті билігі орнатылды. Кайзер мемлекет басшысы болып есептелді, заңдарды бекітті, соғыс жариялады, әскердің бас қолбасшысы болды. Оның алдында үкімет басшысы — рейхсканцлер Бисмарк есеп беріп отырды. Рейхстагты 25 жасқа толған ер адамдар 5 жылға сайлады. Жоғарғы палата (бундесрат) мүшелері барлық монархия өкілдерінің ішінен тағайындалды. Төменгі палата (бундестаг) жалпы дауыспен сайланды. Рейхстагтың құқықтары шектеулі болды, император екі палатаны да өз қалауы бойынша таратып жібере алды. Рейхстагқа барлық ірі саяси партиялар кірді.

Ойлан

Германияның бірігуінің тарихи маңызы қандай болды?

Италияның бірігуі. Елдегі саяси бытыраңқылық мәселесін шешу Италияның күн тәртібінде тұрды.

XIX ғасырдың ортасында граф Камилло Бенсо Кавур біртұтас ұлттық мемлекет құру жөнінде нақты жоспар ұсынды. Оның жана-

ИТАЛИЯНЫҢ БІРІГҮІ



лығы — Австрияны күйретуге қабілетті ұлы державалардың бірінің көмегі арқылы ғана Италияны біріктіру мүмкіндігі туралы ой айтты. Кавур елді біріктіруде басты рөлді тек Сардиния корольдығы атқаруға қабілетті және барлық италиялықтар осы мақсатты жүзеге асыру үшін бірігуге тиіс деп санады.

Кавур идеясын Сардиния королі II Виктор Эммануил де жақтады. 1850 жылы ол Кавурды үкімет құрамына кіргізді, ал екі жылдан кейін оны премьер-министр етіп тағайындады.



Анықта

Италияның бірігуі картасынан 1861 жылы құрылған Италия корольдығының шеғараларын көрсете аласың ба?

Кавур саясаты. Кавур үкіметі ауылшаруашылығының, өнеркәсіптің және сауданың дамуына қолдау жасады. Теміржолдар мен каналдар, порттар мен телеграф желілері салынып жатты.

Сыртқы саясатта Кавур Франция императоры III Наполеонның қолдауына қол жеткізуге ұмтылды. 1858 жылы шілде де Пломбьер қаласында Кавурдің III Наполеонмен кұпия кездесуі өтті.

Келісілген шартқа сәйкес, Австрия шабуыл жасай қалған жағдайда Сардиния корольдығына Франция көмекке келуге міндеттенді. Франция Ломбардия мен Венецияны азат етуге және оларды Савойя мен Ниццаның орнына айырбас түрінде Сардиния корольдығына беруге тиіс болды.

Ойлан

Италияның бірігуінде Кавур қандай рөл атқарды?

Австриямен соғыс. Австриямен соғыс 1859 жылы сәуірде басталды. Австрия әскеріне француздар мен сардиниялықтардың біріккен күштері қарсы тұрды. 4 шілде күні Маджент түбінде болған француздармен соғыста австриялықтар жеңіліс тапты. 24 шілдеде Сольферино маңындағы соғысушы жақтардың негізгі күштері кездесті. Әскер қатарында австриялық император Франц Иосиф те, III Наполеон мен II Виктор Эммануил де болды.

Австриялықтар Ломбардиядан шегіне бастады. Италияда ұлттық қозғалыс толқыны көтерілді. Венецияны азат ету жөніндегі уәдесін орындамай, III Наполеон австриялықтарға бітімге келуді ұсынды. Бұл Кавур үшін күтпеген оқиға болды. Соғыс аяқталды. III Наполеонның сатқындығы бүкіл Италияда наразылық туырды.

1859 жылы 11 шілдеде қол қойылған бітімге сәйкес, Сардиния корольдығы Ломбардияны қайтарып алды. Бірақ сардиниялықтар Наполеон пломбьерлік келісімнің шарттарын бұзды деп санап, Францияға Савойяны және Ниццаны беруден бас тартты. Италия бұрынғысынша бытыраңқы күйінде қалды.

Кавур 1860 жылы Францияға Савойя және Ниццаны бере отырып, бұл аумақтардың қосылуы туралы III Наполеонның келісіміне қол жеткізді. Сардиния корольдығымен ең күшті италиялық мемлекетке және Италияның бірігуі жолындағы күрес орталығына айналды.

Ойлан

Австриямен соғыс не үшін басталды?

1860 жылы сәуірде Неаполь корольдығының құрамына кіретін Сицилияда шаруалар көтерісі бұрқ етті. Мамыр айында Генуядан сицилиялықтарға көмекке Джузеппе Гарибальди кетті. Оның тарихта «Гарибальди мыңдығы» деп аталған жасағында 1100 қарулы әскер болды.

Гарибальдидің Сицилияға келуі жалпы көтеріліске түрткі болды. Гарибальдидің қарамағына тұтас әскер жиылды. 1860 жылы мамырда Калатафими қаласы жанында «мыңдық» король әскерін жеңді. Шілде айының соңында Гарибальди бүкіл Сицилияға бақылау орнатты. 8 тамызда оның әскері Апеннин түбегінен өтіп, 6 қыркүйекте Неапольға салтанатпен кірді.

1860 жылдың соңына қарай Сардиния корольдығының құрамына Венеция мен Папа облысының Римдік бөлігінен басқа, бүкіл Италия бірікті.

Ойлан

Гарибальди «мыңдығының» жорығы қандай рөл атқарды?

Бірігудің аяқталуы. 1861 жылы наурызда II Виктор Эммануил Италия королі болып жарияланды. Кавур премьер-министр болып сайланды. Оның бастамасы бойынша парламент Римді елдің астанасы етіп бекітті.

1867 жылы Гарибальди өзінің жасақтарымен Римге басып кіріп папа әскерін талқандады.

1870 жылы Франция-Пруссия соғысы басталған соң, II Виктор Эммануил елдің түпкілікті бірігуі үшін француз әскерлерінің

сәтсіздіктерін қолдануды көздеді. Француз гарнизоны өз елін қорғамақ болып Римді тастап кетті. Рим Италия астанасына айналды, ал Рим Папасы Ватикан сарайы шегіндегі билеуші болып жарияланды.

Римнің қосылуымен Сардин корольдығы төңірегінде Италияның бірігуі аяқталды.

Ойлан

Италияның бірігуі дегенді қалай түсіндің?

Италияның саяси құрылысы. Біріккен мемлекетте конституциялық монархия қалыптасты. Конституция бойынша король II Виктор Эммануил заң шығарушы билікті парламентпен бөлісті, ол екі палатадан: жоғарғы — сенат және төменгі — депутаттар палатасынан тұрды. Сенаторлар өмір бойына тағайындалды. Депутаттар палатасы сайланатын болды. Сайлау құқығы тек қана 25-тен асқан ер адамдарға берілді.

Атқарушы билік толық монарх қолында болды. Ол әскерлерге бұйрық беру, соғыс жариялау, бітім жасау құқығына ие болды. Бірыңғай мемлекет құрылғаннан кейін ескі саяси партиялар ыдырады. Билік басына келген либерал буржуазия жаңа екі партияның айналасында топтасты: тарихи оңшылдарға-консерваторлар, ал тарихи солшылдарға демократтар жатты.

Білімді тексер

1. Пруссияның күшеюі қандай жағдайлармен түсіндірілді?
2. Қандай реформалардың арқасында прустық әскер Еуропадағы ең мықтылардың біріне айналды?
3. Австрия-Пруссия соғысының негізгі нәтижелерін ата.
4. Француз-Пруссия соғысының басталуына қандай жағдай себеп болды?
5. Герман империясы қашан жарияланды?
6. Италияның бірігуінде үлкен рөл атқарған тарихи тұлғаларды ата.
7. Рим ... астанасына айналды.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

§ 19. XIX ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ ДАМУЫ. РЕСЕЙ САМОДЕРЖАВИЕСІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ

XIX ғасырдың басындағы Ресейдің экономикалық дамуының негізгі сипаттары.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей экономикасының дамуы күрделі жағдайда өтті. 1812 жылы Отан соғысы болды. Аса ірі қиыншылықтарды бастан кешіре отырып, халық өз Отанының тәуелсіздігін сақтап қалды. Бұл соғыс бүкіл экономиканы дағдарысқа әкелді және Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергілерін тигізді. XVIII ғасырда басталған феодализмнің ыдырауы тез жүрді.

Ресейдің тарихи дамуының екінші маңызды ерекшелігі экономикаға үлкен ықпал еткен таптық карама-қайшылықтардың, шаруалар қозғалысының шиеленісуі болды. Шаруалардың азаттық үшін күресі жыл өткен сайын бұқаралық сипат ала бастады. Бұл феодалдық жер иеленудің бұзылуына, помещиктер мануфактурасының құлдырауына әкелді.

Ойлан

Ресей экономикасының дамуы қандай тарихи жағдайларда жүрді?

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдағы Ресейдің рөлі, Ресейдің экономикалық дамуындағы орын алған тарихи жағдайлар;
- капиталистік тәртіптің қалыптаса бастауы, өнеркәсіптің даму ерекшеліктері;
- Ресейдегі өнеркәсіп төңкерісінің басталуы, 90-жылдардағы өнеркәсіптің дамуы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- басыбайлылық жүйе
- басыбайлылық құқық

XIX ғасырдың ортасына қарай жер меншіктерінің қарызға сатылымы көбейді, помещиктердің банктерге қарызы өсті, тиімсіз жерлерді жалға беру көбейді — оларды 1801 жылдан бастап заңмен рұқсат етілген дворяндық емес сословие өкілдеріне жалға берді. Шаруашылық жүргізудің басыбайлылық әдісі Ресейдің орталығында сақталды. Алайда ауылшаруашылығында оның оңтүстік аудандарында капиталистік тәртіптің қалыптасуы сипаттары

көріне бастады. Өнеркәсіпте ауылшаруашылығына карағанда капиталистік қатынастардың қалыптасу үрдісі кеңінен жүрді. Бұған сыртқы нарықтың дамуы септігін тигізді.

Өнеркәсіптің дамуы. Феодализмнің ыдырау үрдісі және жана капиталистік қатынастардың пісіп жетілуі өнеркәсіптің дамуында көрінді. Капиталистік өнеркәсіп өз дамуында үш кезеңде өтті: ұсақ өндіріс, мануфактура, фабрика.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі ірі өнеркәсіптік өндірістің негізгі түрі мануфактура болды.

Қол еңбегін қолданатын мануфактура мәшинелерді қолдануға негізделген капиталистік фабрикаға айналды.

Ең алдымен мәшинелер мақта мата өндірісінде, кейін өнеркәсіптің басқа да салаларында қолданыла бастады. Бастапқыда мәшинелер шетелден әкелінді. Бірақ Ресейде көп ұзамай мәшинелер мен құралдарды өндіретін өз кәсіпорындары пайда бола бастады.

Өнеркәсіпте жалдамалы жұмысшылар еңбегі кеңінен қолданылды.



Анықта

Капиталистік өнеркәсіп дамуының үш кезеңін ата және олардың бір-бірінен айырмашылықтары қандай болды?

Басыбайлылық құқықты жою және 1860—1870 жылдардағы реформалар. 1855 жылы Ресей тағына император II Александр отырды. Оның билігі реформаларды жүзеге асырумен байланысты болды.

1861 жылы басыбайлылық құқық жойылды. Бұл реформадан кейін басқа маңызды реформалар енгізілді: ауылдық жерлерде өзін-өзі басқару органдарды құру реформасы, сот, әскери, қаржы, білім реформалары жүргізілді.



II Александр

1890 жылдардағы өнеркәсіптік өсу. 1890 жылы қабылданған шаралар нәтижесінде Ресейде өнеркәсіптік өсу орын алды, ол келесі сипаттарға ие болды:

— қарқынды теміржол құрылысы; Орта Азияға теміржол ашылды; 1891 жылы Транссібір теміржолының құрылысы басталды;

— өндірістің шоғырлануы және ауыр өнеркәсіптің басым дамуы;

— Донбасс және Бакуде қуатты жанармай-энергетикалық база құрылды, нәтижесінде Ресей шойын балқыту бойынша әлемде 3-орынды, ал мұнай өндіру бойынша 1-орынды алды.

XIX—XX ғасырлар қарсаңында Ресей экономикалық тұрғыдан негізгі басыбайлылық елдерді қуып жетті.

Ауылшаруашылығындағы өзгерістер. Помещиктік жер иелену және қанау үстемдік еткен ауылшаруашылығы өте баяу дамыды.

Помещиктердің басым бөлігі шаруашылықты ескіше жүргізді. Табысты жоғарылатудың жалғыз әдісі — шаруаларды феодалдық қанау деп есептеді. Олар жер жыртуды шаруашылық жерлердің есебінен кенейте келе барщинаны ұлғайтты. Шаруалардың басым көпшілігінің жағдайы төмендеп кетті. Олардың кедейленуі феодалдық шаруашылықтың экономикалық негізін бұзды. Помещикке жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін крепостниктердің өз малы және құрал-саймандары, шаруашылығы болуы керек болды.

? Анықта

Шаруашылықтың жіктелуі қалай болды?

Тауар-акшалық қатынастар дамуының ықпалымен ауылда шаруашылықтың жіктелуі жүрді. Кедей және үлестен құр қалған отбасылардың қасында сауда, өсімқорлықпен айналысқан, өз акшаларын өнеркәсіп орындарына салған шаруалар тобы көбейе бастады. Олардың ортасынан бостандық үшін өз фабрикаларын ашқан ірі кәсіпкерлер шыға бастады.

Ойлан

XIX ғасырдың басында басыбайлылық құқықты шектеу және алып тастаудыңандай жобалары жасалды?



Теміржолдағы жөнделу жұмыстары

Осылайша экономикадағы капиталистік қатынастардың дамуы феодалдық тәртіптің ыдырауына, таптық карама-қайшылықтардың шиеленісуіне және таптық күрестің басталуына алып келді.

90-жылдардың басында-ақ жұмысшы қозғалысы өрші түсті. Бұл жылдардағы өнеркәсіптік өрлеу жұмысшылардың жағдайын жақсартпады.

Жұмысшылар еңбек жағдайын жақсарту, жалақыны көтеру, жұмыс күнін қысқарту талаптарымен күреске шықты.

Жалпы алғанда, жұмысшы қозғалысы әлі де болса әлсіз, стихиялық және шашы раңқы болды.

Самодержавиенің дағдарысы. Ресейде капитализмнің қарқынды дамуына карамастан, капиталистік жолда тағы бір кедергі — самодержавие немесе абсолюттік монархия қалды. Ресей империясының патшалық билігі билеуші тап ретінде ақсүйектерге негізделген. Буржуазиялық реформалар мен Ресейдегі өнеркәсіп төңкерісі тек жұмысшы таптың ғана емес, сонымен бірге буржуазияның пайда болуына әкелді. Капиталистер тек экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси билікке қол жеткізуді армандады. Бұл Ресейде билеуші тап ретінде буржуазияны қалыптастыруға алып келетін буржуазиялық-демократиялық революцияның басталуын білдірді.

Білімнің тексер

1. 1812 жылғы Отан соғысы Ресей экономикасына қалай әсер етті деп ойлайсың?
2. Капиталистік қатынастардың қалыптасу үрдісі неліктен ауылшаруашылығына қарағанда өнеркәсіпте кеңінен жүрді?
3. Капиталистік өнеркәсіп дамуының негізгі кезеңдерін сипаттап көр.
4. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі ірі өнеркәсіптік өндірістің негізгі түрі ... болды.
5. Неліктен Ресей 1860—1880 жылдары экономикалық тұрғыдан Батыс Еуропаның жетекші елдерінен артта қалды?
6. 1890 жылдары Ресейде өнеркәсіп өрлеуі қай салаларда орын алды?

§ 20. ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҒЫМДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың ерекшелігі. Ресейдің қоғамдық-саяси санасы еуропалық қоғамдық-саяси дәстүрмен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі болды. Мұны Ресейдің географиялық орналасу ерекшелігімен, табиғи ресурстарына бай үлкен аумақта болуымен түсіндіруге болады. Еуропаның озық елдерімен салыстырғанда Еуропа мен Азия, Батыс пен Шығыс арасында орналасқан Ресей әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың төменгі сатысында болды. Өндірістің капиталистік тәсілі шаруашылық жүргізудің феодалдық-басыбайлылық әдістерімен үйлесіп, абсолютті-монархиялық басқару сақталды. Сондықтан Ресей зиялылары халықты басыбайлылық пен зомбылықтан азат ету қажеттілігін түсінді.

Декабристер қозғалысы. Болашақ декабристердің революциялық идеяларын қалыптастыруға орыс ағартушылары — А.Н.Радищев, Н.И.Новиков; француз философтары — Ж.Ж.Руссо, Вольтер және Д.Дидро, Ш.Монтескье; ағылшын экономистері — А.Смит, И.Бентам идеялары әсерін тигізді.

Бұл сабақта:

- азат ету күресінің негізгі кезеңдері, жасырын қоғамдардың пайда болуы;
- Оңтүстік одақ, Солтүстік одақ, декабристер көтерілісі;
- 30—50 жылдардағы қоғамдық қозғалыстардың ерекшеліктері туралы білеміз.

Тірек сөздер

- Либералды идеялар
- декабристер көтерілісі
- консерватизм
- батысшылдар
- славяншылдар
- халықшылдар

Ойлан

Ресейгекелген либералды идеялардың мәні не болды?

Алғашқы ірі жасырын қоғам «Құтқару одағы» болды. Оның негізін қалаушы Бас штаб полковнигі А.Н.Муравьев, ал мүшелері С.П. Трубецкой, Н.М. Муравьев, П.И. Пестель (барлығы — 30 адам) болды. Қатысушылардың мақсаты басыбайлылық құқықты жою және самодержавиені шектеу болды.

Қоғамдық қолдаудың маңыздылығын ұғыну «Құтқару одағы» қоғамын ыдыратып, орнына «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамын құруға алып келді. Одақтың жарғысында көрсетілгендей,



Сенат алдындағы көтеріліс

басыбайлылық пен самодержавниге қарсы күресу қажет деп санап, «Одақ» мүшелері осы мақсатқа жету жолын белгіледі. Олар либералды идеяларды таратуға, халыққа білім беру және тәрбиелеу мәселелеріне үлкен мән берді.

Пікірталас

«Құтқару одағы» мен «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамдарын қандай идеялар біріктірді?

Алайда І Александр үкіметі реформадан бас тартқаны белгілі болғаннан кейін «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» таратылды. Оның негізінде жана жасырын ұйымдар Украинада «*Оңтүстік одақ*» және Петербургте «*Солтүстік одақ*» құрылды.



І Александр

«*Оңтүстік одақ*». Бұл ұйым Украинада орналасқан 2 әскердің офицерлерін біріктірді. Басшысы П.И.Пестель болды. Пестель өз бағдарламасын «Русская правда» деп атады. Бұл Ресей тарихында алғашқы республикалық Конституцияның біртұтас жобасы болды. Онда Ресей республика болып жарияланды. Сословниелік бөлініс жойылды. Азаматтық бостандық жарияланды.

«*Солтүстік одақ*». Бұл қоғам Петербургте құрылды. Оның негізін М. Муравьев, Н.И. Тургенев, С.П. Трубецкой, Е.П. Оболенский және П.И. Пущин қалады.

Декабристер көтерілісі. Екі қоғамның мүшелері 1826 жылы мамырда жыл сайынғы әскердің дайындығын байқау кезінде ашық әскери көтеріліске шығу шешімін қабылдайды. 1825 жылы 18 қарашада І Александр Таганрогта кенеттен қайтыс болды. Таққа Александрдың ағасы Константин отыру керек болатын, бірақ ол тақтан ерікті түрде бас тартып, інісі Николайға ұсынды.

1825 жылы 14 желтоқсанда Николайға ант ету рәсімі белгіленеді. Осы күнге «*Солтүстік одақ*» мүшелерінің патшаға қарсы көтерілісі де белгіленген болатын. Осы кезден бастап олар *декабристер* деп аталды. Декабристер жауынгерлердің жаңа патша Николайға ант беруіне жол бермеуді мақсат етті.

Шындығында барлығы басқаша болды. Көтеріліс басып тасталды.

1825 жылы желтоқсанда «*Оңтүстік одақ*» мүшелері көтеріліске шығуға әрекет жасады. С.И. Муравьев-Апостол мен М.П. Бестужев-Рюмин бастаған Черниговск полкі Киевке аттанды, алайда олар да талқандалды.

Декабристер көтерілісі Ресейдегі самодержавие мен басыбайлыққа қарсы бүкіл халықтың мүддесін қорғайтын алғашқы көтеріліс болды. Декабристер бірінші болып ұйымдар құрып, іс-қимыл бағдарламаларын, халық мүддесін қорғайтын, Отанды саяси және экономика тұрғысынан қайта құру жобаларын дайындады.

Декабристердің идеяларымен алдыңғы қатарлы орыс зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің көптеген ұрпақтары тәрбиеленді. Декабристердің көтерілісінен кейін саяси тәртіп қатаң талаптарымен дамыды, революциялық қозғалыс пен үкіметтік реформаторлық қызметтің арасы ажырады, консервативтік бағыт алғаш рет өз идеологиясын алды, қоғам санасының либералды және әлеуметтік ағымдары қалыптасты. Қоғамдық қозғалыс қатысушыларының осы идеяларын тәжірибеде іске асыру мүмкіндіктері болмады. Олар адам санасын болашақтағы өзгерістерге дайындай алды.

Консерватизмнің дамуы Ресей ғылым академиясының президенті граф С.С.Уваровтың еңбегі болып табылады. Ол самодержавиені патша мен халық бірлігі деп түсінді және халық пен монарх арасында ажырамас рухани бірлік Ресейдің сәтті дамуына кепіл болады деп санады.

Либералды қозғалыс. Батысшылдар мен славяншылдар. Ресейлік либерализмді сол жылдары батысшылдар мен славяншылдар ұсынды. Батысшылдар дүниежүзілік өркеннет біртұтас және одан елдің шығуы оның құлдырауына алып келеді деп санаған. Олар Ресейді Ұлы Петрдің қайта құруы арқасында өркеннетті мемлекет болды деп есептеген. Олардың пікірі бойынша, Ресей міндеті

Батыспен астасып, онымен бірге біртұтас мәдениетті орта құру еді. Славяншылдар, керісінше, әр халықтың өзіндік ерекшелігін қолдады. Славяншылдар І Петр қызметін теріс бағалады, оның реформалары Батыстан алынған, Ресейге қажетсіз және ол қоғамдық алауыздыққа алып келеді деп санады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдегі қоғамдық-саяси күресте мемлекеттік құрылыс туралы мәселе туындады. Революциялық қозғалыстың негізгі нысаны халықтық болды.

Ойлан

Батысшылдармен славяншылдардың арасындағы негізгі айырмашылық неде болды деп ойлайсың?

Халықшылдар. 70-жылдары революциялық халықшылдардың ірі теоретиктері М.А.Бакунин, П.А.Лавров және П.Н.Ткачев болды. Халықшылдар халықты, бірінші орында шаруаларды нақты саяси күш деп қараған және өздерінің басты міндеті саналы әрі ұйымдасқан күшке айналдыру деп санаған. Олар шаруаларды революцияға шақырды.

Анархиялық бағытты М.А.Бакунин басқарды. Оның пікірінше, бұқара халық шешуші рөл атқаруы тиіс. Ресейде шаруалар революциялық күш, сондықтан оны біріктіріп, жауынгерлік бүлікшіл жолмен көтеру керек деді.

Екінші теориялық бағытты («насихаттық») П.Л.Лавров басқарды. Лавров орыс халқын революцияға дайын деп ойлаған жоқ. Тек жүйелі үгіт-насихат, халық арасында көшбасшыларды тәрбиелеу, оның пікірінше, революциялық әрекеттер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алады деп есептеді.

Халықшылдықта үшінші бағытты П.Н.Ткачев басқарды. Ол орыс революционерлеріне: «Бүлікті кешіктірмендер», — деді, себебі капитализмнің дамуы, оның пікірі бойынша, идеяны іске асыруға және реакция күшін нығайтуға кедергі жасауы мүмкін еді.

1876 жылы Санкт-Петербургте халықшылар «Жер және еріктілік» деген жасырын ұйым құрды. Олардың мақсаты барлық жерді еңбек шаруашылығының қолына тапсыру, қоғам өмірін өздігінен басқаруды ұйымдастыру, ұлт мәселесін халық көзқарасы арқылы шешу еді. 1878 жылы шілдеде Липецкте «Жер және еріктілік» II Александрды өлім жазасына кесті.

Ресейдегі марксистік үйірмелер. Еуропадағы социализм идеяларын қозғаушылар арасында К.Маркс ілімі — марксизм таралды. Маркс теориясына сәйкес барлық өндіріс құралдары (жер, өнеркәсіптік

және ауылшаруашылығы кәсіпорындары) қоғамға тиесілі және қанаушылық жойылады. Бірақ бұл қоғамға басты күш жұмысшы табы (пролетариат) болатын социалистік революциясыз өту мүмкін емес еді. Алайда 60—70-жылдары марксизм орыс революциялық қозғалысында басты революциялық теория бола алмады. 1883 жылы Женевада (Швейцария) орыс революционерлері марксистік ұйым — «Еңбектен босату» тобын құрды. Олар жеке террорлық тактикасынан бас тартып, өздерінің негізгі міндеті халықта социалистік идеяларды үгіттеу деп санады. Жұмысшылар қозғалысында әлеуметтік сананы қалыптастыру ресейлік революциялық марксистердің қызметінде басты мәселе болып табылды. Осы міндетті жүзеге асыруда В.И.Ленин үлкен рөл атқарды. 1895 жылдың күзінде В.И.Ленин 20 петербургтік марксистік үйірмені «Жұмысшы табын құтқару жолындағы күрес одағы» қоғамына біріктірді. 1898 жылдың наурызында «Күрес Одағы» өкілдері Минскте өздерінің бірінші съезіне жиналды және Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясын (РСДЖП) жариялады.

Ойлан

Халықшылдардың іс-қимылдары не үшін сәтсіз аяқталды?

РСДЖП ІІ съезі Брюссель — Лондонда 1903 жылы өтті. Онда партия бағдарламасы мен жарғысы қабылданды. РСДЖП басты революциялық талапты — пролетариат диктатурасын орнатуды мақсат етті. Алғашқы орыс буржуазиялық-демократиялық революция 1905—1907 жылдары болды.

Ойлан

Ресейде марксизм қалай тарала бастады?

Білімді тексер

1. Либералды идеялардың негізі қағидасын атап аласың ба?
2. Неге «Құтқару одағы» «Әлеуметтік қамтамасыз ету одағы» қоғамымен алмастырылды?
3. Ресейдегі қоғамдық-саяси ойлардың дамуына декабристер қандай ықпалын тигізді?
4. *Консерватизм* деген не, оның негізгі қағидалары қандай?
5. Батысшылдар мен славяншылдар арасындағы ортақ сипаттарын атап көр.
6. «Оңтүстік одақ» ұйымының бағдарламасы қандай болды?
7. «Құтқару одағы» жасырын қоғамның негізін қалаушы ... болды.
8. П.И.Пестель ... басшысы болды.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҮНДІСТАНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ ҮСТЕМДІГІ. ӘЛЕМДІК ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

§ 21. ҮНДІСТАНДАҒЫ СИПАЙЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Бұл сабақта:

- Англияның Үндістанды толық отарлыққа түсіруін, отаршылдық қанау жолдарын білетін боламыз;
- Отаршылдыққа қарсы шыққан халық көтерілістерімен танысамыз;
- Үндістандағы жаңа билеу жүйесін оқып білеміз.

Тірек сөздер

- Сипайлар
- Ост-Үнді компаниясы
- Рам Мохан Рай
- Сипайлар көтерілісі
- Үндістанды отарлау
- Б. Тилак

Үндістанды отарлаудың аяқталуы. Үнді халқын ағылшын отаршылдарының қанау әдістері. XIX ғасырдың басында ағылшындық Ост-Үнді компаниясы Үндістанды толықтай отарлады. Осы елді жаулап алуда ағылшындық Ост-Үнді компаниясы басты рөл атқарды, өйткені ол британ үкіметінен Үндістанмен сауда-саттық жасауға ерекше құқық алған болатын. Үндістан жерінде өздерінің тірек пункттерін құра отырып, британдық Ост-Үнді компаниясы бұл жерден басқа еуропалық елдердің компанияларын ығыстырды. Бұл компанияға Үндістанда жергілікті тұрғындардан тұратын күшті әскер құрудың сәті түсті. Солдаттар ағылшын офицерлерінің ықпалымен еуропалық әскери тәсілдерге үйренді, олардың қатаң бақылауында болды. Осы армияда қызмет еткен үнділерді *сипайлар* деп атады. Сипай әскерлерінің дайындық деңгейі, әрине, үнділік кез келген әскерден оқ бойы озық тұрды. 1819 жылға қарай Үндістанның орталық және оңтүстік жағы ағылшын отаршылдарының билігіне өтті. 1849 жылы солтүстікте Пенджаб әскері толық талқандалды. Осыдан кейін бүкіл үнді жері Ост-Үнді компаниясының билігін мойындады.



Анықта

Сипай әскері не үшін құрылды? Үндістанды толық отарлауы қашан аяқталды?

Отаршылдыққа қарсы күрескен қанды қырғын соғыстар тоқта-тылып, үнді аумақты топ өкілдері ағылшын билігіне мойынсынды. Әртүрлі сылтаулармен ағылшындар үнді билеушілерінен олардың

жекеменшік иеліктерін тартып алып, оны компания билігіне көшіріп отырды. Мысалы, 1856 жылы компания Ауд хандығын 5 миллион халқымен, билік жүргізе алмады деген сылтаумен өзіне қосып алды. Отаршылдар хандықтардағы билікті ханның асырап алған баласына қалдыруына тыйым салды. Туған баласы, яғни тікелей мұрагері болмаған жағдайда жекеменшік иелік толығымен компанияға берілетін еді.

Ост-Үнді компаниясы жергілікті үкіметтің қауымдардан жерге салынатын салықты жинау құқығын енді өздері қолға алып, оны компанияның есебіне кіргізіп, қосымша кіріс ала бастады. Жаулап алған аумақтардың тұрғын халқынан алынған алымдар компания табысының басты көзі болды. Оған ағылшын үкіметінің сауда компанияларының монополиялық құқықтарын жоюы әсер етті. Мұндай компаниялардың саудадан түсетін табысы күрт төмендеді. XIX ғасырда басқа да ағылшын фирмалары Үндістанмен сауда жасады.

XVIII ғасырда үнді елі экспортқа тек маталарды шығаратын. Бірақ Еуропадағы өнеркәсіп төңкерісінен кейін жағдай өзгерді. Еуропада мәшинемен өндірілген маталар үндінің қолдан тоқылған маталарынан арзанға түсті. Енді керісінше, Англияда өндірілген арзан маталарды Үндістанға әкелу ұлғайды. Өткізу нарығынан айырылған үнді тоқымашылары тоқырауға ұшырап, қайыршылық халге түсті. Үнді шаруаларын отаршылдар түрлі жолдармен қанауды ұлғайта берді. Шаруалар өте көп салықтан, жан төзгісіз ауыр жұмыстардан қалжырап, ашаршылыққа ұшырады.

Отаршылдық қанау мен ұлттық езгі халық наразылығын күшейтіп, көтеріліске әкелді. Наразылық көтерілістері діни сипатқа ие болып отырды. Үнділер мен мұсылмандардың арасынан да көтеріліске дем беріп, оларды ұйымдастырып отыратын белсенді қайраткерлер шықты. Үнділік қоғамдық-саяси қайраткер ретінде бенгалиялық Рам Мохан Райдың аты белгілі еді. Джамна-Ганг аймағы мен Бенгалияда мұсылмандардың уаххабшылар қозғалысының әрекеті отаршылдарды біраз шығынға ұшыратып, әбігерге түсірді. Халық арасында ағылшындар бүкіл үнді халқын христиан дініне күшпен кіргізбекші деген қауесет тарайды.

Ойлан

Англиядан әкеліне бастаған арзан тауарлар жергілікті шаруашылыққа қалай әсер етті?

1857—1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс.
1857—1859 жылдары Солтүстік Үндістанда аса қуатты халық

көтерілісі орын алды. Көтерілісшілер құрамында шаруалар мен колөнершілерден басқа үнділік сипайлар да болды. Көтерілістің шығуына сипай әскерінің қару-жарақтарына қажетті оқ-дәріге байланысты қауесет әңгіме себеп болды. *Мылтықтардың оқ-дәрісі шошқа және спыр майымен майланған қағазға оралған* деген хабар мұсылман және үнді әскерлері арасында тарады. Солдаттар сол оқ-дәрінің қағазын тісімен тістеп алып тастап, мылтықты оқтайтын еді. Шошқа майын пайдалану кәпірлікке жатады деп есептейтін мұсылмандар және спырды қасиетті санап, оның еті мен майын пайдаланбайтын үнділер үшін бұл ауыр қылмыс саналды. Сондықтан сипай әскері наразылық білдірді, ал ағылшындар оларға қарсы күш қолдануға кірісті. Сипайлардың жалақысы жоғары болатын. Олар қызмет жағынан жоғарыламайтын. Сипай солдат еш уақытта офицер қызметіне көтеріле алмайтын.

Еуропалық офицерлер басқарған, солардың қару-жарағымен жарақталған, еуропаша тәрбиеленген әскер *сипайлар* деп аталды.

Ойлан

Сипайлар деген кім? Оларды кім және қандай мақсатпен ұйымдастырды?

Сипайлардан үш үлкен әскер құрылған еді. Ең үлкені Бенгал әскері Ауд ұлысындағы жоғарғы каста өкілдерінен тұратын. Олардың қолындағы барлық жер иеліктерін ағылшындар алып қойған болатын. Сондықтан бенгалдықтардың наразылығы да өте күшті болды.

Ағылшын полковнигі К.Янг өз естелігінде былай деп жазды: «Жаңа патрондарды пайдаланудан бас тарту көтерілістің басталуының қарапайым сылтауы болды. Оны үнділер мен мұсылмандар алдын ала ойластырып та қойған. Көтерілістің шын себебі ағылшындардың ақылсыз билік жүргізуінен, түсініксіз, бейберекет саясаттан, Ауд билеушісінің тактан түсірілуі мен оның жерінің зорлықпен тартып алынуы сипайлар отбасылары мен сол аймақтан келгендер арасында қатты наразылық тудырғандығына күмәндануға болмайды».

Көтеріліс 1857 жылы 10 мамырда Дели маңында басталды. Көтерілісшілер ағылшын офицерлерін ұрып-соғып, Делиді басып алды және Ұлы Моғолдардың ең соңғы билеушісі II Бахадур шах билігін қалпына келтіргенін жариялады. Көтерілістің мақсаты Үндістанды ағылшын отарлауына дейінгі жағдайға келтіру

болды. Қозғалыс жаппай ағылшындарға қарсылық сипатта жүрді. Көтерілісшілер Ост-Үнді компаниясының үстемдігіне жеккөрінішті пиғылдарын ашына айтты.



Анықта

Сипайлар көтерілісінің шығуына қандай себептер болды?

Ағылшын үкіметі Үндістанда елеулі реформалар жүргізу қажеттігін түсінді.

Ост-Үнді компаниясын тарату туралы шешім қабылданды және Үндістанды билеу құқығы тікелей Ұлыбритания үкіметіне берілді. Ағылшын отаршылдары енді өздеріне тәуелді жергілікті билеуші әкімдер мен байларды өз жағына тарту мақсатында әрекет жасауға кірісті. Олармен тіл табысып, одақтасуға тырысты. Сипайларға кіші офицерлік қызметке көтерілуге рұқсат берілді. Жергілікті ауқатты топтар ағылшындардың осы азғана жеңілдіктеріне қанағаттанып, көтерілісшілердің қатарын тастап шықты. Ал көтеріліс әлсіреу кезеңіне аяқ басты. Көтерілісшілер арасындағы діни және этностық алауыздықтар оның жеңіліске ұшырауын тездетті. Үндістанның солтүстігінде тұратын сикхалар мен гуркалар мұсылмандарға қарсы болды, сондықтан олар мұсылмандардың Ұлы Моғол өкіметінің қайта орнауын қалаған жоқ. Оңтүстіктегілер де көтеріліске наразы еді. Екі үлкен қала — Бомбей және Мадрас әскерлері де көтерілісті құптамады. Ағылшындар керісінше бұл әскерлерді көтерілісті басу үшін пайдаланды. Солтүстік пен оңтүстіктегі барлық әскери күштерді жинақтап, ағылшындар көтерілісті күшпен басып-жаныштады. 1858 жылдан бастап көтеріліс партизандық сипатқа ие болды. 1859 жылы көтеріліс толық басылды.

Ойлан

Ағылшындар көтерілісшілер арасында қалай алауыздық тудырды?

Сипайлар көтерілісінен кейін Англияның Үндістандағы саясатына өзгерістер енгізіле бастады. Үндістан істері жөніндегі арнаулы министрлік құрылды. Үндістандағы әкімшілік билік вице-корольға, провинцияларды билеу губернаторға берілді. Үндістанда жанадан үш университет ашылып, оларда сабақ ағылшын бағдарламалары бойынша ағылшын тілінде жүрді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын капитализмі Үндістанды ағылшын тауарларын өткізу нарығына және ауыл-

шаруашылығы шикізаты көзіне айналдыра бастады. Ауылшаруашылығында мақта, шай, кофе, каучук өндіретін плантациялар ұлғайтылды. Сондай-ақ Англияға бұл елден бидай мен күріш тасылды. Ал Англиядан арзан дайын өнімдер Үндістанға әкелінді.

Ағылшындар үнділердің ішкі салт-дәстүрлеріне араласпаймыз деп мәлімдеді. Жергілікті ауқатты топтар мен кейбір шаруа-қауымдастар жекеменшікке жер иеліктерін алды. Ал қалған шаруалар жерді не сатып алуы, не жалға алуы тиіс болды. Егер жерді сатып алған жана қожайын бұл жерге тауарлы дақыл өсіргісі келсе, сол жердегі шаруаларды қуып шығып отырды.



Анықта

Ағылшындар Үндістанның экономикасын қанау үшін қандай тәсілдер қолданды?

Біліміңді тексер

1. Ағылшын отаршылдары Үндістанды толық отарлауды қалай аяқтады?
2. Солдаттар ағылшын офицерлерінің ықпалымен еуропалық әскери тәсілдерге үйренді, олардың қатаң бақылауында болды. Осы әскерде қызмет еткен үнділерді кім деп атады?
3. Үндістанның қандай әлеуметтік топтары қанаудың ауыр зардабын тартты?
4. Сипайлар көтерілісі қалай аяқталды? Қол жеткізген жетістіктерін атап көрсете аласың ба?
5. Дәптеріне кестені сызып, толтыр.

Сипайлар көтерілісі

Көтеріліс сипаттары	Көтерілісшілер мақсаттары	Негізгі оқиғалар	Жеңілу себептері	Нәтижесі мен мәні

§ 22. ҮНДІСТАНДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР. ҮНДІ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістан қоғамындағы өзгерістер. XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшындар Үндістан экономикасына капитал бөле бастады. Ең алғашқы капитал теміржол салуға арналды, соның нәтижесінде 1891 жылы елдегі теміржолдың ұзындығы 27 мың шақырымға жетті. Ағылшындар капиталды зауыттар мен фабрикалар салуға да жұмсады. Алғашқы тоқыма фабрикасы 1854 жылы Калькуттада пайда болды. Ағылшын өнеркәсібінің өткізу нарығы кенейді, енді ағылшын мәшинелерін Үндістанға экспортқа шығару ұлғайды. Зауыт, фабрика, теміржолдар мен телеграф байланыстарының көптеп салынуы Үндістанда өнеркәсіп төңкерісінің басталғандығын көрсетті. Оның дамуының нәтижесінде үнді капиталистері пайда болды. XIX ғасырдың соңына қарай үнді өнеркәсіп капиталының 1/3-і үнділіктерге тән болды. Жергілікті кәсіпкерлер тоқыма өнеркәсібіне капитал салуды белсенді түрде ұлғайтты. Бомбей қаласы тоқыма өнеркәсібінің орталығы ретінде өркендей бастады.

Бұл сабақта:

- Үндістанды басқарудағы өзгерістер мен Үндістан Ұлттық Конгресінің құрылу себептерін білетін боламыз;
- Конгрестің мақсаты мен міндеттерімен танысамыз;
- Үндістандағы мұсылман ағартушыларының отаршылдыққа қарсы күресінің басталуы туралы хабардар боламыз.

Тірек сөздер

- «Үндістан — көпұлтты мемлекет»
- Үнді Ұлттық Конгресі
- мұсылман ағартушыларының ұйымдары
- свараджа
- свадеши



Үнді тоқымашылары

Үнді тауарлары Англияда, Қытайда және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде сатылды.

Өнеркәсіп дамуына байланысты жұмысшылар саны өсті, олардың саны ғасырдың соңына қарай 1 миллион адамға жетті. Үндістанның мемлекеттік әкімшілік мекемелерінде отаршылдарға қызмет етуші орташа әлеуметтік топтар саны да артты. Олар дәрігерлер, заңгерлер, университет, колледж және мектеп оқытушылары болды. Олардың барлығы дерлік ағылшындар ашқан жергілікті университеттерде еуропаша білім алды.

Дәстүрлі қалыптасқан үнді қоғамындағы күрт өзгерістер, ескінің қирауы, жаңаның енуі үнді халқының әрқилы топтарына түрліше әсер етті. Біреулері көне арийлік кезенге қайта оралу, үнді өркеніеті қалыптастырған дәстүрлі қоғамды қайта орнату қажет десе, мұсылмандар ежелгі исламның құндылықтарын қайта жаңғыртып, ағылшындармен күресу қажет деп мәлімдеді. Бірақ көпшілік сауатты үнділер Батыстың еркіндік, теңдік, гуманистік идеяларын индуизммен, исламмен ұштастыра отырып, даму жолын іздеуді жақтады. Үндістанның қоғамдық дамуының артта қалғандығын мойындай отырып, оны жаңаша дамытуды көздеді.

Үндістан — көпұлтты мемлекет. «Үнділік» деп біз Үндістанда тұратын барлық халықтарды айтамыз. Ал үнділіктер өз кезегінде бенгалдық, пенджабтық, тамилік, хиндустандық деп бөлінеді. Олардың ұстанатын діндері де, тілдері де әртүрлі. Тек ағылшындар ғана бүкіл үнділіктерді бір қолға жинақтап ұстай алды. Олар бүкіл үнді жерін теміржол желісімен байланыстырып, біртұтас нарыққа біріктірді. Үндістанда біртұтас әкімшілік және заңдар жинағы пайда болды. Ағылшын тілі бүкіл Үндістанда ұлтаралық қатынас тілі болып қалыптасты. Бүкіл үнділіктердің отаршыл әкімшілікке қатысты біртұтас мүддесі қалыптасты. Ұлттық сана-сезімнің өсуі Үндістанды азат ету жолындағы ұлттық қозғалыстың қалыптасуына негіз болды.

Ойлан

Үндістан халқы тілі мен діні жағынан өзара бөліне ме, әлде біртұтасхалық па?

Үнді қоғамының сауатты тобы жатжерлік езгіге қарсы шығып, отаршыл өкіметтен әкімшілік реформалар жүргізуді, елді басқаруға үнді халқының өкілдері де қатысуын талап етті. Біртіндеп бұл әрекеттер ұйымдасқан қозғалысқа ұласа бастады. Ірі қалаларда дини-реформалық, ағартушылық және саяси-патриоттық ұйымдар

құрылды. Еуропалық үлгідегі жоғары оқу орындарында білім алған сауатты азаматтар отарлық қанауға наразылығын айқын көрсете білді. Осы либералдық топтар үнді ұлттық қозғалысының жетекші күші болды. Олар Үндістанның толық тәуелсіздігін емес, Британ империясы құрамындағы өзін-өзі басқару құқығына ие болуды көздеді және үнділіктер мен ағылшындардың құқықтарын теңестіруді талап етті.

Либералдар вице-король мен губернаторлар жанынан үнді тұрғындарының өкілдіктерін құруды ұсынды. Сондай-ақ олар жас үнді өнеркәсібін Англия тарапынан туып отырған бәсекелестіктен қорғау шараларын қабылдауды талап етті. Бейтарап либералдар үкімет рұқсат еткен шеңберде ғана әрекет жасады. Олар да еуропалық либералдар сияқты халықтың бұқаралық саяси қозғалысының өрлеуінен қорықты.

1885 жылы желтоқсанда бейтарап либералдар, яғни үнді буржуазиясы мен жер иеленушілерінің бастамасымен алғашқы жалпыүнділік саяси партия — Үнді Ұлттық Конгресі (ҮҰК) құрылды. Оның негізін қалаған үнді аukatты топтарының өкілдері Д.Наороджи, Г.К.Гокхале, М.Г.Ранаде, С.Н.Баннерджи және басқалар болды. Ұлттық Конгрестің ішкі құрылысы — либералдық және радикалдық екі ағымнан құралды. Либералдық қанатты ірі буржуазия, зиялы қауымның ең жоғарғы тобы мен ұлттық ірі



Бірінші Үнді Ұлттық Конгресі. 1885 ж.

жер иеленушілер құрады, ал радикалдық қанатта ұсақ буржуазия өкілдері, қала қызметкерлерінің орташа топтары мен шаруалардың ауқатты тобы болды.



Анықта

Үнді Ұлттық Конгресін қандай топтар құрған еді?

Конгрестің негізі қаланған алғашқы жылдарда оның нақты айқын бағдарламасы мен жарғысы болмады. Бірақ жыл сайын әртүрлі қалаларда өткізіліп отырған партияның жиындарында туындаған мәселелерге қатысты қаулылар қабылдап, осы шешімдерді партияның қызметін атқаруда басшылыққа алып отырды.

Үнді Ұлттық Конгресі құрылған алғашқы жылдарда ағылшын билігі оған жылыпейілділік танытып, оған қолдау көрсетті. Бұндай қолдаудың астарын Үндістандағы 1884—1888 жылдары вице-король болған лорд Дафферин былай деп ашып айтты: «Конгресс төңкеріске қарағанда арзанырақ». Яғни, халықтың төңкеріске шығып, жағдайды ушықтырғанынан гөрі, олардың өз ұйымдарын құруға рұқсат беріп, халықты жаппай көтеріліске шығудан сақтап, алдаусырату мақсатын көздеді.

Конгресс жетекшілері үнділіктердің вице-король мен губернатор жанындағы кеңесші ұйымға кеңінен тартылуын, кеңестің құзырына қаржы мен салық жүйесін бақылап отыру құқын беруді, үнділіктерден мемлекеттік қызметке келуін талап етті. Алғашқы жалпыүнділік ұйым Конгрестің құрылуы — үнді халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына зор ықпал етті.

1899 жылы Конгрестің уставы немесе Ата заңы (Конституция) қабылданды.

Ұлттық қозғалыстың өсуі — ағылшындарды кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр етті. XIX ғасырдың 80-жылдарында қалалар мен ауылдық жерлерде өзін-өзі басқару құқығы енгізілді. Сайлауға қаладағы ауқатты адамдар, ал ауылда жер иеліктері барлар ғана қатыса алатын еді.

1892 жылы Британ парламенті либералдардың тағы бір талабын қанағаттандырып, губернаторлар жанынан кеңесші ұйымдар құруға рұқсат берді. Ұлттық Конгрестің ішіндегі ұсақ буржуазиялық демократиялық бағыт ұстанған радикалдық топтың көсемі *Б.Тилак* болды. Б.Тилак: «Барлық еуропалық ықпалдарға индуизмнің дәстүрлі құндылықтарын қарама-қарсы қойып, Үндістанның ұлттық қозғалысы оны халық бұқарасы толық қолдағанда ғана жеңіске жетеді», — деп мәлімдеді. Олар халықты белсенді түрде отаршылдыққа қарсы күреске шақырып, ұлт-азаттық күреске

үндеді. Радикалдар ағылшын үстемдігіне қарсы күрес құралының бірі бойкот деп мәлімдеді. Бұл қарсылық күрестің түрі *свараджа* (өз билігіміз) және *свадеши* (өз өнеркәсібіміз) деп аталды. Оның мәнісі үнді халқының билігін өз қолына алуына қол жеткізу және жас үнді өнеркәсібін бәсекелестіктен сақтап қалудың бірден-бір жолы — ағылшын тауарларына бойкот жариялап, тек қана ұлттық тауарларды пайдалануға шақыру. Ағылшын өкіметі бұған қарсы жазалау әрекеттерін қолданып, оның ұйымдастырушыларын қамауға да алып отырды. Тилак та осы әрекеті үшін түрмеге қамалды.

Ойлан

Отаршылдыққа қарсы күресте Тилак қандай күрес тәсілдерін ұсынды?

XIX ғасырдың 80-жылдарында Үндістанда Үнді Ұлттық Конгресінен басқа мұсылман ағартушыларының ұйымдары да құрылды. Бұл ағартушылық қозғалыстың көсемі Саид Ахмед хан болды. Мұсылмандардың ағартушылық ұйымдары өз қатарынан сауатты әкімдер даярлап, мемлекеттік қызметке орналастырып отырды.

Сөйтіп, ағылшын отаршылдары Үндістанды толық отарлап, билік жүргізудің отарлық жаңа жүйесін құрды. Көпұлтты, әртүрлі діндегі Үндістан халқы отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестерін жалғастырып жатты.

Біліміңді тексер

1. Неліктен отаршылдар отарлық билік жүйесін өзгертуге барды деп ойлайсың?
2. Үнді Ұлттық Конгресін құруға кімдер атсалысты және оның маңызы қандай?
3. Үнді ұлт-азаттық күрестері неге жиілеп кетті?
4. Үндістандағы мұсылмандық ағартушылық ұйымдары не үшін құрылды деп ойлайсың?

§ 23. ДҮНИЕЖҮЗІН АУМАҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН БӨЛУДІ АЯҚТАУ

Бұл сабақта:

- отаршыл мемлекеттердің дүниежүзін өзара ықпал аймақтарына бөлісуін аяқтау үрдісімен;
- XIX ғасырдың соңында әскери-саяси блоктардың құрылуымен танысамыз.

Тірек сөздер

- Суэц каналы
- Мысыр отарлары
- Африканы бөлісу үшін күрес
- Үндіқытай
- Симоносеки келісімі

XIX ғасырдың соңына таман капитализмнің империализм сатысына өту кезеңінде капитализмге тән экономиканың әркелкілігі күшейе түсті. Экономикалық дамудың теңсіздігі дүниежүзілік саудадағы бәсекені ұлғайта түсті.

Шығыстағы дағдарыс жылдарында Англия Гибралтар, Жерорта теңізі, Суэц каналы және Қызыл теңіз арқылы Үндістанға апаратын қысқа теңіз жолын игере бастады. Бұл теңіз жолында тек Суэц каналы ғана Англияның бақылауынан тыс қалды. 1875 жылы Мысыр монархынан Суэц каналын сатып алған Англия бұл каналмен өтетін кеме қатынасын толық бақылауға мүмкіндік алды. Суэц каналына бақылау орнатқан, ал кейін Кипр аралын жаулап алған Англия Африкадағы Мысыр отарларын жаулап алу жоспарын дайындай бастады.

Ағылшын үкіметі Мысырда қарулы интервенция жүргізу бағытын ұстады. 1882 жылы ағылшын әскерлері Александрияны зеңбірекпен атқылап, Мысырды басып алды. Осындай сыртқы күрделі саясат жағдайында Франция қарулы күшпен Тунисті



Суэц каналы

жаулап алды. Англияның Мысырды, Францияның Тунисті немденуі капиталистік жыртықтардың әлі бөлінбеген Африканың орталық және батыс аудандарын жаппай бөлісу үшін күресіне түрткі болды. Африканы бөлісу үшін Англия мен Францияның бақталастығы XIX ғасырдың 80—90-жылдарындағы басты мәселеге айналды. Англия мен Франциядан кейін Африкаға Бельгия, Германия, Италия басқыншылары ұмтылды.

1884 жылы Конго өзені алабының басым бөлігін Бельгия бақылауына алды. 80—90-жылдары Франция өзінің иеліктерін Алжирмен көрші — Сахара шөлін қосу арқылы кеңейте түсті. 1886 жылы Франция Мадагаскар аралдарын жаулап алды.

Ойлан

Африканы отарлауда қандай мемлекеттер арасында бәсекелестік күрес жүрді?

Англия мен Францияның бөтен жерлерді жаулап алу барысында бақталасатын орны жалғыз Африка ғана болған жоқ. Оларды, сондай-ақ Азияның оңтүстік-шығысындағы бай аудандар қызықтырды. 1877 жылдың соңында Англия Малайзияны құлдыққа түсіруді аяқтады, сөйтіп, онда өзінің протектораттығын орнатты. Франция Үндіқытайдың оңтүстік бөлігін немденіп, Орталық Вьетнамға шабуылдады. Тек 90-жылдардың соңында ғана кескілескен соғыстардан соң Вьетнам Францияның қол астына өтті.

Англия 1885 жылы Бирманы жаулап алуға асықты. Францияның Вьетнамды бағындыруы және Англияның Бирманы басып алуы бұл мемлекеттерді енді Сиама (Таиланд) үшін күреске киліктірді. Ақырында басқыншылар бұл елді бөлісіп алды. Батысын Англия, шығысын Франция немденді.

1884 жылы Оңтүстік-Батыс Африкада бірінші герман отары пайда болды. 1884—1885 жылдары Камерунда, Того және Шығыс Африкада герман отарларының негізі қаланды. 90-жылдардың соңында Англия Африканы бөлісуді аяқтауға таяды. 1886 жылы ағылшындар генерал Китгенердің басшылығымен Суданды жаулап алуға кірісті. Содан кейін ағылшын әскері Ніл өзені бойымен жоғары қозғалды. 1898 жылы Фашод қарауыл бекетінде олар француз әскері бөлімдерімен кездесті. Мұнда ағылшын және француз әскерлері қарулы қақтығысқа түсті. Ағылшын үкіметі Францияға соғыс ашпақ болып қорқытты. Өзінің ежелгі жауы Германия жақын тұрғандықтан, Франция Англиямен соғыспауға шешім қабылдады. Француз әскері Фашодты тастап шықты, сөйтіп, 1899 жылы Англия мен Франция Африканы бөлісу туралы келісім жасасты.

Италиялық отарлау Италияның бірігуінен соң басталды. Жас корольдық өзін күшті сезініп, отарлық иеліктерін кеңейтіп жатқан басқа державалардан артта қалғысы келмеді. Сол уақытта «Қара материкті» бөлісу қызу жүріп жатқандықтан, италиялықтар да соған қарай ұмтылды. 1882—1885 жылдары Италия Абиссиния мен Қызыл теңіздің үлкен жағалауы бойындағы Ассаб қаласын және Массауа айлағын иемденді. Сондай-ақ Сомали түбегіне иелік жасады. Арабтармен соғыстан кейін италиялықтар 1884 жылы Кассала қаласын иемденіп, Абиссиниядан батысқа қарай жылжыды. Абиссиниямен (1895—1896) соғыста Италия сәтсіздікке ұшырады.

1894 жылы шілденің соңында Жапония Қытайға қарсы соғыс ашты. Соғыс 1895 жылы 17 сәуірде Жапонияның Симоносеки қаласында бітімге қол қоюмен аяқталды. Қытай Жапонияның сауда кемелері еркін кіретін бірнеше порттық қалаларын ашуға және Жапонияға соғыс шығындары үшін 200 миллион лян өтемақы төлеуге мәжбүр болды.

Жапонияға өтемақы төлеу үшін Ресей мен Франция Қытайға қаржылай несие берді. Ресей енді Қытайды Жапонияға қарсы әрекетінде өз жағына тарту мақсатымен 1896 жылы Қытаймен одақ жасасып, егер Жапония жағынан Қытайға басқыншылық жасалса, онда Қытайды қорғауға міндеттенді. Ал Қытай осыған жауап ретінде Ресейге Шығыс Қытай теміржолын салуға және пайдалануға концессия берді.

Ойлан

Ресей иеліктен Қытайға көмектесті, мақсаты қандай еді?

1897 жылдың соңында герман империалистері Қытайдың Циндао порты мен Цзяочжоу бухтасын басып алды және Шаньдун провинциясын өзінің ықпал ету аймағына айналдырды. Франция Қытайдың Гуанжоувань бухтасына өзінің ықпал жүргізуін қамтамасыз етті және көршілес Үндіқытайға теміржол құрылысын сала бастады. 1898 жылдың басындағы орыс-қытай келісімі бойынша Қытай Ресейге Порт-Артур мен Ляодун түбегін жалға берді.

XX ғасыр басында дүниежүзін аумақтық тұрғыдан бөлісу аяқталды. «Бос жер» тіпті қалған жоқ. Империалистік державалардың мақсаты тауар өткізу мен шикізат көзін соғыс арқылы табу болатын. Өздерін Африкадағы бөлістен құралақан қалдық деп есептеген герман империалистері оның орнын Таяу Шығыстағы басқыншылық әрекетімен толтырмақ болды.

1898 жылы II Вильгельм түрік сұлтанымен кездесті және Босфор — Кіші Азия — Месопотамия — Кувейт — Парсы шығанағына шығатын үлкен теміржолды бірігіп салуға келісті.

Англия Германияның Түркияға енуіне қатты мазасызданды. Өйткені ол Арабия мен Месопотамияны жаулап алуды жоспарлап жүрген. Ал немістердің Парсы шығанағына жылжуы Үндістанға қауіп төндірді. Германияның шығанаққа шығуын кесіп тастау үшін Англия 1901 жылы Кувейт портын басып алды. Мұның бәрі екі империалистік жыртықтардың арасындағы қайшылықтарды шиеленістіре түсті.

Ойлан

Англия неге Германияның Түркияны отарлауына қарсы болды?


Франция-Пруссия соғысы 1871 жылы *Франкфурт бітіміне* қол қоюмен аяқталды да, халықаралық жағдайға түбірлі өзгерістер әкелді. Бұл өзгерістердің бірінші себебі капитализмнің әрқелкі дамуының күшейе түсуі болды. Бұл әсіресе біріккен Германияның индустриясы жедел дамуынан айқын көрінді. Эльзас пен Лотарингияны иемденген және Франциядан өтемақы ретінде 5 миллиард франк алған Германияның экономикасы күшейе түсті.

Франция мен Германияның арақатынасы басқа мемлекеттердің өзара арақатынасына үлкен әсер етті. Экспансиялық сыртқы саясатын күшейте түскен кайзерлік Германия кез келген елмен әскери шиеленіске түсе қалған жағдайда, Францияның міндетті түрде сол елдің одақтасына айналарын біліп отырды. Сондықтан Бисмарк Германияға көрші елдер мен Францияның арасын алшақтату үшін шешуші қадамдар жасауға асықты. Германия империясының экономикасы және әскери қуаты Австро-Венгрияның сыртқы саяси бағытының өзгеруіне әсер етті.

Алайда 1874—1875 жылдары Германия Францияны оңай талқандай алатын еді, бірақ онда өзге елдермен дипломатиялық жағдайы күрделене түсетін-ді.

Патшалық Ресей Германияға Францияны талқандауға жол бермейтінін үзілді-кесілді ескертті. Ресейден соң ағылшын өкіметі де Германияның Францияға қарсы басқыншылығына келіспейтіндігін білдірді. Сөйтіп, Ресей Францияға қарсы герман басқыншылығының жолында басты кедергі болды. 70-жылдар басында Балкан түбегінің көптеген халқы түрік езгісінде болды. Болгария, Босния, Герцеговина, Македония, Албания, Эпир, Фессалия, Сербия мен Румыния түрік сұлтанының билігінде болды және оған алым-салық

XIX Ф. СОҢЫ — XX Ф. БАСЫНДАҒЫ



БАТЫС ЕУРОПА



төлеп тұрды. Түркияның езгісіндегі халықтардың ұлт-азаттық күресі 70-жылдар ортасында жана, біршама ұйымдасқан кезеңіне өтті.

1875 жылы жазда, алдымен Герцеговинада, содан кейін Боснияда түрік үстемдігіне қарсы көтеріліс тұтанды. Түрік әскерлерінің тықсыруымен сербтер жеңіліске ұшырады. Серб өкіметін құпия жақтап отырған Ресей Түркия ғана емес, Еуропа державаларымен де қақтығысқа барғысы келмеді.

Герман өкіметі Балқандағы Австро-Венгрия басқыншылығын қолдай отырып, Ресейді Түркиямен соғысқа итермеледі. Ресейдің көңілін Еуропадағы мәселелерден басқа жаққа аударуға тырысты, сөйтіп, Германия Францияны екінші рет талқандауға мүмкіндік алғысы келді.

Ойлан

Ресейнеліктен Қытайға көмектесті, мақсаты қандай еді?

1877 жылы 24 сәуірде Ресей Түркияға соғыс жариялады. Орыс әскерлері Адрианопольді алып, Константинопольды құлатуға жақын қалған кезде түрік өкіметі бітімге келісім сұрады.

1878 жылы 3 наурызда Сан-Стефанода Ресейге Карс, Ардаган, Баязет және Батуми қалаларын беру және Қырым соғысынан соң Ресейден тартып алынған Бессарабияның оңтүстік бөлігін қайтаруды қарастырған бітімшартына қол қойылды. Бұл шарттың бір пункті Балқан мемлекеттерінің аумақтық құрылымына қатысты болды. Өзіндік біртұтас Балқан мемлекеттері: Черногория, Сербия және Румыния заңды түрде толық тәуелсіздік алды. Болгария Сан-Стефано шарты бойынша Константинопольға жақын келіп, Эгей теңізі жағалауының бірқатар бөлігін қосып алды. Осылайша Сан-Стефано шарты серб және румын халықтарын түрік езгісінен толық азат етті және Болгарияның жартылай азаттық алуына жол ашты.



Анықта

Қандай елдер түрік езгісінен азаттық алып, тәуелсіз ел болды?

Ағылшындық билеуші топ Ресейдің Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі өзінің позициясын күшейту үшін Болгарияны пайдаланады деп қауіптеніп, болгарлардың шекарасын анықтау «сызығын» тапты. Ол «сызық» Балқанда үстемдікке ие болып отырған Англия үшін қолайлы жағдай тудырды.

1878 жылы 13 маусымда шақырылған Берлин конгресі Сан-Стефанода қабылданған шешімдерді қайта қарау туралы мәселелерді талқылай бастады. Конгресс жұмысы нәтижесінде Берлин трактатына қол қойылды. Ол бойынша Карс, Ардаган, Батуми Ресейге өтіп,

Баязет Түркияда қалды. Ресейге Оңтүстік Бессарабия қайтарылып, Добруджа Румынияға өтті. Сондай-ақ Черногория, Сербия және Румыния тәуелсіздігі бекітілді.

Берлин трактаты бойынша Болгарияның аумағы бірден қысқартылды. 1877—1878 жылдары болған орыс-түрік соғысы Балкан халықтарының ұлттық тәуелсіздік алуына мүмкіндік берді, ол Болгария ұлттық мемлекетінің құрылуын тездетті.



Анықта

Картадан Берлин трактаты бойынша кімдерге қандай жерлер өткенін көрсет.

Ресеймен достық қатынастан айырылған Бисмарк Австро-Венгриямен жақындасуға тырысты. 1879 жылы 7 қарашада Венада Австро-Герман шартына қол қойылды. Италияның Тунисті басып алуы Германия тарапынан қолдау тапты.

Әскери-саяси блоктардың құрылуы. Берлин конгресінің нәтижесінде қалыптасқан Еуропадағы күштердің жаңа арасалмағы, мемлекеттердің отаршылдық бәсекелесінің көрініс табуы (ең алдымен Англия мен Францияның және Англия мен Ресейдің) *Үштік одақтың* қалыптасуына әсер етті.

Батыс мемлекеттерінің дүниежүзін қайта бөлісу күресінің күшеюіне байланысты олардың бәсекелестігі 80-жылдардың басында жаңа аудандарға тарады. Ежелгі отаршыл мемлекеттердің ішінде Англияның әртүрлі бағыттардағы қимылдары табысты болды: ол Қытайда, Ауғанстанда, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Оңтүстік Африкада, Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде өз ықпалын нығайтты. Одан Франция да қалыспады. Бұрын басып алған аумақтарды қанауын жалғастырып, отар және жартылай отар елдерге едәуір мөлшерде қаржы бөле отырып, жаңа жерлерді басып алуға ұмтылды. Бұл жөнінен Германия тарапынан қолдау тапты; себебі, ол Францияның назарын еуропалық саясаттан аударып, француз капиталын отар аймақтарға бағыттап, келешекте ағылшын және итальян капиталымен бәсекеге итермелеуге тырысты.

Италия буржуазиясы Германиямен жақындасуға бет бұрды. Ондағы мақсаты онымен ортақ бәсекелестері — Францияға қарсы бірігу болатын. Ол үшін Италия алдымен австро-герман одағына ену үшін Австро-Венгриямен келісімге келу жолын қарастыруға тиіс болды. Нәтижесінде 1882 жылы 20 мамырда Германия, Австро-Венгрия және Италия арасында Үштік одақ деп аталатын одақтық шартқа қол қойылды. Шарт 5 жылға жасалынды және ол әрбір 5 жыл сайын жаңартылып отыру арқылы 1887 жылға дейін созылып келді. Шарт Үштік одақтың әрбір қатысушы мүшесі басқа елмен соғысып қалған жағдайда Франциядан басқа елдерге бейтараптық

сактауға міндеттенді. Бисмарктің орнына келген жаңа канцлер Капривидің сыртқы саясатта ұстанған «жалпы бағыты» бойынша Германия француз-орыс блогына қарсы соғысқа дайындалуға тиіс болды.

1887 жылғы француз-герман қақтығысынан кейін Франция өкіметі Петербургте Ресеймен әскери одақ құру мүмкіндіктерін ойластыра бастаған.

Француз-орыс одағы. 1891 жылы тамызда француз-орыс пакті жасалды. 1893 жылы жазда француз Бас штабының өкілдері мен орыс Бас штабының өкілдері әскери конвенцияға қол қойды. Ол өте құпия сипатта болды. Әскери конвенция 1893 жылдың соңында бекітілді. Осылайша 1891, 1892 және 1893 жылдардағы келісімдермен француз-орыс одағы ресми сипат алды.

Ойлан

Үштік одақты қандай мемлекеттер құрды? Олар кімдерге қарсы саясат ұстады?

Германия өзінің алдына дүниежүзін бөлісуге байланысты ауқымды міндеттер қоя отырып, аса қуатты флот құруға кірісті. Ағылшын-герман бақталастығы күшейе түсті, Англия дүниені бөлісу үшін болатын соғыста өзіне одақтастар іздестіре бастады. Англия мен Франция арасында одақ туралы келіссөздер басталды.

Пікірталас

Француз-орыс одағына тағы кімдер қосылғысы келді? Қандай мақсатпен?

Құрылған екі әскери одақ бір-бірінен асып түсіп, күш көрсетуге кірісті. Бұл екі жақтың соғысқа әзірлігін тездетті. Еуропа мен әлем халқы екі әскери одақтың талан-таражына айналып, дүниежүзілік соғыстың табалдырығына таяды.

Біліміңді тексер

1. Англия мен Франция арасындағы бақталастық күрес XIX ғасырдың соңғы ширегінде қай құрлықта шпеленісе түсті?
2. Қиыр Шығыста қай ел басқыншылық саясатқа көшіп, көрші елдерге көз аларта бастады?
3. Сан-Стефано келісімі бойынша қандай елдер өз тәуелсіздігіне қол жеткізді?
4. Неліктен Бисмарк Франциямен басқа елдердің арасын шпеленістіруге ұмтылды?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. «Тарихи диктант»

1815 жылы маусымда Вена конгресінің актісімен ... құрылды. Одаққа 35 егеменді монархия, 4 ерікті қала — ..., ..., ... пен ... кірді. Жеке мемлекеттердің экономикалық бірігуінде 1834 жылы ... бастамасымен 18 мемлекетті біріктірген ... құрылды. Бұл одақтың құрылуы үлкен мәнге ие болды, өйткені ортақ ... кеңістік қалыптаса бастады.

2-тапсырма. Ашық тест тапсырмалары.

1. Пруссияның ұсынысымен 1834 жылы құрылған одақ.
2. «Темір канцлер» Отто фон Бисмарктің тірегі болған партия.
3. Италиядағы өнеркәсіп төңкерісінің басталған мерзімі.
4. Германиядағы революциялық қозғалыстар қашан басталды?
5. Италиядағы елді азат ету және біріктірудегі күрес үшін құрылған ұйым.
6. Австрия-Пруссия соғысы қашан басталды?
7. Германия империясының алғашқы канцлері.
8. 1848 жылы Италияда революция басталған жер.
9. Біріккен Италияның саяси құрылымы.

3-тапсырма. Оқиғаларды хронологиялық ретімен орналастыру

Франция Қытайға соғыс ашты, Жапон-Қытай соғысы, Сунь Ятсеннің өмір сүрген уақыты, Қытайды қайта өркендету қоғамы, Қытайға интервенция, Қорытынды хаттамаға қол қойды.

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрастыру.

Ағылшындардың отарлық әрекеті, шетелдік миссиялар, Гунхан сауда монополиясы, ашын соғыстары, Нанкин, Пекин келісімшарттары.

5-тапсырма. Жабық тест тапсырмалары.

1. XVII ғасырда шаруалар басына қандай ауыртпалықтар түсті?
 - а) жер иеліктерінен айырылды;
 - ә) салық көлемі өсті, тұрмыс деңгейі нашарлады;
 - б) саудаға қажетті өнім өндіре бастады.
2. 1861 жылы Италия королі кім болып жарияланды?
 - а) II Виктор Эммануил;
 - ә) Кавур;
 - б) Гарibaldi.
3. Қытайдағы көтерілісті кім басқарды?
 - а) Шин Хуанди;
 - ә) Ли Цычэн;
 - б) Ляо Цзу.
4. «Шэньшилер» деп кімдерді атады?
 - а) қарапайым қызметшілерді;
 - ә) ғылыми дәрежесі бар оқымыстыларды;
 - б) ақсүйектерді.
5. Қытайдағы колөнердің ең кең таралған түрі?
 - а) жібек өндірісі;
 - ә) фарфор өндірісі;
 - б) тау-кен өндірісі.
6. 1757 жылы еуропалықтардың Қытайға келуіне тығым салған император:
 - а) Цяньлун;

- ә) Сюсюань;
 б) Кан Ювэй.
7. Синьцзян сөзінің мағынасы:
 а) Жаңа мемлекет;
 ә) Жаңа шегаралық аймақ;
 б) Жаңа облыс.
8. Бірінші ашын соғысы болған жылдар:
 а) 1839—1841жж.;
 ә) 1840—1842жж.;
 б) 1842—1844жж.
9. 1858 жылы Ресей үшін сәтті болған келісімшарт:
 а) Айгүн келісімі;
 ә) Нанкин келісімі;
 б) Нерчинск келісімі.
10. 1850—1864 жылдары болған көтеріліс:
 а) ихэтуандар;
 ә) «сары орамалдылар»;
 б) тайпиндер.
11. Ағылшын отарларына қарсы күрескен үнді халқының көтерілісі болған жылдар:
 а) 1857—1859жж.;
 ә) 1849—1852жж.;
 б) 1853—1858 жж.
12. XX ғасырдың басындағы Үндістандағы Б.Тилак басқарған ұсақ буржуазияшыл демократтардың негізгі талабы:
 а) жұмысшылардың жағдайын жақсарту;
 ә) демократиялық мемлекет құру;
 б) тәуелсіз Үндістан Республикасын құру.
13. Үндістандағы алғашқы тоқыма фабрикасы пайда болған қала:
 а) Бомбей;
 ә) Калькутта;
 б) Дели.
14. Үнді Ұлттық Конгресі қай жылы құрылды?
 а) 1875 жылы;
 ә) 1885 жылы;
 б) 1895 жылы.
15. Ағылшын тауарларына байкот жариялап тек қана ұлттық тауарларды пайдалануға шақыру —
 а) свараджа;
 ә) свадешн;
 б) сикка.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КҮШЕЮІ. ҚИЫРШЫҒЫСТЫҚ САЯСАТ. «ЖАПОНИЯНЫ АШУ»

§ 24. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚШ-ТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ. «МОНРО ДОКТРИНАСЫ»

АҚШ-тың «Айқын болашақ» идеясы немесе оның аумағын кеңейту. XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ өз аумағын қарқынды түрде кеңейтуді бастады. Жаңа аумақтарды отар елдерден сатып алу немесе әлсіз қарсыластардан қарулы жолмен тартып алу арқылы іске асырды.

XVIII ғасырдың соңынан бастап АҚШ-та Луизиананы, Испанияға тиесілі аймақтар — Батыс және Шығыс Флориданы қосу жоспарлары жасалынды. Миссисиппи сағасын пелену маңызды стратегиялық мәнге ие болды, бұл Мексика шығанағына шығумен теңіз саудасының мүмкіндіктерін кеңейтті. 1801 жылы Франция өзіне Луизиананы қайтарды, ал 1803 жылы Т.Джефферсон Наполеоннан 15 миллион долларға Мексика шығанағынан Канадаға дейінгі созылған үлкен Луизиананы сатып алды. Нәтижесінде мемлекет екі есеге ұлғайды. Луизиананың АҚШ-қа қосылуы өз аумағын кеңейту бойынша америкалық саясаттың тек бірінші қадамы болды.

1812—1814 жылдары Құрама Штаттар Канаданы Англиядан тартып алу әрекетін жасап, оған соғыс жариялады, бірақ соғыс қимылдары АҚШ үшін сәтсіз болды. 1814 жылы бейбіт келіссөздер нәтижесінде Гент қаласында бітімшартқа қол қойылды. Штаттар жаңа аумақтарды пелене алмады, бірақ бітімшартта тағы бір рет АҚШ-тың тәуелсіздігі расталды.

Англиямен болған соғыстан кейін Құрама Штаттар өз назарын солтүстікамерикалық құрлықтың оңтүстігіне бөлді, мұндағылар әлсіз Испанияны пеленуге қызығушылық танытты. 1819 жылы АҚШ

Бұл сабақта:

- АҚШ-тың «Айқын болашақ» идеясы немесе оның аумағын кеңейту туралы;
- «Монро доктринасы», АҚШ-тың экономикалық дамуы, құлдықты жою қозғалысы және АҚШ-тың екі партиялы жүйесімен танысамыз.

Тірек сөздер

- «Айқын болашақ» идеясы
- «Монро доктринасы»
- фермерлік
- шаруашылық
- плантациялық құлдық
- аболиционизм

1783—1867 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ-ТЫҢ АУМАҚТЫҚ КЕҢЕЮІ



Анықта

Топта картадан XIX ғасырдағы АҚШ аумағының өсуін көрсетіңдер.

Флори даны мардымсыз өтемақы жолымен өзіне беруге Испанияны мәжбүр етті.

АҚШ-қа бірқатар аумақтарды Орегон, Техас сияқты жерлерді АҚШ-қа қосып алу үшін «Айқын болашақ» идеясы қолданылды. Бұл идеяның маңызды тұсы Құрама Штаттар және олардың халқы басқа елдерден ерекше деген қағида болды. АҚШ мемлекеті бүкіл әлемнен келген адамдардың бірлестігі еді. Олар еркіндік, адамдардың құқықтары, демократия, заңның үстемдігі адамгершілік, игілік, әділеттілік, жекеменшік және конституциялық үкімет сияқты қағидалары бар мемлекет деген ұғымды білдірді.

1846 жылы АҚШ Тынық мұхиты жағалауындағы Орегонның үлкен бөлігін өзіне қосып алды. 1846—1848 жылдары Америка-Мексика соғысының нәтижесінде Мексика АҚШ-қа Техас, Калифорния, Аризона, Нью-Мексико, Невада, Юта және Колорадоның

бөлігін беруге мәжбүр болды. 1867 жылы бар болғаны 7 миллион долларға АҚШ Ресейден Алясканы сатып алды. Осылайша елдің Атлантикадан Тынық мұхитына дейінгі қазіргі аумағы құрылды. Кейінгі жылдары АҚШ-тың иеліктері Тынық мұхиты бассейніндегі аралдарды жаулап алу есебінен ұлғайды.


Осылай XIX ғасырдың ортасында АҚШ аумағы шамамен 10 есеге арты. АҚШ аумағының кеңеюі тұрғындардың да жылдам өсуімен қатар жүрді. Бұл тек табиғи өсіммен ғана емес, сонымен қатар Еуропадан келген көші-қон және Батыс Африкадан құлдарды алып келу есебінен де болды.

«Монро доктринасы». АҚШ-тың сыртқы саясатын одан әрі негіздеу «Монро доктринасын» қабылдаудан көрініс тапты. 1823 жылы президент Дж. Монро тарихқа «Монро доктринасы» атауымен енген жарлықты жариялады. Құжатта АҚШ Англиядағы сияқты басқарудың монархиялық формасын қаламайтындығы және оның таралуына жол бермейтіндігі туралы айтылды. Құжатта еуропалық мемлекеттердің АҚШ-тың ішкі істеріне араласпау идеясы негізделді.

Америка құрлығында испан-португал отарларының бөлінуі нәтижесінде жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылды. АҚШ үкіметі ел аумағын испан-америкалық иеліктер есебінен кеңейту перспективасынан бас тартқысы келмеді. Доктринаға сәйкес америкалық үкімет кез келген латынамерикалық елге жасалған қастандықты АҚШ-қа жасалған соққы ретінде қабылдады. «Америка — америкалықтар үшін» деген аймақтық патриотизм қағидаты осылай жарияланды.

АҚШ өзін екі америкалық құрлықтағы тұрақтылықтың кепілі, бұл аймақтарға еуропалық державалардың отарлық басып алу мақсатымен енуіне жол бермейтін мемлекет ретінде көрсетті.

«Монро доктринасы» америкалық окшаулану саясатының негізін қалады. Ол елдің сыртқы саясатында бір ғасыр бойы үстемдік етті және іс жүзінде Латын Америкасын АҚШ-тың маңызды мүдделері бар аймағы ретінде таныды.



«Монро доктринасы»

Ойлан

«Монро доктринасы» қандай негізгі қағиданы дәлелдеді?

АҚШ-тың экономикалық дамуы. XVIII ғасырдың соңындағы Америкалықтардың Англияға қарсы тәуелсіздік үшін соғысы АҚШ-тың капиталистік дамуына жағдай жасады. Экономиканың қарқынды дамуына қолайлы климат және пайдалы кен қазба байлығы мүмкіндік берді. Алайда АҚШ-та капиталистік қатынастар біркелкі дамымады. Егер Солтүстік штаттарда буржуазиялық ережелер, фермерлік ауылшаруашылығы тез бекітіліп, капиталистік өнеркәсіп өссе, оңтүстік штаттарда құлленушілік жүйе үстемдік етті. АҚШ-тың аумағы өсуімен қатар құлдық жана жерлерге тарады, бұл капитализмнің дамуына айтарлықтай қауіп төндірді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы АҚШ-тың әлеуметтік және экономикалық дамуы елдің XX ғасырдағы бұрын-соңды болмаған экономикалық өсуінің бастамасы ғана болды. АҚШ өнеркәсіппен ауылшаруашылығының дамуы бойынша басқа елдердің алдында көш бастады. Жер үшін күрес өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Америкада феодалдық түрдегі помещиктер және басыбайлы шаруалар болмады. Скваттерлік саясат жүргізілді. Ол «бос» жерлерді, яғни байырғы тұрғындар — үндістердің жер телімдерін тартып алу дегенді білдірді. Алайда жер ауып келгендерге де ақша керек болды. Ірі және кішігірім жер иелері арасында күрес болып жатты.

Солтүстіктегі скваттерлік пен батыстағы жерлерді мемлекет иелігіне алу капитализмнің егіншаруашылығының фермерлік жолмен



XIX ғасырдағы АҚШ өндірісінің өсуі

дамуы үшін негіз қалады. Алайда Оңтүстікте құл еңбегіне негізделген ірі жериеленушілік сақталды. Солтүстік штаттарда құлдық XIX ғасырдың басында жойылса, Оңтүстікте 1860 жылы 4 миллион құлдар болды. Оңтүстіктің құлиеленушілік штаттарында плантаторлар — құлиеленушілер басшылық етті. XVIII ғасырдың соңынан мақта өсіре бастаған олар байлыққа, құдіретке және ықпалға ие болды. Мақта плантациясынан басқа Оңтүстікте темекі, күріш және кант плантациялары да болды. Оңтүстіктің плантаторлары үнемі жаңа жерлерге мұқтаж болды, өйткені мақта мен темекі топырақтың құнарлылығын жойып жіберді және батыстағы құнарлы жерлерді жаулап алуға тырысты. Бірақ бұл жерлерге Солтүстікамерикалық буржуазия, фермерлер, жер ауып келгендер де үмітті еді.

Осылайша XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ-та буржуазиялық дамудың екі жолы айқын көрінді: бірі — солтүстіктегі фермерлік шаруашылық, екіншісі — оңтүстіктегі құлиеленушілік плантациялық шаруашылық.

Оңтүстіктің құлиеленушілері мен солтүстіктің буржуазиясының ауылшаруашылығында буржуазиялық дамудың осы немесе басқа түрін орнатқандығы үшін пайда болған қатығыстар сәтсіз болды. Плантаторлар жаңа құлиеленушілік штаттар құруға қызығушылық танытты. Солтүстік буржуазиясы бұған қарсы болды. Бұл екі экономикалық жүйе нығайтылған буржуазия мен әлсіреген құлиеленушілер арасындағы қырғын күрестің бастамасы болды.

Ойлан

АҚШ-тың экономикалық дамуының екі жолының айырмашылығы қандай болды?

Құлдықты жою қозғалысы. XIX ғасырдың ортасында АҚШ-тағы саяси күрестегі аса шешеністі мәселе құлдық мәселесі болды. Құлдар қатаң эксплуатацияға қарсылық көрсетті. Олар Солтүстік штаттарға қарай қашты, құлиеленушілерге қарсы қарулы көтерілістер жасалды. Үкімет әскерлері және жергілікті жасақтар көтерілісшілерді аяусыз жазалады. Оңтүстіктегі Линч соты құлдарға сотсыз және тергеусіз жаза қолданды. Бұл америкалық қоғам тарихындағы жантүршігерлік оқиға болатын.

Құлдардың оңтүстіктің құлиеленушілік штаттарынан солтүстікке жөнелту әрекетімен «Жерасты теміржолы» атты жасырын ұйым айналысты. 1830—1861 жылдар осы жолмен Солтүстікке 60 мыңнан аса құл жөнелтіліп, оларға еркіндік беру мүмкіндігі туды.

Құлдардың көтерілісі тек құлшеленушілердің әрекетімен ғана аяқталған жоқ. Елде құлдықты жоюға байланысты жалпы ұлттық қозғалыс — *аболиционизм* (ағылш. abolition — жою) басталды, бұл солтүстікамерикалықтардың күштерін біріктірді. АҚШ-тағы құлдықты жоюды жақтағандар — *аболиционистер* деп аталды.

АҚШ-тың екіпартиялы жүйесі. XIX ғасырдың басында федералистер және демократиялық-республикашылдар саяси партияларының келіспеушілігі шиеленісіп кетті. Елдегі плантаторлардың ұстанымы өте мықты болды. 1828 жылы олар демократиялық партияға бірікті және біраз үзіліспен 30 жыл билікте болды.

Солтүстік пен оңтүстіктің арасында қарбаластық арта берді, оның себебі екі аймақтың экономикалық мүдделерінің қайшылығы болды. Оңтүстікке қарсы 1854 жылы Чикаго қаласында құрылған республикалық партиясы шықты. Партия мемлекеттегі құлшеленушілік қағидаларды түп-тамырымен жоюды және мұқтаждарға жерді таратып беруді жақтады. Республикалық және демократиялық партиялар арасындағы күрес солтүстікте дамып келе жатқан еркін нарықтық қатынас пен оңтүстіктегі құлшеленушілік жүйенің қарама-қайшылықтарын көрсетті.

Ойлан

Демократиялық және республикалық партияның айырмашылығы неде болды?

Біліміңді тексер

1. АҚШ-тағы «Айқын болашақ» идеясының мақсаты неде болды?
2. Аболиционистер деген кімдер?
3. Оңтүстік штаттардағы құлдар қандай қарсылық түрлерін қолданды?
4. Неге құлдар Солтүстікке қашуға тырысты?

§ 25. 1861—1865 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ АҚШ-ТАҒЫ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ КЕЗЕҢІ

АҚШ-тың солтүстігі мен оңтүстігі арасында келіспеушіліктің тұтануы. Өнеркәсіп солтүстікте дами бастағанда, оңтүстік аграрлық болып қала берді және бірталай артта қалды. Алайда мемлекетті басқару бұрынғыдай оңтүстік штаттардың қолында болды. Бұл солтүстіктің наразылығын тудырды.

Плантаторлардың Батыстағы жаңа жерлер есебінен шаруашылығын кеңейтуге тырысуы фермерлермен келіспеушіліктер тудырды. Фермерлер жаңа аумақтарда құлдыққа шектеу қоюды талап ете бастады. Құлдыққа қарсы шығушылар мен жақтаушылар арасында қарулы қақтығыстар басталды.

Республикашылар жер туралы мәселені түбегейлі фермерлер пайдасына шешуді көздеген оңтүстіктің барлық наразы саясаткерлерін біріктірді. Оңтүстіктіктер оңтүстік штаттар аумағында құлдықты шектеу плантациялық шаруашылықтардың құлдырауына әкеледі деп қауіптенді. Олардың көпшілігі АҚШ-тан бөлінуді, оңтүстік штаттар аумағында құлдықты біржола заңдастыруды, жаңа мемлекет құруды талап ете бастады.

Бұл сабақта:

- АҚШ-тың солтүстігі мен оңтүстігі арасында келіспеушіліктің тұтануы;
- 1861—1865 жылдардағы АҚШ-тағы азамат соғысы;
- АҚШ-тың өнеркәсіптік көтерілуі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы;
- Испан-Америка соғысы, АҚШ-тың қиыршығыстық саясаты туралы білеміз.

Тірек сөздер

- құлиеленушілік
- азаматтық соғыс
- гомстед
- құлдықты жою
- сепаратизм
- Жапонияны «ашу»
- Гавай

Ойлан

Солтүстік пен оңтүстік арасындағы азаматтық соғыстың себебі неде?

1860 жылы күзде Американың озық қайраткерлерінің бірі, көрнекті республикашыл Авраам Линкольн президенттікке сайланды. Оның саясаты құлдыққа қарсы болды. 1860 жылы желтоқсанда Оңтүстік Каролина штаты өзінің одақтан кететіндігін жариялады. Нәтижесінде 1861 жылы ақпанда он бір оңтүстік штат жаңа мемлекеттің Америка штаттары Конфедерациясының құрылғандығын жариялап, президенттікке ірі плантатор Джефферсон Дэвисті сайлады.



А. Линкольн

1861—1865 жылдардағы АҚШ-тағы азамат соғысы. Бірінші қарулы қақтығыс 1861 жылы 12 сәуірде болды. Президент А.Линкольн Оңтүстікті теңіз жағынан қоршауға алып, оңтүстік штаттардағы көтерілісті басу үшін үкімет әскерінің құрамына 75 мың еріктілерді шақырды. АҚШ тарихындағы ең қантөгісті соғыс — солтүстік пен оңтүстік арасындағы азамат соғысы осылай басталды. Бұл соғыс екі қоғамдық жүйенің арасындағы экономикалық және әлеуметтік-саяси жалдамалы еңбек пен құлдық жүйедегі қарама-қайшылықтардың өршуінің нәтижесі болды.

Азамат соғысында Солтүстіктің көп артықшылығы болды. Ол 22 миллион тұрғынымен 23 штатты, ал Оңтүстік тек 9 миллион тұрғыны бар 11 штатты біріктірді. Экономика саласында да солтүстік едәуір жоғары тұрды. Бүкіл қару-жарақ өндірісі, паровоз, вагон, тоқыма және аяқ киім өндірісінің барлығы солтүстікте шоғырланған еді.

Алайда кейбір артықшылықтар Оңтүстік тарапында да болды. Оңтүстік күшті әскери дайындыққа ие болды. Барлық ер адамдар қаруды пайдалана білді. 1861 жыл солтүстік үшін тек жеңіліс әкелді. Соғыстағы бетбұрыс А.Линкольн үкіметінің шаралары нәтижесінде жүзеге асты. 1862 жылы А.Линкольн үкіметі соғысты жүргізудің революциялық әдістеріне көшті. Әскер солтүстікке қашып келген мыңдаған еріктілер мен құлдармен толықтырылды, жаппай әскери міндеттіліктер енгізілді, бүлікшілердің мүліктері тәркіленді. Ең басты нәрсе А.Линкольн үкіметімен екі маңызды заң: Гомстедтер туралы заң (1862) және «Құлдарды азат ету актісі» (1862) қабылданды.



У. Грант

Гомстедтер туралы заң Құрама Штаттарға қарсы көтеріліске қатыспаған және 10 доллар салық төлеген кез келген азаматқа бос жерлеріндегі 160 акр (65 га) жер телімін, яғни иелену құқығын берді. Жерде бес жыл тұрғаннан кейін ол тегін сол адамның меншігіне өтті. Бұл аграрлық мәселенің түбегейлі шешімі болды.

Екінші заң барлық құлдарды 1863 жылы 1 қаңтардан бастап ерікті деп жариялады. Конфедерацияның енді берік қорғанысы болмады, ал құлдар болса солтүстік жағына шығып, федералды әскердің құрамында қызмет ете

бастады. Әскери бастама солтүстікке көшті. 1864 жылы солтүстіктің бас қолбасшысы болып генерал У. Грант тағайындалды. Оның әскері конфедерация астанасын қоршап алды және 1865 жылы оны иеленді. 1865 жылы көктемде оңтүстіктіктер жеңіліс тапты, әскери әрекеттер аяқталған соң 5 күннен кейін, президент Авраам Линкольн өлтірілді.

1861—1865 жылдары соғыс өте қатал және қантөгісті болды. Соғыста солтүстіктің жеңіске жетуі мемлекеттің бытыранқылығын жоюды, құлдықты болдырмауды, елдің батысындағы аграрлық мәселелерді демократиялық шешуді, АҚШ-тың үлкен аумағындағы ауылшаруашылығының дамуының фермерлік жолының жеңісін, азаматтардың демократиялық құқықтарын кеңейтуді қамтамасыз етті. Солтүстіктің оңтүстікке қарсы соғысы прогрессивті, азаттық мәнге ие болды. Оңтүстік штаттардың бөлінуі мен құлдықты жоя отырып, ол АҚШ-тың тәуелсіздігінің нығаюына мүмкіндік берді.

Ойлан

Неге солтүстіктіктер азамат соғысында жеңіске жете алды?

Оңтүстіктің қайта құрылымдалуы (1865—1877). Азамат соғысы — екінші буржуазиялық-демократиялық революцияның бірінші кезеңі, ал оңтүстіктің қайта құрылымдалуы (1865—1877) оның екінші кезеңіне айналды.

Қайта құрылымдаудың мақсаты елдің оңтүстігінде буржуазиялық-демократиялық қайта құрулар өткізу мен бұрынғы құлшеле-нушілердің билігін шектеу болды. Толық билік уақытша федералдық әскерлерге берілді. Мұның бәрі буржуазиялық-демократиялық революцияның жалғасы үшін жағдайлар жасады. Жекелеген штаттарда тегін мектептер ашылды.

Қайта құрылымдау кезеңі соңына дейін жеткізілген жоқ. Оңтүстікте құлдар жер алған жоқ, яғни мәселе түпкілікті шешілмеді. Реакцияшыл плантация иелері — кара нәсілділерге қарсы ланкестік Ку-Клукс-Клан ұйымын құрды. Ку-Клукс-Клан кара нәсілділер мен оны жақтаушы қайраткерлерін өлтірді.

Нәсілдік сегрегация — халықтарды нәсілдік белгілеріне қарай топтарға бөлу саясаты.

1890 жылдан 1910 жылға дейін оңтүстік штаттарда қайта құрылымдау жылдары құлдарды құқықтарынан біртіндеп айырған жаңа Конституциялар мен заңдар қабылданды. Олар тұрғылықты

жерлер мен білім беру, қоғамдық жерлерде, көлік мәселелері мен өндіріс орындарында нәсілдік бөлектеуді заңдастырды.

Қайта құрылымдаудың басты нәтижесі елдің оңтүстігінде капиталистік қатынастардың дамуы үшін жағдайлар жасау, бірыңғай ұлттық нарық құру үдерісінің аяқталуы болды.

Гомстед-актіні өмірге әкелу АҚШ-тың аумақты жерлерінде халықтың қоныстануын жылдамдатты, бұл өндірістік күштің қарқынды дамуына, капитализмнің еркін және кең етек жаюына мүмкіндік берді.



Анықта

Қайта құрылымдаудың мақсаты неде болды?

АҚШ-тың өнеркәсіптік өркендеуі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы. Азамат соғысы аяқталған соң, АҚШ-та қоғам өмірінің барлық аясында өзгерістер болды. Аграрлық республикадан мемлекет индустриялық державаға айналды. АҚШ тұрғындары 31 миллионнан 76 миллионға дейін артты. Үндіс тайпалары өздерінің ежелгі жерлерінен қуылды. Ірі өнеркәсіптік қалалар жылдам артты: Нью-Йорк, Чикаго, Детройт және т.б. Одақ құрамына 12 жаңа штат қабылданды.

АҚШ-тың жылдам экономикалық дамуы басталды. Бұған бірқатар қолайлы жағдайлардың болуы әсер етті:

- 1) АҚШ табиғат ресурстары мен құнарлы жерлерге бай болды;
- 2) кәсіпорындарда қара нәсілдердің, үндістердің және мексикандықтардың арзан еңбегін пайдалану үлкен табыс әкелді;
- 3) АҚШ-та сословиелік шектеулер және адамның жеке ынтасына еш нәрсе бөгет болмады;
- 4) АҚШ қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жауынгер көршілер жоқ болды. Бұл артық әскери шығындардың болмауына себеп болды.

Мұның барлығы америкалық өнеркәсіптің қарқынды дамуына мүмкіндік берді. Көптеген корпорациялар монополияға айналды. АҚШ өлшемі бойынша бұған дейін болмаған үлкен капиталдардың бірігуі пайда болды. Рокфеллер мен Морганның ірі трестері ерекшеленді. Сонымен Америкада және басқа елдерде «Рокфеллер» «өте бай» деген сөздің синонимі болды.

АҚШ-тың XIX ғасырдың соңындағы жылдам шаруашылықтық дамуы елдің жүзжылдықта болып көрмеген экономикалық өсуінің бастамасы болды. АҚШ өнеркәсіп пен шаруашылықтың дамуы бойынша сенімді түрде басқа елдерден алда келе жатты.

Ойлан

Неге XIX ғасырдың соңында АҚШ экономикалық дамыған ел болды?

Испан-Ам ерика соғысы. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында АҚШ-тың батыс жартышардағы үстемдігі нығайды. АҚШ сол кездегі ең заманауи қарулармен жабдықталған әскеріне сүйене отырып, азамат соғысын аяқтады. Теңіз флотында ұсақ крейсерлердің орнына әлемнің ірі флоттарына қарсы тұра алатын дредноуттар сала бастады.

Батыс жартышарында Құрама Штаттарға бір ғана еуропалық держава — Испания ғана қарсы тұрды. 1898 жылы сәуірде АҚШ Испанияға қарсы бұған дейін ұлт-азаттық шайқас болып жатқан Филиппинде, Гуамада, Пуэрто-Рико мен Кубада белсенді әскери әрекеттерін бастады. АҚШ күресуші халықтардың одақтастары ретінде өз әскерін аралдарға түсіріп, испандықтардың қарсылығын тойтарып тастады.

1898 жылғы Испан-Америка соғысы нәтижесінде АҚШ Пуэрто-Риконы, Гуам аралын, Филиппинді жаулап алды, тәуелсіздігін жариялауға ұмтылған Кубаны басып алды.

Испан-Америка соғысы әлемдік саясаттағы елеулі кезең болды. *АҚШ Испанияға тиесілі отарларды иеленді*. Бұл әлемді қайта бөлісу үшін болған бірінші соғыс болды. Испан-Америка соғысының нәтижесі АҚШ-ты отарлық иеліктер үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүниежүзіне үстемдік жасау үшін күресетін отаршыл держава дәрежесіне жеткізді.

Ойлан

1898 жылғы Испан-Америка соғысының себебі неде?

АҚШ-тың Қиыршығыстық саясаты. XIX ғасырдың ортасында Батыс елдері Қытайдың әлсірегенін пайдаланды және мемлекетті күшпен «ашу» үшін қаруланған шабуылдарды бастады. Сонымен қатар АҚШ Қиыр Шығысқа қызығушылық танытты және 1844 жылы Англияның үлгісін ұстана отырып, Қытайды өзімен әділетсіз келісімшартқа қол қоюға мәжбүр етті.

АҚШ Жапонияға әскери экспедицияны командор Перридің басқаруымен жабдықтады. Ұзақ келіссөздерден кейін 1854 жылы бірінші жапон-американ келісімшартына қол қойылды. Осылайша АҚШ күшпен Жапонияны «ашты», оны окшаулану саясатынан



М.Перри

бас тартуға мәжбүрледі. Бұл келісімшарт шетел саудасы үшін Симода мен Хокадате порттарын ашты.

Америкалық монополиялардың экспансиясы Ресейдің Қыыр Шығысын және Сібір аймақтарын да қамтыды. Ресейлік аймақтық Чукотский және Охотско-Камчатский аумақтық суларында заңсыз кәсіп жасады.

XIX ғасырдың соңында АҚШ-та әлі де болса мұхиттарда тірек пункттері болмағандықтан, жас индустриялық державаның жоспарындағы міндеттердің бірі — Америкадан Қытай мен Жапонияға барар жолдағы аралдарды иемдену болды. Гавайдағы саяси дағдарысты пайдаланған АҚШ оған келісімді күштеп таңды, ол бойынша Гавай аралдары «АҚШ-тың құрамдас бөлігі» ретінде қарастырылды. Гавайды иемдене отырып, АҚШ Тынық мұхиты мен Шығыс Азиядағы үстемдік үшін күрестің тірек пунктіне, аса маңызды әскери базасына айналды.

Ойлан

АҚШ командор Перриді қайда және не мақсатпен жіберді?

Қытай нарығынан толықтай ығыстырылып шығарылудан қауіптенген АҚШ XIX ғасырдың соңында «ашық есіктер» немесе «тең мүмкіндіктер» саясатын ұсынды. Бұл доктринаға сәйкес әрбір ұлы держава басқа державалардың қалыптасқан мүдделерін қозғамауға міндеттенді. Тұтастай алғанда, АҚШ үкіметі Қытай нарығын еуропалық державалармен әскери қақтығыстарсыз иеленуді көздеді.

Сонымен АҚШ жаңа үлкен стратегияны бастады, ол өзінің экономикалық және сауда мүдделерін қорғауды ғана емес, сондай-ақ аймақ шектерінен шалғай жерде де өз ықпалын өсіруді көздеді.

Біліміңді тексер

1. 1861—1865 жылдардағы азамат соғысының мәні неде?
2. Қайта құрылымдаудың негізгі нәтижелері қандай болды?
3. Неге АҚШ ауылшаруашылығында капитализмнің дамуының фермерлік жолы жеңіске жетті?
4. АҚШ Гавай аралдарын қандай жолмен қосып алды?

§ 26. ЖАПОНИЯНЫҢ ДАМУЫ. ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫҢ ЖАПОНИЯНЫ «АШУЫ»

XIX ғасырдағы Жапонияның экономикалық жағдайы. XIX ғасырдың басында Токугава әулетінің соңғы сегундарының билігі кезінде Жапония қоғамы терең дағдарысқа кияікті. Ауылшаруашылығы күйзеліске ұшырады. Өңделетін жер көлемі азайды. Халық өсімі күрт төмендеп кетті. Ауылда шаруалардың жерінен айырылуы күшейіп, жерсіз қалғандары қайыршылық күй кешті. Тауар-акша қатынастарының дами бастауынан шаруалар енді кәсіпкерлерге тәуелділікке түсті. Дегенмен де жапон қоғамында, баяу болса да, капитализм дами бастады. Мануфактуралар саны артып, XIX ғасырдың екінші жартысында Жапонияда 180-нен астам жана мануфактуралар пайда болды.

Ішкі сауда дамып, осыған байланысты сауда-колөнер орталықтары, қалалар саны өсті. Колөнер мен сауданың орталықтары ретінде *Эдо*, *Киото*, *Осака*, *Нагасаки*, *Нагаи* және *Хаката* сияқты жапон қалалары пайда болды.

Ауылшаруашылығынан жаңа салалар бөлініп шыға бастады. Жібек, қағаз, қант, қыш, фарфор, тоқыма өндірісі сияқты жаңа кәсіпшілік салалары дамыды. Елдің осындай салалар бойынша маманданған аудандарға бөлінуі тауар айырбасының дамуын күшейтті. Сөйтіп, ішкі нарық қалыптасты. Бірақ мұндай капиталистік қатынастардың алғашқы даму қадамдарына ескі қоғамдық қатынастар кедергі жасады. Әсіресе қалаларда капитализмнің дамуы жылдам жүрді. Сондықтан ауылдарда, қалаларда шаруалар мен қала кедейлерінің наразылық бас көтерулері өрістеді.

Токугава сегундары халық көтерілістерін қаншама басып-жаныштағанымен, ол бәрібір

Бұл сабақта:

- Жапонияның саяси-әлеуметтік жағдайымен;
- отаршыл мемлекеттердің Жапонияны күшпен «ашу» әрекеттерімен;
- еуропалықтардың Жапонияны «ашуы» жайында;
- Мэйдзи төңкерісінің шығу себептерімен, монархиялық билікті жаңалау жолдарымен танысамыз;
- Мэйдзи төңкерісі кезіндегі жүргізілген реформаларды және Жапонияның күшею себептерін білеміз.

Тірек сөздер

- Токугава әулеті
- Микадо
- Муцухито
- «Мэйдзи қайта қалпына келтіру төңкерісі»
- самурайлар
- буржуазиялық топтар
- монархиялық билікті жаңалау
- реформалар,
- басқыншылық соғыстар

жапон қоғамының іргесін шайқалтып, үлкен әлеуметтік-саяси өзгерістерге әкелетін алғышарттарды күшейтті.

Ойлан

Жапонияның экономикалық дамуын қалай сипаттар едің?
Экономиканың қандай салалары жақсы дамыды?

Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы». Жапония мемлекетінің бүкіл жері ірілі-ұсақты аралдардан тұрады. XIX ғасырда жапондықтар, негізінен, ірі үш аралда қоныстанды: Хонсю, Кюсю және Сикоку. Ал Хоккайдо аралының солтүстігінде тұратын жергілікті халық — айныларды жапондықтар біртіндеп ығыстыра бастаған еді.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ, Англия, Франция, Ресей сияқты мемлекеттер бірнеше рет Жапонияның «жабық есік» саясатын бұзбақ болып әрекеттенді. АҚШ Жапония жағалауларына жеті экспедиция аттандырды. Бірақ бәрі де Токугава сегунаты тарапынан тойтарыс алып, кері оралды. Ресей Жапониямен сауда байланысын жасау үшін *А.Лаксман* басқарған елшілік кемесін аттандырды. Жапон үкіметі ресми байланысқа рұқсат бермеді. *Н.Резанов* басқарған елшілік те осылай сәтсіз оралды. Осыдан кейін АҚШ Жапонияның «жабық есік» саясатын күшпен күйретуге кірісті. АҚШ командор *М.Перри* басқарған әскери кемені Жапонияға аттандырды.

Жапония жағалауларына келген Перри күш көрсетіп, ел басшыларынан келісімге қол қоюды талап етті. Жапон үкіметінен жауапты бір жылдан соң Қытайдан қайтар жолда алатынын, егер дұрыс жауап болмаса, күш қолданылатынын ескертті. Елде АҚШ-тың күш көрсету саясатына байланысты сегун билігінің дәрменсіздігін айыптаған саяси дағдарыс одан әрі өрши түсті.

1854 жылы 13 ақпанда Перри Жапонияға оралды. Келіссөз кезінде ол күш қолдануға дейін баратынын айтып сес көрсетті. Сегун үкіметі елдегі саяси дағдарыс пен қаржы тапшылығынан туындаған ауыр жағдайды ескере отырып, АҚШ-пен соғысқа барудан қорықты. Сөйтіп, 1854 жылы 13 наурызда Канагава деген жерде бірінші жапон-американ келісімшартына қол қойылды.

Келісімшарт бойынша Жапония Америка кемелері үшін *Симода* және *Хакодате* порттарын ашуға мәжбүр болды. Осылайша 215 жылға созылған Жапонияның «жабық есік» саясаты күйреді. Осыдан кейін іле-шала басқа державалар Жапониямен келіссөз жүргізе бастады.

1854 жылы жапон-ағылшын, 1855 жылы орыс-жапон, 1856 жылы голланд-жапон, 1858 жылы француз-жапон келісімшарттарына қол қойылды. Бұл елдердің азаматтары Жапонияда төтенше қорғалатын құқыққа ие болды, жапон өкіметі олар үшін сауда жасауға жеңілдіктер берді. Келісімшарттар Жапония үшін еріктен тыс және әділетсіз сипатта болды.



Анықта

Жапонияны күшпен ашуда қандай мемлекеттер белсенділік танытты? Не себептен?

Жапонияның «ашылуы» бірқатар зардаптарға соқтырды. Сегун билігі жатжерліктер алдында тізе бүкті. Бұл сегунға қарсы бай топтардың күресін күшейтті. Сондай-ақ Батыс елдерімен жүргізілген сауда байланыстары Жапония үшін тиімсіз болып, ол экономиканы құлдырата түсті. Жапонияда арзан еуропалық тауарлар қаптап кетті, жергілікті саудагерлер мен кәсіпкерлер бұған қарсы тұра алмады. Сауда тепе-теңдігі бұзылды, алтын мен күміс айналымда шетел саудагерлерінің қалтасына түсіп, сыртқа ағылды. Бағалы металдардың бағасы күрт өсті. Шаруалардың ақша табу көзі жойылды. Бұл апатты жапон халқы сегунның кінәсінен деп түсінді. Шетелдіктермен әділетсіз келісімшарт жасасқан сегун басты айыпкер саналды. Жапонияға еуропалықтардың келуіне жаппай наразылық көрсеткен қозғалыс сегунға және шетелдіктерге қарсы бағытталды. Қозғалысқа қатысушылар император билігін қалпына келтіруді талап етті.

Жапондықтар императордың жекебасын дәріштеп, оны тікелей күн құдайы — Аматерасудан тараған деп есептеді. Жапондықтардың синтоизм діні ұғымы бойынша, императорлар әулеті жойылған жоқ, тек қана оның қолынан билікті алып қойды. Император өз отбасымен оңаша Киото қаласында тұрып жатты. Ол ақсүйек әкімдермен де араласа алған жоқ. Оған тәуелді бағыныштылар да (вассалдар) болмады.

Жапон жағалауында АҚШ командоры Перридің кемесі пайда болған кезде, үрейі ұшқан сегун императордан «жабайы, дөрекі варварлармен» қалай сөйлесу керектігі жөнінде ақыл сұрайды. Император (микадо) шетелдіктерге ешқандай тізбүгушілік болмауы керек екенін айтады. Бірақ сегун бұл ақылды іске асыра алған жоқ. Аса қуатты қарумен қаруланған шетелдіктер алдында тізе бүкті. Мұны оның қарсыластары жақсы пайдаланды.



Император
Муцухито

Пікірталас

Жапондықтар неліктен император билігін қалпына келтіру керек деп ойлады? Елдегі дағдарысқа сегун билігі кінәлі деп ойлайсың ба?

1867—1872 жылдардағы Мэйдзи төңкерісі және Жапонияның күшеюі. Жапонияда сегун билігіне қарсы күресте самурайлар аса белсенділік танытты. Революцияға қатысқан әлеуметтік топтардың бірі Токугава сегундарын билікті заңсыз басып алғандар деп кінәлап, император билігін қалпына келтіру үшін күресті. Екінші бір топтың ойынша, елді күйреуге әкелген үкіметті кетіру керек. Ал алысты болжағыш үшінші топ сегунат тәртібін жоймайынша, буржуазиялық өзгерістерді енгізбейінше Жапонияның экономикалық және саяси дербестігін сақтау мүмкін емес деп ойлады. Сондықтан феодалдық құрылысқа қарсы шыққан революциялық топтарды құраған да сол самурай — феодалдар болды. Олар буржуазия өкілдерімен одақтаса отырып, революцияда белсенділік танытты. Сондықтан бұл революциялық төңкерістің ерекше сипаты болды, яғни заңды монархияны жаналау немесе микадо билігін қалпына келтіру түрінде көрініс тапты.

Ойлан

Революциялық күресте қандай әлеуметтік топтар белсенділік танытты?

1867 жылы Жапонияның императоры тағына 15 жасар *Муцухито* отырды.

1868 жылы 3 қаңтарда самурайлар қарулы күшпен көтеріліс жасап, жас императордың атынан сегун Кэйкиді орнынан кетіру жөнінде жарлық шығарып, билік императордың қолына көшті деп жариялады. Сегун Кэйкидің қарулы қарсылық көрсетіп, билікті сақтап қалу әрекеті нәтижесіз болды. Сегун билігі құлап, мемлекет императордың қолына көшті.

Төңкеріс жасаушылар енді елдегі саяси билікті нығайтуға кіріседі. Мемлекеттің құрылымы туралы негізгі заң жасалды.

1868 жылы маусымда қабылдаған заң бойынша Эдо қаласының аты Токио деп өзгертілді. Муцухито императордың билік еткен кезеңі *Мэйдзи* деп аталды.

Сондықтан да тарихта 1867—1868 жылдардағы императорлық билікті қайта орнату әрекеті «Мэйдзи қайта қалпына келтіру

төңкерісі» деп аталды. 1869 жылы көктемде император сарайы Киотодан Токиоға көшірілді.

Ойлан

Неліктен революция «Мэйдзи қайта қалпына келтіру төңкерісі» деп аталды?

Жапонияда капитализмнің дамуы. Жапонияның басқыншылық соғыстары. ХХ ғасырдың басындағы мемлекеттің дамуы. Жер реформасы нәтижесінде ауылдарда жаңа жекеменшік жер иелері мен ауқатты шаруалар толық құқықты жер иелері мен салық төлеушілерге айналды. Енді олар тек қана егіншілікпен емес, сондай-ақ өз кәсіпкерліктерін құруға, сауда жүргізіп, пайда табу көздерін іздестіруге ұмтылды. Бірақ үкімет бұл әрекеттерді қолдаған жоқ. Көне дәстүрлі құндылықтарды сақтауды қолдайтын консерватор топтардың ықпалынан шыға алмады. Жапонияда экономикада да, саяси құрылымында феодалдық сарқыншақтар сақталып қала берді. Монархиялық билік түрі сақталып, шаруашылықта да капитализм толық үстемдікке ие бола алмады. Міне, капитализм дамуындағы осындай қиындықтар мен кедергілер жұмысшы қозғалыстарын тудырды. Оның жетекшісі, дем берушісі самурай тегінен шыққан либералдық зиялы қауым еді. Олар билеуші үкіметке қарсылық танытып, оппозициялық пиғылда болды.

Ойлан

Жапонияда толық капиталистік қатынастардың орнауына қандай кедергілер болды?

Либералдық зиялы қауым жұмысшы кәсіподақтарын құрды, олар жұмысшылардың құқықтарын қорғап, ұйымдасқан жұмысшы қозғалыстарын дүниеге әкелді. Либералдық қозғалыс жетекшілері императорға петиция тапсырып, онда император өз уәдесін орындауын, сайланатын заңды орган құруын талап етті. 1880 жылы либералдар алғашқы жария бұқаралық саяси ұйым — Парламентті құру Лигасын ұйымдастырды.

Император халыққа 1890 жылы парламент шақыруға уәде берді. Бұл мәлімдеме елде саяси партиялардың құрылуына жол ашты. Батыс елдерінің тәжірибесінен үйрену үшін император шетелге арнаулы делегация жіберді. Олар Жапония мемлекеті үшін оның дәстүрлеріне сәйкес келетін мемлекеттік құрылысты таңдауға тиіс болды.



Жапониядағы Конституция қабылдау сәті

Бұл делегация шетелден тәжірибе алып қайтқан соң, 1889 жылы Жапония үшін неғұрлым тиімді Германия Конституциясының үлгісіндегі Конституция қабылданды. Конституция бойынша императорға кең құқықтар берілді. Оның жекебасы «қасиетті және кепілді» деп жарияланды. Мемлекет басшысы соғыс жариялауға, бітім жасауға, заңдарды бекітуге, парламентті таратуға құқылы болды. Оған мемлекет қызметіндегі барлық адамдар бағынды. Сонымен қатар император әскер мен флоттың бас қолбасшысы билігін иеленді.

Конституция бойынша екіпалаталы парламент құрылды. Жоғарғы палата император отбасынан және ол тағайындаған өкілдерден тұрды. Төменгі палата депутаттары сайланып қойылды. Сайлау құқығына жасы 25-ке толған ер адамдар ғана болды және олар 15 йеннен кем емес салық төлеуге міндеттелді. Сайлауға халықтың 1 пайызы ғана қатысты. Депутаттар үкіметтік заң жобаларын талқылауға құқықты болды, бірақ олар өздері заң шығаруға тиісті емес еді. Үкімет тек қана император алдында жауапты болды. Конституцияда, сондай-ақ негізгі азаматтық құқықтар да жарияланды. Олар бостандық, ар-ұждан, баспасөз, жиналыс өткізу сияқты кейбір демократиялық құқықтар еді. Бірақ бұның бәріне іс жүзінде түрлі сылтаулармен шек қойылып отырды.

Мэйдзи үкіметі Жапонияда капитализмнің дамуына апаратын жол — тауар өткізу нарығын кеңейту мен жаңа шикізат көзін табу деп есептеді. Сол үшін Жапония сыртқы басқыншылық саясатын іске асыра бастады. Жапон экспансиясының алғашқы құрбаны

Қытайға тәуелділіктегі Корея болды. Корея королі шетелдіктерге «жабық есік» саясатын ұстанды. 1876 жылы жапондықтар Кореяға күш көрсетіп, тең емес келісімге қол қойды. Корея «жабық есік» саясатынан бас тартуға мәжбүр болды.



Анықта

Алғашқы жапон Конституциясы қандай үлгімен жасалды және мемлекеттік билік құрылымы қалай болды?

1894 жылы Жапония Қытайға соғыс ашты. Бұл соғыста Жапония Ресейдің Қыр Шығыста үстемдік алуына қарсы болып, осы саясатты қолдаған Англия мен АҚШ-тың саяси және қаржылай көмегіне сүйенді. 1895 жылы Жапония көп қиналмай жеңіске жетті. Жапония Симоносекиде бейбіт бітімге келген келісімшартқа қол қойды. Қытайды жеңу Жапонияға орасан зор байлық әкелді. Қытайдың Тайвань және Пянху аралын басып алып, 350 миллион лян өтемақы төлетті. Осының бәрі жапон капитализмінің жедел дамуына себеп болды. Осы қытай-жапон соғысынан кейін Жапония тәуелді елден Азиядағы бірден-бір отарлаушы елге айналды.

Ойлан

Басқыншылық соғыс не үшін жүргізілді?

Біліміңді тексер

1. Токугава сегунаты кезіндегі Жапонияның экономикалық дамуы туралы не айтасын?
2. «Мэйдзи төңкерісінің» мәнін қалай түсінесің?
3. XIX ғасырдың 70-жылдары қандай реформалар жүргізілді және ол Жапонияның жаңаша дамуына қалай әсер етті?
4. Сыртқы басқыншылық саясат Жапонияға не үшін қажет болды? Жапония қандай елдерге, не себепті соғыс ашты?
5. Топта кестені дәптерлеріне сызып толтырындар:

Жапониядағы Мэйдзи реформалары

Мемлекеттік құрылыстағы өзгерістер	Қоғамдық қатынастардағы өзгерістер	Экономикалық қайта құрулар	Білім саласындағы өзгерістер

СУРЕТШІЛЕР МЕН ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫМЕН ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ

§ 27. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ӨНЕР МЕН ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Бұл сабақта:

- жаңа кезеңдегі мәдениеттің қалыптасуы және XVII—XIX ғасырлардағы көркемөнердің дамуының негізгі бағыттары;
- көркем суреттің ерекшеліктері мен XVII—XIX ғасырлар аралығындағы музыка мәдениетінің гүлденуі;
- Ресейдегі өнердің дамуы мен XVII—XIX ғасырлардағы Шығыс елдері өнерінің даму ерекшеліктері туралы білеміз.

Тірек сөздер

- мәдениет
- барокко
- рококо
- классицизм
- реализм
- көркемсурет
- классикалық музыка
- театр

Ойлан

Ағартушылық идеялары өнердің дамуына қалай әсер етті?

Жаңа кезеңдегі мәдениеттің жаңа түрінін қалыптасуы. Жаңа кезеңнің еуропалық мәдениеті XVII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырды қамтиды. Аталмыш мәдениеттің пайда болуының түпнегізі өндірістің буржуазиялық тәсілдерінің және адами даралықтың дамуына бағдарланған еді.

XVII ғасырдың жаңа кезең мәдениетінің дамуына негізгі алғышарттар қаланды, сондай-ақ оған Еуропада кітап басу ісін, қала мәдениетінің дамуын, зайырлы мәдениеттің қалыптасуы және өнердің діннен бөлінуін айтуға болады. XVIII ғасырдағы Еуропаның барлық елдерінде мәдениеттің дамуы қандай дәрежеде болмасын ағартушылық идеялар аясында жүзеге асты.

Еуропалық елдер арасында идеялар және шығармашылық жетістіктер алмасу күшейе түсті. Оқымыстылардың ортасы кеңейіп, таптар арасындағы мүдделерді көздеген ұлттық зиялылар қалыптаса бастады. Өмірдің жаңа талаптары мәдениетке, көркем әлемге жаңаша талғам тудырды.

Адам және оның ақыл-ойы басты құндылық ретінде жарияланған дәл осы Ағартушылық дәуірінде «мәдениет» сөзі, ғасыр ойшылдары ғана емес, көпшілік мойындаған терминге айналды. Осы өзгерістер қоғамдағы мәдениет түсінігін қалыптастыруға ықпал ете отырып, ағартушылық дәуірінде бүгінгі мәдениетке өту аяқталды.

XVII—XIX ғасырлардағы көркемөнер дамуының негізгі бағыттары. XVII ғасыр дәуірін мәдениет пен көркемөнерде *барокко* дәуірі деп атайды. Барокко — әлемнің бірлігі, шексіздігі және алуантүрлілігі, оның драмалық қиындығы туралы, нақты ортаға қызығушылығы мен адамды қоршаған табиғи апат туралы жаңа ұсыныстарды ұсынды. Өнердің негізгі тақырыптары — қуаныш пен реніш, жақсылық пен жамандық, махаббат пен өшпенділіктің арақатынасы бейнеленді. Барокко итальяндық архитектурада неғұрлым айқын бейнеленді.

Ағартушылық идеялары жаңа көркем стиль — классицизмде көрініс тапты. Классицизм өнеріне айқындылық, қарапайымдылық және ұстамдылық сияқты қасиеттер тән болды.

XVIII ғасырдың басында Францияда өнердегі жаңа стиль — *рококо* кеңінен тарады. Сәулет өнері, көркемсурет (кескіндеме), мүсін өнерінде жақсы көңіл күй сыйлайтын кескіндер және ою-өрнектер басым болды.

Сонымен қатар еуропалық көркемөнерде реалистік дәстүрлер дамыды. Реализм үшін көріністі беруде объективтілік, дәлдік, тұрмыс пен табиғатты шынайы қабылдау болса, адамн сезімдерді жеткізуде қарапайымдылық пен табиғилық тән еді. Мұның барлығы сол кезеңдегі көркемсуреттің ерекшеліктеріне әсерін тигізді. Суретшілер өздерінің әлемін тұрмыстық көріністердің бейнесі арқылы жеткізді.

Көркемсуреттің (кескіндеменің) ерекшеліктері. XVII ғасырдың ортасында реалистік деп аталатын жаңа көркемсурет жанры қалыптасты. Микеланджело да Караваджо алғашқылардың бірі болып, көркемсуретке натюрморт пен тұрмыстық жанрын әкелді. Оның шығармашылығы барлық көрнекті еуропалық суретшілерге елеулі әсерін тигізді десе болады.

Голландия суретшісі Питер Пауэл Рубенстің көптеген суреттері сол заман мәселелерін қамтыды. Оның шығармашылығы XVII—XIX ғасырлардағы еуропалық өнер дамуына елеулі әсерін тигізді.

Көркемсуреттегі реалистік үрдістерді ұлы голланд суретшісі Рембрандт шығармашылығынан байқауға болады. Суретші өнері, ең алдымен, адамға деген сүйіспеншілігімен, гуманизммен ерекшеленді. Рембрандттың кейіпкерлері карама-қайшы мінезді және қиын тағдырлы адамдар болатын. Оның өнері XVII ғасырдағы голланд өнерінің даму шыңының белгісі болды.

XVIII ғасыр шеберлері жоғары талғамдағы, сезімдер мен көңіл күйдің ең нәзік сәттерін талдайтын өнердің негізін қалады. XVIII ғасырдағы француз өнерінің ұлы шеберлерінің бірі Антуан Ватто тұрмыстық жанрды жақсы көрді, тікелей заттың өзіне қарап сурет

салды. Ваттоның шығармашылығы XVIII ғасырдағы еуропалық көркемсурет, графика мен сәндік өнер тарихының жаңа кезеңінің басталуына әкелді.

Француз рококо өнерінің шынайы өкілі Франсуа Буше болды. Революция өмірінің өкілі Жак Луи Давид Ұлы француз революциясы кезінде туындаған қазіргі заманғы тақырыптағы «үлкен стиль» тарихи суреттер дәстүрін жалғастырды.

Ойлан

XVII—XIX ғасырлардағы еуропалық суретшілер шығармашылығында қандай ортақ белгілерін көруге болады?

XVIII ғасыр көркемөнері орасан зор эпопея — ұлы испандық Франсиска Гойяның шығармашылығымен аяқталды. Ол қуанышка толы халық бейнелері мен темпераменттік портреттерді салды.

XVII—XIX ғасырлар аралығындағы музыка мәдениетінің гүлденуі. Адамның жан дүниесінің рухани тербеліске толы поэзия тұрғысынан паш ету қажеттілігі және XVII—XVIII ғасырлар



Себастьян Бах

аралығында тікелей дүниетанымды ашу арқылы, музыка саласын өнер әлеміндегі дербес түр ретінде тұжырымдады. XVIII ғасырда фуга, симфония, соната сынды музыкалы сипаттардың пайда болуы музыканың адам бойындағы уайым-қайғы сезімдерін толықтай жеткізе алатын мүмкіндігін айқындады.

Иоган Себастьян Бах еуропалық музыка мәдениетіндегі жаңа бағдардың дамуын даярлады, ол бағыт — сонаталық-симфониялық бағыт деп аталды. Ғұмыр бойында Бах 1000-нан аса туындыны жарыққа шығарды. Оның шығармашылығында опера жанрын ескермегенде, барлық салмақты жанрлар көрініс тапты.



Моцарт

Вена классикалық мектебінің өкілдері Моцарт, Гайдн және Бетховен болды. Вольфганг Амадей Моцарт — ең танымал классикалық сазгерлердің бірі бола отыра, әлемдік музыка мәдениетіне үлкен ықпал етті. Вена классикалық мектебінің өзге өкілі Франц Йозеф Гайдн — австриялық сазгер, музыка жанрындағы симфония және ішекті квартет сынды бағыттардың негізін салушылардың бірі. Людвиг ван Бетховен музыка

әлемінің феномені болып табылады. Оның барлық шығармалары, туындылары әлемдік классика музыкасының жауһары. Бостандық үшін күрес идеясын Бетховен шығармашылығының негізгі тақырыбы деп атауға болады.

XIX ғасырда музыка түсінігінің жана жолдары пайда болды. Сазгер-романтиктердің туындылары адамның рухани қайғысының бай әлемін жеткізе отырып, қазіргі заманғы концерттік репертуардың негізін құрады. Музыкадағы романтизмнің негізін құрушылардың бірі болып австриялық сазгер Франц Петер Шуберт болды. Оның танымал өлеңі «Аве Мария» музыка сүйер қауымның таңданысын тудырды және миллиондаған тыңдарманның жүрегінен орын ала білді.

Польша музыка өнерінің ірі өкілі Фредерик Шопен әлемдік музыкаға айтарлықтай ықпал жүргізді. Шопен — фортепианоға арналған көптеген туындылардың авторы, ол өздігінше көптеген жанрды түсіндіруге атсалысты: фортепиано балладасын дүниеге әкелді, мазурка, полонез және вальс — би өнерін поэзиямен ұштастырды.

Үш ғасырлық тарихқа не итальяндық опера өнерінің Ұлы классигі қатарында Джузеппе Вердиді айтамыз. Әлемде Верди опералары — «Риголетто», «Травиата», «Аида», «Отелло» және т.б. туындылары қойылмаған театр жоқ. Иоганн Штраусты «вальс патшасы» деп атайды. Жоғарғы шеберлік Штраусты би музыкасының толыққанды классиктері қатарына қосты. Штраустың арқасында Вена вальсі XIX ғасыр шегарасынан асты және қазіргі музыка өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.



Бетховен



Фр. Шопен

Ойлан

Моцарттың қандай шығармаларын білесің?

Ресейдегі өнердің дамуы. XVIII ғасырдың басында Ресейде сурет өнерінің шеберлері әлі де болмаған еді. Монастырьлар тұсында тек икона салушылар ғана болды. Бірақ Ресей патшасы I Петр өзінің жанартушылық реформалары барысында шетелдік суретшілерді шақыра отырып, Голландияға, Италияға дарынды жастарды

мемлекет есебінен шеберлік үйренуге жіберген болатын. Ғасырдың басында I Петр қалаған ірге мықты болып, XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап өнердің жаңа өрлеуі басталды. Ал XIX ғасырда бірқатар өте дарынды суретшілер пайда болды (И.Аргунов, Ф.Рокотов, Д.Левицкий, В.Боровиков.)

Графика, пейзаж бен мозаика кең таралды. Орыстың көркем суретінде алғаш рет шаруалардың өмірінен көріністер бейнеленді.

Алғашқы ұлттық театрды Ф.Волков Ярославль қаласында 1750 жылы құрса, алты жылдан кейін Петербургте орыс театры ашылды.

I Петр заманынан бері қоғамның жоғарғы таптарының өмір салтында музыка кең тарала бастады. XVIII ғасырдың ортасынан бастап операның даңқы өсті. Бастапқы кезде итальяндық және француздық сазгерлердің шығармалары орындалса, кейіннен Ресейдің өзінде де алғашқы кәсіби сазгерлер пайда болды.

Ресей үшін XIX ғасыр ұлттық музыка мектебінің даму дәуірі саналады. Музыка өнерінің дамуына ауқымды үлесті Михаил Иванович Глинканың шығармашылығы косты. Петр Ильич Чайковский музыка тарихында ірі сазгерлердің бірі болып саналды. 80-нен аса туындылардың авторы, соның ішіне 10 опера және 3 балет кіреді. Сонымен XIX ғасырда орыс ұлттық мәдениеті түпкілікті қалыптасты.

Пікірталас

Ресейде алғашқы суретшілер неге тек қана XVIII ғасырда пайда болды?

XVII—XIX ғасырлардағы Шығыс елдері өнерінің даму ерекшеліктері. Араб елдерінен бастап Жапонияға дейінгі кеңістіктегі шетелдік Шығыстың өнері сан түрлі. Бірақ мәдениет пен өнердің өзіндік табиғи дамуы отарлық билеп-төстеу кезінде бұзылған болатын. Отарлық үстемдік халықтардың рухани қажеттіліктерін басып, Шығыс елдерінің өнері ортағасырлық деңгейде тоқтап қалды. Шығыс өнерінің жандануы отаршылдыққа қарсы күреспен, ұлт-азаттық идеялардың өсуімен басталды. Шығыс елдері жаңа өнерді құру жолында Батыс Еуропаның жетістіктерін игеруге ұмтылды. Сонымен қатар классикалық өнерді қайта жандандыруға ұмтылушы бағыттар да орын алды.

XVII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы Қытайдың мәдениеті мен өнерінде жаңаның ескімен күресі байқалды. Өнерде демократиялық тенденциялардың ықпалы күшейе бастады. Олар әсіресе көркемдік кәсіп түрлерінде: ағашты, тасты, сүйекті оюлауда, кесте тігуде, кейде фарфор

бұйымдарында, гравюра мен халықтық суреттерде ерекше көрініс тапты. Өнердің осы түрлерінде қала тұрғындарының орта табының талғамы мен мүдделері, яғни адамның өмірі мен тұрмысын көрсететін өнер формалары негізгі рөлді ала бастады.

Табиғатты сезіну қабілетін жоғалтпаған және жаратылыстың сұлулығын бейнелей алған шеберлер сол заманның ең үздік және қызық суреттерін салған еді. Осындай суретшілердің бірі Юнь Шоупин болды. Ол гүлдер мен құстардың көркемсуреттерін салу жанрында жұмыс істеді. Оның шығармашылығы өткеннің ең тамаша дәстүрлерінің жалғастырушысы болды. Қытай мәдениеті әлемдік мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан болатын.

XVII—XIX ғасырлардағы Жапонияның дәстүрлі мәдениеті толығымен қалыптасқан шағына жетті. Осака, Киото мен Эдо жапондық мәдениет пен ғылымның орталықтарына айналады. Өзіндік ерекшеліктері бар қалалық мәдениеттің гүлденуі осы кезеңдегі жапон мәдениетінің даму бағытын анықтады. Көркемсуретте декоративті интерьерлердің, өрнектердің рөлі артты. Ағашты өрнектеу өзінің шарықтау шегіне жетіп, жапон өнерінің басты түріне айналды.

XVII ғасырдан бастап нецке — ағаш, тас, піл сүйегі, фарфордан жасалған шағын мүсіншілер жапондықтардың күнделікті тұрмысына кеңінен ене бастайды. Сол кезден бері нэцкэ декоративті өнердің бірден-бір туындыларына айналды. Гүлдерді гүлсауыттарда көркем орналастыру өнері — икебана («гүлдер өмірі») ерекше дамыған болатын.

Каджар әулеті билеген кез Иранда білдіктік көркемсуреттің пайда болуымен ерекшеленді. Кенептерде үлкен сурет салумен қатар, одан кіші форматта әйнекте сурет салу мен ағаштан жасалған кішігірім бұйымдарды лакпен әшекейлеу кең таралды. Арабтың Шығыс халықтары адамзат мәдениетінің дамуында маңызды орынға ие болды.

Біліміңді тексер

1. XVII—XIX ғасырлардағы өнерде қандай стильдер үстемдік етті?
2. Қандай сазгерлердің шығармашылығы қазіргі күннің өзінде әлемдік музыканың жауһарлары деп танылуда?
3. XVII—XIX ғасырларда ең дамыған өнер бағыттарын атай аласың ба?
4. XVII—XIX ғасырлардағы Шығыс елдерінде өнердің баяу дамуының себебі неде болды?

§ 28. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАР

Бұл сабақта:

- XVII—XVIII ғасырлардағы батысеуропалық әдебиеттің негізгі бағыттары және XIX ғасырдағы Батыс әдебиетінің дамуымен;
- XIX ғасырдағы Ресей әдебиеті мен Шығыс елдерінің әдебиетімен танысамыз.

Тірек сөздер

- классицизм
- ағартушылық
- реализм
- романтизм
- реалистік әдебиет

XVII—XVIII ғасырлардағы батысеуропалық әдебиеттің негізгі бағыттары. XVII—XVIII ғасырлардағы әдебиет ақырындап жетекші өнер түріне айнала бастады. XVII ғасыр әдебиеті жанрлар мен стильдердің алуандығымен ерекшеленді. Зайырлы лирикалық поэзия туындады, жеке адамдардың қиын тағдырын немесе дәуірдің әдет-ғұрыптары мен тұрмысын суреттейтін жанрдағы проза дамыды. Ең танымал жанр — роман болды.

XVII—XVIII ғасырлар бойы Еуропа мәдениеті мен өнерінде бір-бірін ретпен ауыстырып отырған үш көркемөнер бағыты: классицизм, романтизм және реализм пайда болды. XVII ғасыр классицизм өзінің жоғары дәрежесіне жетті. Ұлы драматург Мольер әлеуметтік қақтығыстар мен оның көрінісін тапқан комедияның, ал жазушы Ж.Расин психологиялық трагедияның негізін салушылар болды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ағартушылық әдебиеті Франциядағы революцияға дейінгі таптық қайшылықтардың шне-



Дефо романының кейіпкерлері — Робинзон мен Жұма

ленісуін көрсетті. Олар әдебиетке дворяндық титулы мен байлығы жоқ жаңа жағымды кейіпкерді енгізді.

Театр ағартушыларының әдеби майданы басталды. XVIII ғасырда Францияның ағартушылық революциялық әдебиетінде Бомаршенің комедиялары бірінші орынға не болды. «Севиль шаштаразы» мен «Фигароның үйлену тойы» комедияларында Францияның әдет-ғұрыптары көрініс тапты, зорлық-зомбылық пен әділетсіз заңдар жоққа шығарылды. Осы комедиялардың сатирасы француз сахнасында ерекше орын алды. XVIII ғасырда ағылшын жазушылары адамның мінезін қалыптастыратын қуатты фактор ретінде әлеуметтік ортаны зерттеді. Бұған Д. Дефо, Г. Фильдинг, Дж. Свифттің романдары куә бола алады.

Ойлан

Д. Дефоның қандай әйгілі шығармасын білесің?

Бытыраңқы феодалдық Германияда да театрлық сахна демократиялық идеяларды кеңінен насихаттаудың жалғыз құралы болды. XVIII ғасыр соңында Германияда «Веймар классицизмі» пайда болды. Веймар қаласында Ф. Шиллер, И. Гёте және т.б. жұмыс істеді. Ф. Шиллердің драммалары оның данқын бостандықты құлшына қорғаушы ретінде шығарды. И. Гетенің адам ақылының салтанатына гуманистік сенімін білдірген «Фауст» трагедиясы неміс ағартушылығы дамуының қорытындысы болды десе болады.

XIX ғасырдағы Батыс әдебиетінің дамуы. Қоғамдық-саяси өмірдің қарқынды дамуы, әдеби үдерістерді ынталандырды. Жаңа көркемдік бағыт — романтизм кеңінен таралды.

Романтизм — XIX ғасырдың басында адамзаттың рухани мәдениетінде: музыка, театр, бейнелеу өнері, эстетика т.б. көркем салаларында тараған идеялық бағыт.

Романтизм прозасы көптеген жанрлық бағыттар бойынша дамыды. Романтизм классикалық новелланы да, серілік романды да (А. Дюма «Граф Монте-Кристо»), Шығыс ертегілерін де қамтыды. Терең қоғамдық өзгерістердің ғасыры Дж. Г. Байрон, Г. Гейне, В. Гюго, Дж. Ф. Купердің көрнекті романтикалық шығармаларының дәуірі болатын. Ағылшын романтизмінің шарықтау шегі Дж. Г. Байронның шығармашылығы болды. Оның «Чайльд Гарольдтың сапар шегуі» атты поэмасы Испания және Грекия халықтарының



Дж. Г. Байрон



О. Бальзак

азаттық қозғалыстары, француз революциясы, Италияны босату үшін күреспен камтылған әлем бейнесін көрсетті.

Француз әдебиетінің сахнасына Виктор Гюго мен Жорж Санд шыққан 20-жылдарда француз романтизмі өзінің шынайы гүлденуіне жетті. В.Гюгоның «Париждік әулие ана шіркеуі» романы — діни қағидаларға қарсы наразылық, демократиялық көңіл күйдің көрінісі болды.

Американдық романның негізін салушы Дж. Фенимор Купер болатын. Ол Америка әдебиетінде алғаш болып эпопеяны («Пионерлер», «Могиканның соңғы тұяғы», «Прерии», «Ізшіл», «Шайқурай» және т.б.) қалыптастырды. Ол объективті түрде Батысты игерудің тарихын жасап, оның карама-қайшылықтары мен қайғылы мазмұнын көрсетті.

XIX ғасырдың екінші жартысында романтизмнің орнына реализм келді. Реалистер әлеуметтік үдерістердің мәніне енуге тырысты. Әлемдік әдебиеттің алтын қорына Ф.Стендаль, О.Бальзак, Ч. Диккенс және басқа да жазушылардың әлеуметтік дағдарысты көрсетуі олардың кітаптарын үздіктердің қатарына енгізді. Француз классигі Бальзактың 137 шығармадан тұратын «Адамдар комедиясы» атты көптомдық эпопеясы XIX ғасырдың ортасындағы Францияның әдет-ғұрыптарының орасан зор тарихы болып табылады. Ол бүкіл әлеуметтік шындықтың драмалық көрінісін берді.

XIX ғасырдағы француз көрнекті жазушыларының бірі Эмиль Золя жиырма томдық эпопея «Ругон-Маккарлар» еңбегінде француз қоғамын сынға алды. Билік пен шіркеудің әділетсіздігін қорықпай әшкереледі, әскер, шенеуніктер мен буржуазияны сынға алады. Бірақ Э.Золяның ең атышулы қоғамдық-саяси шығармасы француз офицері Дрейфустың жалған ісіне жазылған қарсы жауабы «Мен айыптаймын!» мақаласы болды. Өзінің хатында Золя шынайы фактілерді жасыру мақсатында француз үкіметі мен әскерін қастандық жасады деп айыптап, осы істің антисемиттік бағытын айтты. Бұл іс XIX ғасырдың аяғындағы Франция мен Еуропаның тарихында үлкен рөл атқарды. Бұл хат Э.Золяға роман жазудан кем емес даңқ әкелді.

Ойлан

Хрестоматияда берілген Э. Золяның «Мен айыптаймын!» мақаласы сөз құдіретін қалай көрсетеді?

Ағылшын әдебиетіндегі реалистік тәсілдің көрнекті өкілі Ч.Диккенс болды. Оның әдеби қызметі Англияның ұлттық әдебиетінің дамуының тұтас дәуірін қамтыған, оның мақтанышы болып табылды. Ол әлеуметтік реалистік ағылшын романының негізін қалаушылардың бірі болып саналады. Оның ең әйгілі романдарының бірі — «Оливер Твистің басынан кешкендері». Жазушы басты кейіпкер Оливер Твистің тағдыры арқылы мындаған адамдардың қиын өмірін көрсетті.



Э. Золя

Америка әдебиетінде реалистік әдебиеттің бастауы — Марк Твеннің «Том Сойер мен Гельберри Финнің хикаялары» атты романы. Бұл романда америкалық күлдік мәселесі көрсетілген. М.Твен еркіндік, бостандық, шындық, әділдік пен мейірімділіктің бейнесі болып табылатын американдық ұл баланың өмірін баяндайды. Марк Твеннің шығармашылығындағы әлеуметтік роман жанры бұл шығармада тереңінен ашылды.

Ойлан

Неліктен Марк Твеннің «Том Сойер мен Гельберри Финнің хикаялары» романын әлеуметтік роман деп атайды?

XIX ғасырдағы Ресей әдебиеті. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында көне әдебиеттен жана орыс әдебиетіне біртіндеп өту басталды. Бұл орыс әдебиетінің жалпыеуропалық даму үрдісіне қосылуына жағдай жасады. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басы аралығындағы әдебиетте классицизм үстемдік еткен болатын. Д.И.Фонвизин, Г.Р.Державин классицизм бағытының өкілдері болды. Орыс әдебиетінде романтизмнің пайда болуы В.А.Жуковский есімімен байланысты. Оның адамгершілік пен абыройға толы балладалары орыс поэзиясына «жан мен жүрек бітірді». XVIII ғасырдың соңында сентиментализм бағыты қалыптасты. Бұл бағыт адамның ішкі жан дүниесін, тұлғаның психологиясын, сезімдері мен қобалжуын тануға ұмтылған болатын. Орыс әдебиетінде А.Н.Радищевтің шығармалары сентиментализм бағытының озық үлгісі болды. Оның «Петербургтен Москваға сапар» атты туындысы — осы дәуірдің тандаулы шығармаларының бірі.



Ч. Диккенс

XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің дамуын «алтын ғасыр» деп атайды. Бұл ғасыр сентиментализмнің



А.Н. Радшев

гүлденуі және романтизмнің қалыптасуымен басталды. Осы кезеңде жаңа орыс әдебиеті мен әдеби тілдің орыс реализмінің негізін қалаушы А.С. Пушкин еді. Оның нәзік лирикасы орыс мәдениетіне және әлемдік мәдениетке қосылған баға жетпес үлес болды.

Реалистік әдебиет Ресейдегі қоғамдық-саяси жағдайға өткір жауап беріп отырды. Қала мен ауыл халқының әлеуметтік қасіреті Н.А. Некрасовтың поэзиясында тамаша көрсетілген. Оның «Ресейде кімге жақсы?» атты поэмасы халықтың ауыр өмірін ашып көрсетеді.

Н.В. Гогольдің «Өлі жандар» романы сол кезеңдегі орыс өмір салтының ең жарқын әрі шынайы көріністерінің бірі болып табылды. И.С. Тургенев орыстың қоғамдық қозғалысының жылнамашысы деген атаққа ие болатын. Ол Ресейдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың шындығын жеткізуде орыс табиғатын көркем суреттеудің керемет шебері болды. Ф.М. Достоевский үлкен психологиялық туындылардың авторы ретінде тарихта қалды. Оның «Қор болғандар мен қорланғандар», «Нақұрыс», «Ағайынды Карамазовтар», «Қылмыс пен жаза» романдары көркем әдебиет тарихына қосқан баға жетпес үлес болып қалды. Жазушы шығармаларында адамдардың рухани байлығы және қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктер мәселелерін шынайы суреттеді.

Сентиментализм (франц. sentiment — *сезім*) — жеке адамның жан дүниесін, көңіл күйін, өмірін суреттеген шығармашылық әдеби бағыт.

XIX ғасырдың соңы әлемдік мәдениетке А.П.Чеховтың, А.Н.Островскийдің, Н.С.Лесковтың, М.Горькийдің шығармаларын сыйлады. А.П.Чеховтың әңгімелерінің басты тақырыптары мен мәселелері тірлік пен арман арасындағы қайшылық, қайғы-қасіретке толы дүниедегі үміттер мен қиялдардың тағдыры болды.



Н. Некрасов

XIX ғасырдағы Шығыс әдебиеті. Әдеби жанрлар жүйесінің өзгерісі Шығыс елдерінің әдебиеттерінде де орын алды. Ірі әлеуметтік және мәдени өзгерістер прозаның гүлденуіне түрткі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында жаңа буржуазиялық қапынастардың қалыптасуы Шығыстың бірқатар елдерінде әдеби бағыт ретінде романтизмнің, кейіннен реализмнің туындауына жағдай жасады.

Қытай әдебиетіндегі түбегейлі бетбұрыс XIX ғасырдың ортасы — тайпіндер көтерілісі кезеңіне келді. Көтерілісшілердің идеялары Қытай халқының қоғамдық ой-санасына орасан зор әсер еткен болатын. Капиталистік даму жолына түскен Жапонияның әдебиеті романтик және реалист жазушылардың тобын шығарды.

Араб әдебиетінің қайта жаңғыруы XIX ғасырдың екінші жартысында араб елдерінде антифеодалдық және ұлт-азаттық қозғалыстар орын алғанда басталды. Египетте, Сирияда және Ливанда ірі ағартушылар пайда бола бастады.

Олардың ішіндегі ең елеулілері ретінде Рифаат-бей ат-Тахтави, Бутрус әл-Бустани мен Насиф әл-Язиджиді атап өтуге болады.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ ақындары арасында дарынды жауынгер-акын, халықтың мұны мен арманын жеткізуші Махамбет Өтемісұлы болды. Оның жырлары ерлік пен батырлық сипатта болды.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуында қазақ әдебиетінің классигі, акын, композитор, көрнекті қоғам қайраткері Абай Құнанбайұлының шығармашылығы дара рөлге ие. Сол кезеңдегі қазақтың қоғамдық ой-санасы мен әдебиетіндегі прогрессивті-демократиялық бағыт Абайдың есімімен байланысты. Ол қазақтың қазіргі жазбаша әдебиетінің негізін қалаушы, көзі ашық, либералды ислам негізінде орыс және еуропа мәдениеттерімен жақындасу рухындағы мәдениет реформаторы болған. Абай Құнанбайұлының ұлылығы мен өшпестігі оның өз шығармашылығында қазақ халқының өмірін жан-жақты және шынайы түрде көрсете білгендігінде жатыр.



А. Құнанбаев

Пікірталас

XIX ғасырдың әдебиеті әлеуметтік әділетсіздікті қалай бейнеледі?
Өз пікіріңді білдір. Сыныптастарыңның пікірімен салыстыр.

Біліміңді тексер

1. XVIII ғасырдағы ағартушылық реализм әдебиетін мәні қандай еді?
2. В.Гюгоның қандай романдарын роман-эпопея деп атайды?
3. Ф.Купер романдарының негізгі тақырыптық арқауы неде?
4. Неге А.Н.Радищевтің «Петербургтен Мәскеуге саяхат» романын XVIII ғасырдың көрнекті шығармасы деп атайды?

ҒЫЛЫМИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

§ 29. БАТЫСТЫҚ ҒАЛЫМДАР МЕН ОЙШЫЛДАРДЫҢ АШҚАН ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Бұл сабақта:

- әлемнің ғылыми бейнесінің қалыптасу бастамасы және техниканың жетістігі мен оның қолдану маңызы;
- жаратылыстану ғылымдарының дамуы мен байланыс құралдарының дамуы, жаңа әлем бейнесінің қалыптасуы жайында білеміз.

Тірек сөздер

- ғылыми таным
- буқозғалтқыш
- термодинамика
- телеграф
- телефон
- радио
- пастерлеу

Әлемнің ғылыми бейнесінің қалыптасу бастамасы. XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында ғылымның қарқынды дамуы болып, тұтас ғылыми әлем бейнесі қалыптасты. Ұлы итальяндық Галилео Галилей алғаш табиғат зерттеушісінің бірі болып Ғалам заңдарының әмбебап сипаты туралы жаңалықтарын ашты. Ол Коперниктің ғаламшарлардың Күннің айналасында қозғалысы туралы теориясының тәжірибелік растауын жасады. Соның нәтижесінде оның идеялары діни догмаларға қарама-қайшы келіп, инквизиция сотының шешімімен айыпты деп танылды.

Галилео Галилей — адамзат тарихындағы ең атақты астроном, физик философияның бірі. Ең маңызды ғылыми зерттеулеріне инерция заңын ашу, телескоп өнертабысы, астрономиялық бақылаулары жатады. Ғылым методологиясының дамуындағы рөлі де үлкен құрметке ие. Ол бірінші болып эксперименттерді жүргізу қажеттілігін айтты.

Алдыңғы қатарлы ғалымдарға Коперниктің ілімі дұрыс екені айқын болды, бірақ ғаламшарлардың қозғалысы заңдарын тереңірек зерттеп анықтау қажет болды. Бұл міндетті ұлы неміс ғалымы И.Кеплер шешті.

Иоганн Кеплер — неміс математигі, астроном, механик, оптик, Күн жүйесі ғаламшарларының қозғалысы заңдарын алғаш ашып (Кеплер заңдары), тұтылу теориялары негізін құрды, телескопты ойлап тапты.

Техниканың жетістігі мен оның қолданбалы маңызы. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Англияда өнеркәсіптік

революция, Америка мен Францияда саяси өзгерістер орын алды. Қоғам ғылымның практикалық пайдасын айқын түсіне бастады. Бұл кезеңде ғылым мен техниканың байланысы, техниканың қоғамдағы рөлі де өзгерді.


XVIII ғасырдың аяғында буксгалтқышының ойлап табылуы өнеркәсіптің механикалануына қуатты серпін берді. Оның көмегімен кез келген жұмыс мәшinelері қозғалысқа келе алды.

Р.Аркрайт, Дж.Харгривс пен С.Кромптонның тоқыма өндірісі үшін жіп піру мәшinelерін ойлап шығаруы және Джеймс Уаттың әмбебап бу мәшinelесін жетілдіруі XIX ғасырдағы ғылыми-техникалық дамудың бастапқы белесі болды. Ғылым өндіріс күшіне айнала бастады.

Ұзақ тәжірибелердің арқасында француз ғалымы А.Реомюр болат өндірісінің құпиясын ашты. Ағылшын өнертапқышы Г.Бессемер шойынды балқытып, болатқа айналдырудың жаңа тәсілін ойлап тапты. Өндірістің жаңа саласы — мәшине жасау пайда болды. Әртүрлі мәшinelерді жаппай шығару басталды. Бу қондырғылары



Ресейдегі алғашқы паравоз



Дж. Харгривс жіп піру мәшinelесі

әртүрлі салаларда, ауылшаруашылығында, құрлықта, өзен мен теңіз көліктерінде қолданыла бастады. XIX ғасырды «бу мен темір ғасыры» деп сипаттады.


Ойлан

Ғылым мен техникадағы қандай жаңалықтар өнеркәсіптік төңкеріске серпін берді?

Өнеркәсіптік төңкеріс пен ішкі және сыртқы нарықтың өсуі көлік құралдарын қайта құру қажеттілігін туғызды. Ағылшын өнертапқышы Дж. Стефенсон өзінің алғашқы паровозын жасады. Ол ұзындығы 56 километрлік рельстік желіні құрды. Бұл тауар мен жолаушыларды аралас тасымалдайтын алғашқы жол болды. Паровоз өнертабысы мен теміржол құрылысы көлік саласында нағыз төңкеріс әкелді.

1807 жылы американдық өнертапқыш Р.Фултон тәжірбиеде қолданысқа не болған бірінші кемені жасады. Англияда бу кемелері 1812 жылдан бастап, ал Ресейде 1815 жылдан бастап қолданысқа не болды. Бу көліктерінің пайда болуы Еуропа, Солтүстік Америка сияқты әлем елдеріне шешуші өзгерістер енгізді.

Жаратылыстану ғылымдарының дамуы. XIX ғасырда ғылым үлкен жылдамдықпен дами бастады. Математика, физика, химия,



«Клермонт» Фултон кемесі

биология және қоғамдық ғылымдарда жаңалықтардың көптеп ашылулары басталды. Іргелі ғылымдардың бірі ретінде математиканың рөлі қарқынды жоғарылап, оның жетістіктері тәжірибелік міндеттерді шешуде қолданылды. Екі мың жыл бойы үстем болған Евклидтің геометриялық теориясы математика ғылымында төңкеріс жасаған ұлы орыс математигі Н.И.Лобачевскийдің евклидтік емес геометриясымен толықтырылды.



Исаак Ньютон

Физиктердің жетістіктері де өте маңызды еді. Классикалық физиканың негізін салушы Исаак Ньютонның жаңалықтары классикалық механиканың алға жылжуы болатын.

Исаак Ньютон — бүкіл әлемге танымал ағылшын математигі, физигі мен астрономы. Ол механиканың үш заңын ашып, бүкіләлемдік тартылыс күшін дәлелдеді.

Термодинамиканың дамуына француз физигі С.Карно, неміс мектебінің өкілі Ю.Р. Майер, ағылшын физигі Дж. Джоуль және т.б. маңызды үлес қосты.

Дж. Джоуль — ағылшын физигі, электр тогының жылулық күшін анықтайтын заңды орнатты, газ молекулаларының қозғалыс жылдамдығын есептеді. Оның құрметіне жұмыс өлшемінің бірлігі, жылу мен энергияның саны джоуль деп аталды.

XIX ғасырдың аса көрнекті жетістіктерінің бірі энергияны сақтау және айналу заңының ашылуы болды. Алғашқыда жалпы түрде оны М.В.Ломоносов құрып, кейін неміс ғалымы Ю.Р. Майер тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Дененің қозғалысы, жылу, электр, магнетизм, химиялық үдерістердің тұрақты сандық көрсеткіштері кезінде бір-біріне айналатын энергияның әртүрлі сапалық формалары болып табылатыны анықталды.

Электроника туралы ілімдегі елеулі жетістіктер электромагниттік құбылыстардың тәжірибелік қолдануымен байланысты болды. XVIII ғасырдың аяғында итальян физигі А.Вольт тұрақты электр тогының көзі — «гальваникалық батареяны» ойлап тапты. Осындай батареялар электр тогының жалғыз көзі ретінде ұзақ



М.В.Ломоносов

қызмет етті. XIX ғасырда электротехника саласында француз А.М. Ампер, ағылшындар М.Фарадей және Дж. Максвелл, неміс Г.Ом, американдықтар Дж. Генри және Т.Эдис он сияқты атақты ғалымдар жұмыс істеді.

М.В. Ломоносов — физикалық химия саласында зерттеулер жүргізді, энергияның сақталу заңына, кометалар туралы ілімге, Жер қыртысының қасиеттері іліміне айрықша үлес қосты. Ол техниканың жиырмадан астам салаларын жетік білген.

Элемен тар бөлшектер әлемінің құпиясын түсінген ғалымдар жаратылыстануда төңкеріс жасады. 1895 жылы неміс ғалымы В.Рентген атымен рентген сәулелері ашылды. Бұл жаңалық медицина мен техникада бірден қолдан ысқа не болды.

А.М.Ампер — көрнекті француз физигі, математик, химик. Электроника мен магнетизм туралы ілім — электродинамиканың негізін қалаушы. Оның құрметіне негізгі электрлік шамалардың бірлік ток күші *ампер* аталды.

Кейін Мария Склодовская-Кюри, П. Кюри, Я. Бор және Э. Резерфорд сияқты көрнекті физиктердің есімімен байланысты атом ядросы саласындағы зерттеулер мен радиоактивтілік ілімі ашылды. Ғалымдар атом ядросының құпиясын түсініп қана қоймай, Әлемді де жақсырақ тани бастады. Уран және Нептун сияқты жаңа ғаламшарлар ашылды.


XIX ғасырда химияның дамуы жетістіктерге жетті. XIX ғасырдың ең ірі жаңалықтарының бірі 1869 жылы Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесін құруы болды. Ол химия мен физиканың кейінгі дамуына үлкен үлесін қосып, қоршаған әлемді тереңірек тану мүмкіндіктерін ашты.

Д.И. Менделеев 1871 жылы «Химиялық элементтердің периодтық заңы» еңбегінде өзінің зерттеулерін қорытындылаған болатын. Периодтық заңды Менделеев өзінің «Химия негіздері» деп аталатын басты еңбегінде жариялады.

Жаратылыстанудың дамуы XVIII—XIX ғасырларда тірі табиғат туралы жаңа ғылым — биологияның пайда болуына әкелді. XIX ғасырда ғылымның ең маңызды жетістігі — табиғи іріктеу арқылы түрлердің эволюция теориясы құрылды. Чарльз Дарвин «Түрлердің шығу тегі» деп аталатын әйгілі еңбегінде жануарлар мен өсімдіктердің шығу тегі теориясын негіздеді.

Медицина, микробиология, генетика салаларында маңызды ашылулар жасалды. Тұқымқуалаушылық туралы ілімнің негізін салушы австриялық биолог Г.Мендель болып табылды. Ол өз зерттеуінің сенсациялық ашылуына әкелген тәжірибелерді жүргізді. Кейіннен бұл білім саласын *генетика* деп атап, тұқымқуалаушылық туралы ілім *менделизм* деген атауға ие болады.

Бұл салаға микробиолог Р.Кох және химик-микробиолог Луи Пастер елеулі үлес қосты. Туберкулез таяқшаларын ашқаны үшін Р.Кох Нобель сыйлығымен марапатталды.



Чарльз Дарвин

Ойлан

Ч.Дарвиннің ілімі неліктен әлемнің жаңа бейнесінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді?

Луи Пастер — еңбектері микробиологияның өзіндік ғылыми пән ретінде дамуына бастау берген француз ғалымы. Пастер ашудың биохимиялық теориясын зерттеді. Осы зерттеудің нәтижесінде сүт және т.б. тағамдық өнімдерді сақтайтын әдіс анықталып, кейін осы үдеріс пастерлеу деп аталып кетті.

Француз ғалымы Луи Пастер иммунология мен микробиологияның негізін қалаушыларының бірі болды. Ол ғасырлар бойы анықталмай келген инфекциялық аурулардың себептерін ашты. Бірақ адамзат алдындағы Пастердің ең басты еңбегі — жануарлар мен адамдардың ауруларына қарсы белсенді иммунизация үшін қолданылатын препараттар. Ол вакциналардың дайындау әдісі мен қолданылуын ойлап шығарған еді. Микробиологияның ғылым ретінде дамуына үлкен үлес қосқан, медицина тарихына иммунитет туралы теория енгізген үздік орыс ғалымы И.И. Мечников болды.

Ойлан

Луи Пастердің қандай маңызды ашылулары бүгінгі таңда кеңінен қолданылады?



Луи Пастер

Орыс физиологі І.П. Павлов адамдар мен жануарлардың жоғары жүйке қызметі туралы ілімнің негізін салушы болып табылды.

Байланыс құралдарының дамуы. XIX ғасырдың екінші жартысында байланыс құралдарында төңкеріс болды. Көптеген ғасырлар бойы адамдар бір-бірімен хат жазу арқылы байланыста болды. Өнеркәсіп пен сауданың дамуы ақпаратты жіберудің жетілдірілген құралдарын талап етті. Электр мен магнетизм саласындағы ғылыми ашылулар бұл қажеттіліктерді қанағаттандырды.

Ғылыми білім негізінде испан өнертапқышы Ф. Сильва маңызды жаңалықтардың бірі болып табылатын алғаш телеграфтық желіні жасады. 1836 жылы американдық С. Морзе байланыстың түбегейлі жана түрі — телеграфты ойлап тапты. Морзенің электрлік аппараты кодталған нүктелермен және сызықшалармен сымдар арқылы хабарламаларды жіберді. Бұл аппарат үлкен қолданысқа ие болды. Ғасырдың соңында әлемнің бас қалалары телеграфтық байланыс арқылы жалғанды. 1876 жылы телефон ойлап табылды.

Ойлан

С. Морзе жаңалығының маңызы қандай болды?
С. Морзе әліппесі туралы не білесің?

Орыс физигі, өнертапқыш және электротехник А. Попов 1895 жылы радиоқабылдағышты, яғни радионы ойлап тапты. Осы уақыттан бастап радио бүкіл әлем үшін ақпарат көзіне айналды.

Жаңа әлем бейнесінің қалыптасуы. XVIII — XIX ғасырлардың аяғындағы жаратылыстану ғылымының дамуы өндіріс пен тұтас қоғамның дамуына айтарлықтай әсер етті. XIX ғасыр — бұл



Морзе телеграфы

өнер кәсіптік революция дәуірі, электр энергиясының дәуірі, темір жолдарының дәуірі. Ол мәдениет пен адамзаттың дүниетанымына ықпалын тигізіп, адамның құндылықтар жүйесін түбегейлі өзгертті. Ғылыми танымның жетістіктері моральдық құндылықтардың салыстырмалық дінсіз негіздемесі туралы ойларға әкелді. Қоғамда діни емес ағарту ойлары дами бастады.

Еске түсір!

Қандай ғалымдар электромагниттік әлем бейнесін құруға үлесін қосты?

Ғылымның дамуы адам өмірін қатты өзгертті. Телеграф, телефон, теміржол мен кемелер, автомобильдер арақашықтықты қысқартты. Көптеген салаларда жасалған XIX ғасырдың ғылыми жаңалықтары болашақ дамуға үлкен әсерін тигізді.

Пікірталас

XIX ғасырдағы ғылыми ашылулар қоғамға қандай өзгеріс әкелді деп ойлайсың?

Біліміңді тексер

1. Классикалық жаратылыстанудың гүлденуі қашан басталды?
2. Д.И. Менделеевтің жаңалығы туралы әңгімелеп көр.
3. XIX ғасырда Нобель сыйлығына ие болған микробиологті атай аласың ба?
4. XVIII—XIX ғасырлардағы ғылым мен техниканың дамуы қоғамдағы діннің рөлін неге шектеді?
5. Төмендегі кестені дәптеріңе сызып, оқулық мәтініне сүйене отырып кестені жалғастырып көр.

Ғалымның, зерттеушінің аты	Қандай ғылыми жаңалық енгізді?	Қай салада?
Г. Галилей	Ғаламшарлардың Күннің айналасындағы қозғалысы туралы теориясы, инерция заңы.	Астрономия, физика
И. Кеплер	Күн жүйесіндегі ғаламшарлар қозғалысының заңдарын, телескопты ойлап тапты	Астрономия, механика
Дж. Харгрейвз	Жіп піру машиналары	Механика
Дж. Уотт	Әмбебап бу машинасы	Механика
Г. Бессемер	Шойынды болатқа балқытудың жаңа тәсілі	Металлургия
Р. Фултон	Бірінші кеме	Механика
Н.И. Лобачевского	Евклидтік емес геометрия	Математика
Исаак Ньютон	Механиканың үш заңы, Бүкіләлемдік тартылыс күші	Физика
В. Рентген	Рентген сәулелері	Физика

§ 30. ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Бұл сабақта:

- Шығыс мәдениеті мен ғылымы туралы мағлұмат аламыз;
- Шығыс елдерінің жаңа замандағы ғылым мен мәдениетті дамытудағы жетістіктерімен танысамыз;
- отаршылдықтың зардабынан ғылым мен мәдениет саласының дамуындағы тоқырау себептерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- мәдениет
- білім беру
- ғылым
- сәулет өнері
- қала мәдениеті
- синтоистік
- конфуцийшілдік және буддистік ілімдер
- тоқыма өнері
- фарфор өндірісі
- медицина

Ойлан

Исламдық, конфуцийлік және үнділік өркениетті дамытқан елдерді атай аласың ба?

Жаңа заманның басында Шығыс әлемнің ең бай және халқы тығыз орналасқан аймағы болды. Еуропадағы өнеркәсіп төңкерісіне дейін Шығыста мануфактуралық қолөнер өндірісінің 77 пайызы өндірілді. Әлемнің ең ірі деген әрқайсысында 100 миллионнан астам халқы бар 31 қаласының 25-і Шығыста орналасқан еді. Өнеркәсіп төңкерісіне дейін іс жүзінде XIX ғасырдың басында Шығыс елдері Еуропаға, негізінен, тұтыну тауарлары мен басқа да тұрмысқа қажетті бұйымдарды тасымалдайтын. Олар дәрі-дәрмектер, кофе, қант, шай, жұқа тоқылған маталар, жібек және басқа да сәндік бұйымдармен еуропалықтарды қамтамасыз етіп отырған.

Тек XVII ғасырдың ортасынан бастап, яғни Еуропадағы өнеркәсіптік төңкерістен кейін ғана Шығыс елдерінің дамуы баяулап, сырткөзбен карағанда, Батыстан «артта қалуға» мәжбүр болды. Біртұтас Батыспен салыстырғанда, Шығыс қоғамы өте күрделі қоғам болды, оның әр аймақтағы даму сипаты өзіндік өркениеттік сипатымен ерекшеленетін. Исламдық өркениет елдері, конфуцийлік өркениет пен үнділік өркениет пелері деген сияқты әр аймақтағы Шығыс елдерінің өзіне ғана тән даму ерекшеліктерімен сипатталатын.

Ұлы географиялық ашылулардан кейінгі еуропалықтардың отаршылдық әрекеттері Шығыс қоғамын күрт өзгертті. Отаршылдардың алғашқы кездегі Шығыс елдерін жабайылықпен тонаушылық әрекеттері оларға қарсылық тудырып, Қытай, Жапония, Корея сияқты елдер «жабық есік саясатын» ұстануға көшті. Ал қарсы-

ла суға дәрменсіздері дәстүрлі мәдени ерекшеліктерінен айырылып, отаршылдықтың салдарынан даму үрдісін басқа бағытта, яғни еуропалық үлгімен аралас бағытта жүргізуге мәжбүр болды.

Сонымен еуропалық отаршылдық саясат шығыстық дәстүрлі құрылымды өзгертіп, жергілікті өркениеттің жойылуына, халықтың қырылуына, қанаушылық пен тонаушылыққа әкелді. Ал отаршылдыққа дейін, ежелгі адамзат өркениетінің ірі ошақтары қалыптасқан Шығыста мәдениеттің де, ғылымның да түрлі салалары дамып, өркендегенін білеміз.

Ойлан

Осы кезеңде Шығыстағы ғылым мен мәдениеттің дамуына не кедергі болды?

Қытайда ғылым мен мәдениет дамыды. Жатжерлік басқыншыларға қарсы күрес жылдарында мәдениет салаларында, соның ішінде әдебиет пен өнердің түрлі жанрлары дүниеге келді. Ғылымның түрлі салалары да дамып, әлемдік өркениетке өз үлесін қосты. Қытайдың ұлы фармаколог дәрігері Ли Шичжэнь өзінің атакты «Бэнь цао ганму» — «Ағаштар мен өсімдіктер туралы» атты трактатында 1800 әртүрлі дәрілік шөптер сипатталып және олардан дәрі жасаудың 10 мыңнан астам тәсілі (рецепт) көрсетілген. Бұл кітап көптеген шетел тілдеріне аударылған.

XVII ғасырда өмір сүрген ғалым Сун Инсин Қытайдың ежелден бері жинақталып келген ауылшаруашылығы мен қолөнері саласындағы жетістіктерін қорытындылап, «Аспанның бергендері мен адамдардың ашқандары» деген атпен сол замандағы ғылым мен техниканың даму деңгейін көрсететін кітап жазып шығарды.

Қытай шеберлері тоқыма өндірісінде жіп піретін білдектер (станок) ойлап шығарды. Тоқымашылар маталарға суреттер салып тоқуды білген, осындай матаға салынған суреттерді «кэсы» деп атаған.

Фарфор жасау ісі жетілдірілді. Металл балқыту үшін қажетті пештерді ойлап тауып, зеңбіректер мен мылтық жасау өнері дамыды. Қала баспаханаларында жылжымалы әріптер жасау ойлап табылды. Енді сарай газеттерін шығаруда осы әдіс қолданыла бастады.

Кеме жасаушылар ірі әрі сапалы кемелер жасады. Қалаларда құрылыс ісі өркендеп, сәулетті сарайлар, көпірлер, бекіністер, биік мұнаралар тұрғызылды. Мин империясы тұсында салынған осындай сәулетті сарайлар мен ғибадатханалар Пекинде әлі күнге дейін сақталған.

Ойлан

Қытайда осы заманда ғылымның қандай саласы жақсы дамыды?

Осы кезде қолданбалы өнер шарықтау шегіне жетті. Көркем туындылардың негізгі тұтынушылары болған император сарайы мен феодал аксүйектер өз сарайларын фарфор, піл сүйегінен ойылып жасалған әшекей заттармен безендірген. Мин және Цин әулеттері тұсында Қытайдың әр қаласы мен әр провинциясының бір немесе бірнеше көркемөнер туындысын өндірумен аты шығып, танымал болған.

Ойлан

Қытайдың қандай қолданбалы өнер туындыларын атап айтар едің?

Жаңа заман кезеңінде драматургия мен проза қарқынды дами бастады. Ло Гуаньжунның «Үш патшалық» романы да қытайдың классикалық романдарының бірі болды. Онда Хань әулеті билігінің соңғы жылдарындағы тақ үшін күрес пен халық ерліктері баяндалады. Эпикалық прозаның дамуындағы келесі бір маңызды қадам У. Чэньэннің «Батысқа саяхат» (Си ю цзи) романы. Оның жазылуына негіз болған дереккөздері Қытай монахтарының Будданың отаны Үндістанға сапары туралы жазылған новеллалар еді. Цин әулеті билігі тұсында ең бірінші «Конфуцийшілдердің ресми емес тарихы» атты сатиралық романы дүниеге келді. Оның авторы XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, кедейленген атакты отбасында дүниеге келген әдебиетші У.Цзинцзы еді. Ең танымал роман — Цао Сюэциннің «Қызыл сарайдағы түс» романы болды. Бұл туынды дәстүрлі Қытай романының ең биік шыңы деуге болады.

XIX ғасырдың соңында шетел тіліндегі шығармалар қытай тіліне аударыла бастады. Ұлы аудармашыларының бірі Янь Фу Батыстың философиялық еңбектерін аударумен айналысып, қытайлықтарға Дарвин ілімін таныстырса, Линь Шу әдеби шығармаларды аударатырып, қытайлық оқырмандар назарына 100-ден астам шет тіліндегі шығарманы ұсынды.

Ал сәулет өнеріне келетін болсақ, жаңа дәуірде архитектуралық ескерткіштерді салуда сәулетшілер өз шеберліктерін көрсете білді. Ұлы Қытай қорғаны құрылысы аяқталып, бірнеше ірі қалалар көлемі кеңейтіліп қайта салынды және қорғаныс қамалдарымен



Аспан храмы

қоршалды. Ірі сәулет өнерінің керемет ескерткіші Мин және Цин әулеті императорларының резиденциясы «Жабық қала» немесе «Тыйым салынған қала» деп аталған Гутун сарайы Пекиндегі Императорлық қалашықтың ортасында орналасқан. Осы құрылыстың ең бір ерекшелігі — бұл жерде бірде-бір пеш құбырын таба алмайсың. Сол кездің өзінде жылуды еденнен өткізген. Яғни, құбырлар жер астынан өткізілген. Сонымен қатар сол кезде сарай қызметшілері үйді жылыту үшін ерекше отын пайдаланған. Қазіргі таңда бұл құрылыс туристік орталыққа айналып отыр. Сонымен қатар осында «Соңғы император» фильмі түсірілген.

Храмдар ансамблінің ең ірі ескерткіштерінің бірі — Аспан храмы. Ол XVIII—XIX ғасырларда қайта салынған болатын. Сарайлар жпынтығы орналасқан дуалмен қоршалған тік төртбұрышты үлкен алаң жердің символын білдірсе, ал храмның ішкі қоршауына бекітілген ақ мәрмәрдан ойылып жасалған дөңгелек сызбалы құрбандық шалатын орын күннің немесе аспанның белгісін білдірді.

? Анықта

Қытайда осы заманда сәулет өнерінің қандай ескерткіштерін атап айтуға болады?

Жаңа дәуірде Жапонияда синтоистік, конфуцийшілдік және буддистік ілімдердің бірлескен үйлесімділігі көрініс тапты. Оның көрнекті өкілдері Т. Тэдзима, Д. Накадзава және т.б. болды. Олар Жапониядағы адам жанының құдіретін зерттейтін сингаку мектебін

калыптастырды. Конфуцийлік этикалық саяси ілім-білім беру мен саясатта алдыңғы қатарға шықты. Токугава заманында Жапонияда білім беру саласы жақсы дамыды.

Ойлан

Жапониядағылым мен мәдениеттің дамуында қандай діни ілімдердің ықпалы болды?

Осы кезеңде Жапонияда екі жоғары оқу орны ашылып, еуропалық ғылымды игеру мен жапондық классикалық әдебиетті зерделеу басталды. Әдебиет саласында қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін прозалық шығармалар, драматургия мен поэзияда да жана жанрлық шығармалар пайда болды.

Жазушы новеллашы Ихара Сайкаку, драматург Тикамацу Мондзаэмон, поэзияда үш жолды өлең хайку жанрында жазатын атақты Мацуо Басе, Еса Бусон, Кобаяси Исса сияқты шығармашылық өкілдерін атауға болады.

Жапонияда осы кезеңде еуропалық ғылым мен біліммен таныс болған ғалымдар математика, география, медицина, баспа ісі мен шетел тілін оқыту өрістей бастаған.


XVIII ғасырдың ортасына қарай атақты Кабуки театрының өнері қалыптасып, халық арасында кеңінен тарай бастаған.

Ал XIX ғасырдың ортасындағы Мэйдзи төңкерісінен кейін реформалық жолмен қарқынды өркендей бастаған Жапония. Шығыс елдерінің ішінде әлемдік өркендеттік дамуға өзіндік ерекшелігімен, шығыстық мәдениетін сақтай отырып, сонымен қатар батыстың ғылымы мен техникалық жаңалықтарын тез игеруге көшкен ел болды. Ол «жапондық рух, батыстық техника» деген ұранмен Шығыс елдерінің ішінде алғашқы болып, әлемдік капиталистік жүйеге көшті.

Пікірталас

«Жапондық рух, батыстық техника» деген ұран ғылым мен мәдениетті дамытуда қалай көрініс тапты? Өз пікіріңді білдір. Сыныптастарыңның пікірі қандай?

Үндістан халықтарының өзіндік дәстүрлі мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасты. Ұлы Моғолдар заманында дүниеге келген әдебиет пен сәулет өнері саласындағы туындылар адамзат өркеніне қосылған тамаша мәдениет ескерткіштері болып саналады. Мыса-



Чехиль сутун сарайы

лы, бүгінгі күнге дейін атақты әдеби шығарма «Рамаяна», Агра, Дели, Фатхпур мен Сикри өзіндік ерекшеліктерімен, ал архитектуралық құрылыстар ғажайып сәулетімен таңдандыруда. Бұл жетістіктерге Үндістанның халықаралық байланыстарының жақсы дамуы себеп болды, әсіресе Орта Азиямен және Иранмен байланыстары нәтижесінде осындай тамаша мәдени ескерткіштер дүниеге келді. Үндістанда оның тарихи даму ерекшелігіне сәйкес үнділік және мұсылмандық идеология қалыптасып, рухани және материалдық мәдениет салалары да осы бағыттарда дамыды. Білік етуші топтар халықтың еркін ойына тежеу салып, философия мен теология саласында тек үстемдік етуші билік өкілдерінің мүддесіне сай келетін уағыздарға жол ашылып, еркін қоғамдық пікірлерге қатаң тыйым салды. Дегенмен осы қатандық жағдайында жол тауып, өз ойларын білдірген гуманистік ғұламалар болды. Делиде атақты гуманист-ойшыл, тарихшы, ақын Ахмад Абдур-Рахим Шах Валлулла мұсылмандық өркендеудің уағыздаушысы болды. Ол өмір сүріп отырған қоғамның кемшіліктерін өткір сынға алып, әділетті заңға негізделген ақылды мемлекеттік қоғам құруға шақырды.

? Анықта

Үндістанда ғылым мәдениеттің дамуында қандай кедергілер болды?

Үндістанның еуропалық отаршылдыққа тап болуы XVII—XVIII ғасырлардағы мәдениеттің құлдырауына себеп болды.

XVII ғасырда Иранда қала мәдениеті дамыды. Жаңа астана — Исфаханда сәулетті сарайлар, мешіттер, медреселер салына бастады. Әсіресе тамаша архитектуралық сәулет өнерінің көрінісі бола алатын шахтың «Чехиль-сутун» сарайы мен шах мешітін және медресесін атауға болады. Бұл құрылыстар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Исфаханды әлемдегі ірі сауда орталығына айналдырмақ болып, I Аббас шах қалаға армян саудагерлері мен қолөнершілерін көшіріп әкеледі.

Иранда осы кезеңде қолөнер саласы жақсы дамыды, әсіресе тоқыма өндірісі мен қыштан бұйымдар жасау, зергерлік өнері әлемге әйгілі болды. Иран тоқымашыларының қолынан шыққан жібек маталар, барқыт, екіжақты парча дүниежүзіне белгілі болды. Алтын мен күміс беткейлі парчаларды француздар ерекше бағалаған. Киіз бұйымдар, кілем тоқу, мақта мата бұйымдары кенінен дамыған, әсіресе Иранның Керман қаласының атакты кілемдері Еуропаға тарады.

Капиталистік Еуропаның Азияның дәстүрлі өміріне баса-көктеп енуі шығыстық феодалдық құрылыстың дағдарысын туғызды. Шығыс елдерінде модернизация заманы басталды, яғни шығыстық қоғам біртіндеп дүниежүзілік капиталистік жүйенің бір бөлшегіне айнала бастады. Шығыстың зиялы қауымы, сауатты адамдары еуропалық мәдени, ғылыми-техникалық жаңалықтарды өз елдерінде қабылдаудың тиімді жолдарын қарастыра бастайды. Батыстық өркеннет үлгілері Шығыс қоғамына ене бастайды. Ғасырлар бойы дәстүрлі мәдениетпен өмір сүріп келе жатқан Шығыс қоғамы жатжерлік, өздеріне беймәлім батыстық мәдениетті жатсына қабылдайды. Дегенмен отаршылдық қамытын киген елдер әлемдік экономикалық жүйеге еріксіз тартылғандықтан, олардың мәдени дамуы да Батыс пен Шығыстың өркеннеттік жақындасуына мәжбүр етті.

Шығыстық қоғамның еуропалық индустриалдық қоғамға икемделуі XIX ғасырдың бірінші жартысында басталды. Алдымен білім беру жүйесінде өзгерістер жүргізілді. Бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесінде мемлекеттік, әскери, діни қызметтер үшін білім берілсе, енді жаңа заман талабына сай, экономика, қаржы саласы мен әскери қызметтер, шетел тілін игеру сияқты салаларда білім беру қажеттілігі туындайды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Еуропамен тығыз байланыс орнатқан Шығыс елдерінде мәдени өрлеу басталып, зайырлы

білім алу, ғылым мен техника жетістіктеріне деген қызығушылық артты, баспасөз дамыды, әдебиет Қайта өрлеу дәуірін бастан кешті. Индустриалдық қоғамдағы шығыстық ағартушылық үдерісі өркендеді. Осы кезеңдегі ағартушылық дәуірдің көш басында Үндістанда Рам Мохан Рай, Араб елдерінде — Египетте Рифаа ат-Тахави және ливандық Бутрус-әл-Бустани, Иранда Мальком хан, Түркияда Намык Кемал, Жапонияда Фукудзава Юкити тұрды. Олар шығыстық қоғамның дәстүрлі ағартушылық дамуына жаңа леп, жаңа бағыт әкелген адамдар болды.



Анықта

Отаршылдықтан кейін Шығыс елдерінде ғылымның қандай салалары дами бастады?

XIX ғасырдың ортасында — XX ғасырдың басында өркен жайған Шығыс елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың идеологиялық жетекшілері, олардың ұлттық ұрандары осы мәдени дамудың әсерімен жүріп отырды. Мәдениеттің әр саласында құнды шығармалар дүниеге келді. Бұл дәуірдің мәдениет қайраткерлері өз елдерінің ұлт-азаттық қозғалысына үн қосып, азаттық жолын аңсаған мәдени туындыларын дүниеге әкелді. Әдеби шығармалар, ғылым мен техникадағы жаналықтар жаңаша сипатта көрініс тапты. Батыстың озық мәдени үлгілерін жетік меңгеруге ұмтылыс туды. Дәстүрлі мәдениет пен жаңа заманның талабына үн қоса отырып, шығыстық әркеннет әлемдік өркеннеттің бөлінбес бөлшегіне айналды.

Пікірталас

Топқа бөлініп, отаршылдықтың шығыстық мәдениет пен ғылымның дамуына тигізген жағымды және жағымсыз жақтарын көрсетіп талқылаңдар.

Біліміңді тексер

1. Қытайдың жаңа дәуірде шығыстық ғылым мен мәдениетке қандай үлес қосқанын айтып бер.
2. Жапония мәдениеті мен ғылымы неге жедел дамыды деп ойлайсың?
3. Шығыс елдерінде әдебиет пен өнерде қандай көркемдік бағыттар дамыды?
4. Иран мәдениетінің қандай салалары жақсы дамыды?
5. Қытайдың әдебиет саласындағы қандай атақты шығармалары дүниеге келген?

Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар

1-тапсырма. Ашық тест тапсырмалары

1. Солтүстік Америкадағы ағылшындардың алғашқы мекені
2. «Тәуелсіздік Декларациясы» ... қабылданды.
3. Бұл құжаттың авторы
4. Метрополия дегеніміз —
5. Біреудің жеріне өз бетінше қоныстану —
6. 1783 жылғы Англияның АҚШ тәуелсіздігін мойындаған келісімі —
7. Аболиционистер —
8. АҚШ-тағы азамат соғысы ... жылдары болды.
9. 1854 жылғы бірінші жапондық-америкалық келісімшарттың мәні
10. 1882 жылы АҚШ пен дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы келісімшартқа қол қойған мемлекет.

2-тапсырма. Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы» туралы сызбаны толтыру.

Қай жылы?	Еуропалықтар қандай саясат ұстанды?	Нәтижесі

3-тапсырма. Жабық тест тапсырмасы

1. 1868 жылы Эдо қаласына қандай атау берілді?
 - а) Токно;
 - ә) Мэйдзи;
 - б) Осако.
2. Алғаш рет Жапонияға жеткен еуропалықтар:
 - а) британдықтар;
 - ә) француздар;
 - б) португалдықтар.
3. 1837 жылғы Осако қаласында Сегунат билігіне қарсы болған ірі бас көтерудің басшысы:
 - а) Осно Хэйхатиро;
 - ә) Токугава Пэясу;
 - б) Мацухито.
4. Жапонияда «Білімпаз Мэйдзи билеуші кезеңі» атанған уақыт қай билеуші тұсында болды?
 - а) Осно Хэйхатиро;
 - ә) Токугава Пэясу;
 - б) Мацухит.
5. Гомстедтер туралы заң нені білдіреді?
 - а) құлдықты жою;
 - ә) фермерлерді салықтардан босату;
 - б) феодалдық салықтарды жою;
 - в) бос жерлерді тегін тарату;
 - г) нәсілдік бөлектеуді.
6. АҚШ-тағы Қайта құрылымдалу деген не?
 - а) жаңа Конституцияны қабылдау;
 - ә) жаңа аумақтарды қосып алу;
 - б) Батыстағы жерлерді жаулап алу;
 - в) оңтүстік штаттарда буржуазиялық түрлендіру ұйымдастыру;
 - г) солтүстік штаттарда буржуазиялық түрлендіру ұйымдастыру.

4-тапсырма. Сәйкестендіру.

Иоганн Кеплер	әлемдегі бірінші химиялық зертхананың негізін қалаушы.
Галилео Галилей	қазіргі заманғы микробиология мен иммунологияның негізін қалаушы.
Луи Пастер	механиканың негізгі заңдары мен Бүкіләлемдік тартылыс заңын тапқан.
Менделеев	телескоп өнертабысын ойлап тапқан.
Ньютон	химиялық элементтердің периодтық жүйесін ашты.

5-тапсырма. XIX ғасырдағы өнер мен оның бағыттары.

Сәйкестігін анықтауға арналған тест

Суретшінің аты	Қай бағытқа жатады?
а) М. да Караваджо:	1. Тұрмыстық жанр
ә) Фр. Буше:	2. Жаңа классицизм
б) Ж.Л. Давид:	3. Рококо
в) Фр. Гойя:	4. Жаңа классицизм
г) Ж.Б. Шарден:	5. Реалистік

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

- 1600 ж. — Англияда Ост-Үнді компаниясы негізінің қалануы.
- 1603 ж. — Жапонияда Токугава сегунаты билігінің басталуы.
- 1607 ж. — Ағылшындардың Солтүстік Америкадағы тұңғыш тұрақты қонысы Джеймстаунның (Виргиния) негізі қаланды.
- 1628 — 1644 жж. — Қытайда Ли Цычэн басқарған шаруалар соғысы.
- 1636 — 1637 жж. — жапондықтарға елден тыс шығуға тыйым салынды. «Жабық есік» саясаты.
- 1640 ж., 13 сәуір — 5 мамыр — Англиядағы «Қысқа парламент».
- 1640 ж., 3 қараша — Англиядағы «Ұзақ парламенттің» (1653 ж., 20 сәуірге дейін) мәжіліс құруы. Ағылшын революциясының басталуы.
- 1641 ж. — Жұлдызды палата мен Жоғарғы комиссия соттарының жойылуы.
- 1641 ж., 22 қараша — «Ұзақ парламенттің» Ұлы ремонстрацияны қабылдауы.
- 1642 — 1646 жж. — Англиядағы Бірінші азамат соғысы.
- 1644 ж. — Маньчжурлардың Қытайды жаулап алуы, Қытайда Цин әулеті билігінің басталуы.
- 1645 ж. — Кромвель қол қойған жаңа үлгідегі әскер құру жөніндегі актінің күшіне енуі.
- 1645 ж., 14 маусым — Кромвель әскерінің Нейзби түбіндегі жеңісі.
- 1648 ж. — Англиядағы Екінші азамат соғысы.
- 1648 ж., 6 желтоқсан — Ұзақ парламентті «Прайд тазалауы».
- 1649 ж. — Англияда республика жариялануы.
- 1649 ж., қаңтар — Англияда I Карл король өлім жазасына кесілді.
- 1649 — 1651 жж. — дигтерлердің қозғалысы.
- 1651 ж. — Ағылшын республикасы Навигациялық акт қабылдады.
- 1653 — 1658 жж. — Кромвель протекторатының кезегі.
- 1660 — 1688 жж. — Англиядағы Стюарттардың қалпына келтірілу кезегі.
- 1684 ж. — Қытайда «Қасиетті лиганың» құрылуы.
- 1689 ж. — Ресей мен Қытай араларындағы Нерчинск келісімінің жасалуы.
- 1696 ж. — I Петрдің Азов бекінісін басып алуы.
- 1723 ж. — Түркияның Иранның солтүстік-батыс бөлігін басып алуы.
- 1730 ж. — Патрон Халиддің Стамбұлда көтеріліс шығаруы.
- 1736 ж. — Нәдірдің Иран шахы болып жариялануы.
- 1736 — 1739 жж. — Нәдір шахтың Үндістанға жорығы.
- 1747 ж. — Ахмед-шахтың Үндістанға қарсы басқыншылық соғысының басталуы.
- 1751 — 1780 жж. — «Энциклопедия» шығып тұрды.
- 1757 ж. — Қытайға еуропалықтардың келуіне тыйым салынды.
- 1755 — 1759 жж. — Цин империясының Жонғария мен Шығыс Түркістанды басып алуы.

1756 — 1763 жж. — ағылшынның Ост-Үнді компаниясының Үндістанды отарлауы.

1759 ж. — Абылай ханның Қытайға бірінші сауда керуенін аттандыруы.

1773 ж. — Англияда Үндістанды басқару туралы заңның қабылдануы.

1774 ж. — Ресей мен Түркия араларындағы Кучук-Кайнарджи бітімі.

1774 ж. — Филадельфияда бірінші құрлықтық конгрестің мәжілісі.

1775 — 1783 жж. — Англияның солтүстікамерикалық отарларының тәуелсіздік үшін соғысы.

1776 ж., 4 шілде — АҚШ-тың құрылуын жариялаған тәуелсіздік декларациясының қабылдануы.

1783 ж. — Версаль бітімшарты. АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындау.

1787 ж. — АҚШ Конституциясының қабылдануы.

1789 ж., 5 мамыр — Франциядағы Бас штаттардың ашылуы.

1789 ж., 14 шілде — Бастилияның алынуы. Француз революциясының басталуы.

1789 ж., 26 тамыз — Адам және азамат құқықтары декларациясын қабылдауы.

1791 ж. — ағылшын Маккартнидің Қытайдағы елшілігі.

1791 ж. — Құрылтай жиналысының Францияның тұңғыш Конституциясын қабылдауы.

1792 ж., 10 тамыз — Францияда монархияның жойылуы.

1792 ж., 21 қыркүйек — Францияда Бірінші республиканың орнатылуы.

1793 ж. — яacobшілдер диктатурасының орнатылуы.

1794 ж., 27 шілде (9 термидор) — Франциядағы термидорлық төңкеріс. Яcobшілдер диктатурасының құлатылуы.

1795 ж. — 1799 — Францияда үкімет басында Директорияның кезегі.

1795 ж. — Алжир мен АҚШ араларындағы шарт жасалуы.

1796 — Иранда Каджарлар әулеті билігінің орнауы.

1799 ж., 9 қараша (18 брюмер) — Франциядағы мемлекеттік төңкеріс және консулдық биліктің орнатылуы.

1803 ж. — АҚШ-тың Луизиананы сатып алуы.

1804 ж. — Наполеон Бонапарттың Францияның «императоры» атағын қабылдауы және Бірінші империяның жариялануы.

1805 ж. — янычарлардың сұлтан III Селімнің реформаларына қарсы бүлік шығаруы.

1805 ж. — Трафальгар мүйісі жанындағы шайқас, адмирал Нельсонның жеңісі.

1805 ж. — Аустерлиц түбіндегі шайқас.

1812 ж. — Ресейдің Наполеон әскерлерімен Отан соғысы.

1812 ж., 7 қыркүйек — Бородино шайқасы.

1812 — 1814 жж. — ағылшын-американ соғысы.

- 1813 ж. — Лейпциг түбіндегі «Халықтар шайқасы».
- 1814 ж. — Наполеон Бонапарттың тақтан түсуі.
- 1814 — 1815 жж. — Вена конгресі.
- 1814 — 1830 жж. — Франциядағы Бурбондардың қалпына келтірілуі.
- 1815 ж., 20 наурыз — 22 маусым — I Наполеонның «Жүз күні».
- 1819 ж. — АҚШ-тың Флориданы қосып алуы.
- 1823 ж. — АҚШ-тың «Монро доктринасын» жариялауы.
- 1828 ж. — АҚШ-та Демократиялық партияның құрылуы.
- 1830 ж. — Франциядағы шілде революциясы.
- 1830 ж. — Бельгиядағы революция, Бельгияның тәуелсіздігінің жариялануы.
- 1839 — 1870 жж. — Осман империясындағы Танзимат реформалары.
- 1840 — 1842 жж. — Қытайдағы бірінші «апын» соғысы.
- 1845 ж. — Алжирдегі көтеріліс.
- 1846 — 1848 жж. — АҚШ-тың Мексикамен соғысы және АҚШ-қа Техас, Калифорния, Аризона, Нью-Мексико т.б. қосылуы.
- 1848 ж., 25 ақпан — Францияда Екінші республиканың жариялануы.
- 1848 — 1849 жж. — Австрия, Пруссия, Италия, Франциядағы революция.
- 1849 ж. — Ост-Үнді компаниясының Үндістанды жаулап алуды аяқтауы.
- 1850 — 1864 жж. — Қытайдағы тайпиндер көтерілісі.
- 1851 ж., 2 желтоқсан — Луи Бонапарттың мемлекеттік төңкерісі.
- 1852 — 1870 жж. — Франциядағы Екінші империя.
- 1853 — 1856 жж. — Қырым соғысы. Париж бітімі.
- 1854 ж. — АҚШ-та республикандық партияның құрылуы.
- 1854 ж. — жапондық-америкалық алғашқы теңіз келісімшартқа қол қойылды.
- 1856 — 1860 жж. — Қытайдағы екінші «апын» соғысы.
- 1857 — 1859 жж. — Үндістандағы сипайлар көтерілісі.
- 1858 ж. — Ост-Үнді компаниясының жойылуы.
- 1859 ж. — Австро-итальян-француз соғысы.
- 1861 ж. — Италиян корольдығының құрылуы.
- 1861 ж. — 1865 — АҚШ-тағы азамат соғысы.
- 1862 ж. — АҚШ-тағы гомстедтер туралы заңның қабылдануы.
- 1862 ж. — Пруссияда үкімет басына О.Бисмарктің келуі.
- 1863 ж., 1 қаңтар — АҚШ-тың оңтүстік штаттарында құлдықтың жойылуы туралы заң күшіне енді.
- 1864 ж. — I Интернационалдың құрылуы.
- 1865 — 1877 жж. — АҚШ-тың оңтүстіктегі қайта құрылымдау кезегі.
- 1866 ж. — Австрия-Пруссия соғысы.
- 1866 ж. — Солтүстік-герман одағының құрылуы.
- 1867 ж. — АҚШ-тың Ресейден Алясканы сатып алуы.
- 1867 — 1912 жж. — Жапониядағы Мейдзи дәуірі.
- 1869 ж. — Герман социал-демократиялық (эйзенахтық) жұмысшы партиясының құрылуы.

- 1870—1871 жж. — Франция-Пруссия соғысы.
- 1870 ж., 2 қыркүйек — Пруссия армиясының Седан түбіндегі жеңісі.
- 1870 ж., 4 қыркүйек — Париждегі революция, Франциядағы Екінші империяның құлауы.
- 1871 ж., 18 қаңтар — Версальда Герман империясының жариялануы.
- 1871 ж. — Герман империясы конституциясының қабылдануы.
- 1871 ж. — Германия мен Франция араларында Франкфурт бітімшартына қол қойылуы.
- 1871—1873 жж. — Франциядағы А.Тьердің президенттігі.
- 1871 — 1890 жж. — Германиядағы О.Бисмарктың канцлерлік етуі.
- 1872 ж. — I Интернационалдың Гаага конгресі.
- 1873 ж. — «Үш император одағының» құрылуы.
- 1874 — 1880 жж. — Англиядағы Д.Дизраэлидің консервативтік кабинеті.
- 1877 — 1878 жж. — орыс-түрік соғысы.
- 1878 ж. — Берлин конгресі.
- 1879 ж. — Австро-герман одақтың құрылуы.
- 1882 ж. — Германия, Австро-Венгрия және Италия араларындағы Үштік одақтың құрылуы.
- 1884 — 1885 жж. — француз-қытай соғысы.
- 1885 — 1889 жж. — Франциядағы буланжешілдердің қозғалысы.
- 1889 ж. — Жапония Конституциясының қабылдануы.
- 1894 — 1895 жж. — жапон-қытай соғысы.
- 1894 ж. — «Қытайдың қайта өрлеу қоғамының» құрылуы.
- 1894 — 1906 жж. — Дрейфус ісі.
- 1898 ж. — испан-америкалық соғысы.
- 1898 — 1900 жж. — Қытайдағы пхэтуаньдар көтерілісі.
- 1899 ж. — АҚШ-тың Қытайда «ашық есік» саясатын жариялауы.

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Автономия — өзін-өзі басқару, мемлекеттің кейбір бөлігінің (көбінесе ұлттық негізде) ішкі істерін өзі шешу құқы.

Акция — белгілі бір компанияның шығарған, оның иесіне осы компанияның табыстарының белгілі бір үлесін алуға құқығын беретін, құнды қағазы.

Антикалық — ежелгі гректер мен римдіктердің тарихы мен мәдениетіне қатысты деген ұғымды білдіреді.

Антисемитизм — ұлттық төзбестіктің бір түрі, еврейлерге қарсы бағытталған, оларды қудалауға арналған саясат пен идеологияның түрі.

Арендатор — ірі жер иеленушіден уақытша жерді жалға алушы және ол үшін жер иесіне жалақысын төлеп тұрушы шаруа.

Армада — көп кемелер тобы, ірі әскери флот. Мысалы, 1588 жылы ағылшындар Испанияның «Жеңілмейтін армодасын» тас-талқан еткен болатын.

Атеист — адам құдайды мойындамайтын немесе оның барына сенбейтін діндар.

Ашар — Осман империясындағы жерді жалға алған шаруалардың төлейтін салығы.

Барокко — XVI ғасырдың аяғы — XVIII ғасырдың ортасындағы еуропалық сәулет өнерінің басты стильдерінің бірі болды. Барокко өнері аристократия мен шіркеудің күш-қуатын дәріптеуге шақырды.

Баж салығы — әкелінетін және шығарылатын тауарларға салынатын салық.

Батырақ — жалдама қызметші.

Бейтараптық — басқа мемлекеттердің арасында болып жатқан соғысқа араласпау және олармен бейбіт қатынастарды сақтап отыру туралы мемлекеттің саяси және заңды ережесі.

Билль — Англия мен АҚШ-та маңызды заңдарды осылай атаған.

Боғдыхан — монғол тіліндегі «богдохан» қасиетті билеуші деген мағынаны білдіреді. Цин империясы тұсында Қытай императорларын осылай атаған.

Буржуазия, буржуа — орта ғасырларда қала тұрғындарын осылай атаған; кейінірек — жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланушы мануфактуралар, капиталистік кәсіпорындар иелерінің аты.

Бюргерлер — Батыс Еуропадағы қала тұрғындары.

Бюрократия — жоғары шенеуніктер тобы, жоғары шенеунік әкімшілігі.

Варварлар — ежелгі гректер мен римдіктер жатжерліктерді осылай атаған.

Варналар — дәстүрлі үнді қоғамындағы адамдардың туғаннан айқындалатын әлеуметтік топтары. Варналар төрт кастаға бөлінеді: брахмандар, кшатрийлер, вайшнлер және шудралар.

Вассал — ірі жер иесі — феодалдан жер иелігін (феод.) алған, сол үшін оған қызмет етуге міндетті феодал.

Вилайеттер — Иран мен Осман империясындағы басып алынған жерлерден тұратын әкімшілік аймақтар.

Гегемония — басымдылық, үстемдік.

Гетто — ұлттық, нәсілдік немесе дінн белгілері бойынша адамдарды мәжбүрлеп қоныс аударуға арналған қаланың бір бөлігі.

Гуманизм — адамды құрметтеп, сүйюді насихаттап, оның өмірін ең жоғарғы құндылық деп жариялаушы идеялар мен көзқарастардың жиынтығы.

Ғылыми революция — ғылыми жетістіктердің негізінде адамдардың дүниеге көзқарастарының өзгеруі.

Декабристер — XIX ғасырдың бірінші жартысында тарихи әдебиетте қолданылған, 1825 жылы 14 желтоқсанда алғашқы рет басыбайлылық құқыққа, самодержавниеге қарсы қару алып, күреске шыққан құпия ұйымдардың қатысушыларының атағы.

Диван — түрік сұлтанының маңындағы уәзірлер мен ірі шенеуніктерден құралған кеңес.

Дипломатия — сыртқы саясат саласындағы қызметтік әрекеттер.

Дредноут — желілік кемелердің белгілі бір сыныбы.

«**Еңбектің азат етілуі**» — Плеханов негізін қалаған Ресейдегі алғашқы марксистік ұйым.

Еңбекпен өтеу — помещикке тиесілі жерлерді пайдалану ақысы ретінде еркін шаруаның помещиктің шаруашылығында жұмыс істеуі.

Еріктілер — әскери қызметке ерікті түрде кірген адамдар немесе өз еркімен өтеусіз қоғамға пайдалы қызметпен айналысатын адамдар.

Еуроцентризм — Еуропаға басқа халықтар еліктейтін үлгі дейтін түсінік.

Жалпыға бірдей сайлау құқығы — заңда белгіленген жасқа жеткен барлық азаматтардың мемлекеттік билік органдарын сайлауға қатысу құқығы.

Жасақ — соғыс уақытында қоғамның әскери міндетті емес таптарынан құрылған әскери құрылымдар. Мұндай әскерге өз Отанын қорғауды қалағандар кірді.

Иезуиттер — «Исус ордені» деп аталатын католиктік дінн бірлестіктің мүшелері.

Инквизиция — католиктік шіркеуде еретиктермен, шіркеудің басқа да қарсыластарымен күресу үшін құрылған дінн сот.

Кавалерлер — Англиядағы азаматтық соғыс кезіндегі корольды жақтаушылар.

Кальвинизм — Реформация кезінде Ж.Кальвин негізін салған протестантизмнің бір ағымы.

Қаржы капиталы — банктік және өнеркәсіптік капиталдардың қосылуының нәтижесі.

Капиталистік кәсіпорын — қосымша пайда табу мақсатымен жеке кәсіпкер құрған және жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланатын кәсіпорын.

Каста — дәстүрлі үнді қоғамындағы белгілі бір кәсіп немесе шығу тектері біріктіретін адамдардың томаға-тұйық тобы.

Классицизм — XVII ғасыр мен XIX ғасыр басындағы еуропалық әдебиет пен өнердегі бағыт. Оның негізіне антикалық өнердің үлгілері алынды.

Коалиция — жалпы саяси, экономикалық немесе әскери мақсаттарға жету үшін құрылған саяси топтардың, мемлекеттердің бірлестігі, одағы, келісімі.

Кодекс — заңдарды жүйеге салушы біртұтас құқықтық акт, ережелердің, нанымдардың жиынтығы.

Конгресс — съезд, жиналыс. АҚШ-та заң шығарушы орган (парламент).

Конкистадорлар — жана дүниені жаулап алуға қатысқан испан әскерлері.

Конституция — мемлекеттік органдарының құрылысы мен қызметінің принциптерін белгілейтін оның негізгі заңы. Конституцияда азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары белгіленеді.

Контрибуция — (лат. contributio) жеңілген мемлекеттің жеңген мемлекеттің пайдасына төлейтін салығы.

Контрреформация — Реформация жылдарында католицизмнің шептерін қалпына келтіруді мақсат етіп қойған, Рим Папасы басқарған католиктік шіркеудің қарсы шабуылы.

Құқықтық мемлекет — әрбір азаматтың өмір сүру, жекеменшік пелену және жекебасының құқықтарына заңмен кепілдік берілген және қорғалатын мемлекет. Құқықтық мемлекетте барлығы заңға бағынады, заң алдында тең, заңды орындауға барлығы да міндетті. Мұндай мемлекетте өкіметті зорлық-зомбылық және бұрмалаушылықтан тежейтін механизмдер жолға қойылған.

Латифундиялар — жекеменшіктегі ірі жер учаскелері.

Лендлордтар — Англиядағы ірі жер пеленушілер.

Либерализм (лат. liberalis — *еркін*) — кең саяси және экономикалық еркіндіктерді (атап айтқанда, кәсіпкерлік еркіндік, пікір бостандығы, кемітілмеген парламентаризм және т.б.) заңды әдістермен қорғайтын ілім әрі қоғамдық-саяси ағым. Либерализмнің басты мақсаты — тұлғаның еркіндігін және индивидтің басқа да азаматтық және саяси құқықтарын қамтамасыз ету, мемлекеттің қызметін шектеу.

Либералды — еркін, еркін ойлайтын, азат ойлы.

Либералды халықшылдық — «халыққа қарай жүрудің» сәтсіздігінен соң пайда болған және социализмге заңды амалдар арқылы жетуді көздеген ағым.

Лига — одақ, бірлестік.

Мануфактура — қол еңбегіне негізделінген (бірақ техникалық жаңалықтар қолданылған) және жұмысшылардың арасында еңбек бөлінісі болған кәсіпорын.

Маргиналдар — корпорациялардан тыс, аралық жағдайлардағы адамдар.

Марксизм — қазіргіні материалистік талдау мен болашақты социалистік тұрғыда елестетуге негізделген К.Маркс пен оның ізбасарларының көзқарастарының жиынтығы.

Меджлис — Иран мен Осман — түрік мемлекеттеріндегі және басқа да мұсылмандық елдердегі парламенттің атауы.

Микадо — Жапониядағы императордың атауларының бірі. Бұл императорға қатысты атауды жапондықтардан бұрын шетелдіктер көбірек қолданған.

Милитаризм — мемлекеттің қаруланып соғысқа әзірлену жолындағы реакциялық саясаты. Милитаристік елдерде бұл мақсатқа бүкіл саяси, экономикалық және идеялық өмір бағындырылады.

Миссионерлер — христиан дінін тарату мақсатымен басқа елдер мен жерлерге жіберілетін діни уағызшылар.

Монархия — мемлекеттік билік атадан балаға мұрас болатын басқару жүйесі.

Монополия — бір нәрсені шығаруға, сатуға, пайдалануға ерекше құқықтылық.

Муниципалитет — жергілікті басқару органы.

Мэйдзи — (1868—1912 жж.) Жапонияда билік еткен жапон императоры Муцухитоның дәуірі.

Натуралды шаруашылық — өнімдер базарда сату үшін емес, ішкі қолданысқа арналып шығарылатын шаруашылық.

Нәсілдік кемсітушілік — құқықбұзушылық болып табылады, ол нәсілі бойынша құқықтарды шектеу, қысым жасау, сондай-ақ нәсілші идеяларын насихаттау.

Отар — шет мемлекеттің билігіндегі тәуелді, жеке саяси және экономикалық билігі жоқ, ерекше тәртіптің негізінде басқарылатын аймақ.

Отаршылдық — еуропалықтардың алыс жерлер мен елдерді басып алу мен олардың байлықтарын тонауға бағытталған саясаты.

Өнеркәсіптік төңкерісі — қол еңбегінен мәшинеге, мануфактурадан фабрикаға өтуі. Өнеркәсіп төңкерісінің барысында индустриалды буржуазиялық қоғамның негізгі екі табы — буржуазия мен пролетариат қалыптасты.

Плебейлер — төменгі сословиелердің ішінен шыққан қарапайым адамдар.

Пресвитериандар — шіркеуді дін қызметкерлерінің пресвитериандық жиналысы басқару керек деп есептейтін протестанттар. Олар алтарьларға, иконалар мен балауыздарға қарсы шығып, құдайға құлшылық етудегі басты нәрсе дұға оқу емес, пресвитердің уағызы деп есептеген.

Пролетарлар — капиталистік кәсіпорында еңбек етуші жалдамалы жұмысшылар.

Протекторат — Англиядағы 1653—1659 жылдардағы мемлекетті басқару түрі, республиканы осы кезде лорд-протектор (қорғаушы) О.Кромвель басқарды.

Протекционизм — мемлекеттің өз өнеркәсібін қорғауға бағытталған саясаты.

Протестанттар — реформацияның жақтастары.

Радикализм (лат. radicalis — *түпкі*) — қызмет объектісінде айтарлықтай өзгерістерге қол жеткізу мақсатында шешуші көзқарастарды, шешуші әрекеттерді қолдану.

Радикал демократтар — «Ұлы реформалар» дәуірінде демократияның абсолютті бірізді әрекетінің жақтаушылары.

Реализм — әдебиет пен өнерде стилі мен әдіс, шыншыл шындықты көрсетуді мақсат етіп қояды.

Рококо (франц. rococo — *ұлу қабыршағы*) — Францияда пайда болған өнер. Оған тән сипаттарға әсемдік, интерьер мен композициялардың сәндік үлгілері жатады.

Революция — қоғам өміріндегі түпкілікті бетбұрыс, түбегейлі өзгеріс. Революция әртүрлі салада: қоғамдық қатынастарда, техникада, ғылымда, мәдениетте, санада орын алады. Қоғамдық қатынастар саласындағы революциялар әлеуметтік деп аталады.

Рекрут — (франц. recruter) әскери міндеткерлік немесе жалдану арқылы әскери қызметке қабылданған адам.

Реформа — өзгерістер, қайта құрулар.

Самурайлар — Жапониядағы әскери дворяндар. Әскери, әулет, әлеумет сословиелерінде VIII ғасырда пайда болып, XII—XIV ғасырларда Минамото сегунаты кезінде ресми қалыптасты.

Сегун — әскербасы, әскери билік иесі, XII—XIX ғасырлардағы Жапонияның іс жүзінде билеушісі.

Секта — дінни қауымдастың үстемдік құрушы шіркеуден бөлінген тобы.

Сеньор — Батыс Еуропадағы феодал, өзіне тәуелді шаруалар болған жер иесі.

Сепаратизм — мемлекет аумағының бір бөлігін бөліп тастап жаңа дербес мемлекет құру мақсатында окшауланған саясаттың бағыты.

Сипайлар — ағылшын отаршылдығы кезінде еуропалық офицерлер басқарған әскер қатарында қызмет етуге үйретілген және қаруланған үндістандық жалдамалы әскерлер.

Сипахи — Осман империясындағы атты әскерлер, XV—XIX ғасырларда негізгі әскери күш иелері болған.

Собор — 1) қаланың немесе монастырьдың басты храмы; 2) маңызды шіркеу және діни мәселелерді талқылау үшін шақырылатын жоғарғы діни басшылардың жиналысы.

Таизмат — XIX ғасырлардың ортасында Осман империясында жүргізілген реформалардың атауы.

Тайпиндер — «тайшин» — «ұлы игілік» деген сөзден шыққан, ұлы игілік заманын құруға ұмтылған Қытайдағы 1850—1864 жылдардағы шаруалар көтерілісі осылай аталды.

Талья — XV—XVIII ғасырда Францияда жер мен мүлікке салынатын негізгі тікелей салық. Бұл салықты тек шаруалар мен қала тұрғындары (буржуа мен қолөнершілер) ғана төледі. Дворяндар мен діни адамдар бұл салықтан босатылған болатын.

Трактат — баяндау түріндегі ғылыми шығарма.

Трансатлантикалық құл саудасы — Американың плантацияларына еңбек ету үшін құлдарды Африкадан әкелу үдерісі. Африкалық құлдардың алғашқы тобы Америкаға 1510 жылы келді. Трансатлантикалық құл саудасының басы осылайша өрбіді.

Трест — өндірістік және коммерциялық операцияларды орталықтандырылған бір типтес кәсіпорындардың монополистік бірлестіктердің түрі.

Уния — одақ.

Утопия — жер бетінде жоқ, идеалдық қоғамды суреттеу; орындалмайтын, іске аспайтын арман. Әлеуметтік утопия — өмірде жоқ, бірақ автордың ойынша, ең әділетті, ең жақсы қоғамдық құрылыс.

Фабрика — машина өндірісіне негізделген ірі кәсіпорын.

Фактория — көпестердің отарларда ұйымдастырған сауда кеңсесі және қонысы.

Федералистер — XVIII ғасырдың соңында — XIX ғасырдың басындағы АҚШ-тағы саяси партия, ірі саудагерлер мен құшленуші-плантаторлардың мүдделерін жақтады, АҚШ-тың федералдық үкіметін күшейтуге ұмтылды.

Федерация — белгілі бір дербестікпен пайдаланатын бөліктерден тұратын одақтық мемлекет.

Феод — сеньордың өз бағыныштысына әскери қызмет атқарғаны үшін берген мұрагерлік жер иелігі.

Философ — дүниеге және ондағы адамның орнына көзқарас жүйесін жасаушы, дүниетаным проблемаларын зерттеуші ғалым-ойшыл.

«Халық еркіндігі» — патшаны өлтіру арқылы шаруаларды төңкеріске шақыруды көздеген халықтық ұйым.

Халықшылдық — шаруалар қауымына пек артып социализмге қол жеткізуге ұмтылған ресейлік қоғамдық қозғалыс бағыты. Халықшылдық

қозғалыстың әртүрлі деңгейлерінде төңкерістік немесе либералды бағыттары басымдыққа ие болды.

Халықтық өкілдік — мемлекеттік басқару органдарына халық арасынан сайланған өкілдің қатысуы.

«Халыққа бару» — XIX ғасырдың 70-жылдары халықшылдардың жеке насихаттауы арқылы шаруаларды төңкеріліске шақыруы.

Шовинизм — ұлтшылдықтың шектен шыққан түрі, ұлттық артықшылықты уағыздау. Шовинизм басқыншылық соғыстарды, ұлттаралық алауыздықтарды ақтайды.

Ымыра — мүмкіндігінше мүдделі жақтардың барлығына тиімді шешім.

Эдикт — корольдың, императордың ерекше маңызды жарлығы.

Эмигранттар — *бұл жерде*: революция кезінде оған жаулықпен қараған және Францияны тастап кеткендер.

Энциклопедия — ғылымның барлық салалары бойынша мақалаларды біріктірген ғылыми-анықтамалық басылым.

Эскадрон — жаяу әскер ротасына барабар атты әскер бөлімі.

Этика — қоғамға, адамдарға сыпайылықпен қатынас жасаудағы мінез-құлық, әдеп қалыптарының жүйесі.

Юнкер — Пруссиядағы дворян жер иелесуші, помещик.

Янычарлар — орта ғасырларда түрік әскері қатарына арнайы қолға түскен тұтқындардан құрылған жаңа әскер түрі. XVIII—XIX ғасырдың басында янычарлар сұлтан өкіметіне қауіп төндіріп, үлкен күшке айналады. II Махмұт сұлтан (1808—1839) 1826 жылы янычарларды таратып жіберді.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
Батыстағы өнеркәсіп төңкерісі және оның әлемді өзгертудегі ықпалы	
§ 1. Жаңа заман дәуірі туралы түсінік және оның ерекшеліктері	4
§ 2. XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы	8
§ 3. Өнеркәсіп төңкерісі және индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымы	14
XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания. Батыс империяларының отаршылдық саясаты	
§ 4. Ұлы Моғол империясының дағдарысы және оның ыдырауы. XVII—XVIII ғасырлардағы Үндістан	20
§ 5. Шығыс елдеріндегі еуропалықтардың отаршылдық саясаты.	27
Ағартушылық идеялардың таралуы. Тәуелсіздік үшін күрес және Америка Құрама Штаттарының құрылуы	
§ 6. Ағартушылық кезеңінің қайраткерлері. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық идеялардың таралуындағы ағартушылық идеялардың рөлі	34
§ 7. Солтүстік Америкадағы Британ отарларының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Тәуелсіздік үшін соғыс және АҚШ-тың құрылуы	41
Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар	47
XVIII ғасырдағы Француз революциясы. Наполеон империясының құрылуы мен күйреуі	
§ 8. Абсолютизмнің дағдарысы және француз революциясының басталуы	48
§ 9. XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясының негізгі кезеңдері	53
§ 10. Наполеон Бонапарт дәуіріндегі Францияның жаулаушылық соғыстары	60
XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі	
§ 11. Ресей империясының қалыптасуы мен жүргізген саясаты	68
§ 12. Иранның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Ирандағы ағылшын-орыс бәсекелестігі.	73
§ 13. Осман империясындағы дағдарыстың күшеюі және Танзимат реформалары	78
§ 14. Қырым соғысы: себептері мен салдары	84
Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар	88
XIX ғасырдағы Қытайдағы Еуропа елдерінің отаршылдық саясаты	
§ 15. Цин әулетінің окшаулану саясаты. Ашын соғыстары	90
§ 16. Қытайдағы пхэтуаньдар көтерілісі	95
XIX ғасырдағы революциялық идеялардың Еуропаға таралуы	
§ 17. XIX ғасырдағы Еуропа мемлекеттері. Еуропадағы 1848 жылғы революциялар және жаңа саяси идеялардың пайда болуы	101
§ 18. Франция-Пруссия соғысы. Германияның бірігуі. Италияның бірігуі	109

XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	
§ 19. XIX ғасырдағы Ресейдің дамуы. Ресей самодержавиясының дағдарысы	117
§ 20. Жаңа қоғамдық-саяси ағымдар мен ұйымдардың пайда болуы	121
XIX ғасырдағы Үндістандағы еуропалықтардың үстемдігі. Әлемдік отарлық жүйенің қалыптасуы	
§ 21. Үндістандағы сипайлар көтерілісі	126
§ 22. Үндістанды басқарудағы өзгерістер. Үнді Ұлттық Конгресінің құрылуы	131
§ 23. Дүниежүзін аумақтық тұрғыдан бөлуді аяқтау	136
Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар	145
Америка Құрама Штаттарының күшеюі. Қиыршығыстық саясат. «Жапонияны ашу»	
§ 24. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуы. «Монро доктринасы»	147
§ 25. 1861—1865 жылдардағы азамат соғысы және АҚШ-тағы Қайта құрылымдау кезеңі	153
§ 26. Жапонияның дамуы. Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы»	159
Суретшілер мен жазушылардың көзқарастарымен XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу	
§ 27. XIX ғасырдағы өнер мен оның бағыттары	166
§ 28. Әдеби шығармалардағы әлеуметтік теңсіздік туралы идеялар	172
Ғылыми ойдың дамуы	
§ 29. Батыстық ғалымдар мен ойшылдардың ашқан ғылыми жаңалықтары ..	178
§ 30. Шығыс елдеріндегі ғылым мен мәдениеттің дамуы	186
Қайталау сұрақтары мен тапсырмалар	194
Хронологиялық кесте	196
Терминдер сөздігі	200



Учебное издание

**Алдабек Нуржамал Абдракқызы
Макашева Клара Налдибековна
Байзакова Қуралай Иртысовна**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
(1640—1900)**

Учебник для 8 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулыққа мына суретшілердің еңбектері пайдаланылды: *Ульям Барнс Валлен ,
Элберт Бех Уэнцелл , Эдуард Перси Моран , Уэль Жан-Пьер-Луи-Лоран ,
Огюст Кудер , Франсуа Буше , Я.Суходольский , Ф.А. Рубо , Антон фон Вернер , О.Верне ,
П.-Ж.Жанью , К.А. Савицкий , Э.Я. Кальман , К.Э. Бирманн.*

Редакторы *Г. Садықова*
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*
Корректоры *Ж. Баймагамбетова*
Компьютерде беттеген *Г. Әлімшеева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5692

Басуға 09.07.18 қол қойылды. Пішімі 70-100^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,77.
Шартты бояулы беттанбасы 44,50. Есептік баспа табағы 11,80.
Таралымы 15 000 дана (III зауыт). Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

